В современных условиях важно учитывать, что музыкально-поэтическое наследие Великой Победы, являясь средоточием национальных духовных ценностей, может существовать в пространстве разных поколений казахстанцев. И задача образования заключается в обеспечении ценностно-смыслового диалога различных поколений посредством эпистолярного наследия – песен-писем с фронта.

Включив музыкально-поэтическое наследие казахского народа времен Великой Отечественной войны в орбиту патриотически-ориентированного образования, тем самым можно решать вопросы патриотического воспитания молодежи. Каждая культура вырабатывает свои смыслы и значения патриотических ценностей и освоение личностью культурно-исторических традиций своего народа обеспечивает ее полноценное включение в жизнь своей Родины. В преддверии 70-летней годовщины Великой Победы патриотический компонент песен-писем с фронта предстает как главный стержень, ведущий в творческое будущее Казахстана.

Глубинный смысл предстоящего юбилея Великой Победы - возродить патриотизм, используя в воспитании широко музыкально-поэтическое творчество военных лет. Каждый казахстанец должен знать и понимать духовное наследие прошлого, чтобы быть ответственным за судьбу своей Родины. «Быть патриотом - это носить Казахстан в своем сердце», - так емко определил эту ценность Глава нашего государства (из выступления Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XII сессии Ассамблеи народов Казахстана).



СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Материалы сайта <http://www.akorda.kz>
- 2 Вырщиков А.Н., Кусмарцев М.Б. Патриотическое воспитание молодежи в современном российском обществе. Монография. – Волгоград, 2006. – 172 с.

ТҮЙІН

Мақалада майданнан келген өлең-хат түрінде жеткен музыкалық-поэзиялық мұраның патриоттық әлеуеті анықталып қарастырылады. Патриоттық тәрбие майданнан келген өлең-хатты талқылау арқылы ұрпақтар арасындағы байланысты қайта күшейтіп, рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи тәжірибені жеткізуге ықпал етеді.

RESUME

The article is devoted to the disclosure of the patriotic potential of the musical-poetic heritage of the war time in the form of song-letters from the front. Patriotic upbringing with the help of song-letters studying can enable to revive the ties between generations and to transfer spiritual, moral, cultural and historical experience.

Аннотация

Мақалада педагогикалық мамандықтағы студенттердің кәсіби қалыптасуындағы педагогикалық пәндердің рөлі мен орны мәселесі қарастырылады.

Түйін сөздер: педагогикалық пәндер, тұлғалық-кәсіби қалыптасу, мазмұн, мақсат, оқыту технологиясы, рефлексия, педагогикалық шарт.

Э.І. Қалиева

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, п.ғ.к., доцент

Педагогикалық пәндер студенттің тұлғалық-кәсіби қалыптасуындағы маңызды құрал ретінде

Жоғары педагогикалық білім берудің қазіргі даму кезеңінде студенттердің кәсіби қалыптасуындағы педагогикалық пәндердің рөлі мен орны жаңаша сипат алды. Зерттеушілер бұл өзгерісті әлемдегі адам мәнін ұғу проблемасын, олардың қарым-қатынас жолдарын меңгеруді алдыңғы орынға қойған жоғары кәсіби білімді ізгілендіру мен гуманитаризациялау үрдістерімен байланыстырады. Осыған байланысты педагогиканың гуманитарлық ғылым ретіндегі мәртебесі өзгереді. Ол адам және оның трансляция мәдениеті үрдісіндегі қалыптасуы мен дамуы туралы оқу пәндері жүйесіндегі білімдерді интеграциялайды. Сонымен қатар педагогиканың оқу пәні ретіндегі мәртебесі де өзгеруде, себебі ол студенттерге кәсіби білім беруде әрі жалпы мәдени, әрі әдіснамалық, әрі жалпы кәсіби, әрі арнайы кәсіби қызмет атқарады.

Жоғары педагогикалық білім беруде педагогикалық пәндер ерекше орын алады. Олар төменде келтірілгендерге бірігіп қызмет атқаруға бейімделген:

– студенттердің диалогтік ойлау қабілетін дамыту;

– дамушы тұлға, даралық, тіршілік әрекетінің субъектісі ретіндегі адам туралы, оның өзге адамдармен өзара әрекеттесудің әлеуметтік-психологиялық заңдылықтары туралы, білім беру үрдісінің мәні, мазмұны мен құрылымы хақында, білім беру жүйелері және олардың қалыптасуы мен дамуы, қайта өзгеруі туралы, мәдениетке және табиғатқа сәйкескен білім беру және оның мақсаты жайында, білім беру қызметінің субъектісі ретіндегі өзі туралы білім жүйесін қалыптастыру;

– білім беру үрдісіне кез келген жастағы және әлеуметтік-психологиялық жағдайдағы қатысушылармен жұмыс істеу тәсілдерін, этно-



педагогиканың, әлеуметтік бейімдеу әдістерін, психологиялық жұмыс істеу тәжірибесін, білім беру жүйелерін және білім беру аясындағы тәжірибелік-экспериментальды және зерттеу жұмыстарын жобалау тәсілдерін меңгерту.

Н.Ф.Радионова студенттердің жоғары педагогикалық білім аясындағы бағдарларына, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне, олардың педагог туралы, педагогикалық қызмет туралы, дамушы тұлға ретіндегі өзі туралы көзқарастарына, психологиялық-педагогикалық және жалпы мәдени блоктары пәндерін оқып үйренудегі тәжірибелерге сүйене отырып студенттердің педагогикалық мәдениетін дамытуға көмектесу керек деп санайды [1]. Осының негізінде әр алуан өмірлік таңдаулар жүзеге асырылуы мүмкін.

Е.С.Заир Бек педагогиканы оқу, зерделеу барысында студенттерді педагогикалық білімнің мәнін түсінуге, оларды айналасындағы шындықты талдаумен түсіндіруде және әртүрлі педагогикалық проблемаларды шешуде қолдануға үйрету маңызды екенін атап көрсетеді.

Осылайша, бүгінде педагогикалық пәндер студенттің тұлғалық-кәсіби қалыптасуындағы маңызды құрал ретінде қарастырылады. Демек ол ЖОО-да алған білімін кез келген өмірлік жағдайларды өзінше ұғынуға және осының негізінде өз өмірлік қарекетін жобалауда қолдана алатын болады.

Қазіргі заманғы зерттеушілер педагогикалық пәндерді педагогикалық білім мазмұнындағы жүйе құраушы элемент ретінде қарастыруда. Сондай-ақ бұл пәндерді жалпы кәсіби даярлау тұтастығын қамтамасыз ететін табиғат, мәдениет, қоғам және жеке тұлға туралы білімдер интеграциясының негізі деп тұжырымдайды.

Міне, болашақ маманның кәсіби қалыптасуындағы педагогикалық пәндердің орны мен рөлін жаңаша түсіну жоғары мектептегі педагогиканың мақсаты мен мазмұнын анықтаудың жаңа тәсілдерін іздеуге алып келді.

С.П. Ильина педагогиканы педагогикалық бағыттағы білім беру үрдісінде әр түрлі міндеттерді атқаратын оқу курсының жиынтығы ретінде қарастырады. Бұл келесідей міндеттер: гносеологиялық, технологиялық, мәдениеттанулық, прогностикалық және интегративтік [2]. Педагогикалық пәндерді оқыту үрдісі болашақ педагогтердің тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал ететін қисында жүзеге асады. Педагогикалық пәндерді меңгерудің мақсаты барлық пәндерге тән жалпы кәсіби құзіреттілікке бағытталған және нақты пәннің құндылықты-мағыналық мазмұны негізінде жүзеге асады. Мақсаттар мазмұнды іріктеу принциптеріне негіз болады, олардың арасында жоғары педагогикалық білімнің жаңаруына байланысты жалпы принциптер және нақты оқу курсының ерекшелігіне сай болатын жеке принциптер орын алады. Педагогикалық пәндерді осылайша жобалау тәсілі көп деңгейлі білімнің логикасын ескеруге мүмкіндік береді және педагогикалық білімнің барлық пәндердің оқу курстарымен өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық пәндерді меңгеру мақсаттарының өзгеруі, олардың мазмұнының жаңғыртылуы ЖОО-дағы педагогиканы оқыту технологиясы мәселесін өзекті мәселеге айналдырды. Осыған орай, қазіргі зерттеулерде оқыту технологияларын жасауда оқытудың тұлғалық бағдарын күшейту қажеттілігі баса айтылып жүр. Сол себептен сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, рефлексивті, бірлескен продуктивті қызмет, кейс, веб-квест және жобалай оқыту технологиясы, кәсіби педагогикалық дағдыларды дамыту тренингі, имитациялық-моделдеу ойындары сияқты гуманитарлық оқыту технологиялары мен эвристикалық әдістер («миға шабуыл», эвристикалық сұрақ т.б.) көптеп танылады және кең қолданысқа ие болмақ.

Педагогиканы оқытуда бұл технологияларды қолдану студенттің танымдық дербестігі, сыни тұрғыдан ойлау, рефлексия, өзін-өзі бағалауының қалыпты дамуына ықпал етеді, ұжымдық жұмыстағы ынтымақтастықты және құнды пікірлермен алмасуды жандандырады, студенттің өзіндік тұлғалық жетілуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, соңғы жылдары педагогикалық пәндердің функциялары кеңейді, олардың басқа пәндермен өзара әрекеттестігі күшейе түсті. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық пәндерді зерделеу үрдісі студенттің тұлғалық, білімдік және кәсіби дамуына бағдарланған және педагогикалық болмысты жүйелі түрде тұтас қабылдау мен игеруге алғышарттар жасайды.

Соңғы он жылдықтағы ғылыми зерттеулерді талдау барысында педагогикалық пәндердің болашақ маманның дамуына келесідей үлес қосатыны анықталды: гуманистік бағыты және гумандық құндылықтарға бағдарлануы (Л.Г.Бородаева, В.Г.Коренина, Ж.Қ.Дүйсенова); диалог жүргізуге қабілеттілігі (Г.Г.Столяров, Т.А.Стефановская, Р.А.Аязбекова); танымдық шығармашылық белсенділігі (Е.В.Подбужденкова, О.Г.Сущенко, Н.Д. Хмель); кәсіби өзін-өзі талдауға, өзін-өзі жетілдіруге және шығармашылық өзін-өзі дамытуға деген қажеттілігі (В.А.Деркунская, Б.В.Рыкова, И.А.Федотова, Т.А.Яковец); рефлексияға қабілеттілігі (Т.В.Пономарева). Бұл пәндер кәсіби педагогикалық қызметтің алуан түрлерін: шығармашылық қызмет (С.Ю.Гуревич, Т.А.Фомина, Б.А.Тұрғынбаева, Е.И.Бурдина), инновациялық (жаңартушылық) қызмет (Ю.Г. Максимов, Л.С. Подымова, Л.И. Струченко, Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Ажибеков, Б.А.Оспанова, З.А. Исаева), диагностикалық қызметті (Л.А. Байкова) жүзеге асыруға студенттерді дайындауға септігін тигізе алады. Сонымен қатар бұл пәндерде студенттердің оқу-кәсіби жетістіктерін өзектендіру үшін (Л. П. Жуйкова, А.К. Рысбаева), студентте кәсіби қалыптасу субъектісі ретінде өзіне деген қатынасын дамыту үшін (О.Е.Павозкова, С.Т. Каргин), педагогикалық білімге деген құндылық қатынасын тәрбиелеу үшін (С.В. Яковлев), студенттерді осы білімдерді өздігінше бағалауға бағдарлау үшін (Г.Ф. Понкратенко), жеке білім алу маршрутын жобалай алу қабілеттерін дамыту үшін (В.В. Лоренц) мүмкіндіктер қарастырылған.

Болашақ педагогке рефлексия және рефлексивті құндылықтар туралы білімді, сонымен бірге оны жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру мүмкіндігін барлық педагогикалық пәндер қамтамасыз ете алады. Педагогикалық рефлексия өз кезегінде педагогтің өзіне, өзінің ісіне жеке өзі баға беру секілді қабілеттердің болуын қажет етеді [3]. Педагог оны басқалар қалай қабылдайтынын түсіну керек, әсіресе педагогикалық қарым-қатынас процесіндегі өзімен әрекеттесетін субъектілер. Кәсіби рефлексия оқытушының инновациялық (жаңартушылық) қызметіне негіз болады. Сондықтан болашақ педагогтерді дайындауда олардың рефлексия және рефлексивті құндылықтар туралы білімдерін және оны жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастыру қажет болады. Мұнымен қоса, Н.М. Борытко болашақ маманның өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі айқындау бірлігінің маңызы зор екенін атап көрсетеді [4].

Студенттің рефлексивті тәжірибесінің артуына өзінің сабақ барысындағы пікір алмасуларға тікелей қатысуы себеп болады. Студенттердің іскерлік, рөлдік, имитациялық ойындар мен жаттығуларға қатысуы рефлексивті қабілеттерінің дамуына оң ықпал ететіні мәлім. Студенттер мыналарды үйренеді:

- болашаққа көзқарас тұрғысынан қазіргі кезді талдау;
- өткенге сыни тұрғыдан қарау;
- өзіне деген қарым-қатынасты басқаларға құрған секілді құру және өзін
- «сырт көзбен» көре білу;
- қызметін жүзеге асыру барысында көппозициялы ұстаным таныту;
- әр түрлі позицияны қабылдай алу, сонымен қатар нысананы тек бір қырынан ғана қарап бірден-бір мүмкін нәрсе деп қабылдамай, жан-жақты көре білу.

Міне, осылайша, көптеген соңғы ғылыми зерттеулер дәлелдегендей, педагогикалық пәндер дамушы тұлға және кәсіби қызмет субъектісі ретіндегі болашақ педагогтың қалыптасуында, алуан түрлі кәсіби-педагогикалық қызметті іске асыруда студенттерді дайындауда бай мүмкіндіктерге ие. Алайда анықталып отырған мүмкіндіктерді жүзеге асыру белгілі бір педагогикалық шарттарға негізделуді талап етеді.



Көптеген зерттеулерде (А. И. Пискунов, А. А. Орлов, А. П. Тряпицына) бұл шарттар педагогикалық пәндердің мазмұнымен, оларды оқыту үрдісін ұйымдастырумен, ондағы субъектілердің өзара қарым-қатынас жүйесімен, білім беру ортасының ерекшеліктерімен байланысты болып отыр. Және бұларды біріктіре, өзара байланыста қарау қажеттігі атап көрсетіледі.

Педагогикалық пәндердің мазмұнын сөз еткенде, әрине ол түрлендіріліп, өзектендірілген, студенттердің жеке және білім алу қажеттіліктеріне негізделген, әр қайсысына өзінің ұстанымын білдіруге, белсенділік танытуға мүмкіндік берсе, студенттердің қойылған мәселеге қызығушылығы жандана түседі. Студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру үшін ұсынылып отырған қызметтің мақсаты, оның барысы, іске асыру жолдары туралы ақпараттарды қоса қамту ұсынылады.

Зерттеушілер студенттерде білімге деген жеке қатынасын дамыту қажеттілігіне ерекше назар аударып отыр. Бұл қатынас оқу материалдарын тек жай түсіну мен меңгеруді ғана керек етумен шектелмей, сол білімді рефлексивті және зерттеушілік тұрғыдан ұғынып қабылдау және жеке тәжірибесіне айналдыруды көздейді.

Қазіргі заманғы зерттеулерде студенттердің педагогикалық пәндерді меңгеруде оқу қызметінің тиімділігін арттырудың негізгі шарттары деп мыналар көрсетілген:

- субъективті тәжірибеге негізделу, студенттердің оқу қажеттіліктерін, мүдделері мен ұмтылысын ескеру;
- табысқа жету жағдаятын туғызу арқылы оң эмоционалды қатынасты орнықтыру;
- сараланған және жеке тұрғыдан келу;
- топтық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру;
- білім алушыларға оқу тапсырмаларын, қызмет пен өзара әрекеттесу түрлерін таңдау аясын орнату;
- студенттің қол жеткізген жетістігіне сүйену және одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктерін мақсат ету;
- кері байланыс орнату және рефлексияның ұжымдық, жеке түрлерін жүзеге асыру.

Көпшілік ғалымдардың баса назар аударып отырған келесі бір шарттары педагогикалық пәндерден білім беру барысындағы оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас сипатына байланысты. Олардың пайымдауынша, педагогикалық пәндердің мүмкіндіктері студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынас диалогтық, тең құқылы ынтымақтастық пен бірге жасаушылық, өзара сыйластыққа (студенттің де, оқытушының да өзекті тұлғалық маңызы бар қажеттіліктерін ескеру) негізделгенде ғана толыққанды іске асырылады. Мұндай қарым-қатынас түрі педагогикалық пәндерді оқытуда оқытушының да, студенттің де ұстанымдарын өзгертуді талап етеді.

Бүгінде студенттің өзіне тұлғалық-кәсіби қалыптасу субъектісі ретінде қатынасын дамыту өзекті мәселеге айналғаны дәлелденіп отыр. Бұл студенттің өзін түрлі іс-әрекеттерде көрсетуінен, өзін-өзі талдауға жүгінуінен және қабылдаған өз шешіміне, өз таңдауына жауапкершілігінен көрініс береді.

Сонымен, педагогикалық білім беру үрдісінде студент өзін-өзі дамыту барысында «педагогикалық білімнің мазмұн-мағынасын түсінуден педагогикалық мамандықтың қыр-сырларын және одан өзінің педагогикалық қызметін жете түсінуге бет алуы қажет. Әрине бұны «педагог» мамандығы иесінің өмірлік жоспарының құрылу моделі деп айта аламыз» [4].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Радионова Н.Ф. Перспективы развития высшего педагогического образования // Человек и образование. - 2008. - № 1. - С 24-28

- 2 Ильина С.П. Становление образа современного педагога у студентов в процессе изучения педагогических дисциплин: Автореф. дис. на соиск. учен. степ. к.п.н. - СПб., 2003. - 22 с.
- 3 Маркова Н.В. Педагогическая рефлексия как средство личностной самореализации будущих учителей в учебно-профессиональной деятельности // Наука и школа. - 1997. - №4. - С. 22-23.
- 4 Борытко Н. М. Профессионально-педагогическая компетентность педагога // Интернет-журнал "Эйдос". - 2007. - 30 сентября. <http://www.eidos.ru/journal/2007/0930-10.htm>.
- 5 Бондаревская Е.В. Становление педагогического образования университетского типа // Известия Южного федерального университета. Педагогические науки. - 2010. - № 8.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль и место педагогических дисциплин в профессиональном становлении студентов педагогических специальностей.

RESUME

The article is devoted to the role and place of pedagogical disciplines in the professional formation of students of pedagogical specialties.



А.А. Сметова

Казахский национальный
университет искусств,
к.п.н., доцент

Роль в патриотическом воспитании учреждений культуры Павлодарской области в военные годы

Аннотация

В статье рассматривается значение в патриотическом воспитании деятельности музыкально-просветительских учреждений Павлодарской области в военные годы. Раскрыто содержание музыкального просвещения в новой исторической обстановке, взаимодействие культур. Война вызвала к жизни новые формы музыкально-просветительской работы. Правительство Республики Казахстана уделяло много внимания культурно-воспитательной работе, заботилось о просвещении и дальнейшем всестороннем культурном развитии народа.

Ключевые слова: музыкальное просвещение, культурно-просветительская работа, культурно-просветительские учреждения, художественная самодеятельность, концертные бригады, музыкальная шефская работа, патриотическое воспитание.

Жители Павлодарской области в конце 30-х годов восстанавливали потери, вызванные пронесшейся по Казахстану опустошительной смерчем коллективизацией, унесшей жизни более 40 % населения республики. Еще не затихло эхо массовых репрессий.

Каким же надо было обладать жизнелюбием и энтузиазмом нашим предшественникам, закладывавшим первые кирпичики в фундамент будущего Павлодарской области, чтобы задать исключительно высокий темп развития во всех отраслях народного хозяйства, образования, культуры.

Павлодарский отдел народного образования был создан 1938 году в связи с образованием Павлодарской области. С 1938 по 1939 годы Павлодарский отдел народного образования подчинялся исполнительному комитету областного Совета рабочих, крестьянских и красноармейских депутатов. С 1939 года областной отдел народного образования подчинялся исполнительному комитету Павлодарского областного Совета депутатов трудящихся.

В первые годы существования Павлодарского областного отдела народного образования основная его задача состояла в полной ликвидации неграмотности населения. В 1938 году в области было 12000 неграмотных и 14000 малограмотных [1].

Согласно переписи населения, в 1939 году в новой области насчитывалось 251,3 тысячи человек. Общая площадь составляла 127,5 тысяч кв. километров.

В предверии Великой Отечественной войны культурно-просветительскую работу вели 133 молодежных клуба, 180 изб-читален, 151 библиотека. В области действовало 6 автозвуковых кинопередвижек, 87 киноустановок и 11 немых киноустановок. Продолжали работать ликбезы.

В областном центре с 29-ю тыс. населения действовал драматический театр [2]. На базе любительской группы рабочего клуба до войны был создан городской объединенный русско-казахский театр. Становление системы массового музыкального просвещения в эти годы было тесно связано с театром, с задачами развития музыкально-драматического искусства, что, на наш взгляд, явилось новой формой взаимосвязи музыки с народно-поэтическим творчеством.

В 1938 году в Павлодаре открылся Дом пионеров. Поначалу в нем было несколько кружков. Первые пионеры занимались несложными полезными делами; сажали деревья в скверах, участвовали в смотрах художественной самодеятельности, устраивали выставки.

В предвоенные годы музыкально-просветительская работа решает идеологические, и практические задачи. Усилия руководителей кружков были направлены на привитие художественного вкуса и понимание подлинно художественной музыки, с одной стороны, практическую культурно-просветительскую работу в кружках, - с другой. Конечной целью было внедрение в рабочие массы революционных, трудовых и лирических песен.

Молодая неокрепшая страна нуждалась в грамотных образованных людях. Начала создаваться обширная сеть библиотек, клубов и других культурно-просветительских учреждений

Война, навязанная в 1941 году Советскому Союзу фашисткой Германией, как отмечали историки-ученые, была самым крупным военным столкновением. Она стала Великой Отечественной войной советского народа за свободу и независимость Родины.

Противоборство это охватило не только военную и социально-экономическую сферы, но и область духовной, художественно-творческой жизни.

Работники искусства Казахстана в военные годы самоотверженно участвовали во всех направлениях патриотической деятельности советского народа. В фонд обороны было перечислено более 5.300 тысяч рублей [3]. Павлодарская область внесла свой особый вклад в победу над фашизмом. В действующей армии в годы Великой Отечественной войны служили 46,2 тысячи павлодарцев. Уроженцы области участвовали во всех крупнейших сражениях, в том числе и во взятии Берлина. Более 10 тысяч бойцов удостоились боевых наград, 23 павлодарца были удостоены высшей награды – звания Героя Советского Союза. 8 воинов стали полными кавалерами ордена Славы. Почти половина павлодарцев не вернулась с полей сражений Отечественной войны.

Искусство органично вошло в суровые будни фронта и тыла. С первых же дней войны многие музыканты стали бойцами. По призыву и добровольно уходили на фронт композиторы, студенты, педагоги музыкальных учреждений, учителя школ.

Музыка вошла во фронтовой быт почти с самого начала войны. Самой мощной и разветвленной во все годы войны была сеть самодеятельных кружков в тылу, среди гражданского населения, на фабриках, заводах, в совхозах и колхозах. Почти каждая воинская часть имела свою художественную самодеятельность, концерты которой проходили в любых условиях. Их деятельность в годы войны имела свою специфику, свои сложности, присущие именно этому периоду её истории.

Содержание музыкального просвещения в новой исторической обстановке характеризовалось тем, что подчиняясь общей задаче советской системы музыкального образования, тесно связывалось с патриотическим воспитанием.



Уже 22 и 23 июня 1941 г. в Комитете по делам искусств при Совете народных комиссаров СССР состоялось совещание, на котором были рассмотрены задачи искусства, массового творчества в связи с новыми военными условиями.

30 июня 1941 г. при Комитете создается специальная репертуарная комиссия по отбору новых произведений для профессиональных и самодеятельных коллективов.

Постоянное внимание развитию самодеятельности, вовлечению масс в кружки, их участию в общественной жизни уделялось местными партийными, советскими органами. В 1941-1943 гг. во многих республиках, краях и областях прошли конференции политпросветработников и работников сельской художественной самодеятельности, на которых были обсуждены многие вопросы ее развития.

В 1943 г. Центральный Комитет вновь обратил внимание местных партийных органов на необходимость большего развития художественной самодеятельности и её использования в политико-воспитательной и агитационно-массовой работе.

Музыкальное воспитание и подготовка кадров в этой области, отражая в своем содержании черты военного времени, продолжали развиваться по принципу и опыту предыдущих лет. Но, кроме этого, война вызвала к жизни новые формы музыкально-просветительской работы. Огромный размах приняла музыкальная шефская работа. Отмечается большое сближение между школами и концертными организациями при осуществлении музыкально-просветительской деятельности.

В годы войны Казахстан становится одним из важнейших промышленных и культурных центров страны. Сюда были эвакуированы многие культурные учреждения, вместе с которыми прибыло большое количество деятелей культуры из Москвы, Ленинграда, Киева и других городов, среди них были и музыканты-педагоги. Это создало благоприятные условия для организации в республике новых музыкально-зрелищных и образовательных учреждений искусства.

Группа деятелей искусств Алма-Аты, в том числе и эвакуированные (К.Байсеитова, М.Ержанов, Л.Александровская, С.Эйзенштейн, Н.Крючков и другие), обратились к работникам искусства Казахстана: «Красная армия спасла сирот от неминуемой смерти. Наш долг – позаботиться о них. В Казахстан эвакуированы тысячи детей, нуждающихся в материнской ласке. На них нельзя смотреть без боли. У них бледные личики, испуганные глаза. Они похожи на растоптанную траву. Наша святая обязанность – вернуть им детство, заменить семью, окружить заботой, материнской лаской. Мы должны одеть, обуть и воспитать их» [4].

Призыв деятелей культуры и искусства нашел горячую поддержку у всех. Многие стали коллективно шефствовать над детьми детских домов, детскими садами, размещали у себя эвакуированных детей и ухаживали за ними. В детские дома и комиссии по трудоустройству эвакуированных детей обращались сотни женщин с просьбой дать им на воспитание и усыновление оставшихся без родителей детей. Всего в республике 9.200 детей были отданы на усыновление [5].

Огромную работу проводили внешкольные детские учреждения – станции юных техников, дома пионеров. Широкое распространение получили кружки художественной самодеятельности, появились различные драматические кружки, хоры детских студий, широко развивалась самодеятельность не только в городах, но и в сельских районах. В школах изучали историю своего края, города, деревни, создавали альбомы из историй своей школы, проводились беседы на воинские темы, активно переписывались с бойцами Красной Армии, особенно в годы войны, когда дети всячески поддерживали старших, собирали теплые вещи для них и отправляли их на фронт.

Взаимодействие культур – типичное явление социалистического общества, однако в Казахстане к тому есть свои особые предпосылки, свои исторические обстоятельства, позволяющие проявляться этим процессам с особой яркостью. Более 100 национальностей

определяли этнический состав республики, обуславливая процессы интернационализации общества, его культуры.

В 1943 году, в самый разгар войны, эвакуированными музыкантами из Москвы и Ленинграда в Павлодаре открывается детская музыкальная школа. Инициатором и организатором открытия школы были певица Антонина Александровна Смирнова и музыковед Гита Абрамовна Балтер. Школа была в то время единственным музыкальным центром в городе и области. Школа завоевала авторитет среди учащихся города. Маленькие музыканты были желанны всюду.

Другим учреждением, осуществлявшим музыкальное просвещение, стало старейшее среднее специальное учебное заведение Павлодара – педагогическое училище имени В.В.Воровского, основанное в 1923 году в Усть-Каменогорске и переведенное в 1929 году в город Павлодар. Размещалось оно в двух корпусах. В старом корпусе постройки 1888 года оно размещалось до 1968 года, пока не выстроили новый 3-х этажный корпус со столовой, актовым залом и аудиториями. В 1943г. был организован музыкальный кабинет при педагогическом училище. Учащиеся создали самодеятельные художественные коллективы и среди них – женский духовой оркестр, а также оркестры казахских и русских народных инструментов, эстрадный ансамбль, хор. В училище в разное время учились Герой Советского Союза С. Муткенов, К. Суруганов, Герой Социалистического Труда М. Кабылбеков, писатели К. Идрисов, З. Акишев. С историей училища связано имя заслуженного учителя Казахской ССР Б.Ахметова.

К числу первой концертной организации Министерства культуры Казахской ССР, действовавшей на территории Павлодарской области, относится Уполномоченный Казахской государственной филармонии имени Жамбула. Уполномоченный, в лице М.Гайгородецкого, который был назначен приказом Казгосфилармонии имени Жамбула от 19 ноября 1941 года № 834 и приступил к работе с 5.12. 1941 года [6]. Деятельность уполномоченного началась с создания хозрасчетных концертных бригад, ансамблей с целью культурного обслуживания трудящихся области. Так, приказом уполномоченного от 16.12.1941 года № 4 была создана первая хозрасчетная бригада под названием «Эстрадно-цирковая хозрасчетная бригада №1» в составе семи человек [7].

Далее были организованы:

- хозрасчетный концертный ансамбль в составе 7 артистов (приказ от 26.12.1941год № 5);
- хозрасчетная концертная бригада под названием «Эстрадно-цирковая колхозная бригада № 2» в составе четырех человек (приказ от 16.02.1942 год № 11) [8];
- хозрасчетная концертная бригада под названием «Концертно-эстрадный ансамбль № 2» в составе четырех человек (приказ от 31 июля 1942 год № 28).

Нередко в состав местных концертных бригад включались артисты, командированные в Павлодарскую область из других городов Советского Союза. Так, атракцион «Танец красок» в составе двух артистов Ленинградской эстрады был допущен к работе в составе местного концертного ансамбля на условиях хозрасчета [9].

В порядке культурного шефства, согласно приказу уполномоченного от 23.02.1942 года № 12, проводилось художественное обслуживание воинских частей и госпиталей. В приказе оговаривалась необходимость немедленно ставить в известность обо всех концертах, организованных в воинских частях, с представлением отзыва организации, где ставился концерт. Так, на 19-20 декабря 1942 года по приказу уполномоченного от 18 декабря 1942 года №51 концертная бригада №1 в составе 9 человек была направлена в Щербакты на шефское обслуживание расположенного там эвакогоспиталя № 3604 [10].

В документах Государственного архива Павлодарской области сохранился отзыв Павлодарского эвакогоспиталя № 2448 от 9 мая 1942 года, где отмечалось, что за время существования госпиталя артисты госэстрады и цирка под художественным руководством Марчесса М.А. дали 12 шефских концертов для больных и раненых бойцов, командиров и



политработников, находившихся на лечении в эвакуогоспитале. В отзыве отмечалось: «... художественная часть, исполнение артистов - отличное. Артисты пользовались большим успехом, каждый исполненный номер артистов неоднократно вызывался на бис. С огромным сочувствием (так в документе) и желанием слушали бойцы, командиры и политработники, выносили сердечную благодарность всему коллективу». С 1942 года павлодарские артисты стали выезжать в гастрольные поездки по Алтайскому краю, Новосибирской области [11].

Для упорядочения работы концертных бригад, улучшения ее качества приказом уполномоченного от 13 января 1942 года №7 все работники филармонии должны были зарегистрироваться, представить на утверждение свой репертуар. Приказом уполномоченного от 16.10. 1942 года №39 была назначена комиссия для просмотра хозрасчетных бригад с последующим определением категорий артистов, паспортизации бригад [12].

Следует отметить, что за 1942 год концертными бригадами и ансамблями были даны 561 вечерних и 37 утренних концертов. Из них по обслуживанию посевной кампании – 155 концертов, уборочной – 158, шефских концертов - 56, в фонд обороны страны – 5. Всего было обслужено 348 тысяч зрителей. Как свидетельствует документ, с ноября 1943 года сложившееся концертно-эстрадное объединение концертных бригад и ансамблей и Уполномоченный Казгосфилармонии имени Жамбула по Павлодарской области стали называться филиалом Казгосфилармонии имени Жамбула [13].

С появлением стационарного концертного зала расширилась концертная деятельность филармонии в городе Павлодаре; администрация вела переговоры о заключении договоров на работу в Павлодарской области гастрольных ансамблей из Алма-Аты, Новосибирска, Омска.

Решением Павлодарского горисполкома от 13 августа 1943 года № 12- 202 с целью создания нормальных условий для развития концертной деятельности, в связи с растущим объемом работ здание бывшего Дома пионеров было передано на арендных началах в распоряжение филиала Казгосфилармонии [14].

На основании приказа областного отдела по делам искусств от 2 апреля 1944 года №13 в филармонии был создан кукольный театр, директором которого стала С.С. Кострич. Всего за 1945 года филиалом Казгосфилармонии было дано 367 эстрадных концертов, обслужено 55,8 тысяч зрителей [15].

По приглашению филиала Казгосфилармонии в городе работали бригады украинских драматургов, Рубцовского драмтеатра, ансамбля баяниста Малинина, китайские концертные бригады, концертные бригады из Москвы, Новосибирска и др. Всего по приглашению работала 31 бригада [16].

Областной драматический театр им. А. П. Чехова был открыт в ноябре 1945 года. В театре выросли замечательные мастера сцены – народная артистка Каз. ССР. Струнина, заслуженный артист Казахской ССР. М. Г. Бушуев.

Таким образом, во время войны роль культурно-просветительских учреждений значительно возросла. Для установления единства в руководстве в 1945 году при исполнительных комитетах краевых, областных, городских и районных Советов депутатов трудящихся стали создаваться отделы культурно-просветительных учреждений. Им подчинялись все библиотеки, музеи, клубы, дома культуры, лекционные бюро, парки культуры и отдыха местного значения.

В годы Великой Отечественной войны в Павлодарскую область было эвакуировано немало музыкантов-педагогов, которые способствовали росту национальных исполнительских и педагогических кадров. Результатом стало открытие в 1943 году первой музыкальной школы, филармонии, в 1945 году – русского театра. Война вызвала к жизни новые формы музыкально-просветительской работы, огромный размах приняла музыкальная шефская работа. Отмечается большое сближение между школами и

концертными организациями при осуществлении музыкально-просветительской деятельности. В области впервые работали концертные бригады из Москвы, Новосибирска, Украины и Китая и др.

В период войны, несмотря на невероятные трудности, правительство Республики Казахстана уделяло много внимания культурно-воспитательной работе, заботилось о просвещении и дальнейшем всестороннем культурном развитии народа.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 ГАПО. Фонд 785, оп. 1, д. 2, л.253.
- 2 Тереник М.С. Павлодар: это нашей истории строки. – Павлодар, 2000. – 201 с.
- 3 Жумашев А.А. Развитие социалистической культуры в Казахстане в годы ВОВ (1941-1945гг). – Алматы, 1990. - 245 с.
- 4 Казахстанская правда. 1942, 1 марта, С.3.
- 5 Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945гг., Т.1., 500с.
- 6 ГАПО. Ф.880. Оп 1.Д.1.Л.1.
- 7 ГАПО. Ф.880. Оп 1.Д.1.Л.1. об-2.
- 8 ГАПО. Ф.880. Оп 1.Д.1.Л.5
- 9 ГАПО. Ф.880. Оп 1.Д.1.Л.7
- 10 ГАПО. Ф.880. Оп 1.Д.1.Л.21.
- 11 ГАПО. Ф.880. Оп 1.Д.1.Л.23.
- 12 ГАПО. Ф.880. Оп 1.Д.1.Л.24.
- 13 ГАПО. Ф.880. Оп 1 Д.1.Л 27.
- 14 ГАПО. Ф.880. Оп 1 Д.2.Л 19.
- 15 ГАПО. Ф.880. Оп 1 Д.3.Л 35
- 16 ГАПО. Ф.1057. Оп 1 Д.6.Л 64

ТҮЙІН

Мақалада Павлодар облысындағы музыкалық-ағартушылық мекемелердің соғыс жылдарындағы патриоттық тәрбие берудегі маңыздылығы қарастырылады. Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі мәдени-ағартушылық мекемелердің рөлі, мәдениеттер әрекеттестігі, жаңа тарихи жағдайдағы музыкалық ағартудың мазмұны ашылған.

RESUME

The importance of activities in the musical and educational institutions of the Pavlodar region during the war in the development of patriotic education is considered in the article. The content of musical education in the new historical conditions, the interaction of cultures, the role of cultural and educational institutions during the Great Patriotic War are revealed.



Аннотация

Мақалада модульдік технология арқылы оқытудың ұтымды жолдары туралы айтылады. Қазіргі кезде білім жүйесі күннен-күнге ақпараттық технологиялар мен компьютерлік телекоммуникацияларды қолдануда, яғни біздің қоғам жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дәуіріне енді. Қоғамдағы геополитикалық, коммуникациялық, технологиялық өзгерістер және интернет жүйесі арқылы тілдесу әр түрлі мамандықтағы, әр түрлі жастағы, әр түрлі қалауы, қызығушылығы бар адамдардың санын мейлінше көбейте түсуде. Осыған байланысты шетел тілдерін пайдалану қажеттілігі де артып келеді. Тіл - тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгеруде модульдік технология үлкен рөл атқарады. Модульдік технология арқылы оқытудың тиімді белгілерінің бірі – студенттің оқу белсенділігі. Бұл технологияның бір ерекшелігі - сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде студенттердің танымдық қабілеттерін дамытып, ауызша және жазбаша тілін дамытып, оларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Шетел тілінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық құралдарын игеру барысында студенттердің бойында білім алуда белсенділік, өз бетімен жұмыс істеуге қабілеттілік, қорытынды жасай білу іскерлігі қалыптасады.

Түйін сөздер: модульдік оқыту, интеграция, топтау, репродуктивтік деңгей, алгоритмдік деңгей, эвристикалық деңгей, шығармашылық деңгей.

Тәуелсіздікке қол жеткен жылдардан бері әлемдегі көптеген елдермен саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыс жасауға кеңінен бет бұрдық. Бұл қарым-қатынастың нәтижелі болуы, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ынтымақтасқан бірлігін өркендетуде тіл білудің мәні күн сайын арта түсуде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халқының Ассемблеясында айтқан. 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында Елбасы «Тілдердің үш тұғырлығы» - «Триединство языков» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды [1]. Тілдердің үш тұғырлығы идеясында Елбасы оған нақты

Г.Қ. Рысбаева

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к., профессор

Модульдік технология арқылы оқытудың ұтымды жолдары

анықтамасын берген, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Елбасының 2011 жылғы «*Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!*» атты жолдауында 2020 жылға дейінгі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты жоспарын айқындап берді. Бұл жоспар Қазақстанның әлемдік дағдарыстың қашан аяқталуын күтпей, өзіндік даму стратегиясын белгіледі. Президент Н.Ә.Назарбаевтың тек экономиканы ғана емес, сонымен қатар ғылым мен білім, денсаулық сақтау салаларын барынша дамытуға көп көңіл бөлгендігі ерекше аталып өтілді [2]. Осы жолдауда білім мен ғылымның модернизациясын жалғастыру қажеттігін меңзеді. 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін халықтың саны кемінде 20%-ды құрауы тиіс делінген. Әрбір қазақстандық қазақ тілімен қатар, ағылшын тілін де терең меңгеруі керек. Осы мақсатта 2013-2014 оқу жылында елімізде жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілі бірінші сыныптан бастап оқу бағдарламасына енгізіледі.

Бүгінгі әлемде мындаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады және ана тілі ретінде меңгереді. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды. Ағылшын тілі - дүние жүзіне ең кең таралған халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі бүгінде халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен журналистиканың барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқан тілдердің қатарына жатады. Ағылшын тілі - бүгінгі заманымыздың кілті, ақпараттық технологияның, компьютер технологиясының кілті деуге болады. Ағылшын тілінде әлемге әйгілі Вильям Шекспир, Джек Лондон, Джонатан Свифт, Вальтер Скотт сөйлеген. Бүгінгі күні зерттеушілер ағылшын тілінде сөйлеушілердің саны 1,2-1,5 млрд арасында деп тұжырымдайды. Ағылшын тілі – жер бетіндегі ең кең қолданылатын тіл. Ағылшын тілі әлемнің 75 елінде ерекше орын алады, ал 19 елде ол мемлекеттік тіл болып табылады. XX ғ. 60 жылдардан бастап кеңінен ағылшын тілі тарала бастады. Ағылшын тілі көптеген халықаралық ұйымдардың ресми тілі болып табылады. Оның ішінде: БҰҰ, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Австралия, ЮНЕСКО, Бүкіл әлемдік Денсаулық сақтау ұйымы және т.б.

«Тіліміздің үштұғыры» мәдени жобасын жүзеге асыру аясында академик С.С.Құнанбаева шет тілін оқытудың инновациялық теориялық-методологиялық негіздерін енгізді. Шетел тілі бойынша ойлаудың жаңа түрін игерген, дүниетанымдық мәдениеті бар, көпмәдениетті сана-сезімі дамыған, сонымен қатар қазақ, орыс және шетел тілдерін жете меңгерген маманның кәсіби білікті үлгісін: а) заманауи интерактивтік және инновациялық технологияларды қолдану арқылы аудармаға оқыту бойынша ғылыми педагогикалық мамандарды; б) мемлекеттік тілдің басты роліне сүйене отырып, жобада көрсетілген барлық тілдерде жұмыс істей алатын аудармашы мамандарды (қазақша-ағылшынша-қазақша, қазақша-орысша және т.б.) арнайы мақсатта даярлау арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің концептуалдық әмбебаптандырылуын қамтамасыз ету деп анықтайды. Демек, халықаралық саяси-экономикалық қатынастарды әлемдік стандарттарға сәйкес жүргізуде білікті мамандарды дайындау қажеттілігі оқу мен білім саласына да белгілі міндеттерді жүктейді.

Шетел тілін оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану студенттердің басқа тілде қарым-қатынас жасаудың барлық қырларын жан-жақты көруді қалыптастырудың бірегей мүмкіндігін білдіреді. Шетел тілін үйрену арқылы сол тілді үйреніп отырған елдің мәдени мұраларымен, тарихымен, ғылым саласындағы жетістіктерімен, әдебиетімен, өнерімен танысады және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік жасайды.

Жалпы білім беретін жоғары оқу орындарында және орта мектепте шетел тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйреткенде оқушыларды, студенттерді өз бетімен жұмыс



істеуге баулу, алған білімін, икемділік дағдыларын жаңа жағдайларға тап болған кезде, шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделеді. Шетел тілін оқыту мақсаттары қоғамның мұқтаждығына байланысты өзгеріп отрады. Қазіргі кезде шетел тілін оқыту мынадай төрт мақсат көздейді: коммуникативтік мақсат, білімдік, тәрбиелік және жетілдіру мақсаты. Осы аталған мақсаттардың ішінде коммуникативті мақсат жетекші рөл атқарады, қалған мақсаттар сол коммуникативтік мақсатты орындау арқылы жүзеге асырылады. Ағылшын тілін оқытуда алты деңгей бойынша топтар білім алады. Олар: *"beginner"*, *"elementary"*, *"pre-intermediate"*, *"intermediate"*, *"upper-intermediate"*, *"advanced"*.

Ағылшын тілі сабақтарында көптілді оқытудың элементтері ғана қолданылады. Белгілі бір тақырыптарды оқытуда біріккен сабақтарда интеграция арқылы жүзеге асады. Интеграция дегеніміз – пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру. Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіреді, бір сабаққа бірнеше оқу пәндері мақсатының бірігуіне мүмкіндік береді.

Студенттердің үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуды жүзеге асыру барысында мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- студенттердің үш тілде еркін сөйлеу біліктілігін дамытуда оқыту технологияларын тиімді пайдалану;
- заманауи интерактивтік және инновациялық технологияларды қолдану;
- үш тілде де қарым-қатынас жасауға, сөйлеуге үйрету;
- әр студенттің тілдік қабілетін толық ашу;
- сөздік қорын молайтуда аударма және түсіндірме сөздіктерін пайдалана алу;
- танымдық қызығушылығын қалыптастыру.

Қазіргі оқыту технологияларының жалпыға танылған түрлері: модульдік оқыту, проблемалық оқыту, жеделдетіп оқыту, даралап оқыту, ақпараттық оқыту, деңгейлеп оқыту, жобалай оқыту технологиясы, жеделдетіп оқыту, сатылай кешенді талдау, ойындық технология, коммуникативтік технология, т.б.

Модульдік технология арқылы оқытудың ұтымды жолдарын зерделейтін, оқу үрдісінде түрлі әдіс-тәсілдерді мақсатты түрде жұмылдыратын, оларды сабақта жүзеге асырудың жолдарын көрсететін, ғылыми зерттеу жұмыстар баршылық. Атап айтсақ, «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесінің педагогикалық технологиясы» (Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикова), оқытудың инновациялық технологиясы (С.С.Құнанбаева), жүйелілік негізде оқыту (Т.Т.Ғалиев), шоғырландырып-қарқынды оқыту (Қ.А.Әбдіғалиев, Н.Н.Нұрахметов т.б.), модульдік оқыту М.М.Жанпейісова, К.Жақсылықова, З.Бейсенбаева), жобалай оқыту технологиясы (А.Сатбекова), сатылай кешенді талдау (Н.А.Оразахынова) және т.б. технологияларды жатқызуға болады.

Ғалым З.Бейсенбаеваның зерттеу еңбегінде: «Модульдік оқыту технологиясының мақсаты – білім бағдарламасының мазмұнын іске асыруға жағдай жасау, іріленген блок-модуль түріндегі оқу единицаларын игеру арқылы кешенді дидактикалық міндетті орындау. Модуль – нақты мақсатқа құрылған оқу элементтерінен тұратын модуль бағдарламасының дербес дидактикалық бірлігі. Оқу элементтері – жеке мақсатты іске асырудағы оқу материалының дидактикалық бірлігі», – делінген [3, 106]. Ал, академик С.С.Құнанбаева шетел тілін оқытудың инновациялық теориялық-методологиялық негіздерін енгізді [4]. Шетел тілі бойынша ойлаудың жаңа түрін игерген, дүниетанымдық мәдениеті бар, көпмәдениетті сана-сезімі дамыған, сонымен қатар қазақ, орыс және шетел тілдерін жете меңгерген маманның кәсіби білікті үлгісін: а) заманауи интерактивтік және инновациялық технологияларды қолдану арқылы аудармаға оқыту бойынша ғылыми педагогикалық мамандарды; б) мемлекеттік тілдің басты рөліне сүйене отырып, жобада көрсетілген барлық тілдерінде жұмыс істей алатын аудармашы мамандарды (қазақша-ағылшынша, ағылшынша-қазақша, қазақша-орысша және т.б.) арнайы мақсатта даярлау

арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің концептуалдық әмбебаптандырылуын қамтамасыз ету деп анықтайды. Демек, халықаралық саяси-экономикалық қатынастарды әлемдік стандарттарға сәйкес жүргізуде білікті мамандарды дайындау қажеттілігі оқу мен білім саласына да белгілі міндеттерді жүктейді.

Шетел тілін оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану студенттердің басқа тілде қарым-қатынас жасаудың барлық қырларын жан-жақты көруді қалыптастырудың бірегей мүмкіндігін білдіреді. Шетел тілін үйрену арқылы сол тілді үйреніп отырған елдің мәдени мұраларымен, тарихымен, ғылым саласындағы жетістіктерімен, әдебиетімен, өнерімен танысады және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік жасайды.

Қазіргі кезде университеттердің көбінде модульдік жүйемен оқытады. Модульдік жүйемен оқу апталығы 5 аптаға созылады, 6-шы аптада емтихан тапсырады. 2 апта оқып, 3-ші аптасында бірінші аралық бақылау тапсырады, 5-ші аптада екінші аралық бақылау, ал 6-шы аптада емтихан қабылданады.

Модуль арқылы оқыту технологиясының бір ерекшелігі - сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде студенттерге өз бетімен ізденуге дағдыландыру жұмыстарын жүргізуге, шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Сонымен қатар, тек білімді меңгерту емес, студенттің танымдық қабілетін және танымдық процестерді жадының алуан түрлерін: есту, көру, ойлау, қимылдау, қабылдау қабілетін дамытып және оқу, тыңдау, сөйлеу, айту, оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыру жұмыстары жүргізіледі.

Оқу модулі ұдайы қайталанатын оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден, сөйлесу (сұхбат) бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлім (модульге, тақырыпқа ену).

Сөйлесу бөлімі (көбінесе сұхбаттасу, диалогті қарым-қатынас арқылы студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру).

Қорытынды бөлім (бақылау жұмысын, тест, диктант, т.б. алу).

Қазіргі уақытта модульдік оқыту технологияларын ағылшын тілі, қазақ тілі, орыс тілі, химия, биология, т.б. сабақтарда да тиімді қолдануға болады. Бұндай оқыту әдісі студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, енжар студенттердің өзін аз да болса тапсырмаларды орындауларына мүмкіндік туғызады. Мысалы, «Практикалық грамматика» пәні бойынша әр тарауға арнап жеке модуль құрастыруға болады.

Әр модульдегі сағаттар саны әртүрлі. Бұл бағдарлама бойынша тараулар тақырыптар блогына, тақырып берілген сағат санына байланысты.

Тарау көлеміне қарай, тақырыптарға бөлінеді. Төмендегі кестеде сабақтың модуль бойынша кіріспе бөліміне 1 – сағат, сұхбат бөліміне 4 – сағат, қорытында бөліміне 2 – сағат, жалпы 7 сағатқа бөлінген.

Практикалық грамматика

Модульдің құрылымы	Сабақ реті	Сабақтың мазмұны мен түрі	Сағат саны	Ескертулер
Кіріспе бөлім	1-сабақ	1. Модульге кіріспе 2. Әңгіме дәріс 3. Тақтамен жұмыс 4. Қорытындылау	1 сағат	Сұхбат бөліміне дайындық
Сөйлесу бөлімі	1-сабақ	Диалогтік бөлім ойын түрінде	1 сағат	Ізденіс жұмыстарына баулу
	2-сабақ	Деңгейлік тапсырмалар	1 сағат	Ауызша, жазбаша жұмыс жасауға үйрену



	3-сабақ	Өзіндік жұмыс	1 сағат	Шығармашылыққа баулу
	4-сабақ	Топпен жұмыс	1 сағат	Қорытынды бөлімге дайындық
Қорытынды бөлім	1-сабақ	Сөзжұмбақ, ребус, анограмма шешу.	1 сағат	Қайталау
	2-сабақ	Бақылау жұмысы	1 сағат	Тест тапсырмаларын алу.

Кіріспе бөлімінде оқытушы студенттермен жүргізілетін оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң оқытушы осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-15 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Сөйлесу бөлімінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А.Қараевтің 4 түрлі (репродуктивтік деңгей, алгоритмдік деңгей, эвристикалық деңгей, шығармашылық деңгей) деңгейлеп саралап оқыту технологиясын пайдалана отырып, студенттердің оқу материалын меңгеру деңгейіне көңіл бөлінеді:

1. *Репродуктивтік деңгей.* Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі, оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес тапсырмалар беріледі. Мұнда тапсырмалар оқу әдістемелік кешен, силлабус негізінде жасалған жоспар бойынша жасалады. Күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, мысалдар құрастырып, сөздік қорын дамытады.

2. *Алгоритмдік деңгей.* Мұнда студент оқытушының түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, ауызша және жазбаша тапсырманы орындайды.

3. *Эвристикалық деңгей.* Бұл тапсырманы көбінесе студент өздік жұмыс жасағанда ізденіп, қосымша әдибеттерді пайдалана отырып, жауап беруге тырысады. Бұл тапсырмаларды орындауда студенттің ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4. *Шығармашылық деңгей.* Студент таза өзіндік жұмыстар жүргізіп, өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Қорытынды бөлімінде тест тапсырмаларын алуға болады:

Тест №1

1. Етістіктің дұрыс формасын қойыңыз. My grandfather ... born in London.

A) is B) are C) were D) be E) was

2. Are Helen and Mark from Australia? No, ___ aren't.

A) they B) we C) you D) I E) it

Қорытынды бөлімде студент сөйлесу бөлімінде алған білімін көрсетеді. Өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізе отырып, білік-дағдыларын қалыптастырды.

Модульдік технологияның басты тиімділігі мынадай:

- студенттің оқу белсенділігі арттады;

- студенттің пәнге деген қызығушылығы дамиды;

- студент өздігінен үзіліссіз білім алуға ынталанады;

- тілдік категориялардың лексика-грамматикалық құрылымын игереді;

- ауызша, жазбаша тілді қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді;

- студент өзіне тән қарқынмен, өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізе отырып, сабақта қойылған мақсатқа жету үшін қажетті қабілеттерін, білімін қалыптастырады.

Құм терапиясының негізгі принциптері: шығармашылық белсенділікті таныта отырып, бала өзін ыңғайлы әрі қорғалған күйде сезініп, табиғи ынталандыратын орта жасау. Бала өзі құрған ертегі ойындарының кейіпкерлерімен бірге әртүрлі жағдаяттарды ойнауы, шынайы бірге тұруы керек. Ойын балаларға сыртқы әлеммен қарым-қатынас орнатуға, тануға және өз сезімдерін көрсете білуге көмектеседі. Құм арқылы бала тілмен жеткізе алмаған жағдайды бейнелеп бере алады. Бала құм терапиясында қиял, көрнекі-бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра процесс барысында бала өзінің ішкі қобалжуларын, ішкі сезімдерін сыртқа шығарады [4, 3].

Шын мәнінде, Құм терапиясы дегеніміз не? Құм терапиясында шектелген кеңістікте бейнелі сюжеттерді жасау үшін психолог құмы бар табақпен, сумен және көптеген заттар мен материалдармен қамтамасыз етеді. Рут Амманн құмы бар табақты «жан сарайына» балайды. Бұл – клиенттің психикалық өмірін көрсететін өзінше бір контейнер. Құмы бар табақ – баланың сыртқы және ішкі өмірі өзін таныта және дамыта алатын «аралық орын». Табақ – клиент өз әлемін құра алатын және өз әлемін жаңа түсінікпен түрлендіретін мүмкіндігі бар бос және еркін орын. Психолог адамды өз ішкі дауысына сөйлеуге мүмкіндік беретін қорғаныс пен қабылдау ортасымен қамтамасыз етеді. Рут Амманн метафорасы барысында бұл – саналы және санасыз материал кең өріс алатын, біріге алатын және тұтасқа айнала алатын «аралық орын», сондай-ақ бала мен психолог арасындағы көпір. Бұл – психолог пен клиенттің ессіз қалыптары мен түйсіктері жолығатын және бірлесіп әрекет жасайтын орны [5, 12].

Қабылдауда - 12 жастағы Саша. Оның ата-анасы жақында ажырасқан. Әкесі андасанда келіп тұрады, ал анасы жиі іс-сапарларда жүреді. Жеткіншектің апта ішінде сабақ босатуына байланысты психологке жүгінген. Саша құмы бар табақта жұмыс істеуге қуана келісті. Ол өзі құрған әлемді «Ластанған теңіз» деп атады. «Теңізді ластаған. Бұл тіпті теңіз емес, бұл – түрлі сынақтар жүргізілген мұхит. Адамдар оны ластайды. Олар бұлай істемеуі керек. Бұдан балықтар, өсімдіктер, барлық тірі ағзалар өледі. Спрайттың бос шөлмектері, темекі қораптары, арақ шынылары ғана қалады... Мұнда сондай-ақ бас сүйек те бар. Бұл бір өлген адамға тиесілі. Мүмкін, бұл мен шығармын. Бұл әлем қазіргі менің ішкі дүниеме қатты ұқсайды. Маған айтуға да қиын. Бұл сурет маған ұнамайды. Оны өзгертсем бола ма?» Құм терапиясы жан сезімдерінің ең ішкі өзегіне еруге мүмкіндік береді. Бұл бейнелерден адамның ішкі және сыртқы дүниесінде не болып жатқаны көрінеді. Ішкі дауысы айтқанды жасай отырып, бала өзіне деген қарым-қатынасты сыртқы ақиқатқа айналдырады және санасыз материалға көрінуге мүмкіндік береді. Осы табалдырық асты материалдың нақты әрі айқын көрінуі бұрын тұншықтырылып келген және түсініксіз болған нәрсені ұғынуға алып келеді [2, 32].

Құм терапиясы көп форма қабылдайды. Құмдағы жұмыс клиенттің жинақталуына және терапияда қажетті орынға кері кетуге көмектеседі. Адамдардың көпшілігі балалық шақта құмда және сазда ойнауды жақсы көрген болатын. Құм терапиясы адамның балалық шақтағы есін жаңғыртады. Кейбір клиенттер ешқандай заттарды қолданбайды, олар құмға қол тигізеді, қалыптарды орналастырады және құмда құрылыс жасайды. Кейбіреулері аз ғана заттар қолданса, енді біреулері көп заттар қолданады. Біреулері құрғақ құмды пайдаланса, біреулері оны сулайды. Кейбірі өз әлемін тез тұрғызады, біреулері баяу жұмыс істейді. Кейбіреулер статикалық (қозғалмайтын) әлем жасаса, біреулері жалғасқан, көшірмелі тарихтарды қалыптастырады. Кейбіреулері дүниені байсалды және жинақы елестетеді. Енді біреулері ойыннан рахат алады. Кейбір жағдайларда өте терең жан толғаныстары мен өткен ауыртпалықтардың қайта жаңғыруы байқалады. Ешқандай дұрыс жол немесе дұрыс нәтиже жоқ. Әрбір клиенттің сол сәтте не жасайтынына сену маңызды. Оның қате түсініктері, құндылықтары мен шешілмеген мәселелерін білу де психолог үшін маңызды болып табылады. Бұл түсіну психологқа адамның нені бастан кешіп тұрғанын аз ғана пікірмен қабылдауға дайын болуға мүмкіндік береді.

Құм терапиясы психологтардың әдістеріне қосымша әдіс болуы мүмкін. Бұл әдіс көбінесе Юнгиандық техника ретінде қолданылатынына қарамастан, Құм терапиясы басқа да түрлі тәсілдермен үйлестіріле қолданылуы мүмкін. Мысалы, егер психологтың әдіснамасы көбіне когнитивті сипатта болса, Құм терапиясында талдау қолданылады деген екіталай. Психолог клиенттің ойларын қайта құрастыруға көмектесу үшін онымен табақта жұмыс істеуі аса ықтимал [6, 45].

Көптеген психологтер түзету мен терапия әдістеріне көңілдері толса да, кейде олардың әдістері сәтсіз болып, клиентпен жұмыстарының тоқырап қалғаны сезілетін кездер де болады. Құмдағы әлемдер, өзінің көп деңгейлі, үш өлшемді нышандарымен бұл қиыншылықты еңсеруге көмектеседі. «Бейвербалды sandtray әлемі құммен ойнап жатқан кісіге оқиғаларды армандарындағыдай көп деңгейде бір сәтте бейнелеуге мүмкіндік береді» [7, 14].

Психологтер үшін өз стильдері мен шығармашылық бағдарларын сақтау маңызды. Гештальт әдісі, визуализация, психодрама, дене және іс-қимылмен жұмыс, арт-терапия, ертегі терапия әдістері – Құм терапиясын қатар қолдануға болатын терапиялық стратегиялардың кейбірі ғана.

Құмы бар табақ – психологтің оны психологиялық жан күйзелістерінде, тұлға аралық қарым-қатынас мәселелері, жеке бас дамуы, өзіндік «меннің» ықпалдастығы мен өзгеруі секілді көп жағдайларда қолдануына мүмкіндік беретін күшті құрал. Сондай-ақ, Құм терапиясы вербалды терапияға қарағанда психолог үшін зиянсыз. Клиенттің жағымсыз ойларының көпшілігі психологке қарай емес, құмы бар табаққа бағытталады, сондықтан тасымал мәселесіне жұмсалатын энергия барынша азырақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Barbara Labovitz Boik and E. Anna Goodwin. Sandplay therapy. W.W. Norton and Company. - London, 2000
- 2 Копытин А.И., Свистовская Е.Е. Руководство по детско-подростковой и семейной арт-терапии. – СПб.: Речь, 2010. - 256 с.
- 3 Штейнхардт Ленор. Юнгианская песочная психотерапия. – СПб.: Питер, 2001. – 320 с.
- 4 Большебратская Э.Э. Песочная терапия. – Петропавловск, 2010. – 74 с.
- 5 Грабенко Т.М., Зинкевич-Евстигнеева Т.Д. «Чудеса на песке: Практикум по песочной терапии». - СПб.: Речь, 2010. – 340 с.



- 6 Эль Г.Н. Человек, играющий в песок. Динамичная песочная терапия. – СПб.: Речь, 2010. – 208 с.
- 7 Kalff, Dora. Sandplay. A Psychotherapeutic Approach to the Psyche. Santa Monica: Sigo Press, 1980

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает психотерапевтическую ценность песочной терапии в работе психолога.

RESUME

In this article the author examines the psychotherapy value of the sand-play therapy in the activity of a psychologist.

УДК 378:159

Г.К. Айжанова

Алматинская академия экономики
и статистики, к.п.н., профессор

Ж.Т. Уталиева

Казахский национальный
университет искусств,
к.п.н., доцент

**Самоактуализация
как деятельность****Аннотация**

В статье подробно раскрывается психолого-педагогическая сущность понятий «самоактуализация», «самореализация личности», «самоактуализация личности», «деятельность». На основе глубокого анализа показана взаимосвязь этих понятий с точки зрения различных научных подходов. Авторы делают вывод, что самоактуализация – это процесс развития личности, который реализуется в деятельности и имеет все атрибуты деятельности. Самоактуализация может рассматриваться через призму педагогической деятельности.

Ключевые слова: самоактуализация, самоактуализация личности, самореализация личности, деятельность

Перед системой высшего профессионального образования стоит задача подготовки магистрантов, обладающих психолого-педагогическими компетенциями. Самоактуализация личности специалистов является важным элементом психолого-педагогической компетентности магистрантов.

Анализ научной литературы показал, что понятие самоактуализации охватывает практически все сферы жизнедеятельности человека, не исключая профессиональную деятельность, в которую индивид вовлечен большую часть времени. В обобщенном виде понятие «самоактуализация» предполагает непрерывное движение к профессиональному и личностному совершенствованию. Осознанное стремление к раскрытию своего человеческого потенциала и его реализации путем самоактуализации является необходимым фактором полноценного развития человека.

Существование потребности в саморазвитии является общепризнанным фактом. Общество всегда нуждалось в самоактуализирующейся личности, способной реализовывать свой потенциал. Многие научные школы занимаются в настоящее время разработкой концепции человеческого потенциала.



Понятие self-actualization (самоактуализация) используется в педагогических исследованиях А.В. Мудрика, К.А.Абульхановой-Славской, Г.А.Цукерман, В.С.Фатеева, М.Ш.Сагаутдиновой, А.Н.Сулейменовой, Е.И.Горячевой и других. В научных публикациях оно появляется с шестидесятых годов и употребляется сначала в общем ряду с такими понятиями как «самоутверждение», «самовыражение», «самораскрытие». Согласно словарю «самоактуализация - стремление человека к возможно более полному выявлению и развитию своих личностных возможностей» [1, 311].

Сложность и многозначность феномена самоактуализации личности позволяет его исследовать на разных уровнях. В сущности самоактуализации личности изначально заложена философская идея самодвижения (саморазвития), раскрывающая смысл внутреннего, самопроизвольного изменения объекта.

В связи с этим приведем определение развития: «развитие – процесс движения от низшего (простого) к высшему (сложному), главной характерной чертой которого является исчезновение старого и возникновение нового» [2, 343].

На сегодняшний день существует пять основных потенциалов, задающих направленность процессу развития личности, а, следовательно, по нашему мнению, и процессу самоактуализации:

1. познавательный потенциал;
2. морально-нравственный потенциал;
3. творческий потенциал;
4. коммуникативный потенциал;
5. эстетический потенциал [3].

Другими словами личность определяется тем, 1) что она знает, 2) что она ценит, 3) что и как она созидает, 4) с кем и как она общается, 5) каковы ее эстетические потребности и как она их удовлетворяет.

Наиболее близким к понятию «самоактуализация» полагается категория самореализация. Д.А.Леонтьев [4] дал психологический анализ сущностной самореализации человека. Он рассматривает самореализацию как процесс опредмечивания сущностных сил человека. Этот процесс может принимать форму созидания объектов материальной и духовной культуры или полагание себя в форме личностных вкладов в других людей. Самореализация возможна лишь на основе способности быть личностью, способности внести социально значимый вклад в культуру и других людей. Когнитивной основой самореализации является самопознание.

В психолого-педагогической науке на сегодняшний день нет четкого разделения таких понятий как «самореализация» и «самоактуализация».

В словаре русского языка Ожегова «самореализация» означает следующее: реализовать - осуществить, исполнить планы [5, 749].

Этимологически слово «самоактуализация» происходит от слово «актуализация» (лат. actualis – деятельный) – понятие, означающее изменение бытия, которая трактуется как «переход из состояния возможностей в состояние действительности» [2, 11]. В самом общем смысле самоактуализация определяется как стремление человека к возможно более полному выявлению и развитию своих личностных возможностей.

Роберто Ассоджолли [6] под самореализацией подразумевает самоосуществление, то есть психический рост и созревание, пробуждение и проявление скрытых возможностей человека, - например, этических, эстетических, религиозных переживаний и форм деятельности. По своим признакам этот вид самореализации соответствует самоактуализации.

Надо отметить, что самоактуализация рассматривалась зарубежными учеными сначала как *мотив, механизм саморазвития, эпизод и результат*.

Отечественные психологи и педагоги подошли к изучению данного феномена с позиции теории деятельности (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев и др.) и компетентностного подхода (А.В.ЗАБелина, Е.В.Величко, И.М.Кусраева и др.).

А.Маслоу охарактеризовал самоактуализацию как желание человека стать тем, кем он может стать. Он отмечал широкий смысл понятия «самоактуализация» как мотива, подчёркивая при этом, что это не только научное определение, сколько «свободное описание» уникального феномена. Маслоу полагал, что люди мотивированы для поиска личных целей, и это делает их жизнь значительной и осмысленной. Маслоу предположил, что все потребности человека организованы в иерархическую систему приоритета. Потребности указаны в порядке их очередности:

1. физиологические потребности;
2. потребности безопасности и защиты;
3. потребности принадлежности и любви;
4. потребности самоуважения;
5. потребности *самоактуализации*, или потребности личного совершенствования.

В основе лежит допущение, что доминирующие потребности, расположенные внизу пирамиды, должны быть более или менее удовлетворены до того, как человек может осознать наличие и быть мотивированным потребностями, расположенными вверх. Следовательно, потребности одного типа должны быть удовлетворены полностью прежде, чем другая, расположенная выше, потребность проявится и станет действующей.

Самоактуализация – последняя, завершающая базовая потребность человека. Но завершающей она является только по критериям классификации. Как полагал Маслоу, с нее начинается подлинно человеческое самодостаточное развитие личности. Человек, достигший этого высшего уровня, добивается полного использования своих талантов, способностей и потенциала личности. Короче, самоактуализироваться – значит стать тем человеком, которым мы можем стать, достичь вершины нашего потенциала.

Другой представитель гуманистической психологии Карл Роджерс разделял мнение А.Маслоу, что люди имеют фактически неограниченный потенциал для самосовершенствования.

К.Роджерс исходил из существования самоактуализации как естественного мотива всякого нормального человека вне зависимости от удовлетворения других потребностей. Он представляет собой «свойственную организму тенденцию развивать все свои способности, чтобы сохранять и развивать личность» [9, 196].

Таким образом, важнейший мотив в жизни человека – это актуализировать, то есть сохранить и развить себя, максимально выявить лучшие качества своей личности, заложенные в ней от природы.

Существует несколько направлений изучения самоактуализации в психологическом аспекте. Каждый подход определяет ту или иную сторону этого уникального феноменологического явления. М.Смит отмечает три таких аспекта: 1) самоактуализирующиеся личности; 2) предельные переживания трансцендентных ценностей; 3) самоактуализация как процесс развития.

Э.Шостром [10, 73] в своей книге «Анти-Карнеги или человек – манипулятор» дает основные черты, которыми обладает актуализатор:

1. Честность (прозрачность, искренность, аутентичность). Способность быть честным в любых чувствах, какими бы они не были. Их характеризует сердечность и выразительность.
2. Осознанность (отклик, жизненность, интерес). Хорошо видят и слышат себя и других. Способны сами сформировать свое мнение о произведениях искусства, о музыке, всей жизни.
3. Свобода (спонтанность, открытость). Обладают свободой выражать свои потенциалы. Они – хозяйева своей жизни, субъекты.



4. Доверие (вера, убеждение). Глубоко верят в других и в себя, все время стремятся установить связь с жизнью и справиться с трудностями здесь и теперь.

Самоактуализация исследовалась психологами как *мотив, процесс (механизм саморазвития), эпизод и результат*. Чаще всего в исследованиях рассматривают самоактуализацию как мотив. Проявление самоактуализации как процесса встречается не часто. А самоактуализация как результат – явление вообще довольно редкое.

Приоритет в исследовании феноменальных факторов самоактуализации принадлежит американским учёным. Однако, немаловажная заслуга российских и казахстанских ученых (К.А.Абульханова-Славская, А.В.Мудрик, Е.И.Горячева, Д.Ю.Ануфриева, М.Ш.Сагаутдинова, С.В.Фатеев и др.), на наш взгляд, состоит в том, что они пытаются определить психолого-педагогическую сущность самоактуализации как ключевой компетентности и педагогические условия ее формирования в практике высшей школы.

Следует также отметить, что кроме психологического, существует также несколько направлений изучения самоактуализации в более узком педагогическом смысле. Каждый подход определяет тот или иной аспект этого уникального феноменологического явления. Педагогический аспект рассмотрения феномена самоактуализации личности подразумевает создание целенаправленной деятельности по обеспечению самоактуализации, осознанного, адекватного, активного самопроявления личности на всех уровнях ее функциональной динамической структуры.

Анализ исследований проблемы самоактуализации казахстанских ученых (М.Ш.Сагаутдинова, А.Н.Сулейменова, С.В.Фатеев, Н.Н.Хан и др.) показал, что казахстанская школа педагогов пытается подойти к рассмотрению проблемы самоактуализации личности с педагогической точки зрения и ищет условия организации процесса по формированию этого качества в профессионально-педагогической деятельности. Ученые также делают попытку дать определение понятию «самоактуализация» как педагогической категории.

Так, например, М.Ш.Сагаутдинова рассматривает самоактуализацию в диалектической взаимосвязи процессов социализации и индивидуализации личности и выстраивает эту взаимосвязь по линии:

социализация → воспитание → самовоспитание

Сагаутдинова М.Ш. согласна с российскими учеными и считает, что самоактуализацию личности в силу присутствия в ней всех атрибутов деятельности, а также учитывая ее сознательный характер, можно рассматривать как деятельность.

С точки зрения А.Н.Сулейменовой, необходимым фактором формирования и развития самоактуализации является индивидуальный подход. По ее мнению самоактуализация личности зависит от ее направленности и творческой индивидуальности.

Интересной, на наш взгляд, является позиция С.В.Фатеева по проблеме актуализации профессиональных знаний в подготовке педагога. Он считает, что процесс актуализации профессиональных знаний и умений эффективен в условиях первого года практической деятельности.

Н.Н.Хан проводит параллель между самоактуализацией и личностной саморегуляцией, считая что самоактуализация – это система осознанной саморегуляции деятельности [11, 37].

Исследователи по данной проблеме как в России, так и в Казахстане придерживаются мнения, что самоактуализация, являясь процессом развития, должна

осуществляться в деятельности (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, К.А.Абульханова-Славская Е.И.Горячева, Н.Н.Хан, М.Ш.Сагаутдинова и др.).

Понятие самореализации как процесса опредмечивания человеческой деятельности, с точки зрения Д.А. Леонтьева, позволяет перекинуть мост между теорией самоактуализации и *теорией деятельности*. Несмотря на различные подходы к данной проблеме многие ученые справедливо полагают, что самоактуализация, являясь процессом развития, должна осуществляться в деятельности (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, К.А.Абульханова-Славская Е.И.Горячева, Н.Н.Хан, М.Ш.Сагаутдинова и др.), поскольку деятельность всегда являлась и является ключевой категорией для человековедческих наук.

«*Деятельность* - специфически человеческая форма активного отношения к окружающему миру, содержание которой составляет его целесообразное изменение и преобразование» [2, 151]. Основной системообразующей характеристикой человеческой деятельности является ее производственный характер, раскрывающийся в диалектическом единстве двух сторон – продуктивной (производство нового, ранее не существовавшего) и репродуктивной (воспроизводство, повторение ранее созданного).

Для проникновения в сущность самоактуализации как деятельности необходимо обратиться к анализу строения деятельности, которое можно представить как единство цели, мотивов, действий (операций), результата. Проблема деятельности органически связана с проблемой развития личности, а, следовательно, и с её самоактуализацией. Поэтому мы считаем, что самоактуализирующаяся личность также формируется только в деятельности.

Одной из основных задач нашего исследования является раскрытие сущности и структуры процесса самоактуализации личности магистрантов, исходя из этого мы предлагаем рассматривать данную проблему через призму педагогической деятельности. Педагогическая деятельность есть особый вид общественно полезной деятельности взрослых людей, сознательно направленной на подготовку подрастающего поколения к жизни в соответствии с экономическими, политическими, нравственными, эстетическими целями.

Педагогическая деятельность имеет те же характеристики, что и любой другой вид деятельности. Это мотивация, цели, предмет, средства, способы, продукт и результат. Специфической характеристикой педагогической деятельности, по Н.В.Кузьминой, является ее продуктивность. Рассматривая педагогическую деятельность по формированию готовности магистрантов к организации процесса самоактуализации личности студентов, мы имеем в виду ее высокопродуктивный характер.

Так же мы хотим отметить, что как и любая деятельность самоактуализация содержит в себе основные компоненты.

Таким образом, предложенная нами теоретическая модель процесса самоактуализации личности включает в себя следующие компоненты: *потребность самореализации, мотив, цель, собственно реализация, способы, средства и конечный результат*.

Обобщая вышеизложенное мы дали свое рабочее определение самоактуализации как деятельности с точки зрения философии, психологии и педагогики.

«*Самоактуализация*» – это активность личности, характеризующаяся умением выбирать жизненные стратегические цели, ставить перед собой задачи, четко выбирая средства для их достижения, максимально используя свой личностный потенциал, а также способность достигать результата и анализировать результаты достигнутого.

Таким образом, анализ результатов исследований ученых позволяет трактовать самоактуализацию личности с учётом специфики научного вклада каждой стороны. Концепции не исключают, но дополняют друг друга и преодолевают односторонность подходов.



Учитывая вышеизложенные точки зрения на определение категории самоактуализации, считаем возможным сделать следующие выводы:

1. На наш взгляд, глубокое и четкое понимание самоактуализации как развития включает в себя философские категории изменения, становления, перехода, дополненные психолого-педагогическим содержанием, раскрывающим признаки данного понятия.

2. Самоактуализация – это деятельность, т.к. проявляется в активности личности, направленной на достижение результата. Самоактуализация личности характеризуется ее умением выбирать жизненные стратегические цели, ставить перед собой задачи, четко выбирать средства для их достижения, максимально используя свой личностный потенциал, а также способностью достигать результата и анализировать результаты достигнутого.

Исходя из вышесказанного, *самоактуализация в сущности является деятельностью и должна рассматриваться как особый вид деятельности наряду с другими видами деятельности.*

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Краткий психологический словарь / Под ред. А.В.Петровского, М.Г.Ярошевского. - М., 1985.
- 2 Философский словарь./ Под ред. М.М.Розенталя. Изд. 3-е. – М.: Политиздат, 1975. - 496 с.
- 3 Петровский В.А. Личность в психологии: парадигма субъектности. - Ростов на/Д: Феникс, 1996. - 512 с.
- 4 Леонтьев Д.А. Развитие идей самоактуализации в работах А.Маслоу // Вопросы психологии. - 1987. - № 3. - С. 150-158
- 5 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М., 1986. - 749 с.
- 6 Ассаджоли Р.Психосинтез: теория и практика. – М., 1994.
- 7 Выготский Л.С. Детская психология// Собр. Соч.: в 6 Т. – М.: Педагогика, 1984. – Т.4. - 432 с.
- 8 Философский словарь. - М., 1961. – 707 с.
- 9 Роджерс К. Взгляд на психиатрию. Становление человека. – М.: Прогресс. Универс, 1994. – 480 с.
- 10 Шостром Э. Анти-Карнеги или человек- манипулятор / перев. с англ. А.Малышевой. – Мн.: ТПЦ «Полифакт», 1992. – 128 с.
- 11 Хан Н.Н. Сотрудничество в педагогическом процессе школы. – Алматы, 1997. – 195 с.

ТҮЙІН

Мақалада педагогика – психологиялық тұрғыдан «өзектілік», «тұлғаның өз ісін іске асыруы», «тұлғаның өзектіліктілігі» және «қайраткерлік қызметі» жете ашылып түсіндіріледі. Мақаланы талдау негізінде бұлардың бір – бірімен ғылыми тұрғыда терең байланысы бар. Автор мынандай қорытындығы келеді : өзектілік қызметі – бұл тұлғаның даму процесі, өйткені өзінің қайраткерлік қызметін және өзінің бар атрибутын даму үлесіне қосады. Ал өзектілік педагогикалық қызмет арқылы іске асып, қаралып талқыланады.

RESUME

This article details psychological and pedagogical essence of such concepts as "self-actualization", "self-realization of a personality", "self-actualization of a personality", "activity". The relationship of these concepts in terms of various scientific approaches is based on a thorough analysis. The authors conclude that: self-actualization is a process of personality development, which is implemented in the activities and has all the attributes of activity. Self-actualization can be considered in terms of the educational work.

Аннотация

Мақалада жастардың бойында көрінетін стресс мәселесі қарастырылған. Жастардағы психологиялық стресстің (күйзелістің) пайда болу себептері, стрессті бастан кешіру факторлары, стресстік күйге жиі түсетін жастардың типіне талдау жасалынып, стресстің пайда болуына әкелетін факторлардың бірі ретінде өмірлік құндылықтарға жүргізілген зерттеудің нәтижелері ұсынылған.

Түйін сөздер: стресс, жастар, стресстік факторлар, стресстік күй, өмірлік құндылықтар.

Г.Ш. Ақымбек

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
магистр

З.А. Парманова

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
магистрант

Жастардың бойында стресстің пайда болуына өмірлік құндылықтардың әсері

Қазақстан - әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы бар қоғам құруды мақсат етіп отырған егеменді жас мемлекет. Өтпелі экономикалы барлық мемлекеттер сияқты, біздің ел де халықтың психологиялық денсаулығын жақсарту бағытында қиындықтары бар. Оның ішінде әсіресе, жастардың арасындағы стресстің етек жаюы ерекше алаңдатады. Соңғы уақытта көптеген зерттеушілер мен ғалымдар еңбектерінде стресс туралы ойлары мен концепцияларын, зерттеу жұмыстарын кездестіру жиілеп кетті. Расында да, стресс – маңызды ғылыми мәселе, ол жастардың денсаулығына, өмір сүру сәттілігіне, еңбектің өнімділігі мен жұмысқа деген қабілеттілігіне салмақты түрде әсер етеді. Бұл мәселенің өзектілігі өмірдегі түрлі қиындықтардан туындайтын стресске жастардың қарсы тұра алу төзімділігінің төмен деңгейде болуынан туындап отыр.

Соңғы жылдары стресс мәселесі әлемдік психологиялық ғылым мен тәжірибеде өзекті тақырыптардың бірі ретінде қарастырылуда. Кеңестік психологияда жастар ортасындағы психологиялық стрессті зерттеуге басты назар аударылды. Жастардағы психологиялық стрессті бастан кешіруі көптеген факторлармен шарттасады. Олардың ішінде:

1. Әлеуметтік факторлар – бұл факторлардың тобына қоғамдағы әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық, көптеген әлеуметтік мәселелер, сондай-ақ, жұмыссыздық, әлеуметтік жанжалдар, жас отбасылардың мәселелері.



2. Әлеуметтік-психологиялық факторлар – түрлі типтегі әлеуметтік және тұлғааралық қатынаспен байланысты мәселелер, позициялық және эмоционалды дау-жанжалдар, қарым-қатынастық мәселелер, кіші топтағы жағымсыз психологиялық көріністер.
3. Тұлғалық факторлар: а) *объективті-тұлғалық* – жастық шақтағы дағдарыстар, жыныстық ерекшеліктер; б) *субъективті-тұлғалық* – темпераменттің, жоғары жүйкелік іс-әрекеттің ерекшеліктері, «бұрынғы стресстік тәжірибенің» болуы, адекватсыз өзін-өзі бағалау, жоғары тұлғалық мазасыздық, қысым, агрессивтілік, ригидтілік, мотивациялық ерекшеліктер және т.б.
4. Іс-әрекет ерекшелігімен байланысты факторлар – оқу, кәсіби, кәсіби-оқыту, қызметтік. Мысалы, ұйымның еңбегінің бұзылысы, ақпараттық қысымдар және т.б.

Көптеген теориялық және қолданбалы зерттеулерді талдай келе, әсіресе, жастық шақтағылар орта жастағыларға қарағанда стреске әсер етулері біршама қарқынды болады деген қорытынды жасауға болады. Шектен тыс стрестің салдары көбінесе жас адамдарда 21 жастан 22 жасқа дейінгілерде көп байқалады [1]. Негізгі психологиялық мәселелердің жиынтығын төмендегідей көрсетуге болады:

Біріншіден, біршама көп таралғандары әлеуметтік қатынас пен тұлға аралық қатынас мәселесі және олармен қарым-қатынастық мәселе де тығыз байланысты болып табылады.

Екіншіден, жеткілікті түрде таралған мәселелер қандай-да бір іс-әрекетпен байланысты болып табылады. Бұл мәселелерге кәсіби, әлеуметтік-рөлдік анықталу, кәсіби әрі оқу іс-әрекетіне қанағаттанбау, біршама психологиялық қысым жатады.

Үшіншіден, түрлі типтегі тұлғаишілік мәселелер кең таралған.

АҚШ-тағы Психологиялық ассоциациядан шыққан американдық мамандар үлкен жастағы адамдарға қарағанда жастар стрестен жиі зардап шегетінін анықтады. Психологиялық қысымның көп деңгейіне 22 жастан 29 жасқа дейінгі адамдар ие болады екен. Сондай-ақ, жастардың көбісі өз өмірлерінде болатын ұйқысыздықтың себебінен мазасызданатындарын мойындаған [2].

Стресс әрбір жас адамның өмірінде кездеседі, өйткені стрестік импульстар адам өмірі мен іс-әрекетінің барлық аумағын қамтиды. Жас адамның ағзасын түбегейлі өзгертетіндер: эгоцентристік (эгоизм), қызығушылықтарының бұрмалануы, фанаттыққа ұмтылу, өз мүмкіндіктерін мойындамау, истероидтылық және т.б. Осылардың нәтижесінде адам өз хал-ақуалына қанағаттанбайды. Мұның барлығы стрестің пайда болуына әкеліп соғады. *В.Ф.Калошин* стрестік күйге жиі түсетін жастардың типін келесідей бөліп көрсетеді [3]:

Гиперәлеуметтік – жастардың шектен тыс «шыншыл» болғаны, тым жауапкершілігі, адамгершілігі жоғары, өзіне аса жоғары талаптар қою, ең алдымен, әлеуметтік жетістікке жетуді ойлау, мансапқа қол жеткізу;

Максималист – егер жастар барлық жерде ашу-ызаға, әділетсіздікке, дискриминацияға куә болса, онда олар әрдайым бар әлеммен өштесіп өмір сүреді. Ең соңында өздері жалғыздықта қалып қоятындар.

Тура – ригидті, ымыраға келмейтін тұлға – тек қана «иә» немесе «жоқ», ақ немесе қара, барлық нәрсе қандай болмасын жүзеге асу керек дейтіндер.

Әлсіз – төмен бейімделген адам – туылғаннан немесе өмір ағымында мүмкіндіктері шектеулі әрі тек физикалық жағынан ғана әлсіз емес, психикалық және әлеуметтік әлсіз жастар.

Мазасыз – күдікшіл жастарға әрдайым қорқыныш сезімі тән болғандықтан, ағзаны әлсіздендіреді. Бұл типтегі жастар әрқашан өздерін ауру сезініп жүреді.

Волюнтаристер - ереже бойынша өмірді «кейінге» қалдыратындар. Жастардың көбісі жұмыста, шығармашылықта көп шаруаларын «кейінге» ысырып қояды. Бірақ

әрдайым «кейінге» қала берген де түрлі бастан кешулерге, реніштерге, қанағаттанбауға алып келеді. Осы типтегі адамдарда әрдайым стресске ұшырау қаупі төніп тұрады[4].

Демек, осы бөлінген типтерге орай жастардағы стрестің пайда болу себептері мен жастардың бойында көрініс табуын да ашып айтуға болады. Жастардағы кең таралған стрестің көріну себептеріне мыналар жатады:

1. Қоршаған ортаның әсер етуі (дыбыстар, экологиялық ластану, ыстық, суық), стресс нашар физикалық жағдаяттар нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

2. Қысым (үлкен жүктеме, жоғары интенсивтілік), жастардың мойнына алған жауапкершіліктерінің, мақсаттарының, шаруаларының тым көп болуы стресті туғызады.

3. Ақпараттық (шектен тыс ақпарат көлемі), мысалы, жастардың жағымсыз ақпаратқа ие болуы, жағымсыз жаңалықтарды естуі және т.б.

4. Физиологиялық (ауру, бұзылыс, травма) – стресс жас адамды түрлі ауру түріне икемдеп қояды, нәтижесінде адамның иммундық жүйесі әлсірейді.

5. Эмоционалдық – жастық шақ кезеңінде нағыз мәселе болып табылатын – ол жақындастық пен сәйкестілікке жету (қарама-қарсы изоляцияда). Жақындастық өзара қанағаттану сезіміне бөлейді, басқа адаммен тығыз қарым-қатынаста болу ерекше сезім тудырады. Ал егерде, жастар өздеріне жақын адамды таба алмай, ұзақ уақыт жүріп қалатын болса да, стрестік күйге душар болуы әбден мүмкін.

6. Қиын өмірлік оқиғалар: науқастық, жақын адамдарынан айырылу, туыстары басынан кешіріп жатқан қиындықтары, жұмыс орнын жоғалту немесе жоғалтудан күдіктену, өмір сүру шартының күрт өзгеруі және т.б.

7. Күнделікті қалайтын әлеуметтік байланыстың болмауы, әлеуметтік изоляция, тұлғааралық қатынастың эмоционалды мағынасының бұзылуы.

8. Өндірістік (жұмыстағы, оқу орнындағы түбегейлі өзгерістер, қиындықтар мен дау-жанжалдар). Өндірістік фактор әсер ететін стресске еңбек іс-әрекетіндегі, оқудағы, эмоционалды байланыстағы жайбасарлық (монотондылық) жатады.

9. Өмірдің өзгерісті кезеңі: неке қидыру, ажырасу, бала туу, оқуға түсу мен оны аяқтау, жаңа жұмыс орнына ауысу және т.б.

10. Тұлғалық дисгармония: ішкі тұлғалық дағдарыстар, «Меннің» шынайы әрі қалайтынының сәйкес болмауындағы дағдарыстар, тұлға дамуындағы дағдарыс.

11. Материалды қамтамасыз етілгеніне қанағаттанбау, өмірлік мақсаттарына жете алмау қаупін сезіну.

12. Анықталмаған немесе нақты қауіптер, әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық факторлар (жұмыссыздық, психологиялық әлсіздік және т.б.);

13. Өмірлік құндылықтары мен ұстанымының өмір шартына сай өзгеріп отыруы және т.б. [5].

Соңғы жылдары жастардың бойындағы құндылықтары мен олардың алдына қойған өмірлік мақсаттары туралы зерттегендер мен зерттеушілер қатары көбейіп барады. Құндылық мәселесіне ғалымдардың аса мән беруі – бұл адамзат танымының табиғатын, оның әлеуметтік-мәдени жағдаятын тереңінен түсінудің нәтижесі. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің барлығы жастардың тұрақталмаған көзқарастарына, құндылықтар жүйесіне оңай соқпайтыны анық. Руханисыздық пен оның нәтижесі, өмірге деген эгоистік қатынас көптеген жастарда апатияны, өзіне және өзгелерге мән бермеуді тудырады. Жастарға, олардың әлеуметтік-психологиялық мәселелеріне жиі назар аудару қажет. Жастардың әлеуметтену процесі, алдыңғы қатарлардан игерген дәстүрлер мен ережелер түбегейлі өзгергендіктен, жалпы идеологиясы өзгеріске ұшыраған. Сондықтан қазіргі кездегі жастардың құндылықтар жүйесі мен мақсаттары мүлде басқаша.

Жастар саналы түрде нақты құндылықтарды мақсат ретінде таңдап, жетістікке жеткенде одан жақсы нәтиже күтілмейді. Сондай ақ көпшілігі жеткен нәтижеге қанағаттанбайды немесе одан да құндыны күтеді. Құндылықтар: ақша, еркіндік, махаббат,



денсаулық және тағы басқалары маңызды өмірлік мағыналы құндылықтарды жүзеге асырушы құрал ретінде ғана көрінеді - өзін-өзі жүзеге асыру мен жеке даралығын дамытуға қажеттіліктер. Сондықтан, кез келген құндылықтық бағдарлар мобилизацияланса да тұлғаның белсенділігін бағыттайды, алайда ең бастысы – бақытқа жетелемейді. Яғни жастардың бойында тағы да стресстің пайда болуына әкеледі. Егер адам сәйкестендіруге, өзіндік бағалауға, өз өміріне деген құндылықтық қатынасына қабілетті болса, онда ол "Мен-тұжырымын» құруға, оны құндылықтың негізін құраушы сапа ретінде дамыта алу мен жүзеге асыруға қабілетті болады.

Осыған орай біз зерттеуімізде өмірге қатысты құндылықтарды нақтылау мақсатында өмірлік құндылықтар жүйесін анықтау (М.Рокич бойынша) әдістемесі жүргізілді. М.Рокич тұлғаның құндылықтар жүйесін адамның өмірлік мақсаттарына байланысты, тұлғалық қасиеттеріне байланысты екі түрге бөледі: терминалды, инструменталды құндылықтар. Осы құндылықтарды сипаттайтын әрқайсысы 18-тұжырымдамадан тұратын құндылықтар тізбесі жасалынған.

Сонымен, сыналушыларға ұсынылған № 1 тізім терминалды құндылықтар болды.



Сурет 1. Терминалды құндылықтар №1 тізім(аса құнды)

Диаграммаға қарағанда, терминалды құндылықтар ішінде алғашқы орындары денсаулық (65 %) , бақытты отбасылық өмір (18 %), махаббат (17%) көрсетті. Жоғарыда сауалнамада алынған нәтижелерге сәйкес келеді.

Сонымен, денсаулық, махаббат, бақытты отбасылық өмір ең жоғарғы көрсеткішке ие болғаны анықталды.



Сурет 2. Терминалды құндылықтар (соңғы орындар)

Көрсетілген диаграммаға сәйкес, терминалды құндылықтардың ішінде соңғы орынға ие болғандары: қоғамдық мойындау, көңіл-көтерулер, еркіндік. Жастар үшін өздерін қоршаған ортада, қоғамда мойындаудың (48%) аса маңызға ие емес және еркіндік пен көңіл-көтерулер құнды болып саналмайтыны анықталды.

Келесі инструменталды құндылықтар бойынша сыналұшылардың алынған нәтижелерді төменде берілген суреттен көруге болады.



Сурет 3. Инструменталды құндылықтардың алғашқы орындары

Инструменталды құндылықтардың ішінде сыналұшылардан алынған мәлімет бойынша, ең бірінші орында адалдық (44%), екінші орын – мықты ерік-жігер (38%), үшінші орында тәрбиелілік (25%) алатыны анықталды. Демек, жастарда мақсатына жету үшін, өмірде маңызды оқиғалар барысында жоғарыда аталған құндылықтар ең жоғары маңызға ие болды.



Сурет 4. Инструменталды құндылықтар (соңғы орындары)

Суреттегі мәліметтерге қарағанда, инструменталды құндылықтардың ішінде төменгі мәнге ие болған атқарушылық пен тәртіпке бағынушылық, өзіне және басқаларға мін таға алмау, жоғары талаптар болды. Сыналұшыларда, әсіресе жастардың бойында қандай да бір талапқа бағыну, белгілі тәртіппен әрекет ету сияқты сапалар төмен деңгейде екендігі анықталды.



Сонымен, өмірлік құндылықтар жүйесін анықтау әдістемесінің нәтижесі бойынша 22-29 жас арасындағы жастардың бойындағы бағаланатын құндылықтары ең алдымен, денсаулық, бақытты отбасылық өмір, махаббат, адалдық, мықты – ерік жігер, тәрбиелілік аса жоғары маңызға ие екендігі анықталды. Бұл қазіргі таңдағы жастардың жоғары бағалайтын құндылықтары, өз өмірлерінде маңызға ие деген қасиеттері дегенді білдіреді.

Сондай-ақ, өмірлік құндылықтар жүйесінде төменгі орынға ие болған құндылықтар қатары мыналар: еркіндік, көңіл-көтерулер, қоғамдық мойындау, өзіне және басқаларға мін таға алмау, атқарушылық пен тәртіпке бағынушылық, өмірге және өзіне жоғары талаптар қою.

Бұл әдістемені жүргізу барысында сыналушылар құнды деп, әсіресе өз өмірінде бағалайтын сапалар мен әрекеттерді көрсетті. Сондай-ақ, әдістемені жүргізу кезінде сыналушылар мынадай жауаптар қатарын берді:

- денсаулығың мықты болса ғана мақсатыңа жете аласың;
- отбасында бақытты болып өмір сүру дәл қазіргі кезде мүмкін емес ;
- қазіргі кезде адал әрі ерік-жігері мықты адамдар тапшы;
- мықты-ерік жігерің болмаса алдағы қиындықтарды жеңе алмайсың;
- еркіндік, көңіл-көтеру екінші орынға түскен, себебі ол сенің мақсатыңа жеткізбейді, тек уақытыңды жоғалтасың;
- тәртіпке бағыну, біреуге қызмет жасау өте үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Демек, алынған нәтижелерге қарағанда, қазіргі таңдағы жастарда тым жоғары мақсатқа ұмтылушылық бар және өзіне жетіспейтін аумақтағы құндылықтарды бағалайды. Осыған орай, өмірде кездесіп жататын қиындықтарға төтеп бере алмай стресске душар болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Молодежь как отражение проблем современного общества / Сборник статей под ред. А.Н. Савицкой. - М., 2003. - 324 с.
- 2 Муздыбаев К. Стратегия совладания с жизненными трудностями // Журнал социологии и социальной антропологии. - 1998. - Т. 1. - №2.
- 3 Петрова Е.А. Трудные жизненные ситуации в предметном поле социальной психологии // СоТИС. - 2004. - № 1.
- 4 Водопьянова Н.Е. Психодиагностика стресса. - СПб.: Питер, 2009.
- 5 О молодежи и ее проблемах /Сборник статей под.ред. А.Н.Симбирцева. – Алматы, 2004. - 243 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные проблемы и стрессогенные факторы современной молодежи, физиологические, психические, личностные и медицинские характеристики стресса современной молодежи, типология нестрессоустойчивой молодежи.

RESUME

The authors of the article considered the general problems and stress factors of modern youth, physiological, psychological, personality and medical stress characteristics', the typology of non hard stressed modern youth.

Аннотация

Мақалада қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту тәжірибесі, оны оңтайлы әдіс арқылы үйрету жолдары ұсынылып қарастырылады. Ауыз әдебиеті – әрбір халықтың рухани мұрасы, сарқылмас қазынасы, байлығы. Осы ауыз әдебиетін оқытудағы тиімді әдістер қатарымен қоса, мәтінді оқудағы жаттығу түрлері, оларды тыңдаушыға жеткізу жолдары, заманауи техникалық құралдарды мүмкіндігінше кеңінен қолдану, сөйленіс дағдысына шығаратын амал-тәсілдері т.б. осылардың барлығы студенттің тақырыпты тереңірек әрі нақты түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қоса шетелдік аудиторияда қазақ әдебиеті аспектілік пәнін оқытуда салыстырмалы, салғастырмалы әдіс түрлерін кеңінен қолдануға кеңес беріледі. Себебі бұл әдіс-тәсіл түрі тыңдаушының оқып отырған тақырыбын дәл және түсінікті деңгейде ұғынуына әкеледі. Сондай-ақ аталған ғылыми мақалада халық ауыз әдебиеті үлгілерін слайд-шоу әдісімен таныстыру мәселелері де айтылады.

Түйін сөздер: халық ауыз әдебиеті, жанр, әдіс-тәсіл, көркем мәтін.

М.П. Ешимов

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ф.ғ.к., доцент

Р.С. Нұртілеуова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы

Шетелдік аудиторияда қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқыту тәжірибесінен

Тіл үйрету тәжірибесінде, яғни қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тілдік курстармен қатар жүретін қазақ әдебиеті аспектілік пәні бар. Мұнда тіл үйренушілердің барлығы дерлік шетелдік азаматтар. Тіл үйренушілер қазіргі уақытта кең қолданылып жүрген шетелдік стандарт бойынша – А1, А2, В1, В2 т.б. деңгейлеріне бөлініліп оқытылады. Алғашқы екі деңгейде қазақ әдебиеті аспектілік пәні 1-семестрдің 7-аптасында сабақ кестесіне енгізіледі. Осы кезден бастап, оқу жылының соңына дейін осы аспектілік пән жүреді. Ал екінші жыл оқып жатқан студенттерге аталмыш пән оқу жылының басынан соңына дейін, яғни 2-семестрдің аяғына дейін оқытылады. Семестр соңында аталмыш пәннен емтихан тапсырады. Оқытудың базалық деңгейінде қазақ әдебиеті пәнін оқу кестесіне қосқаннан кейін бастапқыда көлемі жағынан шағындау, жай сөйлемдерден құрастырылған мәтіндер оқытыла бастайды. Себебі тіл үйренудің алғашқы апталарында олар үшін көлемді болып келетін мәтіндерді қабылдау қиындық тудырады. Алғашқы апталарда аталған пәнді оқу үшін дайындық сабақтары жүргізіледі.



Қазақ әдебиеті аспектілік пәні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында бастауыш және жалғастырушы деңгейлерінде жүргізіледі. Сабақта студенттер әдеби туындылардың мәтіндерімен жұмыс істейді. Сол арқылы көркем әдеби стильде жазылған мәтіндердің тілдік ерекшелігімен танысады. Сөздердің көпмағыналылығына көңіл бөледі, тұрақты тіркестер, теңеу, т.б. көркем әдебиеттің тілді түрлентіп қолдануға қатысты қырларын меңгеруге бағыт алады.

Тіл үйренудің бастауыш, яғни элементарлық деңгейінде жүретін қазақ әдебиеті пәні сабақтарында студенттер қазақ халық ауыз әдебиетінің шағын үлгілерімен, атап айтсақ, ауыз әдебиетінің жанрларымен, мақалдармен, жұмбақтармен, шағын мысал әңгімелермен танысады.

Тіл үйренуші қандай да бір тақырыпқа негізделіп құрастырылған мәтінді (өмірбаяндық деректерге және ақын-жазушы немесе өнер қайраткерінің шығармашылығына негізделген мәтіндер т.б.) оқи отырып, мәтіндегі негізгі мәліметтермен, ондағы негізгі идеямен танысады. Соған қоса, өзінің сөздік қорын молайтып, ой-пікірін анық жеткізуге дағдыланады. Әрі мәтінде кездесетін тілдік бірліктер мен тілдік конструкцияларды түрлі жағдаяттарда қолдана алуға үйренеді, әрі қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде тіл үйренушілер қазақ мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт-дәстүрімен танысып, білімдерін молайтады.

Әрине, аспектілік пәндерді, соның ішінде қазақ әдебиеті пәнін оқуда студенттер грамматикалық курста үйренген түрлі тілдік құрылымдарды қолданады, сол курста алған біліміне жүгінеді. Әдебиет сабақтарында тіл үйренуші қазақ тілі курсынан алғашқы апталарда алған білімін пайдаланып қана қоймай, оны әрі қарай дамытады. Сондай мақсаттарды көздеген қазақ әдебиеті аспектілік пәнінің мақсаты – біріншіден, шетел азаматтарын қазақ ауыз әдебиетімен, қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары: ақын-жазушыларымен таныстыру.

Екіншіден, оқушы мен сөйлеушінің коммуникативтік компетенциясын арттыру болып табылады.

Басқа пәндерді оқыту әдістемелері сияқты қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі де белгілі бір жүйеге негізделіп дамиды. Осы орайда әдістемеліктің бай мазмұны мен оның сан түрлілігін ашатын пікірлердің де әр алуан екендігін айту қажеттігі туындайды.

Әдебиет пәні жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет-бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады.

Қазақ әдебиеті аспектілік пәні сабағында қолданылатын негізгі материалдар қоры: мәтін, бейне- және аудиовизуалды материалдар.

Ауыз әдебиетін бастағанда, біріншіден, халық ауыз әдебиетімен таныстыратын мәтіндер оқып, ауыз әдебиеті деген не? сынды сұрақтардың жауабын түсіндіріп, оның үлгілері және түрлерімен таныстырамыз.

Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының ерекше саласы, ауызша шығып, ауызша таралған көркем-әдеби туындылардың жиынтығы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық. Сондықтан ол, шын мәнінде, халықтың өз еншісі болып табылады [1, 21].




Ауыз әдебиеті жанрлық құрамы жағынан да сан-салалы болып қалыптасты. Тұрмыс-салт өлеңдері (еңбек-кәсіп, аңшылық, үйлену, жерлеу салты, наным-сенім т.б.), ертегілер, аңыздар, әпсаналар, мифтер, эпостық жырлар, тарихи өлең, қара өлең, лирикалық өлең, өтірік өлең, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, драмалық үлгідегі шығармалар... – міне, ауыз әдебиетінің негізін құрайтын осы бір жанрлардың өзі әрі қарай түр-түрге бөлініп кете береді. Бұлардың қай-қайсысы болса да сөзбен айтылатын шығармалар және олардың негізгі құралы сөз. Сондықтан ауыз әдебиеті, ең алдымен, сөз өнері. Ауыз әдебиеті үлгілерін шетелдік студенттерге оқытуда әртүрлі сызбақесте, слайд түрлерін пайдалану өте тиімді. Соның негізінде төменде арнайы кестелі слайдтар берілді. Жоғарыда айтылғандай, ең алдымен ауыз әдебиетіне толық анықтама беріліп, түсіндіріліп содан кейін түрлерімен таныстырылып, нәтижесінде төмендегіше кестелі слайдтар негізі құрылады.

Тұрмыс-салт жырлары – қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-жораларына байланысты туындаған өлең-жырлар. Тақырыбы жағынан, қандай мақсатта қолданылуына орай бірнеше топқа жіктеледі:

- тұрмыс-салт өлеңдері (төрт түлік туралы өлеңдер, наурыз өлеңдер);
- дінге байланысты салт өлеңдері (жарапазан, арбау, жалбарыну, бақсы сарыны, бәдік);
- үйлену салт өлеңдері (тойбастар, жаржар, сыңсу, беташар);
- өтірік өлеңдер, т.б.

Тұрмыс-салт жырларында көне эпостық шығармаларға негіз болған мұң-шер өлеңдері мен саят жырларынан бастап, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты, қуаныш пен сүйініш-күйінішті көрсететін лирикалық ән-өлеңдер де, тарихи шағын жырлар да кездеседі [1].





Шетелдік аудиторияда оқытылатын ауыз әдебиетінің келесі бір түрі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер ғасырлар шежіресі. Мақал-мәтелдер ой дәлелдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында.

Мақал-мәтел туралы толық ақпарат беріп, өмірде алуан түрлі жағдай мен мағынада кездесетін мақал-мәтелдермен таныстырып, оның қандай жағдайда қолданатындығы туралы ақпарат беріледі. Тыңдаушылар мақал-мәтелдерді оқып, түсініп болған соң, өз ана тіліндегі мақал-мәтел және өздері оқыған, танысқан мақал-мәтелдермен салыстырып, айтып берулерін қамтитын жаттығулар топтамасы іске асырылады. Бұл студенттің тақырыпты қалай меңгергендігін, сонымен қоса ойын еркін әрі тиянақты жеткізуіне септігін тигізеді. Ал осы тақырыпқа байланысты слайд-шоу үлгісін төмендегіше ұсынуға болады. Мұндай иллюстративті материалдар (визуалды түрде берілген) теориялық тұрғыдан алған білімін нақтылай түсуге көмектеседі. Мысалы,



Ертегі – фольклордың негізгі жанларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетик. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек, ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертектің әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды [2, 33].

Түрлері:

Ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді: жануарлар туралы ертегілер; қиялғажайып ертегілер, батырлық ертегілер; хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер. Мысалы,




Сюжеттері тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де бар. Олардың көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетикалық, яғни туыс халықтарға ортақ болып табылады, кейбірі тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сол себепті қазақ ертегілерінде таза ұлттық та, халықаралық та, көшпелі сюжеттер де қатар өмір сүрген [2]. Міне, осындай ертегі түрлерімен таныстырып, белгілі бір тақырыпта жазылған ертегімен таныс болады. Шетелдік аудиторияда қандай да бір жаңа тақырыпты бастар алдында мәтінде кездесетін жаңа сөздермен, етістіктер тобымен, олардың басқа сөздермен байланысына назар аударып, танысқан соң ғана мәтінді оқуға көшеміз. Мәтінді оқуда орындалатын қазіргі уақытта тіл үйретуде қолданылып жүрген тапсырмалар түрлерін қолданамыз. Олар: мәтінге дейінгі, мәтін бойынша, мәтіннен кейінгі тапсырмалар т.б.

Шешендік сөздер – қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер мен тұжырымдар қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанр. Жанр мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау болып үш салаға бөлінеді [2]. Шешендік сөздердің анықтамасымен таныстырғаннан кейін қазақ тарихында, әдебиетінде өмір сүрген атақты шешендермен, олардың айтқан ұлы, дана сөздерімен жақынырақ танысуға мүмкіндік туады. Олар: Майқы би, Жиренше шешен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Олар туралы қазіргі әдебиетте кездесетін, ауызша тараған әңгімелер, аңыздар туралы мысалдар келтіріп, шешендердің аузынан шыққан дана сөздерді ұғынып, оның мағынасына терең үнілуге ұмтылдырамыз. Әрбір тақырыпты өтуде көрнекілік құралдар қолдану тиімді әдістердің бірінен саналады. Сабақ шетелдік аудиторияда жүретіндіктен оларға көзбен көріп, құлақпен тындап, ұстап сезінетін материалдар молынан болғаны жөн. Сол арқылы шетелдік студент тақырыпты нақтылы түсіне алады. Мұндай көрнекіліктердің, слайд-шоулардың тағы бір пайдасы – алған білімді бекіту болып табылады. Мысалы,



Ауыз әдебиетінің келесі бір түрі – айтыс. Айтыс – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол ұшырасады [1].

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Сонымен бірге аудиторияда айтыстың түрлерін топтастырып, слайд түрінде көрсетіп таныстырамыз. Және де қазіргі заманғы айтыстың түрлерімен салыстырып көрсетіп, аудио-визуалды материалдар қолданамыз.



Айтыс туралы тақырыпты бекіткен соң, тіл үйренушілерді өз ойын ортаға салу, пікірін білдіру сынды монологтық тапсырмалар орындауды ұсынамыз. Яғни тыңдаушы өз елінде осы айтыс өнеріне ұқсас келетін ауыз әдебиетінің түрімен таныстырып, оның қазіргі уақытта халық арасында кең тараған немесе тарамағандығын, сонымен қоса бұл өнер түрінің жойылған жойылмағандығын айтып өтеді. Осындай тапсырма түрлері оның жаңа тықырып бойынша алған білімін шыңдап, есінде мықтап сақталуына ықпалын тигізеді.

Лиро-эпостық жырлар ғашықтық жырлар – лирикалық әрі эпикалық шығарма. Оқиға желісі бірін-бірі құлай сүйген екі жас арасындағы махаббатқа құрылады. Көпшілігінің оқиғасы сүйгеніне қосылуды аңсаған, жастарға ескі салт-сана қарсы тұрып, мерт қылумен аяқталады. Лиро-эпостық жырларларда халықтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, көңіл-күйі көбірек суреттеледі. Лиро-эпостық жырларда кейіпкерлер батырлар емес, карапайым адамдар. Екі жастың бір-біріне деген сүйіспеншілігін жырлайтын эпостарда, негізінен, махаббат отына жанған қыз бен жігіттің қосыла алмай, трагедияға ұшыраған тағдыры баяндалады. Әдетте, олардың бақытына кедергі болатын нәрсе – ата-аналардың қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздығы, не болмаса екі рудың араздығы болып көрсетіледі [1].

Ғашықтық жырлар көп вариантты болып келеді. Оның себебі, көп замандар бұл жырлар ауыздан-ауызға тарап, біреуден біреу жаттап алу арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп баспаға іліккен.

Қазақ халқының лиро-эпостық жырлары: «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», Айман-Шолпан», «Күлше қыз», «Кұл мен қыз», «Мақпал қыз», «Есім-Зылиқа».

Бұл бөлімде де техниканың көмегіне жүгініп, көрнекілік материалдар әзірленіп қолданылады. Сонымен бірге мәтін бойынша жұмыс кеңінен жүргізіледі. Тіл үйренушілерге қиындық тудыратын сөздер мен сөз тіркестерінің мәні ашылып, контексте беретін мағынасына тереңірек үніліп, карапайым мысалдар келтіріледі.

Мұндай тапсырмалар тіл үйренушінің ойын еркін, нақты жеткізуіне, пәнді оқуда алған білімін пайдалануға, мәтінді қандай дәрежеде түсінгендігін тексеруге үйретеді. Осындай жүйеде құрастырылған мәтіндер мен берілген тапсырмаларды қазақ тілін үйренуші шетел азаматтарымен бірге, қазақ тілін үйреніп жатқан барлық саладағы оқырмандарға ұсынуға болады.

Кез келген шығарманы оқыту барысында мәтінді дұрыс талдай және мәтінмен дұрыс жұмыс жүргізе алу сауаттылық пен шеберлікті талап етеді. Осы қасиеттер болғанда ғана сабақтың алдына қойған мақсаттарына оңай әрі дұрыс жетуге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 2001. – 230 б.
- 2 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1974. – 201 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются современные методы преподавания казахской литературы, а именно устного народного творчества. Устное народное творчество – это духовное наследие, бесценный источник и богатство каждого народа. Наряду с указанными эффективными методами обучения анализируются некоторые виды упражнений при работе с текстами, рассматривается использование широкого спектра современных технических средств. Все эти действия способствуют формированию у обучаемых коммуникативных и аналитических навыков для полноценного и глубокого понимания студентами представленных текстов. Вместе с этим широко рассматривается сравнительный метод обучения в аспектном преподавании казахской литературы в иностранной аудитории, так как этот подход способствует правильному и точному пониманию прочитанного текста. А так же в данной статье на примере слайд-шоу презентации рассматриваются трудности восприятия устного народного творчества.

RESUME

In the article modern methods of teaching the Kazakh literature namely folklore are considered. Folklore is a spiritual heritage, an invaluable source and wealth of each people. Along with the specified effective methods of training some types of exercises during the work with texts are analyzed, the use of a wide range of modern technical means is considered. All these actions promote the formation at the trainee communicative and analytical skills for full-fledged and deep understanding of the presented texts by the students. Together with it, the comparative method of training in the aspect of teaching the Kazakh literature to the foreign audience, as this approach promotes the correct and exact understanding of the read texts, is widely considered. And also in this article on the example of slideshow presentation the difficulties of the folklore perception are considered.

Аннотация

Мақалада мектеп оқушыларының экологиялық белсенділігін қалыптастырудың психологиялық қыры зерделенген. Табиғи ортада болатын субъективті қарым-қатынастың негізгі компоненттері мен параметрлері бойынша экологиялық белсенділікті қалыптастыруға бағытталған экопсихологиялық зерттеу әдістерінің ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: экологиялық белсенділік, экологиялық бағдар, мектеп оқушылары, субъективті қарым-қатынас, экопсихологиялық диагностикалау әдістері.

А.С. Муликова

Еуразия гуманитарлық институты, магистр

А.Б. Құсаинов

Өскемен қаласының №3 кешкі мектебі, оқытушы

Оқушыларда экологиялық белсенділік қалыптастыруды зерттеудің психологиялық ерекшеліктері

Экологиялық белсенділік ұғымын дәйектеуде әлеуметтік-психологиялық, әдістемелік тұрғыда оған жуық психологиялық категориялар мен түсініктерге сүйенуді қажет етеді. Әлем бейнесі-индивидтің өзі туралы, басқалар жайлы, қоршаған орта туралы біртұтас, көпдеңгейлі жүйенің көрінісі десек, осы жүйедегі бірден-бір деңгей табиғатқа тиесілі екендігі белгілі. Себебі, табиғат-қоршаған орта ақиқатының маңызды компоненті. Объективті ақиқатты сипаттайтын бұл бейне, екінші жағынан, субъективті де, өйткені әрбір индивид өзінің белсенділігі мен қандай да бір ықпалы арқылы оны белгілі бір деңгейде өзгертіп қабылдайды.

Күнделікті тіршілікте табиғи орта және оның нысандарымен қарым-қатынаста болатын адамның тұлғалық мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты бір нысанға бірдей жағдайда реакциясының әртүрлі болуының психологиялық жағына қарапайым мысал келтіруден ойымызды бастайық. Жол торабынан өтіп бара жатқан қоңызды байқаған бір топ баланың әр түрлі қылық көрсету нұсқаларын келтіруге болады: 1) қоңызды мыжып кету – агрессивті қарым-қатынас; 2) қанаттарын жұлып тастау немесе жіпке байлап айналдыру – садизм; 3) қорапшаға салып сақтап, басқа баламен реті келсе ұсақ заттарға айырбастау – прагматикалық; 4) инеке қадап кептіру – еліктеу (мектепте көрген энтомологиялық жиынтықтардағы кептірмелер сияқты); 5) үйге әкеліп, қоңызды күту үшін шөп салынған ыдысқа орналастырып баптау – практикалық қарым-қатынас; 6) қоңызға мұқият шүйлігіп зерделеп, қалай аталатынын анықтап,

кітаптардан ол туралы мәліметтермен танысу – танымдық қарым-қатынас; 7) қоңызға қарап сүйсініп, босатып жіберу – эстетикалық мінез-құлық; 8) жолдағы қоңызды алып көк шөпке қарай жіберу – этикалық қарым-қатынас; 9) қоңызға мән бермеу – индифферентті қарым-қатынас т.с.с. Баланың табиғат нысанына қарым-қатынасынан көрінген бұл жағдай ондағы қалыптасқан экологиялық мінез-құлқын білдіреді. Демек, психикалық қарым-қатынасты тұлғаның іс-әрекеттері мен қылықтарының жеке мінездемесін сипаттайтын, белсенді таңдап алынған ұстаным ретінде қарастырылады [1].

Қалыптасқан субъективті қарым-қатынас жүйесіндегі адамның қылықтары мен әрекеттерінің детерминділігін және әдіснамалық аппаратын дәйектеген Б.Ф.Ломов, тәрбиелік іс-әрекеттің тиімділігі, ең бастысы, тұлғаның субъективті қарым-қатынасын қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ете алатындығымен сипатталатындығына тоқталады [2]. «Субъективті қарым-қатынас» ұғымы, «бағдар», «тұлғалық мәнділік», «аттитюд» ұғымдарымен сабақтас. Тұлғаның орталық модификациясын ашатын «бағдар» ұғымы тұлғалық-мәнділік қоғамы орныққан мағынасымен өзара байланыстылығын; аттитюд – межелеген әлеуметтік бағдар бойынша субъективтілікті білдірсе, субъективті қарым-қатынас тұлғаның субъективті әлемінің діңгегі іспеттес.

Айтылған тұжырымдар мен пайымдаулардың сабақтастығында келесі әдіснамалық мәселе туындайды: шын мәнісінде табиғатта болатын қарым-қатынастың қайсысын тиімді деуге болады және оны психологиялық тұрғыдан қалай сипаттайды?..

Субъективті қарым-қатынасты зерттеу назарына алған ресейлік психологтер С.Д.Дерябо мен В.А.Ясвин алдыңғы зерттеушілердің еңбектерін арқау етіп тиімді өлшеудің параметрлік тың жүйесін ұсынып, оны: «Тұлғаның қатысы бар барлық қарым-қатынастар объективті бола бермейді, тұлға үшін олар сөзсіз «субъективті бояуда» қабылданады», - деп негіздеген [3]. Сонымен, субъективті қарым-қатынасының негізі тұлға қажеттіліктерінің әлем нысандары мен құбылыстарынан әсерленуі болып табылады.

Субъективті қарым-қатынас мынадай параметрлермен сипатталады:

- мазмұнды-құрылымдық – ауқымдылық параметрі: қажеттіліктердің қандай объектілер мен құбылыстардан әсерленуін білдіреді;
- динамикалы-құрылымдық – қарқындылық параметрі: субъективті қарым-қатынас қандай салаларды және қандай деңгейде байқалуын көрсетеді;
- саналы меңгеру дәрежесі: тұлғаның табиғат нысандары мен құбылыстарына әсерлену қажеттілігі қаншалықты мөлшерде екендігі, яғни тұлға осыған қатысты қаншалықты өзіне есеп бере алатындығын аңғартады.

Субъективті қарым-қатынас жануарлар, құстар немесе өсімдіктер әлеміне әр түрлі пәрменде байқалуы мүмкін. Әлдекімге жай ғана құстар туралы тарихи оқиғаларды тыңдау жағымды әсер етеді, егер осымен ғана шектелсе – қарым-қатынас қарқындылығының төмендігін аңғарамыз. Ал енді бір «фанат» сол құсқа ерекше қызығушылық танытатыны сонша, ол туралы неғұрлым көп мағлұматтар алып, оны зерттеу мақсатымен мындаған шақырым жерлерге барып, әр түрлі қиындықтар мен кедергілерден өтеді. Бұл – қарқындылық деңгейінің жоғарылығын білдіреді.

Соңғысы, адамдар өздерінің жануарлар мен құстарға құштарлығын әртүрлі деңгейде саналы байқауы мүмкін: кейбіреуі бұл үшін өзіне соншалықты есеп беріп, мән бермейді. Ал енді біреулер зоологияны сүйікті кәсібіне айналдырып, өмірінің мәні етеді. Субъективті қарым-қатынастың психологиялық, әрі педагогикалық мінездемесін беруде әсіресе қарқындылық параметрі көрсеткіштерін қарастыру маңызды. Бұл біздің көтерген мәселеміз экологиялық белсенділікті қалыптастыруға жуығырақ, өйткені қарқындылық табиғи ортаға қарым-қатынастың қандай салада және қандай деңгейде байқалатындығын неғұрлым дәлірек анықтайды.

Орта буын оқушыларының экологиялық белсенділігінің қалыптасуын зерттеуге келесі эконпсихологиялық әдістер таңдап алынды: С.Д.Дерябо және В.А.Ясвиннің



«Натурафил» әдісі; Тұлғаның экологиялық бағдарын диагностикалаудың вербальды ассоциативті әдісі (ЭБҚП); «Альтернатива» әдісі.

С.Д.Дерябо және В.А.Ясвиннің адамның табиғатқа субъективті қарым-қатынасының қарқындылығын диагностикалау әдістеріне қысқаша сипаттама беруге болады. Авторлардың қарқынды қарым-қатынас дегені «оның қандай салада немесе қандай деңгейде байқалатын қарым-қатынасын көрсететін динамикалық-құрылымдылық сипаттамасы» болып табылмақ [4, 5]. Мысалы, «Натурафил» сауалнамасы теориялық талданған қарқындылықтың 4 құраушыларына сәйкес 4 негізгі шкалалардан тұрады: перцептивті-аффективтік шкала (ПА), когнитивті шкала (К), практикалық (ПК), қылықтық шкала (Қ).

1) Перцептивті-аффективті шкала табиғи ортаға қарым-қатынасты қамтитын эстетикалық, этикалық, витальді сипаттағы тұлға «эталондарының» аффективті нысандар жүйесіндегі өзгерістер деңгейін диагностикалауға бағытталған.

2) Когнитивті шкала сананың құрамдас бөлігі ретінде тұлғаның еркіндігін, тәуелсіздігі мен өзін қоршаған ортаның жағымсыз факторларына тұрақтылығын қамтитын қасиеттері, қабілеттерімен жүзеге асатын білімдер жүйесі болып табылады. Сондықтан когнитивті шкала табиғат нысандарымен қарым-қатынаста сол нысандар туралы мәліметтер іздеу, дәйектеу, өңдеуге дайындығынан байқалатын танымдық белсенділік пен түрткілер өзгерісінің деңгейін диагностикалайды.

3) Тәжірибелік шкала табиғи орта және оның нысандарымен прагматикалық емес, тәжірибелік байланысқа даярлығы мен ұмтылысынан байқалатын іс жүзіндегі экологиялық іс-әрекетінің бағыттылығы мен оған итермелейтін түрткілерді диагностикалайды.

4) Қылықтық шкала тұлғаның табиғатпен қарым-қатынасы және оның өзгерістеріне сәйкес көрініс беретін белсенділік пен қылықтарындағы өзгерістерді диагностикалауға арналған.

Перцептивті-аффективтілік компоненттің даму деңгейі жоғары адам нысандармен өзара қарым-қатынаста оларды неғұрлым терең «сезінуге», «байқауға», «тыңдай білуге» қабілетті.

Мысалы, егер «қарапайым» адам бұл-бұл әуенін жай ғана естіген болса, нағыз әуесқойлар әуеннің оннан аса түрлерін ажырата білуге қабілетті екен. Адамның табиғатты эстетикалық қабылдауына талдау жасаған Д.Лукач оның маңызды әлеуметтік деңгейін атап өтеді.

Зерттеушінің пікірінше, тұлғада табиғат нысандарымен қатынаста әрқашан өзіндік бағалау мүмкіндігі басым тұрады. Өмірде кездесетін адекватты емес әлеуметтік эстетикалық стереотиптерден «эталондардан» еркін, ада болу да перцептивті-аффективтілік компоненттің даму деңгейінің көрсеткішін анықтайды. Мысалы, стереотиптер «ұсқынсыз бақаларға», «тұрпайы көртышқандарға» немесе «түршігерлік қырықаяқтарға» т.с.с. болған қарым-қатынастарды жатқызуға болады. Мұндай жағдайда адамның «зұлым» жыланның әсем қозғалысынан сұлулықты көре білуі, оның экологиялық икемділігіне сүйсіне білуі сияқты қабілеттері де оның табиғатқа субъективті қарым-қатынасының перцептивті-аффективтілік даму деңгейін аңғартады.

Екіншіден, субъективті қарым-қатынастың перцептивті-аффективті компонентінің қалыптасу деңгейі эмпатия және теңдестіру арқылы жүзеге асатын нысандарға болған витальды қатынастың ықыластылығымен сипатталады. Мысалы, кейбіреулер боранды қыстың аязында кіреберісте бүрісіп тұрған итті байқағанда жанашырлық сезімде болса, енді бірі тіпті елемеген сыңай танытады, яғни адам табиғи нысанмен байланыста эмпатияға және өзін оның орнына қоя білу, ұқсатып салыстыруға қабілетті.

Үшіншіден, перцептивті-аффективтілік компонент қарым-қатынас нысандарын этикалық игерумен сипатталады. Басым көпшілігіміз табиғатқа байланысты қарым-қатынаста оларға ерікті немесе ерікті емес адами моральды өлшемдерді қолдануға бейім.

Мысалы, біз өз балапандарын бөтен ұяларға тастап кете баратын көкектің «өнегесіз» қылығын моральды тұрғыда теріс бағаламай қоймаймыз, сонымен қатар балапаны бар орыннан жыртқышты аулақтату үшін жаралы кейіп танытып жата қалатын құрдың «мейірбандықпен өзін құрбан етуін» құрметпен бағалаймыз.

Ең қызықтысы сол, кейбір жағдайларда табиғат әлемін қабылдаудың этикалық аспектісі витальды сипатқа кереғар болу жағдайлары да кездесіп жатады. Мысалы, біз құрбанын «азаптап» жатқан жыртқышты байқасақ, оның қылығын садистік өлтірушілік деп талқылап, эмоциялық жағымсыз қарым-қатынас танытамыз. Бұл тұста жыртқыштың витальды көрінісіне қатысты эмпатия мен теңдестіру артта қалды, өйткені біз құрбан болған жануарға қатысты процестермен оны ығыстырып тастадық және бұл жағдайдың – табиғи заңдылық екендігін ескермейміз.

Қылық – бұл әрдайым әлеуметтік мінез-құлық бірлігі деген анықтама бере отырып, Ломов тұлғаның өзіндік субъективті қарым-қатынасын танытушы осы қылық болып табылады, -деп топшылайды [2]. Яғни практикалық компонент – бұл «өзім үшін», қылықтық компонент – «басқалар үшін» дегенді меңзейді. Мысалы, үйдегі мысықты тамақтандыру – практикалық әрекет, сырттағы бөтен мысыққа тамақ беру – қылық; демалыс күндері бау-бақшада қазба жұмыстарымен шұғылдану – практикалық әрекет, арнайы саябаққа барып, ағаш түбін үйілген қоқыстардан тазарту – қылық.

Белсенділікке талдау жасаған С.Д.Смирнов, оны материалдық тасымалдаушыларды ұйымдастырудың күрделі үдемелі функциялары ретінде қарастырып, «белсенділіктің прогрессивті өзгерісінің маңызды бағыты бейімделу, икемделу үдерісінен жүйе тіршілігінің сыртқы жағдайларын белсенді құру мен түрлендіру үдерісіне өту болып табылады [6]. Бұл жүйенің ішкі анықтығын дамыту мен сақтауға ұмтылу қажет»- деген ойына сүйене отырып, біз оның маңыздылығын экологиялық белсенділікті қалыптастыру мәселесінде практикалық тұрғыда ұстану қажеттілігін аңғардық.

Белсенділік жеке басқа тән, маңызды бір қасиет болып саналады. Белсенділік психиканың сапа көрсеткіші ретінде қажырлылықты, ынталылықты, жігерлілікті, тынымсыздықты білдіреді [7].

Бүгінгі күні өмір темпі, даму жылдамдығына ілесу адам бойындағы белсенділік қуаттарын арттыру мәселесін қойып отыр. Оның дамып, қалыптасуы мектеп қабырғасында оқу үрдісінде және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында іске асады. Осы орайда, оқушыларға экологиялық білім берудің негізгі міндеті олардың бойында табиғатқа деген оңтайлы, лайықты субъективті қарым-қатынасты дамыту, табиғатты құндылық ретінде бағалауға ықпалдасу болып табылады. Бұл тұрғыда, «қарым-қатынас» категориясы экологиялық тәрбиенің біртұтас жүйесін құраушы рөлді атқаратынын ескеру аса маңызды деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Панова В.И. Экопсихологические аспекты развития индивидуальности. – М.: Психологический инст. РАО, 1997. – С.147.
- 2 Ломов Б.Ф. Системность в психологии. – М.: «Институт практической психологии», Воронеж: НПО «Модек», 1996. –384 с.
- 3 Ясвин В.А. Психология отношения к природе. - М., 2000. - 456 с.
- 4 Дерябо С.Д., Ясвин В.А. Экологическая психодиагностика. - Даугавпилс, 1994. - С.58.
- 5 Муликова А.С. Оқушылардың өзіндік ізденіс белсенділігін ұйымдастыру арқылы экологиялық тәрбие беру. - Алматы: «Полиграфия Сервис и К», 2011. – С. 25-30.
- 6 Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования. - М.: АСАДЕМІА, 2003. - С. 170.



- 7 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі “Педагогика және психология”. - Алматы: Мектеп, 2002. - Б.132, 240-242.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы формирования экологической активности учащихся школы и методы экopsихологического диагностирования обучающихся.

RESUME

The authors of the article considered the problems of forming ecological activities of the schoolchildren and the methods of ecological and psychological diagnosis of the research.

Аннотация

Мақалада бастауыш мектеп жасындағы балалардың үрей, мазасыздану мәселелері қарастырылады. Олардың пайда болу себептерінің психологиясы әр түрлі ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау арқылы теориялық тұрғыдан тұжырымдалады.

Түйін сөздер: психология, үрей, мазасыздану, эмоцияналды қалып мәселесі, психикалық қасиеттер.

А.С. Қосжанова

«Тұран-Астана» университеті,
магистрант

Үрей, мазасызданудың пайда болу себептерінің психологиясы

Жас баланың сезімінің дұрыс дамуы жөнінде дала ойшылдарына жүгінгенде әл-Фарабиден бастау алатын «Һауас, иманигүл, жауанмәртлік» хақындағы ойларын басшылыққа аламыз. Әл-Фарабидің осы ойларын Абай өз қара сөздерінде дамытады. Абай қара сөздеріндегі «Һауас» деп аталатын ұғым, адам сезімі және оны дамыту мәселесін қозғайды. 38-қара сөзінде адамның сезімі және ізденіс барысындағы кедергілердің ықпалы туралы терең толғап, сабыр мен сабырсыздық, қиянат пен зорлық, махаббат пен ләззат мәселесін мұсылмандық тұрғыдан аша көрсетеді. Сондай-ақ Абай қазақ халқының балаға деген қажеттілігі мен оның педагогикалық-психологиялық тұрғыдан дамытудың үйлеспейтін тұстарын сынап көрсетеді (7-10 сөздер) [1].

Мағжан Жұмабаев эмоция, ішкі сезімдер түрлері және олардың жағымды, жағымсыздығы туралы дербес тоқталып айта келіп, осы сезімдерді тәрбиелеу қажеттігіне тоқталады. Бала мазасыздану туралы қорқу сезімінде баса айтады. «Қорқу сезімі – адам жанында бір бақытсыздық күткенде болады», - деп оны терең талдай отырып, «Бала тым қорқақ келеді. Мұның себебі – баланың қиялы тым тірі һәм денесі әлсіз» – деген ұтымды ой айтады. Алдымен баланың қорықпауына мән беру керектігі, жасында қорқақ болған баланың ерлік істерге бара алмайтындығымен түйіндейді [2, 45].

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың бойында мазасыздану күйі ұзақ уақытқа созылатын болса, бұл ол баланың жүйке жүйесінің жұмысына әсер етеді. Нәтижесінде уақыт өте келе, астения дамиды, яғни жүйке бірте-бірте тозады, әлсірейді. Астения кезінде шаршау жиілейді, жұмысқа деген бала қабілеттілігі төмендейді, зейін қоюлары нашарлайды, естері әлсірейді.



Үнемі бола беретін нәтижесіздік жағдайы уақыт өте келе, шындыққа деген пессимистік қатынасты, көзқарастың пайда болуына және депрессивті күйдің өріс алуына себепші болады. Әдетте мінез-құлықтық қиындықтар дегенді әдебиеттерде немесе сөздіктерде "мектептік мазасыздану" деген терминімен түсіндіріп жүр.

Мектепке жаңа келе салып, бірден бала мектеп оқушысы бола қоймайды. В.В.Давыдов пікіріне сай, бұл қалыптасу, яғни мектеп өміріне ену бүкіл бастауыш кезеңі барысында жүзеге асады [3, 62]. Мектепке дейінгі балалық шақтың сипат, ерекшеліктері бүкіл бастауыш мектеп кезеңін сипаттайтын болады. Баланың психологиялық қиындықтарға тап болуының алғы шарттарының бірі - оның "әлеуметтік жаңа даму жағдайына" енуі, яғни ішкі жаңа бағыт-бағдарының өзгеруі. Мұның барлығы баладан күрделі психологиялық қайта құрылуды талап етеді. Ал келесі бір қиындықтар түрі субъективті алғышарттар арқылы туындайды. Ол алғышарттар: балабақшаға барып жүріп, барғысы келмеу ниеттерінің орнығуы; мектеп оқушысы болып қалыптасуды кешеуілдететін бірқатар жеке-дара ерекшеліктер, яғни тұйықтық, агрессивтілік, мазасыздық, ұқыпсыздық т.б.

Балалардың бастауыш мектептегі түрліше қолайсыздық жағдайлары психиатриядан алынған "дезадаптация" терминімен анықталады. Деадаптацияны құрайтын шарттардың бірі оқу мотивациясы, үлгерімнің төмен болуы және аса жоғары дәрежедегі мазасыздану проблемасы болып табылады. Атақты психолог Л.С.Выготский 1930-жылдары былай деген болатын: "Бала әлеуметтік ситуацияның бір бөлігі, баланың қоршаған ортаға және ортаның балаға деген қарым-қатынасы бастан кешулер және баланың өз іс-әрекеті арқылы беріледі. Қоршаған ортаның күші баланың бастан кешулері арқылы бағыттаушы маңызға ие болады. Бұл дегеніміз, баланың бастан кешу жағдайларын терең іштей талдауға міндеттейді" [4, 185]. Эмоциялық күй-қалып жөнінде Қазақстанда жазылған еңбектер де бар. Мысалы, айтып кететін болсақ, М.В. Кузубованың "Жасөспірімдік шақтағы мазасыздану жайлы" және А.Л. Ескендірованың "Агрессияға" байланысты, З.Б.Мадалиеваның мазасыздануға қатысты кандидаттық диссертация жұмыстары осы тақырыптар жөнінде ізденушілерге бағыт-бағдар болады.

Профессор С.М. Жакыпов өзінің "Оқыту процесінде студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару" еңбегінде мынадай құнды пікірді алға тартады. "Бірлескен іс-әрекет жағдайында эмоциялар санаға жекелеген ұғымдар жөнінде белгі береді. Бірлескен іс-әрекетте бір субъектінің эмоциясы өзге субъект үшін жеке мән-мағына жайлы белгі ретінде болуы мүмкін [5, 175].

Еңбектерге, әдебиеттерге терең талдау жасай отырып, бастауыш мектеп кезеңі өте еліктегіштігімен дараланады деген қорытындыға келеміз. Жан Пиаже айтқандай, бұл кезең – интуитивті ойлау кезеңі, яғни бала нақты әрекет-амалдарды орындай отырып, нағыз ойлау, логикалық ойлауға көшеді. Осы ойлауда міндетті түрде эмоциялық күй қатар жүреді [6, 51]. Осы жас кезеңінде мазасызданудың туындауы түрлі факторларға байланысты, яғни социометриялық статус, жас кезеңі, отбасы жағдайы және т.б. Мазасыздану өзге эмоционалды қалып сияқты бастауыш мектеп оқушысының мінез-құлқына әсер етеді және бұл қалып түрлі іс-әрекет түрімен, оның ішінде ақыл-ой әрекетімен тығыз байланысты. Жалпы, педагог, ересек, ата-аналар осы жас кезеңінің түрлі даму ерекшеліктерін қатаң түрде ескеріп, тиісінше психокоррекциялық жаттығуларды әдістемелік тұрғыда дұрыс өткізе білулері тиіс.

Адамның көптеген психикалық қасиеттерінің негіздері нақ осы бастауыш мектеп жасында қалыптасады және әдетке айналады. Мектепке келген бойда кездесетін қиындықтар түрлері, мысалы, мектеп тәртібіне байланысты, әлеуметтік қарым-қатынас (мұғалім, сыныптағылар, отбасындағы). Осы қиындықтармен соқтығыса отырып, балалар мазасыздануды бастан кешіріп отырады.

Эмоционалды қалып проблемасы адамды әуел бастан-ақ қызықтырды. Өйткені, нақ осы біздің эмоцияларымыз сол немесе өзге істерді орындауға және шешім қабылдауға

итермелейді. Психология ғылымының жас ғылым екендігіне қарамастан, психологиялық білімдер төркіні антикалық философтар мен дәрігерлер еңбектерінен бастау алады. Ежелгі грек философы Платон, философия мен психологиядағы идеалистік бағыт өкілінің пікірінше, эмоциялар жоғары, "интеллектуалды" және төменгі қанағаттануларға бөлінеді [7]. Платонның шәкірті Аристотель "Жан туралы" трактатында үш түрлі жан түрін анықтады және сезімнің міндетті түрдегі заттылығын, эмоцияның сипатын айқындады [8]. Ежелгі гректік философияда эмоция жайлы Эпикур еңбектерінде құнды пікірлер айтылады. Ғалым жан күйзелісін, қорқыныш сезімін, мазасызданудың сана-сезімнің адасуы деп түсіндірді. Эпикур пікірінше, адам үшін сезімнен артық даму жоқ. Осы орайда ғалымдар аффективті қалыппен күресудің бірқатар жолдарын ұсынады, яғни олар:

1) аффекті сырттай байқалуға ауыспауы тиіс: сырттай байқалу аффектіні нығайтады (мұнда ішкі, эмоционалды реакциялар сыртқы мінез-құлықпен байланыста болады.

2) өзге әрекетке ауысу яғни, қорқыныш кезінде ерлік пен шыдамдылық үлгісін, ал мазасыздану кезінде тыныш күйді еске түсіру.

Бұл сияқты ұсыныстар, зейінді өзекті қалыптан ауқымды қалыпқа ауыстыру қазіргі, яғни психотерапевтикалық бағыттарда, мысалы нейролингвистикалық бағдарламада ұсынылады (NLP).

3) эмоцияларды үнемдеу оның қарқынын бәсеңсітеді.

4) іс-әрекет пен аффект арасында ара қашықтықты құру.

Мысалы, атақты философ Ф.Декарт өзінің философиялық тұжырымдамаларында эмоцияның психофизиологиясына үлкен мән береді, яғни тыныс алу, қан қысымы, пульстің өзгеруі сияқты өзгерістердің табиғаты туралы жазды [9]. Сезімдер проблемасы жайлы "этика" деген еңбегінде Б. Спиноза түбегейлі қарастырды [10]. Л.С. Выготский, Б. Спинозаның еңбегіне орынды баға берді. Б. Спиноза бойынша, адам тәні табиғатынан аффектілер шығады. Ол үш негізгі аффект түрін бөліп көрсетеді: қанағаттанбау, қанағаттану және қалау. Адамға зиян келтіретін аффектілер: қайғыру және жек көру. Жаратылыстану ғылымдарының қарқынды дамуы біздің зерттеу пәндерімізге де өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Адам табиғаты жөнінде революция жасаған ғалымдар Ж.Б. Ламарк, Ч. Дарвиндер пайда болды [11]. Жаратылыстанушы Ч. Дарвин өзге проблемаларымен қатар эмоцияларды да зерттеді. "Адамда және жануарларда эмоцияның пайда болуы" деген 1872 ж. еңбегіндегі жүйеленген зерттеулер оны мынандай қорытынды жасауға келіп жеткізді: «Біздерді ым-ишарат арқылы бейнеленетін сезімдеріміз эволюциялық процесс нәтижесі болып табылады». Ч. Дарвин эмоциялардың байқалуын бас салып төну мен қорғануда көрінетін сақталып қалған әрекеттердің қалдығы деп қарастырды. Жануарлардың әлеуметтеніп дамуына орай бұл қимыл-қозғалыстар дербес рөлге ие болды [12].

Мазасыздануды талдау З.Фрейдтің тұжырымдамасын назардан тыс еш қалдырмайды. Осы проблеманы теориялық тұрғыда зерттеуді бастаған осы З.Фрейд болды. Ғалым бөлген мазасыздануды тудыратын жағдайлар мыналар:

а) қалаған объектіні жоғалту, мысалы, ата-анасынан немесе жақын досынан айрылған бала т.б.;

б) махаббат сезімінің жоғалуы.

Ресей ғалымы А.М. Прихожан өзінің "Жасөспірімдер арасындағы тұлғааралық мазасыздануға психологиялық талдау" деген еңбегінде мазасыз (қорқақ) адамдар: бастауыш мектеп немесе жалпы бала кезеңде қорқыныш сезімі ақырғы шегіне жетеді деп жазады [13, 160].

Біз мазасызданудың қолайсыздық қаупін алдын-ала сезумен байланысты, эмоционалды дискомфортты бастан кешу екенін білдік. Бастауыш сынып оқушылары алғаш мектепке білім алуға ұмтылуы оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ішкі позициясын өзгеруіне әкеліп соғады. Ішкі позиция — баланы оқуға ынталандыратын, мектепке деген оң эмоциясын қалыптастыратын үгіттеуші орталық. Алғаш мектепке



қуанышпен барған бала, енді өз алдына үлкен міндеттемелердің бар екенін сезіне бастайды. Ол мұғалімнің оқушыларға қоятын талабы ата-ананың қадағалауы және т.б. Еркін ойнап өскен бала бұл талаптарды алып кете алмауы да мүмкін. Осындай эмоцияларды сәтсіздікке ұшыраған (өзінің сыныптастарымен қарым-қатынасы, педагог, ата-ананың нашар қатынасы) ішкі позициясы үрейді, қорқынышты тудырады. Қорқыныш - бала өміріне және сәттіліктеріне төніп тұрған қауіптің мидағы бейнесі. Мазасыздық – қорқынышты эмоционалды түрде сезіну. Мазасыздану сезіміне алып келетін қорқу мынадай себептерге байланысты болады: өз қатарларымен дұрыс қатынаста болмау, ата-анасының өзара кикілжіңді болуы психикалық жарақат алуы, ата-ана тарапынан қатал тәртіп т.б. Бұл баланың тіпті ортамен араласпай тұйық болуына немесе ызаланғыш, ашушаң болуына әкеліп соғады. Үрей, қорқыныш сезімдерін жою үшін кейбір психологтарымыз баланы мадақтау жоғары бағалау керек деген пікір айтады. Сонымен қатар, мазасыздану типіндегі эмоционалды сәтсіздік өзіндік бағалауы жоғары балаларда бақыланған. Олар «ең жақсы» оқушы болуға немесе ұжымда ең жоғарғы деңгей алуға үміттенді, яғни өз талаптарын жүзеге асыру үшін шындығында мүмкіндігі болмаса да анықталған сапаларда жоғары талаптанулар болған.

Отандық психологтер балалардағы адекватсыз жоғары бағалау бұрыс тәрбие, бала сәттілігін үлкендердің асыра бағалауы, асыра мақтау, оның жетістіктерін асырып айту нәтижесінде қалыптасады деп санайды. Қоршағандардың жоғары бағасы және соған негізделген өзіндік баға балаға ұнайды. Қиындықтармен және жаңа талаптармен соқтығысу оның құралмағандығын аңғартады. Бірақ, бала бар күшімен өзінің жоғары өзіндік бағасын ақтап қалуға тырысады, өйткені ол оған өзін сыйлауды, өзіне жақсы қатынасын қамтамасыз етеді. Соған қарамастан, бұл балаға әрқашан сәтті бола бермейді. Оқудағы жоғары деңгейдегі жетістікке үміттеніп отырып, ол дегеніне жету үшін жеткілікті дағды, білімге ие болмауы мүмкін, мінездің кері сапалары және белгілері сыныптағы, құрбылар арасындағы керекті жағдайды алуына мүмкіндік бермейді. Осы арқылы жоғарғы талаптанулар және нақты мүмкіндіктер арасындағы қарама қарсылық ауыр эмоциялық күйге алып келуі мүмкін.

Қажеттілігінің қанағаттанбауынан бала санасында сәтсіздікті, сенімсіздікті мойындауды және өзін сыйлауды жоғалтуға мүмкіндік бермейтін қорғаныс механизмдерін өндіреді. Ол басқа адамдардан өз сәтсіздігінің негізін табуға тырысады. Сәтсіздіктің себебі оның өзінде екенін мойындамауға тырысады, оның жетіспеушілігіне нұсқайтындардың барлығымен қақтығысқа түседі, тітіркендіргіштік, өкпелегіштік, агрессивтілік танытады. М.С.Неймарк мұны «адекватсыздық аффектісі» – «өзін әлсіздігінен қорғауға өткір эмоциялық ұмтылу, кез-келген тәсілмен санада өзіне сенімсіздікке жол бермей, шындықтан қол үзу, баршадан және барлығынан тітіркену және ызалану» дейді өз еңбегінде. Мұндай күй созылмалы болуы мүмкін және айлар мен жылдарға созылуы мүмкін. Өзін нығайтуға күшті қажеттілік бұл күндердегі қызығушылық тек өзіне бағытталуына алып келеді. Мұндай күй балада үрейді бастан кешірмеуі мүмкін емес. Алғашында үрей негізделген, ол бала үшін нақты қиындықтан пайда болады, бірақ үнемі баланың өзіне, өз мүмкіндіктеріне, адамдарға қатынасының адекватсыздығының нығаю шамасына қарай адекватсыздық оның әлемге қатынасының тұрақты белгісі болады, сонда бала кез-келген өзі үшін кері жағдайлардан қолайсыздық, сәтсіздік күтетін үрей мазасыздыққа айналады.

Мазасыздану ситуацияға да қатты байланысты, бұл қорытындыны негіздеу үшін, тексеру сынағы типіндегі ситуацияларды суреттейтін сауалнамалар жасалынды. С.Д. Спилбергер "Мазасыздану күйі және қасиеті" деп аталатын 20 пікірден тұратын сауалнаманы жасады. С.Д. Спилбергер бойынша "мазасыздану жеке адам сипаты ретінде мотивті және жүре қалыптасқан мінез-құлықтық диспозицияны білдіреді". Мәндер мен Саросзон (1952) мазасыздануды емтихандар ситуациясымен ғана зерттеумен шектелді. Олардың пікірінше, мазасыздану күшті ішкі тітіркендіргішке реакция болып табылады.

Олар 37 пікірден тұратын "Тестілік мазасызданудың сауалнамасы" деген әдістемені жасады [14].

Сонымен, әдістемелік тұрғыдағы әдебиеттерге терең талдау негізінде, біздер келесі анықтаманы тұжырымдаймыз: мазасыздану жеке адам қасиеті ретінде жүйке жүйесінің қасиеттерімен және қарым-қатынаста ұзақ уақыт сәтсіздік, қолайсыздық болуымен анықталады. Ситуативті немесе жағдайға байланысты мазасыздану – нақты ситуациямен байланысты және одан тыс байқалмайтын мазасыздық күйі, қалпы. Қарым-қатынаста мазасыздануды күту және оның құрбы-құрдастармен қарым-қатынасына тәуелділігін анықтау үшін бірқатар эксперименттер жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушыларында дүниеге деген белгілі көзқарастар жүйесі жоқ, бірақ мектептің ықпалы нәтижесінде, сыныптан тыс оқудан, кинофильмдер көруден және үлкендермен әңгімеден келіп, балаларда оларға еліктегісі, ұқсағысы келетін белгілі бір мұраттар пайда болады. Осыларға кедергі болатын жоғарыда айтып кеткен мазасыздану мәселесі бар балаларымызға, ата-ана, мұғалімдер, психологтар өз әсерлерін тигізуі керек. Мазасыздану бала денсаулығына кері әсер етуші фактор. Ол тек мазасыз балаға ғана емес, қоршаған ортаға да кері ықпалын тигізеді. Себебі, мазасыз балалар жалпыға қадірлі болмайды, өздеріне-өздері сенімсіз болады, тұйық, жанасымы кейін немесе керісінше тым көпшіл, мазасыз болады. Міне, біз мазасызданудың шығу себептерін, олардың кері әсерін қарастырдық. Ата-аналар мазасыз балаларының ынтықсының төмендеуіне себепші қандай факторлар екенін түсінуі керек. Ол баламен қарым-қатынасын жөндеу керек. Міне, сонда ғана қоғамымызда ынжықтық тұйық, салғырт азаматтар саны азаяды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел. 1993. - 272 б.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
- 3 Давыдов В.В., Маркова А.К. Концепции учебной деятельности школьников // Вопросы психологии. - 1981. - №6. – С.13-26
- 4 Артемьев А.И. Элеуметтану және тұлға психологиясы. Оқулық. - А., 2013.-384 б.
- 5 Жақыпов С.Оқыту процесіндегі танымдық іс -әрекет психологиясы. Оқу құралы. - А., 2008. – 216 б.
- 6 Бапаев М.К. Даму психологиясы. Оқулық. - Алматы, 2014. – 440 б.
- 7 Платон . Соч. в 3-х томах. Т.2. - М, 1970. – 360 с.
- 8 Аристотель. О душе соч. в 4-х т, т. 1. – М., 1975. - С. 369.
- 9 Декарт Р. Избранные произведения. – М., 1950. - 378с.
- 10 Выготский Л.С. Спиноза и его учение об эмоциях в свете современной психоневрологии // Вопросы философии. - 1970. - №6. - С. 127.
- 11 Ламарк Ж.Б. Зоопсихология. - Харьков, 1997. – 380с.
- 12 Дарвин Ч. Выражение эмоций у животных и человека. Собр. соч. в 5 т., т. 5. – М., 1953. – 450 с.
- 13 Прихожан А.М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. – М., 2000. – 310 с.
- 14 Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность. - М, 1986. – 435 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются психологические проблемы тревоги, опасения. Анализируется ряд научных трудов разных ученых для выявления причины возникновения тревоги, опасения у школьников начальных классов.

RESUME

The psychological problems of anxiety, fear are considered in this article. The author analyses a number of scientific papers of different scientific researchers in order to identify the cause and effect of anxiety, fear of primary school children.



И.А. Мухтарова

Университет «Туран-Астана», магистрант

Процесс адаптации молодых супругов

Аннотация

Статья посвящена процессу адаптации молодых супругов. На основе анализа трудов исследователей по данной теме автор раскрывает сущность категории «адаптация», ее виды и этапы, а также дает определение процессу адаптации молодых супругов. В статье обозначены трудности адаптации молодых супругов, а также даны рекомендации для успешного прохождения адаптации.

Ключевые слова: адаптация психологическая, ролевая адаптация, межличностная адаптация, негативная адаптация, молодые супруги, социальные роли.

«Немалая часть молодых семей распадается в самом начале совместной жизни. Основные причины этого – неподготовленность к супружеской жизни, неудовлетворительные бытовые условия, отсутствие собственной жилой площади после свадьбы, вмешательство родственников во взаимоотношения супругов» [1, с. 45]. Данное высказывание Дичюс П. и по сей день является актуальным. Действительно, часто молодые семьи, столкнувшись с первыми трудностями в семейной жизни, выбирают один выход – развод, который оставляет отпечаток не только в жизни супругов, но и в жизни ребенка. Поэтому только совместное сотрудничество, координация и кооперация молодых супругов позволит решить возникшие трудности и будет способствовать интеграции семьи. Другими словами, молодым супругам необходимо адаптироваться друг к другу, к новым условиям жизни. В психологии под адаптацией (психологический аспект) понимается – приспособление человека как личности к существованию в обществе в соответствии с требованиями этого общества и с собственными потребностями, мотивами и интересами [2, с. 15-16].

Категория «адаптация» В.В. Сысенко рассматривается в качестве центральной в психологии брачно-семейных отношений. Он предложил дифференцированную концепцию брачно-семейной адаптации. Основу ее составляют особенности характеров супругов и вытекающие отсюда их адаптационные возможности. Автор выделяет 4 группы людей по

степени и уровню адаптации:

1. высокоадаптированные личности;
2. среднеадаптированные;
3. низкоадаптированные;
4. дезадаптированные.

К чертам характера, препятствующим взаимной адаптации, он условно отнес следующие: грубость, черствость, цинизм, властность, своеволие, эгоизм, тиранство, жестокость, мстительность, злобность, нервозность, раздражительность, сварливость, замкнутость, холодность, отсутствие сострадания и участия, агрессивность, критиканство, тщеславие, притворство, инфантильность, непостоянство, бесхарактерность, недоверчивость, подозрительность [3, с. 182].

К общим адаптационным особенностям он относит:

1. способность к сотрудничеству;
2. способность к общению;
3. способность к эмоциональному и рациональному пониманию других людей;
4. способность к самоконтролю и самопознанию;
5. умение выбрать адекватный тип поведения в зависимости от условий и обстоятельств.

Развитие этих способностей в значительной мере, по мнению автора, определяет успешность брачно-семейной адаптации «Успешная совместная деятельность супругов предполагает взаимное понимание чувств и потребностей партнера: они разделяют примерно одинаковые или близкие чувства по отношению к различным общественным событиям, находят пути понимания эмоционально-эстетического мира другого партнера, восприятия им искусства, природы. Взаимная симпатия, а также взаимное сопереживание и сострадание постоянно включаются в процесс семейного общения и взаимодействия, поэтому эти чувства - составная часть межличностных отношений в семейном коллективе» [3, с. 177].

Сысенко В.А. определяет структуру адаптации личности в сфере брачно-семейных отношений следующим образом:

1. адаптация физиологическая, в том числе сексуальная;
2. адаптация к темпераменту, характеру партнера;
3. адаптация к семейным ролям, к новым обязанностям, правам, к разделению труда в брачном союзе;
4. адаптация к потребностям, интересам, привычкам, образу и стилю жизни брачного партнера;
5. адаптация к основным ценностям жизни, «жизненной философии», пониманию цели и смысла жизни партнера [3, с. 167-184].

Гозман Л.Я., Алешина Ю.Е. считают, что брачно-семейную адаптацию следует рассматривать как постепенный процесс приспособления супругов друг к другу и к семейной жизни, результатом которого должно быть формирование устойчивого семейного уклада, распределение бытовых и психологических ролей, выработка приемлемого стиля общения друг с другом, выработка приемов разрешения и профилактики конфликтов и разногласий, определение взаимоотношений с микроокружением по типу открытой или закрытой группы [4].

По мнению Эйдемиллера Э.Г. и Юстицкиса В.В. до появления первого ребенка молодая семья решает ряд задач. Важнейшая из них – адаптация супругов к условиям семейной жизни в целом и к психологическим особенностям друг друга. В этот период осуществляется взаимная сексуальная адаптация молодых супругов. Значительные усилия прилагаются для решения проблем жилища и приобретения совместного имущества. Авторы отмечают, что на данном этапе развития семьи складываются отношения с родственниками – особенно если молодая семья не имеет собственного жилья [1, с. 45].



Ковалев С.В. считает, что психологическая сущность взаимной адаптации заключается во взаимоуподоблении супругов и во взаимном согласовании мыслей, чувств и поведения [5, с. 181].

Наряду с психологической адаптацией Целуйко В.М. выделяет еще социально-психологическую адаптацию – как приспособление супругов к новому для них статусу мужа и жены, согласование образцов внесемейного поведения [6, с. 43].

Некоторые характеристики брачно-семейной адаптации рассматриваются также в исследованиях по социальной перцепции. В работах этого направления отмечается факт значительных изменений особенностей межличностного восприятия молодыми супругами на протяжении адаптационного периода, который продолжается 1,5-2 года. Идеальный образ регулирует отношения в супружеской паре 0,5-1,5 года. Затем снижается напряженность эмоционального подъема, отрицательные характеристики партнера перемещаются в центр, сопоставляются с начальным образом [4]. В этой ситуации есть два варианта развития отношений: или один из супругов будет продолжать ориентироваться на несуществующий образ и пытаться «подогнать» под него своего партнера, или, напротив, начнет корректировать не партнера, а свой вымышленный образ его, приближаясь тем самым к действительности. Адекватное восприятие супруга обеспечивает согласованность между ожидаемым и реальным поведением супруга, что важно для адаптации в молодой семье.

Таким образом, адаптация осуществляется во всех сферах семейной жизни. Выделяют следующие виды адаптации:

Материально-бытовая адаптация заключается в согласовании прав и обязанностей супругов в выполнении домашних дел и в формировании удовлетворяющей их модели планирования и распределения семейного бюджета;

Нравственно-психологическая адаптация основывается на совмещении мировоззрений, идеалов, интересов, ценностных ориентаций, установок, а также личностных и характерных особенностей мужа и жены;

Интимно-личностная адаптация заключается в достижении супругами сексуального соответствия, предполагающего их взаимное не только физическое, но и морально-функциональное удовлетворение интимными отношениями [5, с. 181-182].

Говоря об этапах процесса адаптации, то Ковалев С.В. выделяет первичную и вторичную (негативную) адаптацию, которая свойственна молодому супружеству. Первичная адаптация супругов – достижение большего соответствия в мотивации брака, согласование представлений о характере и распределении семейных обязанностей и ролей. Первичная адаптация супругов осуществляется в виде ролевой и межличностной адаптации [5, с. 183]. На стадии первичной ролевой адаптации учитывается, какой мотивацией руководствовался каждый из супругов при создании семейного союза, чего ожидает от семейных отношений каждый из супругов. Возможно, это была ориентация на семью как преимущественно *хозяйственно-бытовой союз* (главное в семье - это хорошо налаженный быт и домоводство), или же на союз *нравственно-психологический* (желание найти в семье верного друга и спутника жизни, хорошо понимающего именно меня). Некоторые рассматривают семью как союз *семейно-родительский, педагогический*, исходя из того, что главное назначение человека на земле - это рождение и воспитание детей; другим же хотелось найти желанного и любимого партнера *для любви* [5, с.184]. Конечно, ни одна из вышеуказанных целей не исключает другую, все они очень значимы в создании счастливой семьи. Однако, супруги должны, выделив собственные главные мотивы, цели и ожидания согласовать их с установками на брак своих партнеров. Только при этом условии возможно разумное сочетание (взаимодополнение) семейных ролей на начальном этапе совместной жизни.

К примеру, благополучные молодые и зрелые супружеские пары объединяет то, что наименее важными для тех и других пар оказались бытовые проблемы и хозяйственно-

бытовое назначение союза, а важными обозначились ценности в понимании друг друга, забота и любовь. Независимо от первичной и вторичной адаптации в неблагополучных молодых и зрелых парах, супругов объединяла главная мотивация хозяйственно-бытового назначения союза, уменьшение потребности в нравственно-психологическом союзе и наименьшее внимание интимно-личностному союзу [7].

Помимо достижения большего соответствия в мотивации брака первичная ролевая адаптация обязательно включает согласование представлений о характере и распределении семейных обязанностей. Что касается межличностной адаптации супругов, то она имеет три взаимосвязанных аспекта: аффективный, когнитивный и поведенческий, то есть эмоциональная составляющая отношений, степень их понимания и непосредственно реализующееся в них поведение. По мнению Целуйко В.М. успешная межличностная адаптация предполагает эмоциональную близость, высокую степень взаимопонимания и развитые умения организации поведенческих взаимодействий, взаимное приспособление супругов к особенностям личности друг друга. Также автор отмечает, что межличностные отношения их должны быть максимально благожелательными, а для этого каждому из супругов следует проявлять терпимость, постепенность, последовательность, умение уступать в споре - без таких качеств период «притирки» характеров значительно затрудняется и усложняется. И молодым супругам необходимо научиться принимать человека таким, каков он есть, учитывать все его недостатки, приспособляться к привычкам своей «половины» [6, с. 44].

Конечно, время заглушает чувства, притупляет остроту ощущений. С одной стороны, супруги привыкают к новым условиям совместной жизни, приобретают чувство безопасности и стабильности, находят некоторое взаимопонимание в отношениях. С другой же стороны, повседневность постепенно начинает угнетать своей монотонностью, по мнению исследователей именно в этот момент появляется чувство разочарования в своем избраннике, а иногда и раздражение к отдельным, свойственным партнеру привычкам, жестам, даже словам. Наступает период вторичной адаптации, другими словами привыкание супругов друг к другу.

Вторичная (негативная) адаптация супругов – чрезмерное привыкание друг к другу, забвение супружеской любви и неповторимого личного характера семейного объединения [6, с. 44]. Этот вид адаптации проявляется в ослаблении чувств, в их обесценивании, превращении в привычку, возникновении равнодушия. Осуществляется же она в трех основных сферах. Первая из них - интеллектуальная. Снижается интерес к супругу как личности (своеобразное исчерпание) вследствие повторения им в общении одних и тех же мыслей, суждений, оценок и т.п. Опасность интеллектуальной негативной адаптации заключается в том, что каждодневное и неизбежное общение супругов зачастую приводит к своеобразному пресыщению друг другом.

Следующая сфера вторичной, негативной адаптации - нравственная, в которой наблюдается негативное действие известного «эффекта нижнего белья». ««Рассекречивание» супругов друг перед другом проявляется в том, что они начинают демонстрировать не лучшие свои качества, мысли и поступки, использовать во время общения неприемлемые жесты и интонации и попросту показываться друг другу в таком виде, в котором никогда не рискнули бы прийти на свидание в период добрачного ухаживания. Со временем такое отношение друг к другу может привести к стойкой антипатии» [6, с. 44].

Третья сфера вторичной негативной адаптации супругов - интимные (сексуальные) отношения. Низкий уровень общей культуры в сочетании с легкой доступностью и однообразием интимных отношений могут привести к снижению взаимной привлекательности и падению полового влечения, что зачастую интерпретируется супругами как присущие другому недостатки, возможность супружеских измен [5, с. 194].



Учитывая негативное влияние вторичной адаптации на прочность брака, следует иметь в виду, что только постоянная новизна информации и брачная совместимость способны противостоять ее испытаниям.

Тюгашев Е.А. отмечает, что чувства супругов подвержены действию общего психофизиологического закона адаптации, по которому величина любого ощущения уменьшается при постоянном действии одного и того же раздражителя. Для поддержания величины ощущения на том же уровне необходимо или увеличивать силу раздражения, или производить перерывы в раздражении, или же менять качество раздражения [6, с. 44].

Для борьбы со вторичной адаптацией необходимо постоянно работать над собой, духовно расти, стремиться поддерживать в глазах супруга свой престиж и статус.

Следовательно, важным условием преодоления негативных последствий вторичной адаптации - это дальнейшее повышение культуры взаимоотношений супругов, последовательное воспитание в себе толерантности, доброжелательности, чуткости, сдержанности и тактичности. Также молодым супругам необходимо быть автономными, относительно свободными друг от друга. По своей сути это условие является естественным следствием психофизиологического закона адаптации: временное прекращение действия раздражителя восстанавливает возбудимость нервного аппарата и увеличивает интенсивность ощущений при последующем раздражении [6, с. 44-45].

Трудности адаптации молодых супругов к условиям совместной жизни могут быть обусловлены целым рядом причин. Среди таковых особо можно выделить неподготовленность молодых людей к изменению образа жизни; сложность отношений между поколениями; гедонистическое отношение к браку (когда от него ждут одних только приятных неожиданностей); отсутствие подготовки к выполнению комплекса функций и социальных ролей, необходимых в семье.

Таким образом, процесс адаптации молодых супругов – в первую очередь, это постепенное психологическое и эмоциональное приспособление к брачному партнеру, освоение новых социальных ролей и обязанностей. Адаптация к новым условиям семейной жизни включает адаптацию к социальному статусу и социальным функциям мужа и жены, согласование образцов вне семейного поведения, сложный процесс интеграции в круг взаимных родственных связей. И для благополучного осуществления взаимной адаптации молодых супругов необходима совместимость их представлений касательно структуры семьи, распределения ролей, которая проявляется в том, какие обязанности каждый супруг берет под свою ответственность и, наконец, семейных ценностей, которые представляют собой установки молодых супругов по поводу того, для чего существует семья и что они ожидают от нее. Молодым супругам необходимо добиться максимально благожелательных отношений, а для этого каждому из супругов следует проявлять толерантность, постепенность, последовательность, уметь прибегать к компромиссу в конфликтных ситуациях. И главное, молодые супруги должны понять, что создание семьи не конечная цель, а только начало их взаимных отношений. Благополучная семья предполагает постоянную работу каждого из супругов над собой. Ведь только самодостаточные люди могут принимать окружающих такими, какие они есть, а это важная составляющая семейных отношений.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В.В. Психология и психотерапия семьи. 4-е изд. – СПб: Питер, 2009. - 672 с.
- 2 Современный психологический словарь / под ред. Б.Г. Мещерякова, В.П. Зинченко. – СПб.: прайм-ЕВРОЗНАК, 2007. – 490 с.

- 3 Сысенко В.А. Устойчивость брака: проблемы, факторы, условия. - М.: «Финансы и статистика», 1981. - 199 с.
- 4 Осипова Н.А. Семейная психология: особенности адаптации молодых супругов. [URL:http://ippt.ru/biblioteka/stati_po_psihologii/semejnaya_psihologiya/semejnaya_psihologiya_osobennosti_adaptacii_molodyh_suprugov/](http://ippt.ru/biblioteka/stati_po_psihologii/semejnaya_psihologiya/semejnaya_psihologiya_osobennosti_adaptacii_molodyh_suprugov/)
- 5 Ковалев С.В. Психология современной семьи. - М.: Просвещение, 1988. - 208 с.
- 6 Целуйко В.М. Психология современной семьи. - М.: ГИЦ "ВЛАДОС", 2003. - 134 с.
- 7 Султанова А.В. Социально-психологические особенности супружеской совместимости и благополучия в брачных отношениях. [URL:http://www.dissercat.com/](http://www.dissercat.com/)

ТҮЙІН

Мақалада отбасы психология саласындағы беделді ғалымдардың некелік-отбасылық бейімделу тұжырымдамалары қарастырылған. Осы тұжырымдамаларды талдау нәтижесінде «бейімделу» категориясы ашып көрсетілген және жас жұбайлардың бейімделу үрдісіне анықтама берілген.

RESUME

The concepts of marriage and family adaptation of respected scientists in the field of family psychology are described in the article. On the basis of studying the concepts of the category of "adaptation" is disclosed, and the definition of the adaptation process of a young family is given.

Б.М. Тусенова

Университет «Туран-Астана»,
магистрант

Работа с одаренными детьми

Аннотация

Содержание статьи посвящено работе с одаренными детьми, в связи с чем автор анализирует статистику выявления одаренных детей, изучение психологических и педагогических условий и факторов, способствующих развитию одаренных детей, становления творческой личности и реализации одаренности во взрослой жизни. Автором представлен информационный анализ решения проблемы одаренности в Республике Казахстан, акцентируется внимание на нормативных документах, отражающих вопросы творческого развития, одаренности личности. Положительным моментом в содержании статьи является описание и анализ работы с одаренными детьми в Казахстане. Опыт работы центра «Дарын».

Ключевые слова: одаренность, модель одаренности, концепциальная модель обучения, нормативные документы, инструкции, элитарное образование, способность, дидактическая модель, стратегия обучения, интеллектуальность, творческий потенциал.

Неопределенность современной окружающей среды требует не только высокую активность человека, но и развитие его умений, способности нестандартного поведения.

Советская педагогика, выросшая на ошибках педагогики и не сумевшая долго найти в ней рациональное зерно, просто не замечала одаренности, внедряя повсеместно в школах политику «средних талантов». Может быть, поэтому у нас родилось мнение, что «талант сам пробьет себе дорогу» [1].

Практика опровергла это мнение. Талантам надо помогать раскрыться, причем с раннего возраста.

Современные тенденции социального развития ставят перед образованием новые задачи – отход от ориентации на «среднего» ученика, повышенный интерес к одаренным и талантливым детям, к особенностям раскрытия и развития их способностей в процессе и средствами образования [2].

Кроме того, одаренных детей рождается гораздо больше, чем это принято считать. Так, многие зарубежные исследователи пришли к выводу о том, что потенциально одаренные дети составляют не 1-3%, а 15-30% от общей возрастной выборки [3, с. 8], высокий уровень достижений которых обнаруживается лишь при соответствующем обучении (J.Freeman, J.Renzulli, K.Heller, F.Gagne и др.). Это позволило признать в качестве приоритетной проблемы – изучение психологических и педагогических условий и факторов, способствующих развитию одаренных и талантливых детей, становлению творческой личности и реализации одаренности во взрослой жизни.

Этому вопросу в Казахстане уделяется огромное внимание, создаются необходимые условия для развития одаренности детей [4].

В Республике Казахстан одним из приоритетных направлений государственной политики в области образования является социально-педагогическая поддержка и развитие одаренных детей и молодёжи, как бесценного национального достояния и основного интеллектуального и творческого потенциала страны [5].

Обращение к проблеме развития одаренных детей и раннего выявления социально-психологических проблем, характерных для этих детей, нашло отражение в ежегодных посланиях Президента народу Казахстана, в Законе «Об образовании» [6], в Распоряжении Президента Республики Казахстан «О государственной поддержке и развитии школ для одаренных детей» [7], в Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010г.г. [8], в Концепции развития образования в Республике Казахстан до 2015 года [9] и проекте «Одаренные дети - будущее Казахстана» [10].

Интенсификации работы с наиболее способными детьми и молодежью в Казахстане способствовало Распоряжение Президента «О государственной поддержке и развитии школ для одаренных детей» [11] (1996г.). Для его реализации Постановлением Правительства РК № 256 от 24 марта 1998 года было открыто принципиально новое научно-образовательное учреждение – Республиканский научно-практический центр «Дарын» при Министерстве образования и науки, который стал системообразующим звеном в работе с одаренными детьми в республике [12].

В 1999 году в Закон Республики Казахстан «Об образовании» впервые вводится термин «элитарное образование». Это образование, получаемое по специализированным образовательным учебным программам, реализуемым в специализированных организациях образования для одаренных лиц (ст. 1, пп. 61). В законе отмечается также, что «государство создает необходимые условия для получения элитарного образования особо одаренным гражданам, в том числе и за рубежом». Сегодня система элитарного образования становится полноправной частью всего мирового образовательного пространства.

Согласно Концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 года, по особым условиям обучения школы подразделяются на школы – интернаты, школы для одаренных детей и детей с ограниченными возможностями в развитии и обучении [13].

Большое внимание развитию одаренности детей уделяет Н.А.Назарбаев. «Осуществление стратегических программ развития государства будет делом ваших рук», сказал 30 октября 2010 года в Астане Президент Нурсултан Назарбаев на встрече с одаренными детьми [14].

С момента подписания Президентом нашей страны стратегически важного документа – распоряжения «О поддержке и развития школ для одаренных детей» [15] прошло более 16 лет.

В Казахстане была разработана теоретическая и нормативно-правовая база: «Концепция выявления, развития, поддержки одаренных детей в Республике Казахстан» [16]; пакет нормативно-правовых документов по работе с одаренными детьми (Положения о специализированных школах для одаренных детей, сменных профильных школах, о республиканских заочных школах по основам наук, об олимпиадах и интеллектуальных



соревнованиях и др.). Создана система работы с одаренными детьми, которая охватывает образовательные учреждения как школьного, так и внешкольного характера. Работу с одаренными детьми в республике ведут гимназии и лицеи, общеобразовательные школы с гимназическими классами, республиканские школы-интернаты с физико-математической специализацией, школы с углубленным изучением казахского языка и литературы, музыкальные школы-интернаты, областные специализированные школы для одаренных детей [17] и т. п. В Казахстане каждый год растет количество школ для одаренных детей. При школах вводятся социально-психологические службы.

Таким образом, в настоящее время в Казахстане функционируют центр «Дарын» и 115 школ для одаренных детей, нацеленных на развитие юных талантов. Созданы такие уникальные объекты образования, как Назарбаев Университет, Назарбаев Интеллектуальные школы в г. Астане - 2, г. Кокшетау, г. Семей, г. Оскемен, г. Талдыкорган (всего 6 интеллектуальных школ с охватом 3702 человек), где обучение ведется по международным стандартам с участием преподавателей ведущих университетов мира [18].

Несмотря на то, что в Республике создана целая система работы с одаренными детьми, основной и первичной ячейкой выявления одаренных детей и начала работы с ними являются начальные классы общеобразовательных школ, что создает предпосылки к разработке собственных методик с талантливыми детьми каждым учителем.

Работа педагога с одаренными детьми – это сложный и никогда не прекращающийся процесс. Он требует от учителей и воспитателей личностного роста, хороших, постоянно обновляемых знаний в области психологии одаренных и их обучения, а также тесного сотрудничества с психологами, другими учителями, администрацией и обязательно с родителями одаренных. Он требует постоянного роста мастерства, педагогической гибкости, умения отказаться от того, что еще сегодня казалось творческой находкой и сильной стороной [19, с. 239].

Отсутствие общей теории одаренности, основанной на надежных и достоверных научных и практических результатах, приводит к наличию широкого спектра точек зрения на феномен одаренности, нередко противоречащих друг другу. Каждый исследователь или практик, работающий с одаренными детьми, вынужден самостоятельно определять свою позицию среди многообразия разноречивых положений и подходов, так как выбор методов обучения и развития юных дарований напрямую связан с исходной концепцией одаренности [20].

Основной вопрос педагогической практики обращен к поиску таких условий, педагогических технологий и средств сопровождения одаренного ребенка, которые будут достаточными для раскрытия его способностей [21, с. 21].

При выявлении детей с незаурядными умственными возможностями встает проблема: чему и как их учить, как способствовать их оптимальному развитию. Программы для одаренных должны отличаться от обычных учебных программ. Хотелось бы, чтобы обучение таких детей отвечало их главным потребностям. Одаренные дети обладают некоторыми общими особенностями, которые должны учитывать учебные программы для них.

К таким общим особенностям относятся следующие:

- способность быстро схватывать смысл принципов, понятий положений. Такая особенность требует широты материала для обобщения;

- потребность сосредотачиваться на заинтересовавших сторонах проблемы и стремление разобраться в них. Эта потребность редко удовлетворяется при традиционном обучении, и ей надо дать реализоваться в специальных учебных программах через самостоятельную работу, задания открытого типа, развитие необходимых познавательных умений;

- способность подмечать, рассуждать и выдвигать объяснения. Целенаправленное развитие высших познавательных процессов в специальных учебных программах поднимает эти способности на качественно новый уровень и избавляет от бремени бесконечных повторений очевидного;

- обеспокоенность, тревожность в связи со своей непохожестью на сверстников. Включение в учебную программу аффективного компонента дает возможность ребенку лучше понять себя и свои переживания и ведет к принятию себя и других.

Существуют разные стратегии обучения одаренных детей, которые могут быть воплощены в разные формы. Для этого разрабатываются специальные учебные программы. К основным стратегиям обучения детей с высоким умственным потенциалом относят ускорение и обогащение [22, с. 235-236].

Модель Schoolwide Enrichment Model (SEM) является прорывом в технологии и позволяет учителям предоставить дифференцированную инструкцию по обогащению и экономит тысячи часов времени учителей.

Отдельные исследования SEM продемонстрировали ее эффективность в школах с сильно отличающимися социально-экономическими уровнями и организационными образцами программы (Olenchak, 1988; Olenchak & Renzulli, 1989). SEM развила использование Триады Обогащения Renzulli (Renzulli, 1977; Renzulli & Reis, 1985, 1997) как ядро, первоначально использование данной модели было апробировано в качестве программной модели в школьных округах в Коннектикуте и северо-востоке Соединенных Штатов. Затем было осуществлено в более чем 2000 школ по всей стране (Burns, 1998), и интерес к этому подходу продолжает расширяться на международном уровне. Эффективность SEM была изучена за более чем 30 лет исследования и испытана во множестве образовательных организациях, включая школы [23].

В практике педагогической деятельности преобладает дидактическая модель обучения и развития одаренных детей, основанная на стратегиях углубления и расширения предметных знаний, ориентированная на обучающихся, способности которых очевидны и выражаются в конкретных достижениях [24, с. 24].

Рассмотрим применяемые методики в гимназии № 6 им. Ю. Гуровагорода Астаны, критическое мышление, педмастерские, модульная технология, проектная деятельность, ИКТ, деятельный подход к обучению личностно ориентированное обучение, дифференцированное обучение.

Так, наиболее распространенными направлениями и формами работы с детьми в нашей школе являются организация и проведение всевозможных школьных мероприятий, позволяющих раскрывать интеллектуальные и творческие способности обучающихся (65 чел.), обеспечение участия одаренных детей в олимпиадах, турнирах и конкурсах различного уровня (65 чел.). Крайне редко в педагогической деятельности представлена практика тьюторского сопровождения одаренных обучающихся (6 чел.) и работа по проектированию индивидуальных образовательных программ для талантливых школьников (40 чел.). Ведущей технологией обучения и развития юных дарований в школе (среди начальных классов) выступает индивидуальное консультирование (81 чел.). Также в процессе сопровождения и поддержки одаренных детей педагоги нашей школы используют информационные технологии (47 чел.), проблемное обучение (48 чел.), проекты (47 чел.).

Чтобы работа с одаренными детьми была эффективной, необходим анализ и выявление подлинных механизмов, порождающих социально-педагогические проблемы, и понимание, что одаренность – это не просто результат высоких способностей ребенка, но в первую очередь это проблема становления его личности [25].

На наш взгляд, необходимо использовать в школе современные образовательные технологии личностно-ориентированного обучения, обеспечивающие познавательное и личностное развитие школьников, формирование у них творческой активности,



субъектной позиции, опыта самостоятельной учебной деятельности. То есть в основе работы с одаренными детьми, преследующей цели их обучения и развития, должна лежать ясная и последовательная педагогическая система, основанная на непротиворечивых концептуальных идеях и глубоких знаниях психологии и педагогики одаренности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Марчукова И.А. Экскурс в одаренность // «Одаренный ребенок» . - 2011. - № 5. - С. 48-52.
- 2 Мукашева А.Б., Вишневская А.В. Социально-педагогические проблемы одаренных детей в Республике Казахстан // Педагогические науки, http://www.rusnauka.com/32_PVMN_2011/Pedagogica/6_98093.doc.htm
- 3 Шумакова Н.Б. Развитие общей одаренности детей в условиях школьного обучения. - Автореферат дисс. докт. псих. наук. – М.: 2006, С. 8
- 4 Альмуканова Л.С. Особенности работы с одаренными детьми// <http://zkoipk.kz/s3/512-conf.html>
- 5 Концепция Интеллектуальной Школы Первого Президента Республики Казахстан – <http://new.intelschool.kz>
- 6 Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.01.2015г.)
- 7 Распоряжение Президента Республики Казахстан от 24 мая 1996 г. N 3002 «О государственной поддержке и развитии школ для одаренных детей»
- 8 О Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 11 октября 2004 года № 1459. «Казахстанская правда» от 16 октября 2004 года № 237.
- 9 Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года. Одобрена Правительством Республики Казахстан 24 февраля 2004 года (протокол №3).
- 10 <http://www.ilk.kz/>
- 11 Постановление Правительства Республики Казахстан от 16 сентября 1996 г. № 1125. О мерах по реализации распоряжения Президента Республики Казахстан «О государственной поддержке и развитии школ для одаренных детей» утратило силу
- 12 <http://daryn.kz/content/view/4/236>.
- 13 Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года. - Астана, 2004.
- 14 Сегодняшняя молодежь будет осуществлять стратегию развития государства - президент//<http://www.nomad.su/?a=3-200310310016>, 30 октября 2010 года.
- 15 Постановление Правительства Республики Казахстан от 25 января 2008 года № 69 «Об утверждении Правил деятельности специализированных организаций образования для одаренных детей» (САПП Республики Казахстан, 2008 г., № 2, ст. 32;), утратил силу.
- 16 Концепция выявления, развития, поддержки одаренных детей в Республике Казахстан: Информ.-метод, сб. № 3. - Алматы: РНПЦ «Дарын», 1999. «Одаренный ребенок».
- 17 Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 мая 2013 года № 499 Об утверждении Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов, в том числе Типовых правил организаций образования, реализующих дополнительные образовательные программы для детей.
- 18 Байманов Д. Глава МОН рассказал зарубежным гостям о поддержке одаренных детей в Казахстане//24 Апреля 2012, <http://www.inform.kz/rus/article/2458560>
- 19 Ридецкая О.Г. Психология одаренности: Учебно-практическое пособие – М.: Изд. центр ЕАОИ, 2010. – 374 с., с. 239
- 20 Основные современные концепции творчества и одаренности [Текст] / под ред. Д.Б. Богоявленской. – М.: Молодая гвардия, 1997. – 416 с.

- 21 Кривунь М.П. Проблема детской одаренности в педагогической науке и практике // Ярославский педагогический вестник. – 2014. – № 3. – Том II (Психолого-педагогические науки). - С. 21.
- 22 Ридецкая О.Г. Психология одаренности: Учебно-практическое пособие – М.: Изд. центр ЕАОИ, 2010. – 374 с., С. 235
- 23 Sally M. Reis & Joseph S. Renzulli The Schoolwide enrichment model: a Focus on student strengths & Interests // <http://cms.education.gov.il/NR/rdonlyres/39E53BA8-A7BC-445A-9816-AFAD08435695/127851/TheSchoolwideenrichmentmodelafocusonstudentstrengt.pdf>
- 24 Кривунь М.П. Проблема детской одаренности в педагогической науке и практике // Ярославский педагогический вестник. – 2014. – № 3. – Том II (Психолого-педагогические науки). - С. 24.
- 25 Мукашева А.Б., Вишневская А.В. Социально-педагогические проблемы одаренных детей в Республике Казахстан // Педагогические науки, http://www.rusnauka.com/32_PVMN_2011/Pedagogica/6_98093.doc.htm

ТҮЙІН

Мақалада зерттеудегі балалар дарындылығының эмпириялық және жеке басылымдар мәселесі жалпы қабылданған шеңберінен шығатын, балалардың қызығушылық ерекшелігін, білімді меңгеру мәнерін есепке алатын, сондай-ақ балаларды дамытудың келешектегі қарқынын дарынды балаларды арнайы оқытудың бағдарламасын даярлау қажеттігін тағы бір рет негіздеуге мүмкіндік беретіні баяндалған.

RESUME

The author of the article gives the analysis of the available studies and of her own empirical publication on the problem of gifted children that allows to establish, once again, the necessity of the development of the special education program for gifted children, which would exceed the scope of the commonly accepted program and will take into account the particularities of the children's interests, their style of assimilating knowledge and a long-term dynamic of their development.



Аннотация

Ұлттық сананың өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, ұлттық бірегейлікке негізделген ұлттық пара-парлыққа ұмтылыс жолындағы жетістіктер Қазақ еліне әлемдік қауымдастықта лайықты орын алуға мүмкіндік берді. Қазақ халқының ерлікке толы бай тарихы ұлт ретінде ұйысудың негізі болып табылды. Бұл ғасырлар қойнауындағы Ұлы Дала көшпенділерінің, ұлы тұлғаларымыздың мұқалмаған рухымен астасып жатыр. Бабаларымыздың елдік пен ерлік дастаны бүгінгі кемел елдікке қарай бағыт алған тарихи кезеңде құрыштай негізге айналуы тиіс. Адам бойын осындай сезім билегенде бүгінгі ұрпағына Ұлы Даланы мирас етіп қалдырған батыр бабалар тұлпарларының тұяқ дүбірі құлаққа келгендей болады. Олай дейтініміз, әлемдік даму арнасындағы соңғы үш жүз жылдың бір жарым ғасырға жуығын еліміз, жеріміз үшін қиян-кескі шайқаспен өткізген халқымыз небір қиын-қыстау кезеңдерде илікпеді, сынбады, қайтпас та қайсар ұлт екенін дәлелдей білді.

Бұл мақалада қасиетті қазақ жерін сыртқы жаулардан қорғау жолында ұлттық төл тарихымыздың бастауларында тұрған батыр бабаларымыз хақында сөз қозғалады.

Түйін сөздер: жер – қасиетті мұра, тұлпарлардың тұяқ дүбірі, ұлы дала сардарлары, ғұндардың тәңір құты, Едіге батыр, кеңестік қаралау науқаны.

Тәуелсіздікті құрметтеудің, тәуелсіз елдің азаматы бола білудің, оның қасиеті мен қадірін түсінудің айқын жолы өз халқының тамыры терең тарихынан бастау алады. Осылай десек, еліміздің тарихында жер мәселесі айрықша мәнге ие. Жер – қазақ халқының қадым замандардан бері атадан балаға қалып келе жатқан ең қасиетті мұрасы. Жерге қатысты әртүрлі дау-дамай мен зорлық-зомбылықты көп көрген халқымыздың жанды жерінің бірі де жер десек артық айтқандық емес. Қазақтың жатқа жерін кесіп бергенде етінен ет кесіп бергендей аласұрып, күйзеліп, қолына қару алып, қарсыласқан кезі де аз болған жоқ.

Соңғы ғасырларда өзгелердің үстемдігінен өзіндік үні, ой-пікірі айқын аңғарылмаған тоталитарлық өктемдіктің құйтырқы да зымиянды айла-шарғыларын бастан кешіріп, озбырлықтан шат-шәлекейі шыға жаздаған, қалай десек те Тәуелсіздікке қаншалықты дімкәс болса да тұтас

С. Садықов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті, ф.ғ.д., профессор

Қазақ публицистикасы: Ұлттық төл тарихтың бастаулары



ұлт күйінде жеткен халық үшін бұдан асқан бақыт бола қоймас. Іргесі берік қаланған егемен елдігіміздің, тәуелсіздігіміздің ең басты нәтижесі болар, ұлттық санамызда үлкен сілкініс, тың үрдіс бой көтеріп келеді, тарихи жәдігерлерімізді алақанға салып аялаудамыз, кезінде көзден кетсе де көңіл түкпірінде жүрген ұлттық салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, жасаруда.

Республика Ұлттық Ғылым академиясының академигі Тілеуберді Сайдуллин «Ұлт мүддесі және ұлттық идея» деген мақаласында қазақтың ұлттық идеясы туралы әртүрлі пікірлер айтылғанмен, оның айқын анықтамасының әлі қалыптаспағанын тілге тиек ете отырып, ұлттық идеяның қарапайым, ұғынықты түрде жалпыға ортақ мүддені тұжырымдап, халық бұқарасының санасына сіңісті етіп, іс-әрекетін бір арнаға бағыттап, оның ұлт ретінде қалыптасып, сақталуын қамтамасыз ететініне баса назар аударады. «Қазақ тарихын бағамдасақ, - дейді академик, - бір халық болып біріккен рулар мен топтардың ең басты ортақ мүддесі жерге иелік мәселесі болған. ... ұлттық идеяға негіз болған мәселе ешқашан да өзінің мәнін жоймақ емес. Осы тұрғыдан келгенде қазіргі жер мен жер байлығына иелік ету тәртібінің біздің тарихи қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызға сәйкестігін жан-жақты терең зерттеп, пайымдау қажет» [1].

Жалпы, қазақ халқының көп ғасырлық тарихы – елін, жерін қорғау тарихы. Ата-бабаларымыздың көп өмірі батыстан да, шығыстан да, оңтүстіктен де, солтүстіктен де қаруын кезініп келген басқыншылармен арпалыста өткен. Тарих сахнасында Ұлы Дала деген атпен енген қазақ сахарасында мекендеген скиф, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түрік, оғыз, қыпшақ тайпаларының көсемдерінен бастап, кешегі қазақ хандығының хандарына дейін осы өздері қоныс теуіп, тіршілік еткен ұлан-байтақ қазыналы өңірді жат жұрттық жаулардан қызғыштай қорып, ұлтарактай жер үшін жан алып, жан беріскен. Оның жарқын мысалын ғұндардың атақты тәңірқұты – Мөденің арпалыспен өткен өмірінен көруге болады. Ол хандық құрған кезеңде ғұн елінің атақ-даңқы аспандап, ұлы мемлекетке айналғаны тарихтан белгілі.

«Ғұндар жер үшін қытайлармен мыңдаған жыл соғысты, - деп жазады жалынды публицист Думан Рамазан. – Мөде тәңірқұт өзінің асқан ақыл-парасатының арқасында Орта Азиядағы барлық халықтарды біріктіріп, Қытай еліне қарсы қоя білді. Сөйтіп ол Қытайды өзіне бағындырып, оларға жыл сайын салық төлеп тұруды міндет етті. Қытайлықтардың ғұндардан қорқып, бес мың шақырым қашықтықта ұзыннан-ұзынға созылған қамал тұғызатын тұсы – міне, осы кезең. Біздің ата-бабаларымыздың жаужүрек болғандығын тарихтың өзі дәлелдеп берді» [2].

Президент Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында ғұндардың Тәңірқұты Мөдеге байланысты жазбаларында көне тарихтың күмбірін былай жеткізеді: «Аса танымал шығыстанушы Иакинфтің (Н.Я.Бичуриннің) аудармасындағы Қытай дерек көздерімен таныса келіп, өз басым аса бір жарқын мысалға тап болдым. Оның ғибратына қарағанда, көптеген аса қажет заттардан қол үзуге болады, ал жерден айырылу мемлекетті күйретудің алғашқы қадамына пара-пар көрінеді. Ғұндардың әмірі шанью Мөденің тарихы былай баяндалады: «Дун-ху оған елші жіберіп, Тұманнан (бұрынғы әмір, Мөденің әкесі) қалған мыңлилік сайгүлікті (күніне мың ли жерге шабатын ат) қаламақ ниетінің барын білдіреді. Мөде ақсүйек бектерін шақыртып алып, кеңес құрады. Ақсүйектер оған «мың лилік тұлпар ғұндардың қазынасы ғой, беруге болмайды» дейді. Оларға Мөде: «көрші тұрған жұрттан бір жылқыны аяған болмас» дейді де, мыңлилік жылқыны беріп жібереді. Арада біраз уақыт өткен соң Дун-ху Мөдені өзінен қаймығады деп ойлап, тағы да елші жібереді. Бұл жолы одан ханымдарының біреуіне көңілі құлағанын білдіріп, Яньжиді атап сұрайды. Мөде өз төңірегіндегі жақын жүргендердің ақыл-кеңесіне тағы да жүгінеді. Төңірегіндегілер: «Дун-ху ұятсыз адам екен, Яньжиді сұрауын қарашы, - деп таңғалысып, - оған соғыс жариялау керек» деп кеңес береді. Мөде бұл уәжге «көрші тұрған кісілерден бір әйелді аяп қажеті не?» деп сүйікті Яньжиін Дун-хуға беріп жібереді. Әкім Дун-худың айтқаны екі болмай, әбден кердең кетеді. Ғұндардың иелігінде батысқа

қарай кең жатқан мың лидер бос жер бар еді. Онда тек шекара бойлай екі жақта тұратын қарауыл күзет қана болатын. Дун-ху екі жақты шекара күзетінің арасында бос жатқан ғұндарға тиесілі, бірақ оларға қолайсыз жерлерді алғысы келетінін Мөдеге айту үшін елші аттандырады. Мөде бектерінен ақыл сұраса, олар: «бұл қолайсыздау жер ғой, беруге де, бермеуге де болады» деп былқылдатады. Сонда Мөде терісіне сыймай: «Жер дегенің мемлекеттің негізі, оны қалайша басқаға беруге болады?» - деп қатты ашуланады. Жерді беру керек деп ақыл айтқандардың бәрінің басын алады» [3, 197-199 б.].

Ер кезегі үшке дейін. Кезек бітті. Мөде де қайырылмастан морт сынды: «Тірі жүріп бұндай қорлықты көргенше, жаудың жағасына жармасып өлейін!» деп Қытай еліне қарсы ұлы соғыс жариялайды. Жер үшін шайқасқан бұл соғыста Мөденің мерейі үстем болып, жеңіске жетеді. Тәңірқұттық қызметін осылайша жерін қорғаудан бастаған Мөде көзі жұмылғанша ғұн елінің қарым-қарыс жерін жауға берген жоқ. Ол билік құрған кезеңде ғұн елінің атақ-даңқы аспандап, ұлы мемлекетке айналғаны тарихтан белгілі.

Мөде тәңірқұттың жолын ұстанған қазақ хандығының хандары да туған жерлерін, өз елінің территориясын жат жұрттық жаулардан қорғауда ештеңеден қаймығып, тайсалған жоқ. «Ғасырлар бойында ел аузында айтылып келген аңыз, жырдың бірі – «Едіге батыр, - деп жазды академик Р.Бердібай [4]. – Ертеде бұл жырдың қазақтың кең даласында зор даңққа бленгендігі соншалық – «Едіге деген ер еді, елдің қамын жер еді...» деп келетін жолдарды естмеген, жатқа айтпаған жан болмады.

Академик бұл еңбегінде қазақтың өзге де бірсыпыра жырлары тәрізді «Едіге батыр» дастанын да қырсық шалып, соңғы жарты ғасыр ішінде ол туралы зерттеу түгіл қысқа хабар да жазылмағанын күйінішпен айтады. Кеңестік дәуірде бірнеше буын өкілдерінің жалған ұғымдар рухында тәрбиеленуінің түп-төркінінде ұлттық мәдени мұраны тану мен бағалауда біржақтылыққа жол берілгендігі жатты. Ал оның ең негізгі ұлы орысшылдық, шовинистік көзқарастан туған озбырлық саясат еді. Енді орайы келіп тұрғанда қазақ халқының ежелгі жыр-дастандарына, аңыз-әпсаналарына, інжу-маржан асыл мұраларына зобалаң туғызып, қаралап келген сұм саясаттың теориялық негізіне бір сәт ой жүгіртсек артық етпес...

Фашистік Германияның Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуылы ел халықтарының тұрмыс-тіршілігін түбірімен өзгертті. Барлық күш мейірімсіз жауға қарсы күреске жұмылдырылды. Қазақстан майдан арсеналына айналды. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» елдің тыныс-тіршілігінің ұранына айналды. Қан майданда қазақтар ерекше жанқиярлықпен шайқасты. «Қазақстан, - деп жазды «Правда» газеті, - әркімнің жүрегіне жақын, ол совет халқына аса қымбат, бізде ашық та ержүрек қазақтар, олардың байсалдылығы мен адалдығы шексіз сүйіспеншілікке бөленуде» [5].

Сұрапыл соғыс жылдарындағы республикалық газет тігінділерін ақтарып қарасаңыз қайтпас та қайсар халқымыздың майдан мен тылдағы мәңгі өшпес ерлігіне тәнті болып, бас иесіз. Басмақалалар, қазақ халқының қазақ майдангерлеріне немесе майдангерлердің қазақ халқына арналған хаттары, үндеулері публицистикалық отты сөздермен өріліп жатты. Қазақ халқының қазақ майдангерлеріне хаттары негізінен алғанда «Осынау қан майданда сендерді ұлы батыр бабаларымыз Едігенің, Бекеттің, Кенесары мен Наурызбайдың, Исатай мен Махамбеттің, халық батыры Иманұлы Амангелдінің аруақтары қолдасын! Өліспей беріспеңдер! Арттарыңда ұлы Отаның тұр!» деген аманат сөздермен аяқталып отырды.

Жыр алыбы Жамбыл бастаған халық ақындарының республикалық айтысы күндері олар Сталинге жазған хатта «Біз ер аталарымыз Едіге, Қобланды, Кенесары-Наурызбай, Исатай-Махамбет, Амангелділердің жауынгерлік салтымен егес майданда өктем шыққан қазақ халқының батыр ұлдарын жыр етеміз!» деп жар салды [6].

Фашистік Германияға қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін 1945 жылғы 24 мамырда Кремльде «халықтар көсемі» Сталин даңқты қолбасшылардың құрметіне жасалған салтанатты қабылдауда «Кеңестер Одағындағы барлық ұлттар ішіндегі ең



ерекше ұлт» болып отырған орыс халқының саулығына тост көтерді, «ұлы орыс халқы» деген тіркеске үлкен саяси мағына бере отырып айтты, орыстардың қан майданда атқарған рөліне айрықша тоқталды [7].

Осыдан соң-ақ «Ұлы орыс халқы» деген тіркес кеңестік журналистиканың туына айналып жүре берді, Ресей тарихы қайта қаралып, оны тек мадақтау, «ұлылығын» дәріптеу сипатындағы көзқарас белең алды [8].

Бұдан бұрын да БК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 9 тамызда қабылданған "Татарстан партия ұйымы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмысының жайы мен оны жақсартудың шаралары туралы" қаулысында Едіге жайындағы ұзақ жылдарға созылған айыптаудың негізі көрсетілген болатын [9]. Аталмыш қаулыда Татарстанда Едіге жайлы эпостың насихатталуының қате екендігі ашып айтылып, жырға «хандық-феодалдық» деп баға берілген еді. Бұл баға қызыл империяның саққұлақтарына» қаруға айналды. Осыдан кейін-ақ қазақ халқының даңқын асқақтатып келе жатқан «Едіге батыр» жыры да, ер Едігенің өзі де баспасөз бетінде қаралана бастады [10].

Өткен тарихта Ресеймен соғысқан, жауласқандардың бәрі де орыс халқының, демек, халықтар достығының жауы деп бағаланды, патшалық Ресейге қарсы күрескен ұлт өкілдерінің бәрі дерлік «дұшпан» ретінде жария етілді. Ресей жаулаушылығы басталғаннан көп бұрынғы тарихи оқиғалар да дәл осындай сірескен догматикалық тұрғыда қарастырылды. Бір мысал: XIV ғасыр мен XV ғасырдың шежіресінде елеулі орын алған даңқты би, қолбасы, мемлекет қайраткері Едіге де қараланды. Оның 1409 жылы ауыр әскермен барып Мәскеуді қоршағаны, орыстарға салық салып, айып алғаны алғы кезекке шығарылып, орыс халқының жауы деп көрсетілді [11, 108-109 б.].

Қазақ жерін патшалықтың құлдығынан сақтап қалу жолында арпалысқан Кенесары, Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысы кертартпа, монархист ретінде қараланды.

Республика Ғылым академиясының негізін қалаушы, әрі бірінші президенті, КСРО Мемлекеттік, Лениндік, Сталиндік сыйлықтарының лауреаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, халқымыздың аяулы перзенті, академик Қаныш Сәтбаевты Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің жабық мәжілісі 1951 жылғы 23 қазандағы шешімімен үш факті бойынша қаралағаны тарихтан белгілі. Солардың бірі – 1927 жылы оның редакциялауымен және алғысөзімен шыққан Едіге туралы аңыздың қателігін 1945 жылдан кейін де айыптамағаны болды. Қ.Сәтбаев 1952 жылы 20 қаңтарда И.В.Сталиннің атына жазған хатында былай деп жазады: «Менің алғысөзіммен 1927 жылы кітапша болып шыққанша Едіге туралы аңызды Уәлиханов, Мелиоранский, Потанин, Диваев жинастырып, жариялаған, ал менің кітапшам шыққаннан кейін де Батырлар жырының 1-томының авторлары мен редакторларынан бастап түрлі оқулықтардың, жинақтар мен пьесалардың құрастырушыларына дейін ол көптеген адамдардың еңбектерінде жарияланды. Едіге халық батыры ретінде Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің Насихат бөлімінде әзірленген Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің барлық секретарьлары және басқалары қол қойған белгілі «Қазақ халқының қазақ майдангерлеріне хатында» да ерекше атап көрсетілген болатын. Бұл деректер Едіге туралы реакциялық эпосты тұңғыш насихаттаушы мен емес екенімді әсіресе, дәйекті насихаттаушы емес екенімді, дәлелдей түседі...» [11, 77-80 б.].

Осы орайда академик-публицист Қ.И.Сәтбаевтың тағдырына тек жеке тұлғаның тағдыры ретінде ғана қарамау керек, бұл республика ғылымының қалыптасу кезеңіндегі қиындықтарды, тосқауылдарды да көз алдымызға келтіргендей. Оның Қазақстан ғылымы тарихында да зор маңызы бар. Өкінішке орай, қай кезде де болмасын ірі таланттарға кедергілер көп болды, қара күйені баттастыра жағуға құлшынып отырушылар аз болған жоқ. Кезінде Қаныш Имантайұлының үстінен әр түрлі өкімет және партиялық орындар мен мекемелерге жолданып отырған домалақ арыз-хаттар осы айтқанымыздың айқын дәлелі бола алады. Әрі оны ұйымдастырушылар өз маңайында жүрді. Қалай дегенмен де

әділдік жеңді, 1955 жылдың ортасында академик Қ.И.Сәтбаев Республика Ғылым Академиясының президенттігіне қайта келді.

«Едіге би халық тарихындағы пассионарлық тұлға, - деп жазады академик Ғарифолла Есім «Қазақ елі – атамекен ренессансы» деген публицистикалық толғауында. – Академик Қаныш Сәтбаевтың «Едіге жырын» зерттеуінің сыры тегін емес. Ол кезінде «Едіге жырын» зерттеуді қолға алуы арқылы отандық тарихтың бастау арнасын дөп тапқан. Сол үшін академик жұмыстан қуылды, бірақ ол Қаныш Сәтбаевтың тарих алдындағы ерен ерлігі еді» [13].

Академик бұдан әрі қазақ халқының төл тарихы Ер Едігеден бастау алатынын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың нақты айтқанын тілге тиек етеді: «Біздің қазақтың арғы-бергі тарихында Ордабалық, Суяб, Тараз, Баласағұн, Сығанақ, Жент, Сарайшық, Түркістан сияқты қалаларда ордалы жұрттың туы тігілген. Астананың дәл іргесінен табылған Бозоқ қаласы да үлкен орталықтың бірі болғанын ғалымдар дәлелдеп берді. Астананың қазіргі жарқыраған жаңа көшелерінде Сарайшық, Сығанақ, Түркістан деген аттарының берілгенін байқаған боларсыздар. Бұл төл тарихымызға деген бүгінгі ұрпақтың құрметі. Ертедегі ер бабамыз Едігеден бастап, айбынды Абылайға дейінгі хандарымыздың бәрі осы Есіл бойында орда тіккендері тіпті де тегін болмаса керек» [14].

Мына жайтқа назар аударған жөн. Сталиннің «Ұлы орыс халқы» деген тіркеске айрықша мән беруіне дейін ұлышовинистік империялық пиғыл бұрын-соңды осыншалықты дәрежеде ашық түрде бас көтере қоймаған болатын. Бұған дейін даңқты Едіге, Кенесары, т.б. бабалар есімдері басылымдар материалдарынан, өлең-жырлардан, әдеби-көркем, ғылыми еңбектерден түскен емес еді. Кеңес Одағында қазақ халқының беделі жоғары еді.

Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібектен бастап, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке, Абылай, Кенесары хандарға дейін туған жерді қорғауда жан алып, жан берісті. Қаншама жойқын соғыстарды бастан кешіріп, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшыраса да қазақтың ұлан-байтақ даласын жат жұрттықтардың табанына таптатпауға жандарын салды.

Жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» қазақтың көшпелі мал шаруашылығының осал жақтарын көрсетті. Бір жақты көшпелі мал шаруашылығына негізделген байырғы тұрмыстық тыныс-тіршілікпен қуатты көрші мемлекеттердің тегеурінді шабуылына төтеп беру қиын еді. «Ақтабан шұбырынды» тұсында Қазақ елі терең рухани дағдарысты басынан кешірді. Басы «Елім-ай» болып, ХҮІІІ ғасырда өмірге келген түрлі жанрдағы туындыларда уайым-қайғының сарыны есіп тұруы да сондықтан. «Рухани дағдарыстан арылу рулық-жүздік танымнан жалпы ұлттық санаға, дүниетанымға өтуге, ұлт ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орныңды анықтап алуға тәуелді еді, - деп жазады тарихшы М.Қойгелдиев. – Қазақ елінің рухани элитасы бұл заман талабын тура түсінді. Бөгенбай, Саңырық, Тайлақ және басқа батырлар рулық мүдде, рулық патриотизмге жол берген жаңа тарихи кезеңнің, соған байланысты өмірін тек өз руының ғана емес, ауыр азапты жағдайдағы қазақ жұртының тағдырымен байланыстырған, тек өз руының теңдігі мен еркіндігі үшін емес, жалпы ұлттық теңдік пен еркіндікті мақсат тұтқан, демек өз дәуірінің прогресшіл принциптерін ұстанған тұлғалар болатын» [15].

Тәуелсіздік қарсаңында еліміздің ұлттық басылымдарында ұлт мүддесін жалаулатқан мақалалар бұрынды-соңды болмаған леппен жарияланып жатты. Олардың негізі қазақ халқының ұлт ретінде қалыптаса бастауынан бергі кезеңдердегі басына төнген қасіреттің қадау-қадау мәселелерін ашып көсетуге арналды. Сол материалдарды саралар болсақ, бұлардың арасында ел, жер тарихына, Ресей отаршыларының кең байтақ қазақ жеріндегі небір сұрқия озбырлықтарына байланысты жарияланымдардың аз болмағанын байқаймыз.

Патшалық Ресейдің қазақ жеріне бекіністер салу, орыс шаруаларына халқымыздың ата қоныстарын ата-бабаларынан қалған мұрадай үлестіріп беріп, сол шұрайлы жерлердегі қазақтарды күштеп қуудағы патша өкіметінің негізгі саясаты да кең байтақ даланы



иемденіп қалып, қазақты ұлт ретінде жойып жіберу еді. Он жетінші жылғы Қазан төңкерісі де үмітті ақтамады. Олардың да түпкі мақсаты отаршылдықты орыстандыруға ұластыру болды. Осы құйтыртқы саясат кеңес үкіметі тұсында да өзінің заңды жалғасын тауып, қазақ өз елінде азшылыққа ұшырады.

Қазіргі қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына шүбәсіз алып баратын бірден-бір жол елдегі тыныштық, сан алуан ұлттар арасындағы өзара келісім, күллі әлем алдындағы арта түскен абырой-бедел, «Қазақстан» деген елдің, «қазақ» деген халықтың бет-бейнесі мен өзіндік үнінің асқақтай түсуі, еліміздің Орталық Азия көшбасшысы ретінде таныла бастауы айқын дәлелденгендей.

Қорыта келе айтарымыз, Тәуелсіз Қазақ елі тарихшыларының, фиолософтары мен публицистерінің алда тұрған ұлы міндеттерінің негізгі бір парасы төл тарихымыз бастауларын терең ой елегінен өткізіп, ұлы дала – жер тарихына қатысты нақты тұжырымдар жасау болып табылса керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сайдуллин Т. Ұлт мүддесі және ұлттық идея // Егемен Қазақстан. - 2012. - 19 шілде.
- 2 Рамазан Д. Қазақстан көп ұлтты республика ма? // Қазақ әдебиеті. - 1996. - 28 мамыр.
- 3 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. - 1997-1999 бб.
- 4 Бердібай Р. Едіге деген ер еді... «Эпос – ел қазынасы» кітабында. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1995. - 105-172 бб.
- 5 Арсенал фронта. Передовая статья // Правда. - 1943. - 6 февраля.
- 6 Халық ақындарының Сталинге хаты // Социалистік Қазақстан. - 1943. - 7 желтоқсан.
- 7 Торжественный прием в Кремле // Правда. - 1945. - 25 мая.
- 8 Великий русский народ. Передовая статья // Правда. - 1945. - 27 мая; Ұлы орыс халқы – ерекше ұлт // Социалистік Қазақстан. 1945. 27 шілде; т.б.
- 9 КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференции и пленумов ЦК. 1971. Т.6. –С. 119.
- 10 Бекмаханов Е. Едіге – халықтың зұлым жауы // Социалистік Қазақстан. 1945. 2 қазан.
- 11 Бердібай Р. Едіге деген ер еді... «Эпос – ел қазынасы» кітабында. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1995. -108-109 беттер.
- 12 Сәтбаев Қ. Жазықсыз кінәлі болғаным ба? // Қазақстан коммунисті. 1989. № 4. -77-80 беттер.
- 13 Есім Ғ. Қазақ елі – атамекен ренессансы // Егемен Қазақстан. 2011. 14 қараша.
- 14 Президент Н.Назарбаевтың Астананың 10 жылдығына арналған салтанатты жиындағы сөзі // Егемен Қазақстан. 2008. 7 шілде.
- 15 Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі. Тарих. Таным //Егемен Қазақстан. 1999. 26 ақпан.

РЕЗЮМЕ

В статье исследуются печатные публицистические материалы, посвященные разным периодам истории казахского народа.

RESUME

The article investigates the printed journalistic materials devoted to the origin of the ancient history of the Kazakh people.

М. Хамзин

Қарағанды «Болашақ»
университеті, ф.ғ.д., профессор

**Дия Ахметұлы
поэзиясының
типологиялық
өрісі****Аннотация**

Мақалада өз шығармашылығы арқылы тәуелсіздік идеясын көтерген танымал ақын Дия Ахметұлының поэзиясы жан-жақты талданады. Оның шығармаларының типологиялық өрісі, басқа ақындар шығармаларымен үндестігі, ортақ мақсат – мұраты саралаудан өткізіледі. Осы арқылы осы уақытқа дейін кең әрә ауқымды зерттеулерге арқау бола қоймаған Дия Ахметұлының шығармашылығы Мәди, Иманжүсіп, Оқа, Бабас, Түсетай т.б. ақындар шығармалары мен тығыз байланысты, органикалық бірлікте қарастырылған.

Түйін сөздер: поэзия, отаршылдыққа қарсылық көрінісі, тәуелсіздік идеясы, типология, авторлық ұстаным, поэма, өршіл рух, күрескерлік поэзия, ортақ бағыт.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан ұлттық мұраларына қатысты өміршең саясат ұстанып отыр, ал, бұның өзі қазақтың руханият тарихын және тәуелсіздікке қол жеткізуге үлес қосқан танымал тұлғалар шығармашылығын саралауға мүмкіндік береді. Бұл орайда тәуелсіздік идеясын көтерген бір ақынның емес, бірнеше ақынның шығармаларындағы типологиялық байланыстың алатын орны ерекше.

Біз қарастырмақшы болып отырған ақындар, негізінен, Орталық Қазақстан өңірінің өнерпаз тұлғалары. Олардың ішінде айрықша көзге түсері – Дия қажы Ахметұлы дер едік. Дия қажы Ахметұлы бастаған ақындық орта деп шығармашылық көріністерін жинақтап, синтездеп топтастыруымыздың өзіндік себептері баршылық. Яғни ақындардың айналасындағы шығармашылық ахуал мен идеялық тұтастықтың табиғатын ашу үшін, асыл қасиеттерін тану бағытында көптеген ұтымды дүниелер табуға жеңілдіктер болады. Және әр қоғамдық сферадағы жекелеген тарихи оқиғалардың белең алуына жалғыз адам көзқарасынан көрі, топтың, біріккен ортаның ойы мен тұжырымы нәтижелі рөл атқарғандығы сөзсіз.

Ақын айналасына шоғырланып, оның ақындық дәстүрінен нәр алған, имандылық пен азаматтық тәрбиесін бойларына тұмар тұтқан шәкірт-ақындар аясы тарихи тұлғалармен де толысып-толығып отыратыны белгілі (би-шешендер, күйші-әншілер, билік орнындағылар т.б.).



Заманының зәбірін көріп, запыранын құсқан Дия төңірегіндегі ақындар туындыларының тақырыбы мен идеясы – өздері мекен еткен ортадағы қоғамдық заңсыздықтардың әлеуметтік ахуалынан көрініс беретіні талассыз.

Бұратана бөлінді,
Қу мен құтан демікті.
Жаманның көңілі тәкаппар,
Астамшылық еніпті.
Шайшыл болды жарымес,
Саумал ішпей көбікті, -

деп, Оқа ақын қырсық шалған уақыттың қияңқылығына күпірлік қылған астамшыл адамдардың кейбір мінездерінен заман бейнесін байқатып қояды [1, 61].

Немесе:

Жалбыр, мұртты, қияқты,
Адамдар болар ұятты.
Бүлдеге бөккен пенделер
Ертеңіміз сияқты, -

деген шумағында «бұратана» деп санаған елдің ертеңін «мәдениеті жоғары, ұятты мол» адамдар құрайтынын болжамды иронияға сүйеніп, өткір сынымен белсенділер қылығын әшкерелеп түйреді [1, 62].

Оқа өз кезінде «Абылай хан» атты тарихи дастан жазған. Өкінішке қарай, бұл еңбек бүгінде таптырмай отыр. «Абай «Сегіз аяқ» жазғанда мен «Он алты аяқ» жазамын» деп, он алты аяғын жазған. Бірақ біздің қолымызға өлеңнің толық мәтіні жетпей отыр.

Отарланған қазақ өлкесінде әртүрлі жаңа адамдар тобы, кәсіпшілер, табысқорлар, сырты бүтін, іші түтін жып-жылмағай, сұм-сымпостар көбейген сайын күдік пен қауіп те ақындар секемін өршітті. Түпкі ниеттері өзіншіл жеке бастың қамымен сырлары бүркелген, әрекеттері келісілген, заңдастырылған бөтен адамдардың бет алысына, сол қоғамның озбырлығына наразы болып өткір сын айта білген Дия қажы – қазақ баласының амандығы мен саулығын, елінің бүтіндігі мен тыныштығын революциядан бұрын-ақ сақтандыра білген көреген суреткер, әділетті ту еткен тарихи тұлға. Ол өз өлеңінде:

Көбейді дұшпан,
Кеудені қысқан.
Азайды достар,
Жаулар көп.
Білмеген елге,
Көрмеген жерге
Әкім болды сырттан кеп...
Жақының бар, сүйегің бар,
Ойлан, заман, арты тар
Кенже қалма, оққа барма
Артында оның орыс бар.
Артында – от, алдында – жар
Айналатын жерің тар, -

деп, кенжелеу қалған халқының тағдырын уайымдап, әліптің артын баға біліп, жұмыла көтерген жүк жеңіл екендігін ескертіп, бірлігі бекем елге бөтен жұрттың тісі батпайтындығын ақылмен насихат қылады [2, 63].

Дия қажы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті жақтап, патшаның қазақтардан солдат алуына наразы болған және сол оқиғаға қарсылық шараларын ұйымдастырғаны мәлім. Тізімге ілігіп, кетер-кетпесін білмей әрі-сәріде тұрған қазақтарға қасында жиырмадан аса жігіті бар Дия қажы шауып келіп: «Бәрібір орыс сендерді шепке тартып өлтіреді, тыпыр етпеңдер!» - деп ескерту жасаған екен.

Халықтың тұрмысы мен ұрпақтың рухани жіктелуі, бейбітшілігі мен тұтастығы үшін ауызбірлік керек деп адуынды ақынның жарғақ құлағы жастыққа тимеді. Дала халқының өзіне ғана тән тұрмыстық нормативтерінен біржолата айырып, жұтату – қысастық, өктемдік екенін түсініп, Дия қажы ешбір қиянаттан қорықпай, шемірікпеді, ақиқатқа араша түскен бағытынан тайынбады. Дия қажының осы бір бірбеткей қасиетін айналасындағы біртұтас ақындар Қапас, Бабас, Түсетайлар да құптаған.

Шар болаттай шамырқанған шабытты да бүкпесіз ойларды көз алдымызға келтірген Бабас ақын:

Көрдiк ақты, көрдiк көктi, қызылын,
Дар ағашта жiптiң салды ұзынын.
Тiлдi кестi, жөн сiлтерсiң қалайша,
Кiм түсiнер маса тiлдiң ызыңын, -

деп, ақ, қызыл болып бөлінген аждаһа іспетті зобалаң түстің үстемдігін сөз ете отырып, жіпсіз байлаған қоғам жөн айтуға да мұрсат бермегенін жырға сыйғызады [1, 76]. Бабас өзінің көкейден сарнап шыққан ұранды ойларын озбырлықпен аяқ асты таптап, еркінен айырған заңқойларға, түбінде қайырсыз өлімге апарар заманның опасыз ағымына мұңналасын шағады. Шымбайына қатты батқан шындық көкіректе тығылып жата алмайды.

Бабас ақынның «Маса тілдің ызыңы» деп берілген метафоралық қолданысты ұйымдастырудағы түйін: ашық халықтың қару-қалқаны – тіл, ендеше, қорқынышпен үрейлендіріп адами қарым-қатынастан, насихат беруден айырғысы келген заңқойлардың жасаған кедергісі өзек болғандай: яғни ақынның адам тілін ешкім түсінбейтін байғұс мазасыз масаның ызыңына теңеуі – табылып айтылған балама-алмастырудың батыл көрсеткіші.

Ел басына «тұрымтай тұсына, балапан басына» билеп-төстеуші заман енді туады. Бұл кезең халық азаматтарының ешқайсысына да опа берген жоқ.

Әсіресе, 1926 жыл Дия қажыға оңай тимесе керек. Ел ішінде шолақ белсенділер Дия қажыны қайта-қайта көрсетумен болды. Ақыры, Қарқаралы абақтысына бір айдай қаматып тынды. Дегенмен, бірбеткей, қайсар мінезінен қайтпайтын ізгілік жолында аянбаған Дия қажыға шолақ белсенділер өшігіп, істі насырға шаптырды. Соның бірінде тексеруге келген сот Бегалинің Сапарғалиына:

Сапарғали би,
Ентiгiңдi тый.
Құтырма,
Өтiрiк арыз
Емес парыз,
Есiң жый.
Үй тiккiзiп,
Бел бүккiзiп,
Әлден алдың бiраз сый, -

деп, ел көзінше соттың беделіне нұқсан келтіріп, реңсіз әрекетпен әуестенген белсендісімақтардың намысына тиіп, «мықтылардың» жарасын тырнай тіл қатты [2, 37]. Осындай қайшылығы көбейген заманда басына қиямет-қайым орнайтын ең алдымен кедей-кепшік, момын шаруа екені даусыз десек, жоқ-жітіктің көбеюіне, ел-жұрттың азып-тозуына сол жаңа қоғамды тудырушы өкілдердің кінәлі екені Дия қажы шығармасында реалистікпен өткір танылады:

Өңкей быдық,
Жоқ қой шындық,
Белгілі тегі
Ата жоқ
Айқай, дабыс
Күнде шабыс,



Жоғалды елден
 Ар-намыс...
 Жинап алып
 Кедейлерді
 Былай-ау деп айту жоқ.
 Айтты, бітті,
 Пішті, кесті,
 Райынан қайту жоқ [2, 41].

Айтылмыш жағдайды, қоғамдық әділетсіздікті дәл танытқан Дия қажы қарапайым еңбек адамдарының, кедей-кепшіктің жоғын жоқтаушы болғанын анық байқаймыз. Келеңсіз кесапаттарға қарсы Дия қажы темпераменті, ішкі эмоциясы ызаға булыққан дүйім жұрттың дүрбелені тәрізді.

Заң орындағыштар шағын ауқатын сүліктей сорғанда қуат-күшінен айрылған дәрменсіз қалған жетім бала, жесір әйел қалай күн кешпек деген ой Дия көкірегін жегідей жейді:

Майды шайнап,
 Малды айдап,
 Алды әбен құтырып,
 Мына бетте,
 Түрі жаман
 Алар тегіс сыпырып...
 Жетім бала,
 Жесір әйел
 Сонда қалай күн көрер?!
 Сорлап халі,
 Кетіп әлі
 Қайда барып бел шешер?! [2, 56]

Талай белсенділердің ылаңы мен ызғарына бағынбаған Дия қажы:

Опық жеме,
 Жинал, халқым,
 Айла жаса өлмеске.
 Қасындағы
 Аз қараңды
 Бел буындар бермеске, -

деп, халқына «бір жағадан бас шығарып» тірлік жасауды насихаттайды [2, 59].

Ұлттық тұрпаты, елдік сипаты бұзылған көнбіс халықтың өзіндік дербестігі жойылып, сүйекке сіңген еркіндіктің ауылы алыстап, бодандықтың қамыты шешілместей киілген іспетті еді... Ақылды адамдардың жөнін тыңдауға да қоғам белсенділері құлақ түрмеді. Тындай қалса, оларды халыққа қастандық ойлайтын дұшпан ретінде көз алартып жазаға бұйырды. Алағай да бұлағай сол бір тұста жөн сілтер азаматтардың заманның зымиян қармағына ілініп жатқанын көріп, Түсетай ақынның жігері құм болып тығырыққа тірелді:

Жыр тумак қандай ойда Түсетайдан?
 Жөн сілтер табылар ма кісі қайдан?
 Тап болдық заманына аузыңды ашсаң,
 Қағатын теріс қойып ашамайдан [1, 87].

Аузын апандай ашқан, айдаһардай ақырған заманның жәдігөйлігіне тап болып, жөн сілтер, бағыт берер замандастарының аздығына ақын жүрегі қынжылады.

Заманының азғандығы соншалық, ең жақын деген адамдардың өзінің бойынан бір-біріне деген сенімнің кеткенін, толық, жіктеп бөлінушілік өріс алғанын ақындар өз өлеңдерінде құр жібермейді.

Төрге озды алтын болып бақырың,
Бұрау салып қозғалтпайды тоқымын.
Төсек салып бала таптай, бит қарап,
Кім жақсың деп ызындайды қатының, -

деген өлең шумағында Бабас ақын адамзат қоғамының сан ғасырлық тарихында моральдық және психологиялық өрістеудің ұлы қозғаушы күші, келешекке кең бағыт алудың ең сара жолы – сенім, ендеше, сенім жоғалған жерде тіршіліктің мәні де шамалы екенін растайды, ескертеді [1, 98]. Қара бала қамы үшін қазанның қасынан, от басынан шыға алмайтын қойныңдағы қатының «кім жақсың?» деп күдіктенгенде, қоғам күдігі онсыз да кернеген көкіректі күйзелтері сөзсіз екенін Бабас ақын тегеурінді тілмен әспеттеп өтеді.

«Күлтелі Көкжиренін мініп, қысқабаттай құрысқан, қас қабақпен ұрысқан» Қапас ақын – елдің береке-бірлігін кетірген тар заманның тұрпатына қарсы тұрып, ақпен де, қызылмен де тайталасып өткен заманның ірі тұлғасы. Қапас Тоқсантайұлы Жарылғап батыр баласы Қырбастың Бәйсейіт бұтағынан тарайды. Ой батыр болып та, қол батыры болып та қоғамның қайшылықтарымен күресе білген Қапас ақын:

Сол алағай, алағай,
Түзелмеді жағдай.
Түн отырдық еру боп,
Күн өткердік жадағай.
Ас батпайтын күн жетті,
Түсеусіз өткен баладай, -

деп, қисық заманның жадағай сұрықсыз көрінісін көрсетіп Махамбет рухына мінсе, бірде:

Қайран да қайран, қайран күн,
Қайта айналып келе ме
Қаса сұлу бүгілтіп,
Тілін сорған сараң күн?
Қуандық өтіп, Тама асып,
Тобықтыға тоқтамай,
Қаржаспенен қаржасып,
Атандай сүрген алты күн,
Томалақтай тайраң күн? –

дей келіп, Қазтуған риторикасы мен гармониясының сауытын жамылып, кіреукесін киініп, өткенін аңсап өкініш білдіреді [1, 111].

Біз сөз етіп отырған ақындар поэзиясы типологиялық тұрғыдан алғанда, Жаяу Мұса Байжанұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, Мәди Бәпиұлы сияқты ақындар шығармаларымен үндес, бағыттас. Жаяу Мұсаның өршіл поэзиясы Мұстафа болыстың, Иманжүсіптің күрескерлік поэзиясы Райымхан болыстың, Мәдидің рухты өлеңдері ағасы Қақабайдың көрсеткен зәбір, қиянатынан ғана туған жоқ, жеке бастың азаттығын жырлау арқылы олар қазақтың тәуелсіздігін жырлады. Бұл – мәселенің бір жағы болса, осынау ақындар шоғырындағы Дия ақын өз халқының асыл дініміз Исламнан ажырап, мәңгүрттеніп кетпеуі үшін араб әдебиетіндегі шығармалардың негізінде «Шаһарбану», «Мұхаммед», «Шаһи», «Әбушаһман хикаясы», «Нұрлығын», «Шаһизада», парсы ақыны Фердаусидің «Шах-наме» шығармасының негізінде «Сақырап» дастанын жазды.

Аталмыш ақындар нағыз Алаштық рухты асқақтатқан дүлдүлдер еді. Тәуелсіздік аңсаған олардың шығармалары ұлттық поэзиядағы әдеби ағымды туғызды. Жалпы, ұлттық поэзиядағы қоғам мен ақын қарым-қатынасы жайлы М. Әуезов [3], ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі жайлы С. Негимов [4], Алаш рухының ұлттық әдебиеттегі көрінісі жайлы Д. Қамзабекұлы [5] еңбектері т.б. бұл ойымызға дәлел бола алады.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дия қажы. Шығармалары. - Алматы: Қазақпарат, 2009. – 151б.
- 2 Бір ауыз сөз (Шет өңірі ақындары поэзиясының антологиясы). - Алматы: Қазақпарат, 2008. – 351б.
- 3 Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Санак, 1997. – 304б.
- 4 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. - Алматы: Ғылым, 1991. – 200б.
- 5 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. - Астана: Фолиант, 2002. – 471б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются типологические связи поэзии Дия Ахметулы, известного акына казахской литературы начала XX века. Сходство и идейная направленность его поэзии анализируются в сопоставлении с творчеством Иманжусупа Кутпанулы и Жаяу Мусы Байжанова. Объектом исследования являются также поэмы автора, написанные на основе сюжетов персидской и арабской литературы.

RESUME

The author of the article considers the typological connection of poetry of Diya Ahmetuly who is a well-known akyn-rebel of the Kazakh literature of the early 20th century. Similarities and the ideological orientation of poetry are analyzed in comparison with Imanzhusip Kutpanuly and Zhayau Musa Baizhanov`s works. Also the object of the study are the author`s poems, written on the basis of Persian and Arabic literature plots.

Р.А. Шаханова

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, д.п.н., профессор

Полноводная река жизни...

Аннотация

Статья посвящена некоторым аспектам творчества выдающегося писателя и мыслителя Ч.Айтматова. Автор делится своими воспоминаниями о некоторых эпизодах из встреч с писателем.

В работе говорится о влиянии творческого наследия Ч. Айтматова на современное поколение, на литературную и театральную атмосферу казахской интеллигенции и молодежи. Особое внимание уделено неоценимому вкладу художественного творчества писателя в национальную и мировую литературу, показана актуальность морально-нравственных проблем, лежащих в основе его произведений.

Вывод работы связан с глубоким убеждением автора статьи в том, что творчество Ч. Айтматова является важной вехой в развитии современной литературы, а исследование его произведений достойно занять отдельное место в литературоведении.

Статья может быть полезна и профессиональным филологам, и любознательному современному читателю, не связанному с наукой.

Ключевые слова: литература, культура, творчество, роман, фольклор.

Я благодарна судьбе, которая подарила возможность знакомства и встреч с Чингизом Торекуловичем Айтматовым, величайшим писателем и властителем дум. Знакомство с творчеством Чингиза Айтматова произошло у меня еще в тот период, когда я училась в средней школе им.Трубицына в с.Мерке Жамбылской области.

Интерес к литературе привил мне мой отец, Аргимбаев Аширбай Мамыраимович, имевший высшее юридическое образование. С детства он воспитывал в нас любовь и уважение к лучшим образцам казахской литературы и знакомил с произведениями известных русских и зарубежных писателей. Отец говорил, что самое большое богатство – это книги. И до сих пор в нашей семье сохранились такие книги из библиотеки отца, как «Антология казахской поэзии», книги М.Ауэзова, Ч.Айтматова, произведения А.С.Пушкина, Лескова, Шишкова, В.Каверина, Ж.Санд, Э.Золя, Ги де Мопассана, Р.Роллана и мн.др.



Где – то в 1965 году отец принес нам сборник Ч.Айтматова «Повести гор и степей». Дети из нашей семьи учились в школе с русским языком обучения, и мы, все старшие, захлеб читали этот сборник. Мне особенно понравились повести «Джамиля», «Первый учитель», «Материнское поле», «Прощай, Гульсары». Позже, когда вышел фильм «Первый учитель», почти все ученики из старших классов по несколько раз гурьбой ходили в кинотеатр.

Повесть «Прощай, Гульсары» была особенно близка нам, старшеклассникам, так как главный герой показан Ч.Айтматовым сначала в процессе становления, затем в процессе мужания, и при этом были объединены человеческое и общечеловеческие начала, что давало силы и целеустремленности целому поколению.

Во времена, когда я училась в институте в Алматы, мне удалось несколько раз побывать на спектаклях «Ана – жер ана» в Казахском государственном академическом театре драмы им. М. Ауэзова, где главную роль исполняла незабвенная великая актриса, народная артистка СССР Сабира Майканова.

Также я счастлива, что видела великолепную игру в спектаклях по произведениям Ч.Айтматова «Ана – жер ана», «Жамиля», «Ак кеме» моей любимой актрисы, соседки по дому, лучистой и гордой Бикен Римовой, которая всегда давала нашей семье материнские советы и наставления. И нам близки слова Фредерико Феллини: «Как ни символичен образ матери в «Материнском поле», как ни условен ее диалог с полем, а все же мы видим реальную, земную женщину». Ведь именно такой была замечательная актриса с большой буквы Бикен Римова, которой все поклонялись и уважали.

Работая преподавателем кафедры русского языка в Казахском национальном техническом университете им. К. Сатпаева (бывший политехнический институт им. В.И.Ленина), вместе со слушателями подготовительного отделения в преддверии 60-летия великого писателя, мы послали на родину Чингиза Айтматова посылку с книгами казахских авторов на казахском и русском языках, а также организовали посещение спектаклей по его произведениям.

Помню, что особый восторг вызвала постановка замечательного казахского режиссера, внесшего неопределимый вклад в театральное искусство современного Казахстана, народного артиста СССР, лауреата Государственной премии СССР Азербайджана Мадиевича Мамбетова «И дольше века длится день», где творчество Чингиза Айтматова предстало перед нами в ином ракурсе, который открывал нам новый неизведанный мир. Известный литературовед Е.Сидоров так отметил выход этого первого романа Ч.Айтматова: ... «И дольше века длится день» - роман сложного состава, где сплетаются быт и предание, реальность и фантазия, день и век [1].

Действительно, Ч.Айтматов перешел от своего раннего творчества к новому более сложному этапу. Роман «И дольше века длится день» олицетворяет современную жизнь в ее движении, где внутренний мир современного человека показан через призму общечеловеческой нравственности, заложенной многими веками нашими мудрыми предками. Образы Едигея и Казангапа, простых людей, занятых тяжелым физическим трудом, раскрыты Ч.Айтматовым в высоком, философском аспекте, так как во все времена труд является основой человеческой цивилизации и культуры, что особенно важно для подрастающего поколения.

В современное время глобализации, особенно актуален факт обращения писателя ко всем людям, невзирая на национальность, ко всему человечеству с призывом объединиться в решении глобальных вопросов. При этом ни одна народность не должна утратить свое национальное лицо, самобытность, язык. И эти вопросы, когда-то заданные писателю в детстве: «Чей ты? Кто твой отец? обращены ко всем собратьям по разуму, ко всему человечеству» [2].

Во время работы деканом психолого–педагогического факультета, а сейчас завкафедрой филологических специальностей Института магистратуры и PhD

докторантуры Казахского национального педагогического университета им. Абая вместе со студентами, магистрантами, докторантами несколько раз посетили и продолжаем посещать великолепные постановки известного режиссера, народного артиста Республики Казахстан, лауреата премии Ленинского комсомола Казахстана Т.Теменова «Тополек мой в красной косынке», «Пегий пес, бегущий краем моря» в Казахском государственном академическом театре для детей и юношества им. Г. Мусрепова.

Повесть «Тополек мой в красной косынке», где главные герои Асель и Ильяс, не смогли перебороть и пройти испытания судьбы, была очень интересна нашим обучающимся, так как они узнали, как сложится жизнь Асель и Ильяса, и все желали и чтобы путь их сына Самата был светлым и без препятствий.

Так, долгие годы в Алматы на ул.Тулерабаева, наша семья была соседями известного казахского писателя Шерхана Муртазы и его искренней и доброй супруги Мариам апай. И у нас сложилась традиция: если Чингиз ага был у нас в гостях (мы жили на 5 этаже), то обязательно приглашали Шерхана-ага и Мариам апай. Если же были в гостях в семье Ш.Муртазы (на 4 этаже), то мы несомненно были у них. В этих незабываемых вечерах часто участвовали Мария Урматовна и их дети сын Эльдар и дочь Ширин, а также известные казахские писатели-корифеи Калтай Мухамеджанов, Оралхан Бокеев, Сейдахмет Бердикулов, поэтесса Куляш Ахметова и др. Позже мы с Муха (Мухтаром Шахановым) назвали племянницу, дочь моего родного братишки Алишера, в честь дочери Ч.Айтматова - Ширин. Я лично не знала первую супругу Чингиза ага, но что меня удивляло, то, что он всегда с большим уважением говорил о Шекер апай и очень заботился и думал о будущем своих сыновей Санжара и Аскара.

Меня лично всегда восхищала великая дружба двух титанов духа и мысли Мухтара Ауэзова и Чингиза Айтматова.

Отец моих детей и дедушка моих внуков, известный поэт и общественный деятель Мухтар Шаханов, очень трепетно относился к Ч.Айтматову, как к великой личности, старшему брату, другу и наставнику. А сам Чингиз Торекулович высоко ценил поэзию Мухтара, всегда просил его прочесть новые произведения. Особенно импонировало ему то, что Мухтар читал свои стихи наизусть, и ему очень нравились метафоричность, иносказательность и гражданственность содержания стихов М.Шаханова. Несомненно одно, что встреча и дружба с Чингизом Айтматовым повлияли на духовный и творческий рост М.Шаханова.

В последнее десятилетие их дружба крепла с каждым днем и вылилась в произведение – откровение: «Плач охотника над пропастью или исповедь на исходе века» (1997), переведенного на многие языки, к тому же, совместно написанная пьеса «Ночь воспоминаний о Сократе» (1998) была поставлена на сценах многих театров.

Как мы знаем, Ч.Айтматов не прямо, а опосредствованно, использует легенды, мифы и притчи из устного народного творчества. Во многих из них они имеют стержневую роль, а сам писатель мастерски изменяет, дополняет, синтезирует их сообразно своим творческим планам.

Во всех произведениях великого писателя присутствуют рассуждения о насущных проблемах человека. И здесь мы можем согласиться со словами А.Акматалиева, где он говорит что, «...когда философия Айтматова, его художественно-поэтическое мировосприятие заостряется на проблеме Человечество – Вселенная, создается впечатление, что эти проблемы поднимаются и решаются впервые с позиции художественного обобщения. Именно в этом, на наш взгляд, заключается секрет того, как писатель может на локальном примере – житейской ли ситуации, отдельного ли образа-переживания, какого-то характера и конфликта – успешно решать общечеловеческие глобальные проблемы...» [3].

Дружба М.Ауэзова и Ч.Айтматова, дружба Ч.Айтматова и М.Шаханова, общение и дружба Ч.Айтматова со многими видными деятелями культуры, искусства и литературы



Казахстана, разумеется, благотворно сказалась на прогрессе казахской культуры и литературы, на процессе воспитания молодежи обеих суверенных республик Кыргызстана и Казахстана в духе дружбы и уважения к друг другу.

Приобщение к истокам великой литературы через творчество Ч.Айтматова продолжает волновать сердца, и пусть река жизни становится с каждым днем все полноводней, даря нам новые встречи и открывая новые грани великого наследия, которым по праву гордится весь тюркоязычный мир.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Сидоров Е.Ю. Литература и современность. - М., 1989.
- 2 Сыдыкова Г.Б. Чингиз Айтматов и русский литературно–критический дискурс: социально – философские искания и контекст романного творчества. - Бишкек: КРСУ, 2013. – С. 83.
- 3 Акматалиев А. Вселенная, человек и жаабарс // Вопросы литературы и искусства. – 2009. - № 1 (6). – С. 21.

ТҮЙІН

Мақалада Ш.Айтматов шығармасының қазіргі ұрпаққа естелік арқылы әсер етуі қарастырылған.

RESUME

The article touches upon the impact of the works of Sh. Aitmatov on the current generation through the prism of memories.



Аннотация

Бұл мақалада әдеби портрет жасаудағы тілдік бірліктердің рөлі айқындалған. Әдеби портреттің мазмұндық және формалық түрлеріне тілдік бірліктердің тигізер әсері ашылып, кейіпкер мінезін ашудағы олардың жұмсалу жолдары көрсетілген. Мінез туралы ешбір сөз қозғалмай, киім киіс, қимыл қозғалысқа байланысты бірліктерді оңтайлы қолдана отырып кейіпкерге мінездеме жанама меңзелетіндігі нақты мысалдармен дәйектелген.

Түйін сөздер: портрет, мазмұндық және формалық түрлер, тілдік бірліктер, кейіпкер мінезі, көркем шығарма, психологиялық портрет, портрет-мінездеме, мінез-құлық, суреттеу, сипаттау, авторлық шеберлік.

Ғ.Қ. Резуанова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
ф.ғ.к., доцент

В.А. Шнайдер

«Туран-Астана» университеті,
ф.ғ.к., доцент

Тілдік бірліктердің әдеби портрет жасаудағы рөлі

Портрет – көркем шығармаға қатысты әдеби термин. Жалпы портрет мәселесі өз алдына қарастыруды керек ететін мәселе. Оны кез келген көркем шығарманың құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет. Портрет көркем шығарманы талдауда кейіпкерге қатысты қатар қарастырылатын, қоса жүретін әдеби бөлшек.

Портреттің мазмұндық және формалық түрлері әр түрлі болады. Яғни шығарма ауқымына, көтерілетін мәселеге орай көлемі шағын портрет болады және көлемді портрет болады. Портреттен ұлттық менталитетті, элеуметтік ортаны, т.с.с. көруге болады. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін талдау барысында портреттің мазмұндық жағына назар аударатын болсақ, автордың сөз саптауы, мінезді ашудағы сөздік құрамын қарастырудың да маңызы бар. Өйткені кейіпкер туралы жан-жақты мәлімет тілдік құралдардың сұрыпталуы мен қолданылуына қарай анықталады.

Автордың портрет жасаудағы ерекшелігі кейіпкерді суреттеуде адамға қатысты қандай айырмашылықтарын қамтып, сол негізде қандай тілдік бірліктерді қалай қолданғанынан байқалады. Көркем туындыда қаламгер кейіпкерінің портретін жасауда, әдетте, көп ойланып-толғанады. Кейіпкерінің денесі мен оның мүшелерін, киген киімін, бет өзгерісі мен дене қимылын, тұрған тұрысын да сөз етуі қажет тұстар болады. Бұлар портрет құраудағы жай ғана компоненттер емес, ол сондай-ақ



кейіпкердің ішкі дүниесін ашар, оны оқырманына таныстырар кілт те болып табылады. Жазушы алдымен әрбір компонентті суреттейтін, сипаттайтын сөздерді іріктеп алады. Ол сөздер адамның бүкіл сырт тұрпатынан бастап, ішкі сезім, жай-күйлеріне дейін сипаттайтындай болуы тиіс.

Ғалым Г.Смағұлова айтқандай, «адамның сыртқы тұрпатын, яни дене мүшелерін суреттеуде соматикалық (грек сөзі – дене) атаулар (соматема) іріктелсе, ал киген киімін суреттеуде вестиялды (латынша – киім-кешек) сөздер (вестема), қимыл-қозғалысын сипаттауда кинетикалық (грек сөзі – қозғалыс) сөздер (кинетема) тобы іріктеледі [1, 72]. Олардың дұрыс іріктеліп, орынды жұмсалуды арқылы көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөліктерінің бірі ретінде портрет жасалады. Жай ғана портрет емес, толыққанды бейне, кейіпкер мінездемесі құрылады. Демек, кейіпкердің кескін-келбетін, жүріс-тұрысын, киім киісін суреттеу портрет-мінездеме жасаушы амалдар болып табылады. Кейде бұларды көркем туындылардағы портреттік суреттеулердің құрамы деп те атайды. Көркем туындылардағы портреттік суреттеулердің құрамы негізгі үш құрамдас бөліктен (компоненттен) тұрады:

- 1) адам денесі мен оның мүшелері;
- 2) киген киімі;
- 3) бет өзгерісі (мимика), қимылы (жест), дене тұрысы (поза).

Ендеше кейіпкер мінезін беруде портрет мазмұнының ғана емес, оның құрамының да (киім киісі, дене мүшесі, бет, қимыл өзгерістері) үлесі бар. Мәселен, *Аппақ бетіне қызыл жүгіріп, тостаған көздерін төмен сала беріп, көз қиығымен оның тұла бойын бір шалып өтті* («Абай жолынан»). Бұл жерде кейіпкердің мінезі туралы бірде-бір сөз жоқ. Алайда, автор кейіпкердің сұлулығын ғана емес, оның ұяң, тәрбиелі әрі есті (ақылы бар) екендігін қоса аңғартып тұр. Егер бұл жерде «көз қиығымен оның тұла бойын бір шалып өтті» деген сөз қолданысы болмаса, онда қыздың жай ғана ұяңдығы көрінер еді, ал осы тіркесім болғандықтан, біз ол қыз баланың ақылды, апа-әжелерден естігенін көңілге түйген жан екенін түсінеміз.

Жалпы, тұла мен мінез сәйкестігі – портрет-мінездеменің негізгі белгісі.

Және портрет-мінездеме – қаламгерлер шығармаларында жиі кездесетін портрет түрі. Портрет-мінездеме – кейіпкердің сырт тұлғасы мен мінезінің қатар суреттелген түрі. Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, портрет құрамындағы компоненттер жеке қолданылмайды, олардың алдынан компоненттерді түрлі белгілері жағынан айқындайтын анықтауыш сөздер жүреді. Портрет компоненттерінің белгілерін атайтын сөздер *сипаттауыш сөздер* деп аталады. Сипаттауыш сөздер кейіпкерлердің кескін-келбетін, киген киімін анықтай, түстей танытады. Олар компоненттерді түрлі қырынан айқындап, дәлдейді. Сипаттауыш сөздер екі түрлі белгіні атап көрсете алады:

1) портрет компоненттерінің сыртқы физикалық белгілерін (Мәселен, *ұзын көйлек, тостаған көз*) атап көрсетеді. Бұл топтағы белгілерді «сыртқы белгілер» деп атаймыз. Сыртқы белгілерді суреттеуде, негізінен, сын есімдер қолданылады.

2) адамның интеллектуалдық, психикалық, эмоциялық белгілерін (Мәселен, *мейірлі көз, ісмер саусақ, жылы жүз, сұп-сұр түрі тіптен бозарып кетті, т.б.*) атап көрсетеді. Бұл «ішкі белгілер» деп аталады. Ішкі белгілерді суреттеуде сын есімдермен қоса етістік сөздер де қолданылады.

Қаламгерлер өз туындыларында бұл екі белгіні (сыртқы белгі мен ішкі белгіні) білдіретін лексемаларды көбіне-көп қатар қолданады. Бірақ кейде адамның интеллектуалдық, психикалық, эмоциялық белгілерін сыртқы кейіпі, киген киімі арқылы да шебер беретін тұстар кездесіп отырады. Мәселен, атақты қаламгер Мәшһүр Жүсіп «Кедей болар кері кеткен, ұйқысы мол» деген өлеңінде:

Өкшесі етігінің мыжырайып,
Сүйреткен шанадай ғып, сүйреп басып

Сол үйден әрең шықты, қадам басып, - деген жолдар арқылы кейіпкердің ебедейсіз, жалқау, үсті-басына мән бермейтін салақ екендігін анық аңғартқан.

Сонда кейіпкердің ішкі әлемін, мінез-құлқын, көрегендігін, тәрбиесін, шыққан ортасын білуде оның киген киімі немесе киім киісі де үлкен рөл атқаратындығын байқауымызға болады. Бұл, әрине, қаламгер шеберлігіне, оның сөз жұмсау тәсіліне байланысты дүние. Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақтың эпостық жырларының бірі атақты «Қыз Жібек» жырынан мына бір үзіндіні қарастыралық:

Қара торқа – кигені...

Танадай көзі жалтылдап,

Алтындай кебіс сартылдап,

Көшті тартып барады...

Бұл – Қыз Жібектің портреті. Осы төрт жол арқылы автор Қыз Жібектің киген киімін ғана суреттеп тұрған жоқ, бұл жерде кейіпкер мінезі, кейіпкер портреті айқын көрінеді. Біріншіден, киген киімі (*қара торқа кигені, алтындай кебісі*) Қыз Жібектің байдың қызы екендігін, яғни шыққан ортасын, тегін көрсетеді. Екіншіден, «танадай көзі» деген тіркес өте орынды қолданылған. Бұл жерде бір жағынан қыз сұлулығы аңғарылса, екінші жағынан сауатты, көкірек көзі ояу жан екендігін сездіреді. Ал танадай көзінің жалтылдауы – көзінің оты бар, мінезді қыз екендігінен хабардар етеді. Ол алған бетінен қайтпайтын – бірбеткейліктің белгісі. Үшіншіден, «алтындай кебіс сартылдап» деген жолдан Жібектің жинақы, пысық жан екендігі аңғарылады. Төртіншіден, көшті кім бастайды?! Көшті мінезді адам, лидер (көшбасшы) ғана бастайды. Демек, Жібекте ұйымдастырушылық қабілетпен қатар еркелік, дегенін істете алушылық бар. Әрі ол ақылды, ақылды болмаса, оның қасына соншама қыздар жиналар ма еді. Демек, оның құрбылары көп. Ендеше, ол достыққа адал, досшыл, мейірбан жан.

Қаламгерлер кейіпкерінің портрет-мінездемесін етістіктерді орынды жұмсау арқылы да жасайтын тұстар ұшырасып отырады. Мәселен, *Томпақтау дөңгелек қой көзі де шөрейіп тереңдеп, нұры өткірлене түскен* (Т.Ахтанов). Бұл жерде «көзі шөрейіп тереңдеу», «нұры өткірлене түсу» деген етістіктер, біріншіден, «көзі шөрейіп тереңдеп» деген тіркесім арқылы кейіпкердің жас мөлшерінен хабардар етсе, екіншіден, кейіпкердің көпті көрген көнекөз адам екендігін, өмірден алған тәжірибесінен, түйгені мол екендігін білдірген. Ал «нұры өткірлене түскен» деген тіркесті қолдану арқылы Тахауи Ахтанов өз кейіпкерінің қатал мінезін, сұстылығын, жаужүректігін аңғартады.

Кейіпкер портретін жасауда көркем шығармада ылғи да әдеби нормаға сай әсем сөздер қолданыла бермейді. Мәселен, С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы Жорға Нұрымның портреті көбіне қарапайым сөздер арқылы жасалған. Нұрым портретінің қарапайым сөздермен берілуі оның мінезі мен бейнесіне байланысты алынған. Өйткені өзі надан жауыз адамды әсем сөздермен сипаттау еш мүмкін емес. Романда қарапайым сөз арқылы кейіпкердің бейнесі ашылады және оны суреттеуде автордың Нұрымды жақтырмаушылық көзқарасы, мысқылы қоса өріледі. Мәселен, *Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елін қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді. Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын иттері болатын. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты төбеті - біздің Оспан би еді. Сол кезде бұл екеуінің залымдығына бір өлеңшінің айтқаны есімде қалыпты:*

Халқыңды қан жылаттың Жорға Нұрым.

Болдың гой заманымда сорға Нұрым!

Оспан деген жұтқышы тағы шықты,

Бара-бара қайтерсің, қайран күнім!..



деп, құр Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді («Қамар сұлу»). Бұл мысалдың прозамен берілген тұстарының бәрінде қаламгердің көзқарасы айқын аңғарылады. Ал қарапайым, ауызекі тілдегі сөздер қарамен берілген.

Көркем туындыларда портрет кейіпкер бейнесін беруде маңызды қызмет атқарады. Ғалымдар көркем әдебиеттегі портретті екіге бөледі: жағдаяттық (ситуациялық) портрет және жалпы портрет.

Жалпы портретте көркем бейненің өзіне тән үнемі болып тұратын сипат белгілері суреттелсе, жағдаяттық портрет кейіпкердің бір сәттік эмоциялық кейпін береді. Сөзіміз түсінікті болу үшін мына бір мысалдарды қарастырып көрелік: *Басы ренетейсіз үлкен, мойны қылдырықтай, шибұт, қамытаяқ, не әкесі сияқты қойкөз аққұба емес, не шешесі сияқты қараторы емес. Қоңқақ мұрын, мойыл көз жалпақ сары.*

Бұл – мұрнының ұшы қылыштан кетіліп, танауы сәңірейген, көсе, жасы елудің жуан ішіндегі, жалпақ бет, селдір бурыл мұртты қарт адам еді (И.Байзақов).

Тапал бой, тарбақ танау, жылан сұр бет,

Қарады Еркежанға екі-үш рет.

И.Байзақов «*Тапал бой, тарбақ танау, жылан сұр бет*» деген эпитетті метонимияның бір емес бірнешесі лек-легімен келтіріліп, кейіпкердің сырты мен ішін бірдей жанды түрді көз алдымызға әкелсе,

Қысық көз, жылмаң қара кіріп келді,

Берген соң Құсан әмір бар ма халі деген жолдар арқылы пасық, жағымпаз адам портретін танытады. Сондай-ақ:

Қиянатпен семірген мес қарындар,

Жапсырды саналы елге бітпес шерді деген жолдардағы «*Қиянатпен семірген мес қарындардың*» деген тіркесім арқылы сол кездің әлеуметтік жағдайын, адамшылық дәрежесін көрсетеді. Және кейіпкердің сыртқы ажарының ұсқынсыздығын көрсетуге арналған бұл жолдар, яғни бұл портреттер – жалпы портретке жатады.

Жоғарыдағыдан көргеніміздей, кейіпкер бейнесін беруде жазушы кейіпкер тілінде қарапайым сөздерді де қолданады. Кейіпкер тіліндегі қарапайым сөздер туралы зерттеуші Х.Қожахметова: «Әдеби тіл нормасына сай келмейтін жай, дөрекі сөздерді қарапайым лексика дейміз. Ол әдеби тіл нормасына жатпағанмен көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкердің сөзінде кездесіп отырады.

Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісін, өскен ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді» [2, 62] деген пікір білдірсе, академик Р.Сыздық: «Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Бұл стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы жазушының сөз күдіретін қолдану шеберлігіне алып барады» [3, 54] деген тұжырым жасайды.

Қаламгерлер шығармаларында кейіпкер тілінде қолданылған қарапайым сөздер кейіпкердің бір сәттік бейнесін (жағдаяттық портрет) жасауға да, көркем бейнесін (жалпы портретті) беруге де қызмет етеді. Кейіпкер аузынан шыққан қарапайым сөздер оның шыққан ортасын, алған тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін де көрсете алады. Мәселен,

Тым болмаса он бестен аспай жатып,

Қорлықпен өткенің бе, қайран күн-ау!

Шынымен сол Нұрымға кеткенім бе,

Бәлеге құтылмастай жеткенім бе?

Малы көп мал сияқты пасық қақпас

Жанымды соған құрбан еткенім бе? (С.Торайғыров).

Портрет арқылы жазушының сөз қолдану ерекшелігі, суреткерлік шеберлігі, даралығы (стилі) анықталады. Ендеше, көркем туындыны стилистикалық тұрғыдан талдауда кейіпкер бейнесінің берілу жолдарын, жазушының осы мақсатта қолданған тілдік-стильдік, көркемдік тәсілдерін қарастырудың да маңызы зор.

Сонымен, кейіпкердің портрет-мінездемесін жасауға, оның сезімін, күйіну не сүйіну халін түсінуге шығармадағы көркем сөзбен жасалған сыртқы пішіні, кескін-кейіпі (портрет), мінез-құлқы, наным-сенімі (мінездеу), ішкі ойы (монолог), басқа адамдармен қарым-қатынасын (диалог) сипаттау да көмектеседі. Және ондай сипаттауларда бізге қай сөз табы да жәрдем бола алады. Мейлі, ол сын есім болсын, мейлі етістік болсын, ол тілдік бірліктерді орынды жұмсау шеберлік пен қиял жүйріктігіне байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Филол.ғыл.канд...дисс. - Алматы, 1998. - 130 б.
- 2 Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. - Алматы, 1972. - 112 б.
- 3 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы, 1995. - 207 б.
- 4 Кәрімов Х. Қанатты тіл. - Алматы, 1995. -144 б.
- 5 Сәрсекее Г.Р. Р. Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерлерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Фил.ғыл.канд...дисс: - Алматы, 1999. - 130 б.
- 6 Пірәлиева Г. Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі. - Алматы, 1994. - 138 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассматривает типы психологического портрета и портрета-характеристики литературных персонажей. Приводя примеры посредством анализа литературных произведений, автор подчеркивает характерные особенности форм и методов, используемых для отражения образа и внутреннего мира героев произведений.

RESUME

In the given article the author describes the types of a psychological portrait and the characteristics portrait of literature characters. Through the analysis of literature works the author shows the peculiarities of forms and methods used for the reflection of images and the inner world of characters.



Аннотация

Мақалада қазақ тілінің түбір+қосымша деңгейіндегі дыбыстардың тіркесім талғампаздығы қарастырылған. Дыбыстар тіркесімі тек қана дауыс қатысына ғана емес, басқа да артикуляциялық белгілерге байланысты болып келетіндігі баяндалған. Дыбыстар тіркесімінің топ саны үнді дауыссыздардың түрленіміне байланысты болып келетіні айтылып, түбір сөздердің 9 түрлі талғампаз топтары анықталған.

Түін сөздер: орфографиялық тіркесім, дыбыстар талғампаздығы, фонетикалық алгоритм, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, тербелім моделі.

Г.Ә. Кукенова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ф.ғ.к., аға оқытушы

С.К. Кенжемұратова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ф.ғ.к., доцент

А.М. Мұратбекова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, п.ғ.к., доцент

Қазақ тілі дыбыстарының тіркесім талғампаздығы

Бүгінгі күнде компьютер техникасының қолғанат құрал (оргтехника) ретінде жұмсалуды, соған лайық қазақ тілінің компьютер бағдарламаларын жасау өзекжарды мәселелердің біріне айналууда. Қазақ тіл білімінің теориясы мен практикасын одан әрі дамыта түсуге серпіліс беретін де осы информатика болып отыр. Өйткені күнделікті ақпарат құралдарының жұмысын жеңілдету, уақыт үнемдеу, кеңсе қондырғыларын құрастыру, электронды оқулықтар мен кешенді оқу құралдарын дайындау қазіргі қазақ тіл білімінің алдына тың мәселелерді қояды. Сондықтан қазақ тілі теориясы мен оның практикалық нәтижелерін жаңа бағытта пайдаланудың мүмкіндігі зор. Осындай мәселелердің теориялық шешімін тауып, практикалық ұстанымдарын анықтау – бүгінгі қазақ қолданбалы лингвистикасының басты міндеті.

Қолданбалы лингвистиканың негізгі мақсаты қолғанат қызмет атқару болғандықтан, кез келген тілдік құбылысты осыған орай икемдеп отыруға тура келеді. Қазіргі таңда қолданбалы қазақ лингвистикасының алдында екі міндет тұр. Ол міндеттің біріншісі - әдістемелік құралды компьютерге лайықтау, екіншісі - қолғанат қондырғылар жасау және жетілдіру («қолғанат қондырғы» деп отырғанымыз «оргтехника»).

Тілдің ішкі заңдылығын пайдаланып қана сол тілдің қолданба құралдарын жасауға болады. Қазақ тілінің осы тұрғыдан пайдаланатын екі заңы бар. Олар үндесім (сингармонизм) және үйлесім (ассимметрия) заңдылықтары. Ә.Жүнісбеков дауысты дыбыстар туралы «Дауысты дыбыстардың төрт үндесім әуезі бар болып шықты, олар-

дың әрқайсысы белгілі бір үндесім дауыстылардың басын біріктіреді: жуан езулік дауысты – екеу, жеңішке езулік дауысты – үшеу, жуан еріндік дауысты – екеу, жіңішке еріндік дауысты – екеу, сонымен барлығы – тоғыз үндесім дауысты» [1, 41] десе, дауыссыз дыбыстар туралы «Әрбір дауыссыз – төрт үндесім дыбыстан құралған жүйе болып табылады, олардың өзара ортақ белгілерімен қатар, бір-бірінен ажыратып тұратын артикуляциялық және акустикалық айырым белгілері бар. Түркі тілдеріндегі әрбір дауыссыздың үндесім әуезінің құрамы жуан/жіңішке, еріндік/езулік белгілері арқылы ажыратылады» [1, 43] дейді. Олай болса қазақ (түркі) тілінің дыбыс жүйесіне тән осы бір бірізділікті қолданбалы тілтаным саласында кеңінен пайдалануға болады.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалым, айтылым және естілім сипаттамалары жеткілікті берілген [3, 25-27]. Алайда сол зерттеу нәтижелерін қолданбалы бағытта, яғни мәтінтерімін автоматтандыру бағдарламасын (компьютер программасын) жасау үшін пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері болады. Ондай ерекшеліктер дыбыстың артикуляциялық сипаттамасына да, дыбыстың айырым белгілер жүйесіне де (система дифференциальных признаков) қатысты келеді.

Әзірге мәтінтерімін автоматтандырудың компьютерлік бағдарламасына қазақ тілінің жалғауларын икемдеудің фонетикалық негіздемесі тірек болады. Сондықтан алдымен қазақ тілі дыбыстарын тіркесім талғампаздығына қарай жіктеп аламыз. Өйткені қазақ тілі дыбыстарының тіркесім талғампаздығы бірегей және іргелі фонетикалық заңдылықтардың бірі болып табылады. Бұған дейін оқулықтар мен оқу/құралдарында тіркесім топтары сараланғанымен, олардың фонетикалық заңдылықтарының басы ашылмаған болатын. «Қатаңнан кейін қатаң, ұяңнан кейін ұяң дыбыстар келеді» деген анықтамалар қазақ тілі дыбыстарының тіркесім талғампаздығының фонетикалық сырын түгел ашып бере алмады. Дыбыстардың тіркесім реті өзге де артикуляциялық белгілерге байланысты болып шықты.

Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, оның сөз құрамындағы бірліктерінің (единицы) тіркесім түрлері мол келеді. Солардың бірі – қазақ мәтініне қатысты орфографиялық тіркесім. Орфографиялық тіркесім дегеніміз жазба мәтін құрамындағы емле-ережелерге бағынатын тіркесімдер. Мәтінтерімін үйлестірудің оңтайлы шешімі орфографиялық тіркесімге тікелей байланысты.


Жалғамалы тілдерде қосымшалы (туынды) сөздердің бастау бірлігі түбір сөз болып табылады. Сондықтан алдымен түбір сөздің фонетикалық тіркесім мүмкіндіктерін айқындап алу қажет болды. Өйткені тіркесім реті барлық уақытта сөздің соңғы әріп/таңбасына байланысты.

Қазақ тілінің орфографиялық емле-ережелері қазақ тілі дыбыстарының шеп кездесімін (позиционное распределение) қатаң реттеп отырады. Сондықтан да кейбір дыбыстардың әріп/таңбалары сөз соңында кездеспейді. Ондай кездеспейтін әріп/таңбалардың жазба мәтін ішіндегі тіркесім ережелерін құрастыруға қатысы болмайтын болғандықтан, мәтінтерімі үстінде олар ескерілмейді.

Жазба мәтін деңгейінде қазақ сөзінің соңында [ö, ü, u] дыбыстарына тән ө, у, ұ әріптері орфографиялық ереже бойынша кездеспейді. Ал [o, g, ğ, b, d] дыбыстары қазақ сөзінің соңында кездеспейтін болғандықтан, оларға тән o, z, g, b, d әріптері сөз соңында тағы жоқ. Мәтінтеріміне байланысты бұл әріптер қалыс қалады.

Қазақ тіліндегі қосымшалардың тіркесім мүмкіндіктерін талдай келгенде, түбір сөздердің соңғы таңбасы бірнеше топқа жіктеледі екен.

Бірінші топқа дауысты дыбыстардың таңбасына бітетін сөздер жатады (1-сурет). Дауыс желбезегі (немесе дауыс шымылдығы, немесе дауыс жарғағы) толық тербеледі. Дауысты түбірдің (дауысты дыбысқа біткен сөздің) негізгі белгісі оның толық тербелмелі қалпы болып табылады.




1-сурет - Дауысты дыбыстың тербелім моделі

Дауысты дыбыстардың толық кездесім алгоритмі:
 [V (a; ä; e; i; o; ö; u; ü)]

Дауысты дыбыстар тіркесімінің талғампаз алгоритмдері:

[V₁ (a; i)]
 [V₂ (ä; e; i)]
 [V₃ (o; u)]
 [V₄ (ö; ü)]


Екінші топқа дауыссыз дыбыстардың таңбасына бітетін сөздер жатады. Дауыссыз дыбысқа бітетін сөзді дауыссыз түбір деп атаймыз (2-сурет). Дауыссыз дыбыстардың тобы үш түрлі тербелімнен құралады: дауыс желбезегінің мол тербелісінен тербелімді дауыссыздар (үнді), дауыс желбезегінің жартылай тербелісінен тербеліңкі дауыссыздар (ұяң), дауыс желбезегінің жайбарақат немесе бейтарап қалпынан тербеліссіз (қатаң) дауыссыздар жасалады.



2-сурет – Дауыссыз дыбыстардың тербелім моделі

Дауыссыз дыбыстардың толық кездесім алгоритмі:
 [K (p; t; q-k; s; š) + (z; ž) + (m; n; ñ; r; l; y; w)]

Үшінші топқа үнді дауыссыздардың таңбасына бітетін сөздер жатады. Үнді дауыссыздар өзара тоғысыңқы және жуысыңқы (жанама жуысыңқы, жинақы жуысыңқы, жайылыңқы жуысыңқы, діріл жуысыңқы) болып жіктелгенімен, олардың басын тербелімді белгісі біріктіріп тұрады (3-сурет).




3-сурет - Үнді дауыссыздардың тербелім моделі

Үнді дауыссыз дыбыстардың толық кездесім алгоритмі.

[K₁ (m; n; ñ; l; r; y; w)]

Төртінші топқа жуысыңқы үнді дауыссыздардың жартылай тобы жатады. Бұл топқа жуысыңқы үнді дауыссыздар түгел енбейді, жанама жуысыңқы дауыссыз сырт қалады (4-сурет).




4-сурет - Үнді дауыссыздардың жуысым моделі

Жуысыңқы үнді дауыссыздар (жартылай) талғампаздығының фонетикалық алгоритмі.

[K₂(r; y; w)]

Бесінші топқа тоғысыңқы үнді дауыссыздардың жартылай тобы жатады. Тоғысыңқы үнді дауыссыздардың басын біріктіріп тұратын белгі олардың жасалу тәсіліне байланысты: сөйлеу мүшелерінің өзара тоғысуы (5-сурет).




5-сурет - Үнді дауыссыздардың тоғысым моделі

Тоғысыңқы үнді дауыссыздар (жартылай) талғампаздығының фонетикалық алгоритмі.

[K₃(m; n; ñ)]


Алтыншы топқа жуысыңқы және жанама жуысыңқы үнді дауыссыздардың жартылай тобының таңбасы жатады. Жуысыңқы үнді дауыссыздардың басын біріктіріп тұратын белгі олардың жасалу тәсіліне байланысты: сөйлеу мүшелерінің өзара жуысуы (6-сурет).



6-сурет – Үнді дауыссыздар тобының жуысым моделі

Жуысыңқы үнді дауыссыздар (толық) талғампаздығының фонетикалық алгоритмі.
[K₄ (l; r; y; w)]

Жетінші топқа тоғысыңқы және жанама жуысыңқы үнді дауыссыздардың жартылай тобының таңбасы жатады. Бұл топқа үнді дауыссыздардың тоғысыңқы/жуысыңқы аралас тобы жатады (7-сурет). Үнді дауыссыздардың ішінде жанама жуысыңқы *л* дауыссызы кезбе дауыссыз (блуждающий согласный) болып табылады. Өйткені ол дауыссыздардың әртүрлі тобына қосылып кете береді.




7-сурет – Үнді дауыссыздар тобының тоғысым/жуысым моделі

Тоғысыңқы және жанама жуысыңқы үнді дауыссыздар талғампаздығының фонетикалық алгоритмі.

[K₅ (m; n; ñ; l)]


Сегізінші топқа жуысыңқы ұяң дауыссыздардың жартылай тобы жатады. Бұл топқа сөз соңында кездесе беретін ұяң дауыссыздар енеді, олардың басын біріктіріп тұрған сөйлеу мүшелерінің жуысыңқы қалпы болып табылады (8-сурет).



8-сурет – Ұяң дауыссыздардың жуысым моделі

Жуысыңқы ұяң дауыссыздар талғампаздығының фонетикалық алгоритмі.
[K₆(z; ž)]

Тоғызыншы топқа қатаң дауыссыздар тобының таңбасы жатады. Бұл топқа жататын дыбыстардың тіркесім белгісі дауыс желбезегінің бейтарап (бейтербеліс) қалпы болып табылады (9-сурет). Жасалу тәсілінің тіркесім талғампаздығына еш әсері жоқ.



9-сурет – Қатаң дауыссыздардың бейтербелім моделі

Қатаң дауыссыздар талғампаздығының фонетикалық алгоритмі.

[K₇ (p; t; q-k; s; š)]

Сонымен қазақ тілі дыбыстарының тіркесім таңдайтын тоғыз тобы анықталды. Дауысты дыбыстар өз алдына бір талғампаз топ құрса, үнділермен қосылып тағы бір талғампаз топ құрады. Белгілі бір тіркесім топ дауыс шымылдығының тербеліс белсенділігі, жасалу тәсілі және дыбыс құрамына қарай құрылатын болып шықты. Қазақ тілі дыбыстары дауыс қатысына қарай ғана жіктеліп, соған лайық тіркесім топтарын құрап қоймайды. Және де дауыс қатысына байланысты топтарды әмбебап (универсал) тіркесімдерге жатқызуға да болмайды. Олай болса, дәстүрлі «қатаңнан кейін қатаң, ұяңнан кейін ұяң, үндіден кейін үнді дыбыстар келеді» деген қағидаға толықтырулар енгізуге тура келеді.

Тіркесім топтардың ішіндегі дыбыс құрамы жағынан ең тұрақтылары – дауыстылар мен қатаң дауыссыздар. Ал, тіркесім топтардың саны үнді дауыссыздардың түрленіміне байланысты.

Қазақ тілінің түбір+қосымша (қосымшалар) тіркесімі әрқашан талғампаз келеді. Түбірдің немесе қосымшаның соңғы дыбысының (әрпінің) жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс қатысына қарай келесі қосымшаның басқы дыбысының жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс қатысы ыңғайлас шығып отыру керек. Сондықтан да тіркесім бірліктерінің дыбыс талғампаздығы күрделі болып шықты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 78 с.
- 2 Жүнісбек Ар. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. – Алматы: Арыс, 2005. – 108 б.
- 3 Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. – 783 б.
- 4 Строй казахского языка. Фонетика. - Алматы, 1991. – 220 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются фонетические группы возможных вариантов звукосочетаний в казахском языке на стыке корня и окончания. Артикуляционные признаки гласных и глухих согласных звуков имеют свойства постоянства. Количество артикуляционных



групп зависит от звукосочетания сонорных согласных. Определены 9 видов артикуляционных групп.

RESUME

In this article the authors considered the phonetic group options of the sound combinations in the Kazakh language at the junction of the root and the ending articulation signs of vowels and voiceless consonants possess the properties of permanence. The number of groups depends on the articulation of sonorous sound combinations of consonants. Nine types of articulation groups are identified.

Аннотация

Мақалада Жованни Боккачоның новеллаларындағы кейіпкерлер табиғатын, кезең көрінісін ашудағы қаламгер шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Боккаччо шығармашылығының алғашқы дәуірінде-ақ өз заманының келеңсіз жақтарын көріп, қолына қалам алған болатын. Жазушы қоғамда белең алған келеңсіздіктерге, озбырлықтарға сын көзбен қарады. Орта ғасырдағы адам тағдыры және оның арман-тілегі туралы ілгерішіл пікірде болды. Боккаччо шығармаларына тән өмір қуанышынан ләззат алу сипаты оның новеллаларында да жиі кездеседі. Бірақ оларда келеңсіз оқиғаларды бейнелеу, зұлымдық пен соқыр сенімді сынға алу негізгі мәселе болып қалады.

Новеллаларындағы шынайы оқиғаларды бейнелеуде қаламгер өмірге сенім туғызатын бейнелі, бедерлі тәсілдерді таба біледі. Автор итальян жазушысының осы қырларын мақалада толық ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: әдеби орта, пастораль, халық строфасы, психологиялық роман, діни аскетизм, новелла, хикая, хроника, дәстүр, риторика, логика, шопандық поэзия.

Итальян Қайта өрлеу дәуірінің екінші бір ірі өкілі - Жованни Боккаччо ғалым, жазушы еді. Ол осы дәуірде «назарға лайық емес» деп келген заманагөй новелла жанрын жоғары даму сатысына көтерді, оның реалистік және демократиялық бағытын айқындап берді. Боккаччо жазушының өзіне тән қасиеттерін жоққа шығаратын, әдебиеттің халықшылдық рухына және реалистік дамуына кедергі болған, табиғат пен адамның қадір-қасиетіне дұшпан, шынайы өмірді мойындамайтын діни-аскеттік саясатқа қарсы болды.

Боккаччо Парижде туды, анасының өлімінен соң, оны Италияға алып келді. Боккаччо Флоренция мен Неапольде тәрбиеленді. Әкесінің тілегімен сауда-саттық және құқықтану мәселелерімен айналысса да, ол антик жазушылардың шығармаларын оқуға өте қызығатын. Бірақ талантты жас тарихи ескерткіштер, грек тіліндегі әдеби шығармалармен терең таныса алмады. Өйткені, оған әкесі көне әдебиет үлгілерін оқуға тек бос уақыттарында ғана рұқсат беретін.

Ж.Т. Қобланов

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, ф.ғ.к., профессор

Жованни

Боккаччо –

новелла

жанрының шебері



Боккаччо жігіттік дәуірін (1327-1340) Неапольде өткізді. Бұл жерде ол гуманистермен танысып, грек тілі мен антик әдебиетті үйренуге кіріседі. Жаңа достарының көмегімен король Роберт Анжуйский сарайындағы әдеби ортаға араласады.

Боккаччо шығармашылығының алғашқы сатысында серілік романдарды қайта өңдеумен айналысады. Осындай шығармаларының бірі – «Фиколода». 1338 жылы жазушы орта ғасырлар әдебиетіндегі христиан және өзге діндегі екі жас (Флорио мен Бьянчифоре) арасындағы қайғылы махаббат тақырыбын қайтадан жазды. Бірақ автор бұл мәселеге жаңалық енгізе алмады.

Онша көлемді емес «Филострато» поэмасында (1338) ақын итальян әншілері орындап жүрген сегіз жолды халық строфасы (бәйіт) октаваны да Сент-Мордың «Троя туралы романынан» алды және Троя жауынгері Троил мен грек тұтқыны Грезеиданың махаббатын өз тұрғысынан қайта жырлайды. Оған психологиялық моменттер енгізеді.

Боккаччо өлең және қарасөз аралас әдіспен жазған «Амето» пастороль идилласында (1341) антикалық шопандық поэзия үлгісін пайдаланды. Бұл шығармада автор кейіпкерлердің ішкі сезімдерін ғана емес, сонымен бірге шопандар тұрмысындағы өзекті мәселелерді де кең қамтуға көңіл бөлді. Жазушы шығармада өмір қуанышын, табиғи сезімді және шынайы махаббатты суреттеуге ұмтылды.

Шығарманың бас қаһарманы Амето олақ, ебедейсіз жігіт. Ол аң аулауды жақсы көреді. Аңда жүріп Амето перілер арасындағы Лия есімді қызға кездеседі. Сұлу Лия сиқырлы әнімен жігіттің жүрегінде махаббат сезімін оятады. Осыдан бастап жігіттің бүкіл ақыл-есі қызда болады. Лияға деген махаббат әсерінен ол қайта тәрбиеленіп, адамгершілікті, инабатты жігітке айналады.

«Фьезолан перілері» поэмасында (1345-1346) Боккаччо шопандық тақырыпқа қайта оралады. Шығарма көне мифтерге, әсіресе, Овидийдің «Метаморфозаларына» еліктеп жазылған. Шығармада Фьезолан жотасы маңында қосылатын екі өзен - Африко мен Мензоланың қалайша екі ғашықтың атымен аталғандығы баяндалады [1, 162].

Фьезолан қаласы әлі бой көтере қоймаған ерте замандарда осы жотада Диана басқарған көп перілер жасаған. Олардың құзырына келген бақташы Африко пері қызы Мензолаға ғашық болады. Жігіт Венера құдайдың көмегімен әйел киімін киіп, қызбен жасырын кездесіп, өзінің ғашық екендігін білдіреді. Ерге шықпауға ант еткен Мензола оның махаббатын қабылдамайды. Бірақ қыз жүрегінде туған ғашықтық сезім ондағы тартыну мен ұяттан басым шығып, жігітке ризашылығын береді. Көп уақыт өтпей, ол өз қылмысына өкініп, жігіттен алыстай бастайды. Жігіт бұған шыдай алмай, өзін өлтіреді. Оның қаны осы жерден ағатын кіші өзенге төгілгендіктен, сол өзен Африко атымен атала бастайды. Мензола перзент көріп, оны Дианадан жасырады. Бірақ мұны сезген Диана қатты ашу үстінде оны кіші өзенге айналдырып жібереді. Өзен Фьезолан жотасындағы Африко өзенімен қосылып, осы кезден бастап Мензола атымен аталған.

Африконьң ата-анасы оның ұлын мейірім-шапағатпен тәрбиелейді. Италияға келген Иапеттің қаһарман ұлы Атлант Фьезолан қаласын салған, перілерді жер астына қуған. Осылайша, бұл жерде жаңа мәдени дәуір басталған. Африко мен Мензоланың ұлы есейіп, осы жерді мекендеп қалады.

Мензола Африкоға ғашық болып, махаббатын ұмыту үшін өз-өзімен күреседі. Бұл күресте адамның табиғи биологиялық талабы мен діни аскеттік әдет-ғұрыптар арасындағы қарама-қайшылықтар ашып берілген. Бірақ адамның табиғи талаптары олардан үстем шығады. Ғашықтар өз талап-тілектері жолында мерт болады.

Адал махаббат ескерткіші ретінде Африко мен Мензола өзендері мәңгілік жасайды. Мұндай қорытынды автор гуманизмі мен дүниетанымының толық қалыптасқандығының жарқын дәлелі еді.

Боккаччо өз шығармашылығының толысқан шағында «Фьяметта» (1348) туындысын жазды. Бұл шығарма Батыс Еуропа әдебиетіндегі тұңғыш психологиялық роман, «нәзік сезімдерге толы ғашықтық қисса» еді. Жазушы мұнда сүйіктісі тастап кеткен әйелдің

сезім-толғанысы мен жан азабын кейіпкер тілі арқылы шебер баяндайды. Романда өмірбаяндық моменттер де кездеседі. Мәселен, өмірде Фьяметта Боккаччоға опасыздық қылған болса, романда Памфило Фьяметтаға сатқындық жасайды.

Бір күні сұлу жас әйел Фьяметта шіркеуде Памфило есімді көрікті жігітті көріп, оған ғашық болады. Күйеуі болса да, оның бүкіл ақыл-есі жігітке ауады. Жігітпен табысқанда ол өзін өте бақытты сезінеді. Міне, айрылысатын сәт те келіп жетті. Памфилоны қарт әкесі шақыртып, еліне кетпекші болады. Жігіт Фьяметта алдында басын иіп, оған деген адалдығының мәңгілік екендігін, тез арада оралатындығын айтып, уәде береді. Фьяметта жалғыз қалды. Уақыт болса өтіп жатыр, бірақ жігіттен хабар жоқ. Сағыныш аралас қызғаныш әйел жанын қатты азапқа салады. Мұның үстіне Памфило үйленіпті деген сыбысты естиді. Бірақ әйел үмітін үзбейді. Памфилоның үйленгендігі жайлы хабар бекер екен, дегенмен ол басқа әйелге ғашық болыпты. Енді Фьяметта үшін өмір сүрудің мәні қалмайды.

Орта ғасырлық серілік әдебиетте, жалпы одан соңғы әдебиетте де ханымдар көкке көтеріле дәріптелетін. Олар алдында бас иіліп, қандай да бір қол жетпейтін биік идеал ретінде суреттелетін. Еуропа әдебиетінде Боккаччо алғаш рет әйелдерді өз орны, характері, олардың ішкі дүниесі, ой-сезімдері, қуанышы және қайғыларымен бірге шынайы көрсетіп, әдебиеттегі психологизмге негіз салды.

Боккаччоның Флоренциядағы өмірі қызу күрестер жағдайында өтті. Мануфактуралық өндірістің шапшаң дамуын байлар («үлкен цехтар» деп аталатын бірлестікке біріккен ірі буржуазия) мен кедей халық (цехқа кірмеген жүн сабаушы және түтуші жалдамалы жұмысшылар) арасындағы қайшылықтар өршітіп жіберген еді. Бұқара халық 1343-1345 жылдары озбырлық пен ауыр салықтарға қарсы екі рет көтеріліске шыққан болатын. Мұнан соң да жүн өндірісі жұмысшыларының үлкен көтерілістері жиі болып тұрды.

Боккаччо билеуші гвельфтер партиясынан дипломатиялық тапсырмалар алады. Республикашылдық бағытты қолдаған ол қала кедейлерінің әрекетіне салқын қарады. Боккаччо алдымен ғалым ретінде Петрарканың көне әдебиетке байланысты ісін жалғастырды. Латын тілінде бірнеше шығармалар да жазды. Оның көне мифологияға негізделіп жазған «Құдайлардың пайда болуы туралы» кітабы және т.б. шығармалары замандастары үшін жан-жақты мәлімет беретін кітап ретінде маңызды болды.

Боккаччоның ең маңызды шығармасы - «Декамерон» атты хикаялар жинағы. Гуманистік идеяларды шынайы суреттейтін «Декамерон» - орта ғасырлық діни аскетизмге қатты соққы берген, Қайта өрлеу дәуірінің тұңғыш ірі туындысы.

Өз дүниетанымы жағынан республикашыл болған Боккаччо әдебиет саласында халықтың мәдени дәстүрлеріне өте жақын тұрды. Ол халық ауыз әдебиетінің ең үздік үлгілерін және антик әдебиет мұраларын үйрену, олардан тиімді пайдалану нәтижесінде новелла жанрын жоғары даму сатысына көтерді.

Итальянша «Новеллиноның» (новеллалар кітабы) мазмұны әртүрлі. Онда орта ғасырлық серілік романдар, Інжіл, Шығыс ертегілері, көне аңыздарда баяндалатын түрлі оқиғалар хикаяланады [2, 201]. Бірінші кезекте Италия өмірінен алынған тұрмыстық тақырыптағы реалистік хикаялар оқырманның назарын өзіне тартады. Бірақ оқиғаларды артықша суреттеу реализмге нұқсан келтіреді. Боккаччо новелла жанрына классикалық сипат беріп, итальян хикаяшылығының түрі, типі, характері, тілі және әдісін жасады. Боккаччо шығармасының демократиялық рухы оның халық дәстүрлерімен тығыз араласуының нәтижесі болатын.

Боккаччо новелла жанрына жаңа гуманистік мазмұн, реалистік характер енгізу арқылы оны «төмен» жанрдан «жоғары» жанрлар дәрежесіне көтерді және дербес әдеби жанрға айналдырды.

«Декамеронда» жүз новелла бар. Олар белгілі бір тәртіппен орналасқан. Новеллалар бірін екіншісіне байланыстырушы хикаялармен жалғасып отырады. Мұндай әдеби әдіс



көне Шығыс («Мың бір түн») және антик («Метаморфозалар») әдебиетте де қолданылған, бірақ оларда байланыстырушы хикаялар жағдайды баяндау, жазаны кейінге қалдыру үшін енгізілген. Боккаччо болса байланыстырушы жаңа новеллаларды тұрмыстық оқиғаларды, характерлерді суреттеуге пайдаланған.

1348 жылы Флоренцияда қорқынышты індет тарап, көп адам көз жұмады. Бұл індет аман қалған жандардың мінез-құлқына қатты әсер етеді. Орта ғасырдағы діни әдет-ғұрыптар, о дүниелік азаптар туралы қорқытулар тағы да өрши түседі. Осындай ауыр кезеңде Боккаччо жаңа пікірлерді баяндайтын шығарма жазуды ойлап, «Декамерон» атты туындысын жазды. Шығарма індеттің таралуын суреттеуден басталады.

«Декамеронның» кіріспе бөлімінде бір топ флоренциялық қыз бен жігіттің індетті өзгеше, яғни ержүректікпен қарсы алуы хикаяланады. Олар ажалды қайғы-қорқынышпен емес, ақыл-жігермен жеңуге ұмтылады. Ауру жайлаған қаладан шығып кеткен жеті қыз бен үш жігіт Флоренция маңындағы Эрам бағына барып, өмірлерінің соңғы сәттерін ойын-күлкімен өткізе бастайды. Жастар мұнда он күн жасайды. «Декамерон» сөзі де осыдан келіп шыққан (декамерон - грек сөзі, «он күндік» деген мағынаны білдіреді). Олар әр күнгі отырысты басқару үшін өз араларынан король мен ханша сайлап, хикаялар айтумен айналысады. Бір күнде он адам бір-бірден он хикая айтқан. Он күнде айтылған хикаялар саны жүзге жетеді. Әрбір күннің соңында жазушы осы топтың өмірін суреттеуге оралып отырады. Боккаччо хикаяшыларының өз өмірлері жайлы баяндауы бүкіл жинақтың бір-бірімен байланысуын қамтамасыз етіп, новеллалардың біртұтас туынды болуына мүмкіндік береді.

Боккаччо католик шіркеуінің «о дүниеге» дайындық үшін «бұл дүниенің», яғни ақиқат өмір қуаныштарынан бас тарту керек деген кертартпа уағызына қарсы шығып, оның негізсіздігін нақты өмірлік фактілер арқылы дәлелдейді. Сондықтан да Боккаччо махаббат жолында батыл күрескен және шіркеу ілімін мойындамаған қаһармандарды, әсіресе, әйелдерді қорғайды. Нағыз махаббатты жырлау, феодалдық - дворяндық әдет-ғұрыптарды сынға алу, католик діні өкілдерінің бұзықтықтарын әшкерелеу, христиан дінінің үстемдігі туралы мифтің негізсіз жалған екендігін көрсету, қарапайым халықтың әрекетін мақұлдау - «Декамерондағы» оқиғалардың негізгі тақырыбы.

Гуманист Боккаччо шығармашылығында ғашықтық тақырыбы үлкен орын алады. Ол махаббатты жеке бастың құмарлығы ретінде емес, ал кең мағынада, яғни қоғамдық өмірге байланысты жағдайда алып бейнелейді. Оның суреттеуінде махаббат адамды шынықтырады, қиыншылықтарды жеңуге үйретеді және адам бойында жақсы қасиеттерді қалыптастырады.

Бесінші күннің бірінші новелласында махаббатқа байланысты осындай жаңа қасиеттер қалыптастырған жас жігіт Чимоне туралы хикаяланады.

Кипр аралында өте бай Аристипп есімді көпес жасайды. Оның ұлдарының бірі Галезо бойшаң, сымбаты келіскен, бірақ тентек жігіт екен. Оның бұл мінезі әкесіне ұнамайды. Мұғалімнің насихаттары мен әкенің таяғы да оған әсер етпейді. Ол не оқуды, не әдептілікті үйренбейді. Адамдар мазақ қылып, оны Чимоне («хайуан») деп атайды. Чимонені әкесі қыстақтағы қызметшілер арасына жібереді. Олардың мінез-қылықтары да Чимонеге ұқсас еді. Бір күні Чимоне бұлақ басында ұйықтап жатқан сұлу қызды көріп, оған ғашық болады, бірақ қызға сезімін білдіруге батылдығы жетпейді. Әкесінің алдына барып, өзін ағалары сияқты киіндіруін өтінеді. Қыздың махаббатына ерісу тілегі оны аз уақыттың ішінде сауатты, әдепті, тәрбиелі болуға мәжбүрлейді. Ол музыка мен әнді үйренуге кіріседі, әскери жаттығуларда ерекше ептілігімен көзге түседі. Сөйтіп, Чимоне көп қиыншылықтардан соң сүйіктісінің махаббатына қол жеткізеді.

Чимоне «адам – таңғажайып мақұлық» деген қорытындыға келеді. Боккаччоға дейін ешкім адамның бүкіл адамгершілік қасиеттерін жарқын бояуларымен толық ашып бере алмаған еді. Чимоненің адам туралы осындай жаңа түсінігінен соң ғана онда махаббат сезімі туады. Адамның жаратушылық күші христиандық таным түсінігіндегідей емес,

оның құдіреті шексіз деген терең гуманистік мағынаны аңғартады. Адам мен махаббат дүниеге әкелген ерлік әрқандай тағдыр және кездейсоқ сәттіліктен биік. Махаббат адамды хайуандықтан арылтады, оны өз тағдырын өзі жасаушы күшке айналдырады. Сондықтан да Чимоне үлкен ризашылықпен қызға: «Саған деген махаббатымның арқылы мен адам болдым», дейді.

Боккаччо терең адамгершілік сезімдерді, гуманистік пікірлерді буржуазия эгоизміне, байлыққа ұмтылу мен озбырлыққа қарсы қояды. «Декамерондағы» ерлік, достық, жомарттық және махаббат сезімдеріне толы романтикалық рухтағы новеллалар феодалдық-дворяндық әдет-ғұрыптарға қатты соққы береді. Өкінішті оқиғаларға әкеліп соқтыратын әлеуметтік теңсіздік қатты сынға алынады.

Шахзада Танкредтің қызы сұлу Гисмонда (төртінші күннің новелласы) ері өлген соң әкесінің сарайына қайтып келеді. Сарайда өз қызметшісі, ақылды жігіт Гвискордоны сүйіп қалады. Онымен жасырын кездесіп тұрады. Мұны сезіп қалған Танкред «менің әулетімнің абыройын төктің» деп, жігітті қамауға алады. Шахзада ертеңіне қызының алдына келіп, болған көңілсіз оқиғаны есіне салып, оған ренжиді. Гисмонда оны сүйетіндігін айтып, өз ниетінен қайтпайтындығын білдіреді. Кедей ортадан шыққан, бірақ өз күші, жігері және қабілетімен дворяндардан жоғары тұрған ержүрек бір жанды сүйоге құқы бар екендігін ашық айтып, бай мен кедейге бөлген әділетсіз заманды қатты сынға алады. Адамгершілік сезімдерден мақұрым шахзада Гвискорданы өлтіріп, оның жүрегін алтын ыдысқа салып қызына жібереді. Оқиғаны түсінген Гисмонда «әкем дұрыс істепті, мұндай жанның жүрегіне алтын табақ ғана лайық», деп осы ыдыспен өзі де у ішіп, қайғылы жағдайда мерт болады.

«Декамеронда» бейнеленген негізгі идеялар дінге қарсы бағыттар еді. Ескі діни әдет-ғұрыптардан еркін махаббат жоғары қойылады.

Боккаччо жасаған дәуірде Рим папасы ашкөздік, сатқындық және бұзықшылық істерге мүлде беріліп кеткен болатын. Шіркеу князьдері діни мансаптарды сату, күнаны кешіру есесіне ақша алып, өте көп байлық жинайды. Абыройы айрандай төгілген шіркеуге қарсы ересьтік әрекет күшейеді. Бірақ христиан діні мұндай наразылықтарды жауыздықпен жаншып отырды. Католиктік монах ордендері барлық жерде қаптап кетті. Мыңдаған монахтар арамтамақтықпен күн көрді. Олар байлық жинауда католиктік дін өкілдерінен қалыспады. Сондықтан да Боккаччо новеллаларындағы ащы сын олардың ымырашылдық, екіжүзділік әрекеттерін әшкерелеуге бағытталды.

Шіркеу мен дін өкілдерінің аярлығы бірінші күннің бірінші новелласында өте шебер көрсетілген:

Уапелето - өте айлакер, жемқор, тіпті адам өлтіруден де қайтпайтын пасық жан. Ол діндар емес, бірақ дін өкілдерінің сыналған қаруы аярлықты шеберлікпен меңгеріп, өлімі алдынан поптарға тән «пәк жүреппен» өз күнәларына «тәуба» қылады және әулие атағын алады. Аңқау адамдар айлакер діндардың сөзіне сеніп, оны үлкен салтанатпен монастырь алаңына жерлейді. Декамерондағы көп новеллаларда монахтардың қулықтары әшкереленеді. Олар аяқтарын басқан сайын зұлымдық жасайды, халықты алдайды, бірақ соңында өздері масқара болады. Мұны монах Альберт туралы хикаядан анық көруге болады:

Имола деген жерде қылмыстары ашылып, абыройдан жұрдай болған Берто делла Массо есімді бір алаяқ Венецияға барып, өзін өте діндар аға Альбертпін деп таныстырады. Бірте-бірте дін өкілі ретінде абырой жинайды, жасырын түрде жағымсыз қылықтарын жалғастырады. Монастырда жеңілтек жас әйел Лизеттаны кездестіріп, оның сұлулығын мақтайды. Соңынан «періште» сипатында әйелдің үйіне келіп тұрады. Бір күні кеште «періште» киімінде пайда болған Альберт сезіліп калудан қорқып, терезеден секіріп қашады және бір кедейдің үйіне кіріп жасырынады. Танертең періште туралы дақпырт бүкіл қалаға тарайды. Бұл хабарды естіген үй иесі құтқарып жіберу сылтауымен Альбертті сайқымазақтар мейрамына хайуан киімінде шығуға көндіреді. Оның денесіне бал жағып,



оған қауырсындар жабыстырып, қала алаңына жетектеп шығады. Сона мен шыбындар бал жағылған алаяққа қарай лап қояды. Соңында Альберттің айласы әшкереленіп, масқара болып түрмеге түседі.

Алтыншы күннің үшінші новелласында шіркеу алаяғы Чиполланың қулықтары әжуаланады. Епті, алаяқ әрі қу Чиполла шайтанмен күрескен періште Михаилдың терлеген «терін, Херувимнің тырнағын, әулие Лазардың жақ сүйегін және т.б. ғажайып нәрселерді көрдім» деп, аңқау жандарды алдайды. Бір күні Чиполла шаруаларға періштенің қауырсындарын көрсетемін деп мақтанады. Чиполла жиналған жұртқа періштенің қауырсындарын көрсетпекші болып, қорапшаны аша бастағанда болған оқиғаны тез аңғарған ол ештеңені сездірмей, әулие Лаврентийдің өртелгенінен қалған «көмір», деп көмірмен адамдардың киімдеріне крест салып, адамдарды алдап, бұрынғыдан көп ақша жинап алады.

«Декамеронда» қарапайым монахтан бастап, Рим папасына дейін сынға алынады. Дін өкілдерінің қылмыстарын жақсы білетін Боккаччо олардың бұзықшылықтарын аяусыз ашып тастайды. Жазушы дін өкілдерін мазақ ету үшін керекті көркем тәсілдерді шебер пайдаланады, оларды күлкілі персонаждарға айналдырады, сөйтіп, халық алдында масқара қылады. Христиан шіркеуіндегі руханилар «біздің істегенімізді емес, айтқанымызды істе» деген принцип негізінде әрекет етеді. Сондықтан да ұлы гуманист Боккаччо «Декамеронда» озбырлық ұрығын себуші христиан діні мен оның діншілдерінің зұлымдықтарын әшкерелеуге бүкіл күш-жігерін, білімі мен талантын жұмсады [3, 182].

Фольклордағы күлкілі элементтерді пайдаланған Боккаччо қарапайым адамдардағы жақсы қасиеттер - ептілік, даналық және тапқырлықты бейнелейтін новеллалар да жазды. Андреуччо туралы новелланы (2-күннің 5-новелласы) осындай туындыға жатқызуға болады:

Перуджияда ат саудасымен айналысатын Андреуччо есімді бір жігіт жылқы сатып алуға Неапольге келеді. Бірақ бұл күні оның саудасы бітпейді. Аңғал жігіт босқа сандалып жүр демесін деп, әмиянын біресе қолына алады, біресе қалтасына салады. Оны көрген бір алаяқ әйел жігіттің ақшасын қолға түсірмекші болады. Кешке қарай Андреуччо тұрып жатқан қонақүйге жалшысын жіберіп, өз ағасы екендігін (Андреуччоның әкесі Палермоға келіп жүрген кезінде оның жесір анасымен көңіл қосып, одан өзінің туғандығын) айтып, оны сендіреді. Кешкі астан соң, әйел «өзге жұртта түнде жүру аса қауіпті ғой» деп қонақтың кетуіне рұқсат бермейді. Оны алдап ішкі бөлмеге кіргізгенде, қазып қойылған лас шұңқырға жігіт құлап түседі. Алданғанын сезген Андреуччоның жан айқайына ешкім құлақ салмайды. Ол мұнан соң да бірнеше көңілсіз оқиғаларды басынан өткізеді. Оның қонақүйдегі серіктері жақында өлген Неаполь архиепископының өзімен бірге қосып көмілген қымбат бұйымдарын алу үшін Андреуччоны қабірге де түсіреді. Бұл жерден әрең қашып құтылған Андреуччо тез арада өз қыстағына қайтуға мәжбүр болады.

Сегізінші және тоғызыншы күндері айтылған новеллалардың кейіпкерлері сайқымазақ, епті жігіттер Бруно, Буффальмако мен Неллолар ақымақ Симония және Каландриноны келеке етеді. Боккаччо қарапайым адамдарды жақсы қасиеттерге бай жандар ретінде суреттеп, оларға үлкен құрметпен қарайды.

Үшінші күннің екінші новелласында бір атбағар өз қожайыны король Агилульфпен ханшаның сүйіктісі туралы айтысады. Корольмен тапқырлық, ақылдылық сайысына түскен ол жеңіп шығады. Кітапта осындай мысалдар өте көп. Бұлар «Декамерон» ішінде фольклорлық материалдар, демократиялық пікірлер мол қамтылғанын көрсетеді. «Төменгі» топтан шыққан жандар әрқашан ақсүйектерді жеңіп отырады. Граф Анверский (екінші күннің сегізінші новелласы) ғайбат-өсектің себебінен туған жерінен қуғындалып, өзге елде атбағар қызметін атқарады. Күшті жігер иесі болғандықтан, ол көптеген қиындықтарды жеңіп, соңында өз Отанына оралады. Халық санасына сіңген «ақиқаттық пен әділеттілік ақыры салтанат құрады» деген пікір осы хикаяда өз көрінісін тапқан [4, 108].

Боккаччо кіші көлемді хикаялары арқылы осы дәуір тұрмысының түрлі жақтарын реалистік суреттерімен бейнелей білген шебер жазушы. Қаламгер новеллаларының тіліне ерекше көңіл бөліп, тірі тілдегі қысқа, жарқын образды суреттерді шеберлікпен қолдана білген. XIV, XV және XVI ғасырларда өмір сүрген итальян хикаяшылары Боккаччо шығармаларының тілінен үлгі алды.

«Декамеронды» жазып болған соң, Боккаччо аскеттік көңіл-күй қайталады. Мұны оның аллегориялық «Корбаччо яки махаббат шытырманы» (1354-1355) поэмасынан көруге болады. Ақынды масқара қылған бір әйелден кек қайтару мақсатында жазылған бұл шығарма әйелдерге арналған памфлет еді. «Декамеронда» әйелдерге ерекше құрметпен қараған қаламгер енді оларға қарсы шығады. Өмірінің соңында Боккаччо мұндай көңіл-күйдің тууы феодалдық шіркеудің қатты қысымының әсерінен болды. Бірақ бұл өзгеріс «Декамерон» шығармасының халық санасының өсуіне тигізген ықпалын кеміте алмады. Орта ғасырлық діни-аскеттік ілімге аяусыз соққы берген Боккаччоның осы шығармасының мәңгілік жасайтыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Дәуір». 2011.
- 2 Андреев Л.Г. История зарубежной литературы. - Москва, 1989.
- 3 Андреев Л.Г. История зарубежной литературы. - Москва, 2000.
- 4 Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиеті тарихы. - Астана: «Фолиант», 2008.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается художественное мастерство великого итальянского писателя Джованни Боккаччо в жанре новеллы. Боккаччо глубоко раскрывает характер своих героев и осуждает средневековый монастырь. Но писатель всегда оптимистичен, он верит в будущее. Поэтому его герои борются за справедливость, за духовную независимость, при этом высмеивая алчность, предательство и религиозный фанатизм. Автор статьи всесторонне анализирует образы некоторых новелл и оценивает роль великого писателя в развитии этого жанра в мировой литературе.

RESUME

The author of the article considers the artistic craft of a great Italian writer Giovanni Boccaccio in the novel style. Boccaccio deeply discloses the characters and condemns the medieval monastery. But the writer is always optimistic, he believes in the better future. That's why his heroes fight for justice, for spiritual independence mocking greediness, treachery and religious fanaticism. The author analyses the images of some novels and highly appreciates the role of the great writer in the development of this genre in the world literature.



Ә.Д. Қабылов

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
ф.ғ.к., доцент

Көркем бейнедегі кекесін сыры

Аннотация

Мақалада көркем прозадағы иронияның стильдік қызметі көрнекті қазақ жазушысы М.Мағауиннің «Аласапыран» романы мысалында қарастырылады. Иронияның образ сомдаудағы қолданысы шығармадағы нақты кейіпкерлер бейнелері арқылы талданып, ондағы кейіпкер әлемін жан-жақты ашудағы әмбебап қызметі дәлелденеді.

Түйін сөздер: ирония, қазақ прозасы, концептуалдық ирония, мазмұндық категория, образ құрылымы.

Қазіргі ғылымдағы басымдық бағыт алып отырған антропоцентристік тенденцияларға орай, адам психологиясындағы, философиялық танымы мен эстетикалық талғамындағы күрделі құбылыстарды бейнелеуде суреткердің дара стиліндегі маңызды стиль түзуші құрауыштардың қатарында ирония да өзіндік роль атқарады.

Ирония мәтіннің мазмұндық категориясы ретінде белгілі бір кезеңдегі басымдық алушы философиялық, саяси, этикалық ағымдарға, сондай-ақ ұлттық менталитетке, автордың дүниетанымы мен эстетикалық талғамына сәйкес келеді. Өмір сүріп отырған орта мен тарихи жағдай иронистердің белгілі бір типі мен ирониялық тәсілдерді тудырады. «Ирония тек таза тілдік құбылыс қана емес, ол белгілі бір дәрежеде менталитетпен, ұлттық сипаттармен, жеке темпераментпен, басқа да факторлармен байланысты болады», – деп жазады О.П.Ермакова [1, 168].

Ирония жеке жазушылардың даралық стиліндегі автордың дүниетанымы мен эстетикасына байланысты өрнектелетін мазмұндық категория ретінде де қарастырылады. Персонаждардың бейнесін жасаудағы иронияның стилистикалық және концептуальдық типтерінің қатынасын саралау арқылы ирониялық қолданыстардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындауға болады.

Қазіргі таңда иронияны стильдік-тілдік тұрғыдан зерттеушілер оны екі тұрғыдан қарастыруға ден қоюда: стилистикалық тәсіл түріндегі ирония және түрлі деңгейдегі тілдік құралдар арқылы мәтіннің мазмұндық бірлігін түзетін ирониялық мән-мағына. Иронияның бұл екінші типін концептуальдық (немесе мәтін-

түзуші, ассоциативтік) ирония деп атайды. Мысалы, О.Г.Петрова иронияны стилистикалық (тәсіл) және концептуальдық (суреткер дүниетанымын бейнелейтін автор бейнесінің құраушы) ирония деп екі түрге бөліп қарастырады [2,172]. Оның пікірінше, стилистикалық ирония тек тілдік құралдардың көмегімен жүзеге асса, ал жинақтаушы, біртұтас концептуальдық ирония көбінесе экстралингвистикалық, яғни тілдік құралдардан тыс тәсілмен жасалады.

Ирониялық реңк тудырудың мұндай құралдарының даралануын қазіргі коммуникативтік стилистикада регулятивтерге байланысты қарастырады. Регулятивтердің негізіне адресаттың мәтіннің жалпы коммуникативтік стратегиясының шеңберіндегі мотивтерді сезінуі жатады. Зерттеушілер регулятивтерді «авторлық дүниетанымды, оның шығармашылық ойын бейнелейтін нақты мәтіндік жүйенің қорытындысы» ретінде қарайды [3,167]. Регулятивтерді бейнелеудің лингвистикалық құралдарына «ырғақтық-дыбыстық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік», яғни тілдің барлық деңгейдегі құралдары, ал экстралингвистикалық құралдарға «композициялық, қисындық, графикалық» құралдарды жатқызады [3,168].

Көркем шығармадағы иронияның сипаты автордың жеке тұлғасына байланысты болмақ. Оның әлеуметтік дүниетанымы, саяси көзқарасы, эстетикалық талғамы, этикалық түсініктері – осының барлығы да иронияға қатынасын айқындап, суреткердің көркем ойлауын тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді. Яғни ирония арқылы автор өзінің көзқарасын білдіріп отырады.

Көрнекті қазақ жазушысы М.Мағауин шығармаларында иронияның стилистикалық та, концептуалдық та түрлері жиі кездеседі. Иронияны жазушының суреткерлік политрасындағы өнімді де көрнекті стильдік қолданыс деуге болады. Біз бұл мақалада жазушының көлемді шығармасы, кезінде Мемлекеттік сыйлық алған тарихи романы «Аласапырандағы» ирониялық арналарды қарастырмақпыз.

Кейіпкер бейнесін сомдауда қолданылатын иронияның жүзеге асу жолдары әр түрлі болып келеді. Өмір көріністерін мейлінше дәл де шыншылдықпен беруде, образдарды сенімді түрде қалыптауда иронияның қолданысының да маңызы бар. Жазушы қоғамдық өмірдегі оқиғаларды, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын жай ғана бақылаушы, оларды салқынқандылықпен суреттеуші ғана емес, жекелеген адамдарды бейнелеу арқылы тұтас қоғамның толыққанды суретін беруді де мақсат етеді.

Романда мейлінше дәл сомдалған портреттерді, барынша ашылған мінездерді көреміз. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болып, қоғамдық өмір құбылыстарын типтендіре көрсетіп, суреткерлік ойдың іске асу нәтижесі болып табылады. Жазушының шеберлік мәнерінде кейіпкер бейнесін сомдауда иронияны қолданудың түрлі амал-тәсілдерін кездестіруге болады.

Бірінші кітаптың «Ерулік» тарауындағы Ораз-Мұхамед сұлтанның алдында кінәлі болып, әрқайсысы тоғыз аяқтан қымыз ішуге тиіс болатын екі бектің айыптарын өтейтін тұс былайша зілсіз юморлық ирониямен суреттеледі: «Ақыры біреуі қымызды ішіп тауысты. Аздан соң, намысқа тырысқан екіншісі де аһ деп, ықылық ата тәмамдаған. Қошамет, мадақ астында үшінші шара құйылды. Тағы да көтерме басталған. Бірақ айыпкерлерде манағы қарқын жоқ. Судан жеріген сиырдай, мұрындарын шүйіріп, бастарын шайқай, бұрынғыдан әлдеқайда ауырлап кеткен шараларын қолдарына алған.

– Я тәңірім!.. – деді бірі көкке қарап күбірлеп.

– Я аруақ... – деді екіншісі өлімге барар алдындағы жан берген кейіппен тілі күрмеліп.

– Жаса! Жаса! Жаса!

Бұл сөздер екеуіне: «Жарыл! Жарыл!» болып естілген. Бірақ айыпкерсің – жарылсаң да жалтара алмайсың, қиын міндеттеріне қайта кіріскен» [4, 52].

Осындай айыпталудың соңы қандай игілікпен аяқталатынын автор: «Айып ұмытылды, кінә жуылды. Енді екеуінің де ертең, игі жақсылар бас қосқан жерде ғана емес,



кез келген шаршы топ алдында сұлтанның өз қолынан қымыз ішіп, өз иығынан шапан жамылдық деп мақтануға қақысы бар», – деп түйіндейді [4, 53].

Орыс патшасы Федор Ивановичті суреттегенде: «Орыс елінің күш-қуатын, байлығы мен батырлығын, сән-салтанатын айқын танытқан тақ қандай ғаламат болса, тақта отырған адамның түрі де соншалықты қораиш еді. Кеспелтек, шодыр ағаштай жуантық, мықыр денеге орнатылған кішкентай, сопақша бас пен тақтың тепкішегіне еркін жетпей сұлық салбырап тұрған екі аяқ бір қисап еді. Сүйекті, имек мұрын боп-боз, секпіл бетке өр кейіп емес, жасық, болбыр рең беріп тұр. Басындағы гауһар, зұбаржат тастары жарқ-жүркі етіп, көз шағылдырған алтын тәжді ойын үшін кигендей. Ал бір қолындағы алтын аса, бір қолындағы кресті алтын алма – анда-санда шайқалып-шайқалып кетеді. Әрең көтеріп отырғандай...» [4, 361], – деген кекесін бар.

Мұнда иронияның стилистикалық типінің тілдік құралдарына бір-бірімен сәйкес келе бермейтін «сөздік қатарлар» жатады: патша тағының ғаламат құдіреті мен онда отырған патшаның қораштығын қатар алып, қайшылықты сипатымен кекесіндік мән беріп тұр. Оның қораштығын көрсету үшін кейіпкер портретіне орын береді. Алтын тәж, алтын аса мен кресті алтын алма сол қораштыққа сәйкес келмей, ирониялық мән тудырып тұр.

Романның екінші кітабында жалған Дмитрий «патша» Ораз-Мұхамедтің көзімен былайша суреттеледі: «Бойы ортадан сәл төмен, төртпақ кісі екен. Сирек, жирен сақалы тамағына біткен, мандайы қыртыс-тыртыс. Сүйекті, үлкен мұрны үстіңгі түрік ерніне төне түскен. Сәл-пәл тершіген беті әлде шабдар, әлде сары таңдақ. Бітіс-болмысында ақ патша түгілі алпауыт боярға тән ешқандай сипат жоқ, кеменгер біліктілік, кірпияз бекзаттық, ноян ірілік атаулыдан ада, үстіндегі қымбат киімі демесе, түр-тұлғасы әлде қарақшы қара шаруаға, әлде жалдамалы жолнерге көбірек ұқсайтын аса сүйкімсіз әміршінің бар құдіреті көзінде екен. Дымдана жалтырап тұр. Бар зұлымдық түбіне тұнған перінің көзі. Оқыс жалт етіп, үңіле қарағанда, Ораз-Мұхамед өңменінен суық жел шаншылғандай болды [4, 699]. Мұндай портреттік суреттемеде өзінің отырған тағына сәйкес келмейтін «патшаның» ұсқынын контрастық тұрғыда суреттейді. Үстіндегі қымбат киімі мен сүйкімсіз бейнесінің арасындағы қайшылықты сипатты көрсете отырып, «бір кереметі» ретінде көзін ерекше екпін түсіре көрсетеді. Осындай өткірлеу арқылы суреттемеге ирониялық реңк үстейді. Яғни автор мағыналық сәйкессіздікке негізделген мәтіндерде иронияның тілдік құралдарын пайдаланады

Романның композициясы, жекелеген образдардың құрылымы, характерлерді ашу тәсілдері мен оларды түсінуге жасалатын ишаралар секілді құрылымдық-композициялық сипаттағы экстралингвистикалық құралдардың бәрі автор философиясы арқылы анықталады. Бұлар көркем мәтінде жинақталып, тұтас көркемдік полотно концепциясындағы шешуші арна болып табылады.

Жазушы өз кейіпкеріне мінездеме бергенде оның сырт келбетін, мінез-құлқын сипаттау үшін де, кейде кейіпкер сөздері арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастың қайшылықты сипатын таныту үшін де иронияны қолданып отырады. Мысалы, диалог арқылы берілетін кекесінді жауаптасуды Көшім ханның інісі Махметқұлдың: «Есіл қайда, Еділ қайда?» деген сұрағына орай Ораз-Мұхамедтің жауаптасуынан көреміз. Ал мына үзіндіде орталық кейіпкердің ашу үстіндегі ызалы кекесіні байқалады: «Әйел араласқан іс қашан да осылай қағынады! – деп ойлады оқыс ызаланған Ораз-Мұхамед. – Ісім құрдымға кетсін десең, тізгінді әйелге тапсыр. Қарашыға хан тоқтап сәлем берді деген осы!» [4, 132].

«Аласапыран» романындағы юморлық бейнелеу тұрғысынан шынайы да қызғылықты сомдалған эпизодтық кейіпкерлердің бірі – Төбет батыр бейнесі. Ораз-Мұхамедтердің еру аралап жүрген кезінде Бесоба батыр аулынан кездестіретін қарапайым халық өкілі, ашық та аңқылдақ, нағыз қазақы мінезімен, қонақжай да қанағатшыл қалпымен көрінетін әсерлі тұлға. Төбет батырдың ерекше мінез-құлық белгілерінің бірі – күпілдек араластырса да, шындықты өз көзімен бағалап, ақтарыла сөйлейтіндігі. Оның

сөйлеген сөздері арқылы оған деген баяндаушының, сондай-ақ оқырманның жеңіл кекесін аралас тілеулестігі көрініп отырады.

Төбеттің мінездемесін ашуға, әсіресе, Бесобаның сөздеріндегі субъектінің өмірбаяндық іс-әрекеттерін бағалаудағы қайшылықты сипатты зілсіз кекесіндер («бір сөзінде жалған жоқ»; ақыл аз, жас кезі – «қырыққа жаңа келген кезі»; «Біздің Төбет батыр қақ айыра бастан шабам деп жүргенде, анау да әккі екен, қаптамасыз қолды қырықты да түсірді») де қызмет етіп отырады. Төбет батырға қатысты эпизодтағы негізгі ой – Бесобаның «...Жаудан келген – жауға кетеді екен. Жау алмаса, жұт алады екен. Қан арқалағаннан өзге нәтижесін көрмедім. Ең үлкен олжа – мал олжасы емес, жан олжасы ма деймін. Мен айдап келген жүз жылқының арты өткен қыста далада қалды. Ал мына Төбет әкелген олжаға осы үйдің іші толып отыр» [4, 89], – деген сөзінен туындайтын Төбеттің тәубешіл сөздерінде жатыр.

Жазушы кейіпкерлерге топтық мінездеме беруде де иронияны пайдаланады. Ораз-Мұхамедтің Хан-Керменге хан көтерілу салтанатындағы ақ киізден түскен кездегі «ең қадірменді тоқсан кісінің» шашу шашып, тәбәрік үлестіру сәті былайша суреттеледі: «Хан көтеру салтанатындағы ең құрметті орынға енген тоқсан кісі – ылғи қалталылар, арнайы әкелген алтынды-күмісті ақшаларын қасындағы серіктеріне көрсете, мақтаныш пен масаттық үстінде құлаштай, құлаштай лақтырысады. Ханды көруге (сәті түссе, хан аяғының астында шашылып жатқан теңгелерді жинауға) ұмтылған жұрт кері жапырылды. Күнкөріс қамынан артық не бар. Ақ киіздің үстінде, жаңа ғана көтерілген ханның төңірегіне шашылған теңгелер де жинаусыз қалмайды. Жаңағы жомарт тоқсан жер таяна тиын теруге кіріседі. Тәбәрік. Хан шашуынан тиген теңге бақыт, байлық әкеледі» [4, 488]. Бұл үзіндіде мақтаныш пен масаттықтың астарындағы аярлық пен дүниеқоңыздық астастыра бейнеленеді. Мұндағы ирония мәтінтүзушілік қызметімен концептуальдық сипат алып тұр.

Тіршіліктегі адамдар қарым-қатынасын, кейіпкерлердің ішкі әлемін, адамдық болмысын суреттеуде ирония өзіндік өрнегімен қызмет етіп отырады. Ирония автор сөзінде белсенділікпен көрініп, заман мен қоғам, адамзат тарихы, қоғамдық қатынастар секілді күрделі мәселелерді зердеге жеткізе ұғындырып, қарапайымдылықпен қабылдауға септігін тигізеді. Мысалы, «Адам атадан Ораз-Мұхамедке дейін» тарауының басындағы авторлық баяндауларда Әбіл мен Қабылдың жауластық сыры туралы түрлі талдауларды салыстыра отырып, «жер бетінде алғашқы адам қанының төгілуі» туралы бірнеше тұрғыдан пайымдайды. «Қасиетті кітаптар айтыпты», «Ұлы ақындар айтыпты», «Ғұлама ғалымдар айтыпты» деп, ежелгі аңыз-әпсананы түрлі ракурста тәпсірлейді. Мәтіннің ирониялық сипаты бір оқиғаны бірнеше танымдық тұрғыдан түсіндірудің астарында жатыр және бұл тура кекесін емес, ақыл-ой тарихындағы діни, көркем, ғылыми сараптаулардан өздігінен түйін шығаруға шақыратын әлеуметтік-философиялық пайымдау арнасы болып табылады. Қасиетті кітаптардағы жақсылық мен жамандық, махаббат пен зұлымдықтың бастауларын тура баяндау мен ақындық шығармашылықтағы көркем бейнелеу ерекшеліктерін айта отырып, енді олардан ғұламалардың ғылыми жинақтау шығаруын көрсетеді. Адам болмысындағы қарама-қарсы екі полюстің сырына қанықтыратын эпизод тегін алынып тұрған жоқ, автор осыдан келіп жазба тарихтағы екі тұлғаның – Темуджин мен Тоғрыл тарихын баяндауға ауысады. Мұның бәрі – тарихтың айнымалығына, адамзаттың туыстығына, біреуге істегеніңнің ертең өз алдыңнан шығарына меңзейтін ирониялық тәмсіл: «Жаулаушылар – жат жұртты қырып жатырмыз деп ойлады. Адам атаулының тегі – бір, туысы – ортақ екенін, бүгін бауырыңды бауыздасаң, ертең – балаң өзіңе ор қазарын қайдан білсін» [4, 144].

Автор кейде оқиғаларды бағалауда да иронияға жүгініп отырады. Мысалы, Тушино түбіндегі ұрыс кезіндегі екі жақ әскерлерінің арасындағы байланысты суреттеуде: «...Орыстың богатырі мен ляхтың рыцарі келесі кездесуде, ұрыс үстінде бірінің басын бірі жоярына серт айтып, соғыстырып тұрып ішеді. Бірін-бірі арқаға қағып, амандықпен,



ризашылықпен тарасады. Келесі шабуылдан соңғы таныста дауыстап шақырып, бірін-бірі іздейді. Бар болса шынымен қуанады. Жоқ болса, шынымен өкінеді, өлді деп емес, басқа біреудің қолынан қаза тапты деп. Қандай жолдағы қасап болмасын, ерліктің өз ережесі бар екен» [4, 717-718], – деп, қилы кезеңдегі адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзгеше табиғатын мысқылмен баяндап, одан кекесінді қорытынды шығара кетеді.

Жазушы қазақ мақал-мәтелдеріне сүйене отырып, ондағы ойды дамыта пайдаланып, ой-тұжырымды басқаша ракурста ирониялық көзқарасқа бейімдеуге бейіл. Кейде халық мақалдарын негізге алып, содан пікір өрбітіп, болып жатқан оқиғаға орай сол мақалды басқа арнада дамытып, кейіпкер көңіл-күйін бейнелеуге құрады: «Іздесем – ізі жоқ, бауыздасам – қаны жоқ» деген жұмбақ есіне түсті. Шешуі – қайық еді. Жансыз су күймесіне емес, тірі адам – өзіне арналғандай. Артында қалған іс жоқ. Не батырлық жасап майданда танылмаған. Не келелі кеңеске түсіп көсемдік көрсетпеген. Өткен өмірі ізсіз болғанда, қазіргі халі қандай? Сықса – сөл, қақса – қан шыға ма» [4,238]. Ал мына тұста мақалдағы ой-тұжырымды осыған орайлас өмірдегі жайларға ойыстырып, сол екпінмен салыстырулар жасап, үдетпелі ырғақпен дамытады: «Екі өгіз сүйкенсе – шыбын өледі екен. Екі патша тартысса – ортадағы халық күйзеледі екен. Ал екі жұрт тоғасса – телімдегі әлсіз қауым жазаға ұшырамақ» [4, 735].

Халық мақалдарындағы ұғым-түсініктерді сыни тектес басқа ұғымдармен ауыстырып, айтпақ ойды әсірелей кекесін-мысқылға сүйей баяндау да кездеседі: «Шарап қайда, шалапқа зарсың»; «Шәрлі жерде шайтан жүреді деуші еді қазақ. Бұл жерде шайтан – шарапшылар екен» [4, 578]. Кейде мақал-мәтелге түсінік бере отырып, оның мәніне қарама-қарсы жайттарды да мысқылмен өткірлей түседі: «Бір кісі таққа мінсе, қырық кісі атқа мініеді» деуші еді қазақ. Яғни, бір адамның мәртебесі өссе, соның төңірегіндегі қаншама жан қатарға кірмек, жұрттан озбақ. Керісінше қаншама кісінің сағы сынары, бағы қайтары айтпаса да түсінікті» [4, 582].

Романдағы орталық кейіпкердің ой-танымы мен көзқарасын танытатын сөйленістерде жазушы белгілі бір сөздер мен сөз тіркестеріне қосалқы ирониялық тұрғыдан түсінік бере кететін қызғылықты тәсілді де қолданады. Жақшаның ішінде келтірілетін мұндай «коментарийлер» алдыңғы сөзге, сөз тіркесіне қатысты мысқыл-кекесінді мән үстейді: «Бәйге атты сараптаған сыншыдай (*әлде сойысқа келген өгізді салмақтаған қасапшыдай*) артынан, оң, солынан, тағы да екпетінен қарап болған соң, қанағаттанған сыңаймен бас изеп, күбір етті де, қайтадан «тағына» барып отырды. [4,698]; «Бірақ, амал не, басқа әйелдердің бәрінен (*Ай-Шешек деп атап айтуға дәті бармады, мейлі, қай атасы екеумен тоқтапты!*) сол Ділшаттың еңсесі биік болмақ, тізгінді сұлтанмен бірге ұстамақ, бәлкім, кейін тіпті...» [4, 122], «Патшаның демалыс жайы, ханымның (*бәйбіше де, басқасы да өзі – жалғыз!*) ғимараты, бас уәзірдің, атақты боярлардың мекен-қонсы осында» [4, 255].

Романда ирония тек авторлық ремаркалар мен пайымдауларда, суреттеулерде ғана кездесіп қоймайды, сондай-ақ шығармада айналасындағыларға ұдайы кекесінмен қарайтын, болып жатқан оқиғаларды ирониямен бағалайтын кейіпкер де бар. Ораз-Мұхамедтің досы Петр Урусов – осындай өзіне-өзі кекесін, әжуамен қарайтын бірден-бір кейіпкер. Бұл оның ерік күшін танытып, өмір құбылыстарына өткір сыншылдықпен қарайтын ерекше адамдық бітімін де көрсетеді.

Кейде жазушылар кейіпкерлерді шартты типтік бетперде (маска) арқылы береді. Мұндай жағдай дүние құбылыстарын, өмір-тіршілікті ойын түрінде қабылдаудан туып жатады. Кейіпкер саналы немесе санасыз түрде өмірдегі белгілі бір рольдерді ойнайтындай көрінеді. Сол арқылы осы персонаждың мүмкіндіктері ашылады. «Ойын» тарауындағы Петр Урусовтың адуын қалжыңдары, кейінгі жалған Дмитрий патшаны өзі сыйлаған шу асауды үйретуге үндеуі, тайыншадай аюмен шайқасуға итермелеуі секілді неше түрлі мазақ ету, қорлау ойындары жалғандықты көпшілік алдында әшкерелеудің, тоңмойындықты ащы мысқылмен бауыздаудың шынайы үлгісі болып табылады.

Кейіпкерлердің сөйлеу стилдері арқылы көрінетін иронияның әр қилы сипаттары жазушының концептуальдық ой-шешімі мен бағалаушы сипаттамалар жүйесіне байланысты. Олар автор сөзімен берілсе де, персонаждар сөздерінен көрінсе де бәрібір автор бейнесін (образ автора), оның тілдік дүниебейнесін көрсетеді. Автор сөздері негізінен орталық кейіпкер Ораз-Мұхамедтің айналасына көзқарасымен тоғысып жатады, болып жатқан оқиғаларға сыншылдықпен қарауда иронияға жүгініп отырады: «Енді, тарихшы айтқандай, «кабак» деген сөзге «царев» дейтін анықтама қосылды – «царев кабак» – патша кабагы – шайтанның шіркеуі, малғұнның мешіті деген тәрізді» [4, 579].

Кейіпкерлердің негізгі мінез-құлқын анықтаумен қатар, характерлерді өткірлеу үшін, өткен жайларды пайымдап, болып жатқан оқиғаларға баға беруде көбінесе ирониялық рефлексия орын алып отырады. Мысалы, бала Мұрат-Мұхамедтің Арсланмен татулығы туралы естігендегі Ораз-Мұхамедтің ішкі ойы былайша өрілген: «Ұлуғ ау» кезінде қасқыр мен түлкі бір апанға тығылушы еді. Тұмсық түйістіріп жата беретін. Аңшылар нөпірі үстерінен өтіп кеткенше ғана. Содан соң... Ескі тіршілік заңына жүгінеді. Мына екеуінің бал жаласқан достығының ақыры немен тынар екен... Жымия бере езуін жиды» (4, 577). Ораз-Мұхамедтің бұл кекесінінен көрінетін қауіп, бауырының болашағына деген алаңдаушылық бекер болмай шығады: Мұрат-Мұхамед романның ақырында сыйға бола сатқындық жасап, Ораз-Мұхамедтің басын жұтуға себепші болады.

М.Мағауин шығармаларында кейде ирония сарказмға, тіпті сатираға жақын келеді. Бірақ оны сатирик жазушы деуге әсте болмайды, жазушы стиліне ирония мен юмор жақын, оның шығармаларына негізінен мұңды юмор, ызалы кекесін тән. Автор иронияны қайсыбір кейіпкерді бейнелеудің құралы, көбінесе оқиға мен жағдайларды етене танытудың, оған бағалаушы қатынасты іске асырудың тәсілі ретінде жиі пайдаланады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ермакова О.П. Ирония и ее роль в жизни языка. - С. 169-179.
- 2 Петрова О.Г. Ирония как способ создания образов персонажей в идиостилиях Ч.Диккенса и У.М.Теккерей // Вестник Челябинского государственного университета. - 2009. - № 34. - Филология. Искусствоведение. - Вып. 36. - С. 73-77.
- 3 Болотнова Н.С. Коммуникативная стилистика текста: словарь-тезаурус. Томск. Изд-во Том.гос. пед. ун-та, 2008. - 384 с.
- 4 Мағауин М. Аласапыран. Тарихи роман. – Алматы: Жазушы, 1988.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена стилеобразующим функциям иронии в художественной прозе. Стилеобразующая функция иронии рассматривается на примере романа «Вешние снега» видного казахского писателя Мухтара Магауина. Применения ироний в романе проанализированы в разных аспектах, проблема рассмотрена на основе художественно-стилистического, эстетического, концептуального подходов.

RESUME

The article is devoted to the style-forming functions of the irony in prose. The style - forming function of the irony is considered on the basis of the prominent Kazakh writer Mukhtar Magauin's novel "Vernal snow". Applications of the irony in the novel are analyzed in different aspects, the problem is considered on the basis of artistic, stylistic, aesthetic and conceptual approaches.



Р.Ш. Бердалиева

Международный казахско-турецкий университет
им. Х.А. Ясави,
к.ф.н., старший преподаватель

Человек в современном мире: место невербальных средств в межкультурной коммуникации

Аннотация

Статья посвящена изучению невербального поведения человека в контексте межкультурной коммуникации, которая является результатом взаимодействия представителей различных культур. В процессе контактирования представителей различных культур в сфере общественной жизни интерес к изучению национально-культурной специфики межкультурной коммуникации заметно возрастает. Несмотря на то, что жестовые и мимические знаки могут иметь универсальный характер, очень часто их значения могут не совпадать у разных народов, что позволяет говорить об их национальном характере и связаны с этнической, географической, социально-культурной средой. Межкультурная коммуникация описывается как процесс взаимодействия различных культур, а значит и языков, как части культуры любого народа, что позволяет включать в ее состав наряду с вербальными средствами и невербальные средства общения.

Ключевые слова: невербальное поведение, жесты, мимика, культура, контекст, интерпретация, контакт, национальный характер, стили коммуникации.

Человеческое поведение - это продукт миллионов лет эволюции, оно заложено как генетически, так и обусловлено нашей принадлежностью к какой-либо группе, полу, возрастом, личным жизненным опытом, уровнем образования и многими другими факторами. Несмотря на эти различия люди во всех культурах вступают между собой в самые разные отношения, в контексте которых они встречаются, обмениваются мнениями, совершают какие-то поступки и т.д. Смысл каждого конкретного поступка зачастую необходимо понять, ибо он не всегда лежит на поверхности, а чаще всего скрыт в традиционных представлениях о том, что нормально, которые в разных культурах и социокультурных группах также разные [1, 27].

Истории известно огромное число фактов, когда попытки различных культур установить взаимные контакты и отношения заканчивались безуспешно. Чаще всего неудачи объяснялись

личными причинами, недостатками другой стороны или просто языковым непониманием. Культурные различия в качестве причины неудачной коммуникации приводились крайне редко. Это объясняется тем, что причины такого рода чаще всего остаются скрытыми от взаимодействующих сторон.

Дело в том, что поведение людей в процессе коммуникации определяется целым рядом факторов разной степени значимости и влияния. Во-первых, это связано с особенностью механизма инкультурации, в соответствии с которым освоение человеком своей родной культуры осуществляется одновременно как на сознательном, так и бессознательном уровне. В первом случае это происходит посредством социализации через образование и воспитание, а во втором - процесс освоения человеком своей культуры происходит стихийно под влиянием различных житейских ситуаций и обстоятельств. Причем, эта часть культуры человека, как показывают специальные исследования, является не менее значимой и важной в его жизни и поведении, чем сознательная часть. В этом отношении культуру можно сравнить с дрейфующим айсбергом, у которого на поверхности воды находится лишь небольшая часть, а основная часть айсберга скрывается под водой. Эта невидимая часть нашей культуры находится в основном в подсознании и проявляется лишь тогда, когда возникают неординарные, непривычные ситуации при контактах с другими культурами или их представителями. Подсознательное восприятие культуры имеет большое значение для коммуникации, поскольку если поведение коммуникантов базируется на нем, тогда становится особенно трудно заставить участников коммуникации создать другие рамки восприятия. Они не в состоянии сами сознательно определять процесс восприятия другой культуры. Во-вторых, не менее важным фактором, определяющим коммуникативное поведение людей, является ситуация, которую Эдвард Холл определил как «культурные очки» [2, 32]. Она состоит в том, что большинство людей рассматривают собственную культуру как центр и меру всех вещей. Нормальный человек обычно не осознает, что образцы его поведения и способы восприятия окрашены его собственной культурой и что люди других культур имеют другие точки зрения, системы ценностей и норм.

Повседневное поведение большинства людей характеризуется наивным реализмом. Они исходят из того, что мир таков, каким они его себе представляют, и состоит из бесчисленного количества само собой разумеющихся вещей, предметов, людей, событий, которые воспринимаются как естественные и нормальные. Как правило, люди не догадываются об относительности своего мировоззрения. Нередко это порождает убеждение, что собственная культура превосходит другие. Тогда другие культуры недооцениваются по сравнению с собственной. Все, что отклоняется от собственных норм, привычек, типов поведения, считается низкопробным, безобразным, безнравственным. Подобное сознание превосходства «своего» формирует соответствующую модель высокомерного поведения с пренебрежительным отношением к другим культурам.

В-третьих, поведение людей в процессе коммуникации определяется также окружающей обстановкой и обстоятельствами коммуникации. Наши действия не одинаковы в разной обстановке. Место нахождения человека навязывает определенную линию поведения. Сознательно или бессознательно мы придерживаемся соответствующих правил поведения, принятых в данной культуре. Например, формы поведения в религиозных храмах в разных культурах различаются весьма существенно. Так, в Мексике мужчины и женщины ходят в церковь вместе и молча стоят во время службы. В Иране, напротив, мужчины и женщины не ходят вместе и во время службы поют псалмы. Обстоятельства коммуникации также диктуют свои требования к поведению участников.

Таким образом, общей характерной чертой всех уровней и видов межкультурной коммуникации является неосознанность культурных различий ее участниками. В связи с этим разрабатывались различные теории межкультурной коммуникации. Следует



отметить теорию адаптации. Адаптация – это сложный процесс со многими составляющими, в ходе которого человек постепенно по нарастающей привыкает к новой обстановке и новому общению. Динамика подобного взаимодействия называется динамикой стрессово-адаптационного роста. Она происходит по принципу «два шага вперед - один шаг назад» [3, 96]. Таким образом, говоря о межкультурной коммуникации, мы в первую очередь должны говорить о межкультурной восприимчивости, как о необходимом условии успешной работы людей, чья деятельность связана с взаимодействием между представителями разных культур, когда коммуникативные неудачи приводят к провалам в переговорах и к социальной напряженности. [3, 83]. В зависимости от расовой, религиозной, географической, языковой, возрастной, половой, трудовой, семейной и т.д. принадлежности люди придерживаются той или иной модели поведения, в том числе невербального.

Существуют общие для многих культур виды невербального поведения, такие, как поведение, обозначающее приветствие (например, поднятые вверх брови), в то время как другие виды невербального поведения радикально различны в разных культурах (например, поведение, связанное с прикосновениями друг к другу).

В процессе межкультурных коммуникаций нередко возникает непонимание из-за ложной интерпретации невербальных сигналов. Общаясь с представителем другой культуры, люди часто воспринимают определенные виды поведения как положительную реакцию, при том, что на самом деле это поведение вовсе не означает утвердительный ответ. Например, что японец кивает головой и произносит слово «хэй». Наилучшим переводом этого слова будет «да». Но в японском языке «хэй» совсем не обязательно означает «да». Иногда оно может означать «да», иногда «может быть», а порой даже «нет». Это слово часто используется как регулятор речи, информируя говорящего о том, что собеседник его слушает. Оно может быть символом почтения по отношению к уважаемому лицу. Данное слово в сочетании с данным вариантом невербального поведения (кивком головой) для японца почти наверняка будет обозначать не то, что для американца или англичанина.

Также есть разные стили слушания - от умения (желания) слушать, до полного неумения (нежелания) слышать. Говоря о культуре общения между людьми нельзя не затронуть проблему стилей коммуникации. Каждому человеку присущ свой стиль общения, который накладывает отпечаток на его поведение и общение в любых ситуациях. Стиль общения зависит как от индивидуальных особенностей и личностных черт людей, так и от истории жизни, отношения к людям, общепринятых в данной культуре норм общения и т.д.

Особое место в межкультурной коммуникации отводится стилям невербальной коммуникации. Она представляет собой индивидуальную стабильную форму коммуникативного поведения человека, проявляющуюся в любых условиях взаимодействия, в любой ситуации. Здесь мастерство коммуниканта проявляется не только в культуре его речи, но и в умении использовать наиболее подходящее для каждого конкретного случая невербальные средства передачи сообщения. Стили коммуникации варьируются в разных культурах. Выделяют четыре группы стилей как вербальной, так и невербальной коммуникации: *прямой и непрямой; вычурный, точный и сжатый; личностный и ситуационный; инструментальный и аффективный* [4, 15].

Среди перечисленных стилей коммуникации особое внимание необходимо уделить личностной и ситуационной стилям коммуникации. Личностный стиль коммуникации делает акцент в общении на личности индивида, а ситуационный – на его роли. В личностном стиле как вербальными, так и невербальными средствами усиливаются Я - идентичность, в ситуационном стиле – ролевая идентичность. Можно сказать, что личностный стиль отражает социальное равенство, и характерен для индивидуалистских

культур, ситуационной стиль отражает иерархичность общественных отношений и характерен для коллективистских культур.

Если европейские культуры избегают формальных кодов поведения, титулов, почтительности и ритуальных манер во взаимодействии с другими, то восточные народы и народы Азии, например, казахи и турки, считают формальность одним из главных в своих человеческих отношениях. Она позволяет общению быть гладким и предсказуемым. Казахский язык склонен ставить участников разговора в соответствующие ролевые позиции и придавать каждому место в статусной иерархии. Например, в тексте: «Если считаешь меня братом, возьми эти слова обратно! Не показывай свой характер! Склони голову и попроси прощения» (С. Жүнісов. Ақан сері, с.56), говорящий призывает к уважению себя и просит склонить голову в знак прощения.

Исследования показали, что в речи человека хорошо различаются (как лингвистически, так и невербально) такие важные психологические черты личности, как чувство собственного достоинства и чувство превосходства [4, 29]. При этом, если чувство достоинства оценивается слушателями как весьма положительное свойство говорящего (даже более высоко, чем, например, доброжелательность), то чувство превосходства, наоборот, чаще всего – как негативное качество. Известно, что и чувство достоинства, и чувство превосходства основаны на высокой самооценке личности, что, в целом, может и не вызывать негативной реакции, если самооценка говорящего в глазах собеседника не слишком завышена (самоумнение). Однако чувства достоинства и превосходства различаются по критерию отношения к другому, т. е. к партнеру по общению: если чувство собственного достоинства сочетается с уважительным отношением к другому, то чувство превосходства – с занижением, недооценкой личностных качеств коммуниканта, пренебрежительным к нему отношением (высокомерная снисходительность и т.п.). Естественно, что для любого человека, каков бы он не был по социальному статусу по отношению к говорящему, это является унижительным и вызывает его соответствующую явную или скрытую реакцию протеста. Таким образом, отношение коммуниканта к партнеру по общению, выраженное как вербальными, так и невербальными средствами, является для реципиента информацией особо важного значения. Справедливым в этой связи представляется искреннее признание и уважение достоинства другого или, как подметил еще Ф. де Ларошфуко, «желание всегда самому встречать вежливое обращение и слыть обходительным человеком». Вежливость в любом варианте есть признак воспитанности, образованности, культуры человека, а в наше время — еще и недюжинной психологической выдержки, «джентльменского иммунитета» против процветающей грубости [5, 64].

определенным мотивом в тексте, получающим свое развитие от эпизода к эпизоду. Собственно, все три части романа можно рассматривать как развитие каждой последующей частью мотивов и образов предыдущей части. Отсюда возникает эквивалентность персонажей и ситуаций.

На упомянутое выше сходство между Гирькиным и Фаиной следует прямое указание нарратора: «Они умерли в одном месяце, только Фаина на год позже» [1, 216]. И чуть позже: «Она так и не спросила, каким образом угодил он под электричку. “На тридцать восьмом году трагически оборвалась...”» [1, 217]. Смерть Гирькина является пророчеством смерти Фаины: она так же, как и он, умирает на тридцать восьмом году жизни. Связь и взаимопонимание между ними подчеркивается и на уровне рода их занятий, оба – люди духовной сферы: он – поэт, она – учитель музыки. И именно Гирькин становится истинным ценителем музыкальной игры Фаины:

«– Пожалуйста, еще, – просил он.

Ее руки лежали на коленях перед открытым пианино, она тихо и хорошо поглядывала на тебя, не спрашивая, играть ли еще, а как бы убеждаясь, что ты здесь, рядом» [1, 217].

Как можно услышать, определяющей для образа Фаины становится *фоническая эквивалентность*: Фаина – пианино. Эти слова не просто созвучны фонетически, они зарифмованы, что выражает особую связь Фаины с музыкальным инструментом как показатель ее духовности. Знаменательно в этом смысле и имя героини: «Фаина» на древнегреческом языке означает «сияющая», «светлая». Пианино становится «говорящей» деталью в характеристике героини: «открытое» пианино согласуется с ее гармоничным душевным состоянием, «закрытое» пианино свидетельствует о ее душевном дискомфорте. Этот же мотив реализует другая важная деталь – руки Фаины:

«– Мы ждем! – весело подстегнул ты. <...>.

Фаина еще посидела, потом, сделав слишком заметное усилие, поднялась и деревянной походкой направилась к пианино. / <...> Происшествие же заключалось в том, что некий верзила в гимнастерке <...> спер каракулевою шапку. <...> Кто-то услужливо подставил ножку, верзила грохнулся, выпустив шапку из рук, на него тотчас налетели, и началась грозная и скорая расправа. <...> Ты тоже, подхваченный общим негодованием, ткнул под ребро носком сандалии. <...>. / В молчании подошла к пианино, постояла с безвольно опущенными руками, <...>, и наконец села, а руки продолжали висеть. <...> А Фаина все так же неподвижно сидела с опущенными руками перед закрытым пианино. Ты неспешно подошел и поднял крышку» [1, 306-308].

Данная цитата представляет собой фрагмент текста с двумя прерывающимися друг друга и как бы несогласующимися между собой эпизодами, отмеченными нами кривой линией. Однако эта цитата демонстрирует *вневременную эквивалентность по сходству действия*. Несоотносимые, казалось бы, ни по времени, ни по тематике эпизоды, тем не менее, оказываются связанными мотивом жестокости героя: неосознанная жестокость Мальгинова-ребенка перерастет в осознанную жестокость взрослого Мальгинова. Кульминационного развития совмещение этих мотивов достигает в следующем фрагменте:

«Потому и не заметила тебя подлетевшая тетя Шура, что ты стоял поодаль и не принимал участия в экзекуции – только смотрел. <...> сизый рвется из последних сил, а белый, прежде чем беспомощно обвиснуть, выпускает струйку розоватого помета, которую Косой Хлюпа торжественно именуется прощальным салютом. <...> ты стоял в стороне, в коротких штанишках с бретельками крест-накрест, умытый и причесанный, никоим образом не причастный к кровавой расправе. / <...>. Ты понимал Фаину и сочувствовал ей, но ведь ты – <...> не господь бог, чтобы накормить всех тремя хлебами. В конце концов сработал психологический механизм, в основе которого лежали здравомыслие и взрослая ответственность человека за свои поступки; сработал, и ты

явственно ощутил свою внутреннюю непричастность к тому, что некогда было между вами» [1, 380–381].

Путем обозначенной здесь *эквивалентности по ситуации* нарратор-адвокат пытается доказать, что из «хорошего» мальчика не мог вырасти «плохой» человек. Но нарратор-прокурор использует эту эквивалентность как средство обвинения героя: он не стал жесток и равнодушен, он был таким с детства. Этот мотив раскрывается через образ тети Шуры в его эквивалентной связи с образом Фаины: « – Я и сама не кажусь себе мудрой. Наоборот! Думаешь, думаешь иной раз и никак в толк не возьмешь: что с людьми-то стало? – Лучше жить стали, произносишь ты и кладешь в рот хрупкую пористую корочку торта-безе. И Фаина, и тетя Шура обожают его (экое удобство для тебя!)» [1, 241].

Обозначенное здесь сходство между Фаиной и тетей Шурой является основной в романе эквивалентностью по сходству персонажей: обе одиноки, обе безгранично любят Мальгинова, обе живут скромно и обособленно, и по отношению к обеим он жесток (пытается выселить тетю Шуру из ее квартиры, заставляет Фаину избавиться от ребенка). Показательна в данном случае ирония нарратора-прокурора: «экое удобство для тебя!». Герой использует безоговорочную любовь тети Шуры как главное средство самозащиты. Не случайно именно тетя Шура выступает в воображаемом суде Мальгинова в роли его адвоката: «Во время войны, когда все голодали, он приносил рыбу для больных детей. Сам ловил и не домой нес, а им. Ему было восемь лет...» [1, 286]. Нарратор-прокурор: «“Так вы полагаете, в основе всякой нравственности лежит инстинкт самосохранения? Именно он заставил пожертвовать детям этих рыбок?” – “Не инстинкт, – качает головой старушка адвокат. До нее все еще не доходит, что тут тщатся вычертить кривую, которая чуть ли не с математической непреложностью привела тебя к убийству. – А если и инстинкт, то хороший. Его добротой зовут”, – на что обвинение – с иронией: “Случаем, не по-французски он сказал, бросив на пол авоську с рыбой: “Детям – от меня”?»» [1, 289]. Символично в связи с этим, что именно тетя Шура произносит в итоге приговор Мальгинову: «Боже, как ты жесток!» [1, 416].

Важной характеристикой героя становится образ его жены Натали, который в сопоставлении с образом Фаины демонстрирует в тексте еще один тип отношений между персонажами – *эквивалентность по оппозиции*: «Три года длилась ваша связь, но она стеснялась тебя, как в самом начале. / Вы и трех месяцев не прожили, а ей ничего не стоило профланировать перед тобой в чем мать родила» [1, 228]. Натали служит гарантом комфорта и стабильности в жизни Мальгинова. Ожидаемое же Фаиной материнство грозило нарушить его жизненное пространство, что тонко подмечает нарратор-прокурор (курсив наш – А.Д.): «Ты беспокойно прохаживался *из угла в угол*» [1, 349], «...медленно ходил *из угла в угол* по тесному вестибюлю» [1, 350], «Так ходил ты *из угла в угол* по маленькой комнате...» [1, 397]. Очевидно, что герой оказывается в ситуации тупика, а ему всегда нужно было иметь «свой» угол:

«И тут грянул-таки этот вопрос:

– Вы обрадовались, что она умерла? /

Еще даже дверь не успев закрыть, бабушка провозгласила с порога:

– У Шуры мужа убило!

<...> Ты замер *в своем углу*, а в груди в нетерпеливом предвкушении колотилось обрадованное сердце» [1, 379].

Помимо эквивалентности по ситуации мы бы назвали использование пространственного образа угла *лексико-семантической эквивалентностью*.

Вместе с тем полноту образа Мальгинова создает еще и фоническая эквивалентность: «Мальгинов – Золотой пляж – Натали – Злата». Злата - дочь героя. Звук «л» – плавный по своей природе – выдает любовь Мальгинова ко всему уютному, в широком смысле – без острых углов. Сюда же можно отнести неоднократно



подчеркиваемую нарратором бытовую деталь – «кресло»: «Вытянувшись в вольтеровском кресле» [1, 262], «опять опустился в кресло» [1, 313], «Откинувшись на спинку кресла» [1, 370–371], «Но и тут ты не встал с кресла» [1, 384]. Кресло символизирует основную ценностную категорию в жизни Мальгинова – комфорт, что абсолютно не совпадает с духовными ценностями Фаины, главной деталью в характеристике которой, как помним, является пианино. Антитезу «пианино – кресло» можно рассматривать как эквивалентность по оппозиции, означающую антитезу искусства и быта, возвышенного и приземленного, духовного и материального.

И вынудив Фаину выпить лекарство на уже опасном сроке беременности, Мальгинов, по сути, убивает ее, а вместе с ней – и собственную возможность жить гармоничной, наполненной смыслом жизнью, что осознает как запоздалое прозрение: «Фаина, если разобраться, была на периферии твоей жизни, главное же – интеллектуальный комфорт, дом, дочь, жена, успех, столичные приятели, да и благополучие тоже <...>. Но не стало ее, второстепенной, – и главное враз утратило свой непреложный смысл. Что-то еще, очень, оказывается, важное для тебя, похоронил ты вместе с нею» [1, 398]. И как бы Мальгинов ни оправдывался перед самим собой, как бы усердно ни строил самозащиту, он чувствует свою вину, потому и возникает в его сознании суд-исповедь.

И главный приговор произносит себе сам герой в финальной части романа (курсив Р. Киреева – А.Д.): «Сейчас февраль – самый лютый месяц, и так далеко еще до мая. *Ее нету нигде* – вот главное... Поворачиваешься и, сутулясь, медленно идешь» [1, 418]. Формальных признаков того, что слова, выделенные курсивом, являются прямой речью героя, в тексте нет. Однако они воспринимаются как его внутренняя речь, не высказанная вслух мысль. Этот эпизод стоит в тексте обособленно, отдельным абзацем, что, на наш взгляд, передает мотив одиночества Мальгинова. Нарративное время здесь неожиданно меняется с прошлого на настоящее, указывая тем самым, что герой одинок и несчастен именно в эту минуту, когда звучит его исповедь, когда его «видит» созданный им самим нарратор.

Определяющую роль в развитии мотива одиночества Мальгинова играют финалы каждой из частей романа, графически выделенные курсивом и выстроенные по принципу лексического и синтаксического параллелизма, что можно рассматривать как проявление и тематической, и формальной эквивалентностей одновременно. Эти части существуют вне воображаемого суда героя. Диалогическая форма наррации в них полностью заменяется монологической, повествование переходит к *объективному безличному* нарратору (повествование от третьего лица), именная номинация героя изменяется на неименные: человек, мужчина, он. В самом финале романа, наконец-то, звучит голос *субъективного личного* нарратора (повествование от первого лица), произносящему: «*то самое время, когда умерла моя Фаина*» [1, 347]. Со сменой нарратора связано изменение точки зрения на героя: взгляд изнутри сменяется взглядом со стороны, в «курсивных» частях впервые показан «внешний» Мальгинов с его портретными описаниями, а также «внутренний», показывающий свою боль от потери Фаины.

Портретные детали, неоднократно подчеркнутая усталость, болезненность героя являются внешним проявлением его внутреннего состояния, его терзаний и душевного разлада с собой: «усталое, с потяжелевшими щеками лицо», «оправа очков не скрывает болезненных теней под глазами» [1, 253], «у него усталый вид» [1, 346], «бредет плешивый мужчина» [1, 418]. Другая деталь указывает на его незащищенность и уязвимость: «ветер... подымает и треплет его редкие волосы», «мужчина... без головного убора», «плешивый мужчина» (плешивый = с непокрытой головой). Если в основной части произведения истинное состояние Мальгинова скрыто за множеством диалогов, то в «курсивных» эпизодах монологизация наррации позволяет актуализировать мотив полного его одиночества: «человек... стоит один», «мужчина... стоит один».

Более того, в заключительной части романа этот мотив перерастает в мотив безысходности, отсутствия видимой цели в жизни героя в настоящем. Это с точностью передает глагол «*бредет*» [1, 418].

Таким образом, вся защита Мальгинова, тщательно выстраиваемая им в воображаемом суде в форме субъективного квази-диалога, рушится при монологическом описании его объективного состояния. Решающую роль в «разоблачении» героя играет, как показало исследование, эквивалентность, которую можно рассматривать как нарративную стратегию автора, направленную на предоставление: 1. герою - возможности исповедаться, критически взглянув на себя самого; 2. читателю – возможности постигнуть замысел произведения без навязчивого авторского комментария. При этом заметим, что обозначенные нами в рамках данной статьи эквивалентности, не являются единственными и исчерпывающими в исследованном произведении. По сути, весь роман Р. Киреева представляет собой сеть многочисленных семантически наполненных эквивалентностей на разных уровнях наррации. Нашей задачей было - показать этот основной нарративный принцип романа «Апология» и роль эквивалентности в исповедальном дискурсе произведения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Киреев Р.Т. Победитель; Апология. - М., 1980.
- 2 Шмид В. Нарратология. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Языки славянской культуры, 2008. – 304 с.

ТҮЙІН

Мақала ХХ ғасырдың 80-ші жылдары жазылған Руслан Киреевтің модернизмнен кейінгі эстетиканың белгілері бар «Апология» романына жүргізген зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты ғибадатхана дискурсын нарративті стратегия жолымен автор ойын оқырманға көрстеудің эквиваленттілік рөлін анықтау. Шығармада уақытпен шектелмеген барлық элементтер анықталған. Олар нарративтік бірізділікті бұзу арқылы оқырманмен ойын стратегиясын іске асыру арқылы жасалған.

RESUME

This article is devoted to the research of the novel of Ruslan Kireyev "Apologia" written in the 80s of the XXth century and containing the signs of the arising post-modernist esthetics. The definition of the role of equivalence in a confessional discourse of the work as the narrative strategy of broadcasting to the reader of the author's plan became a research objective. As a result of the research the types of equivalence of the timeless correlation of the elements in the work representing the realization of the strategy of a game with the reader by violating the narrative sequence for activation of the reader's reception are revealed.



Аннотация

Мақалада көрнекті қаламгер Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесіндегі реализм мен мистиканың қатар өріліп, өмір құбылыстары мен кейіпкерлердің ішкі әлемінің ашылуы сипатталады. Жалған дүниеде қиянат пен қарғыс арқалаған пенденің жазушы қиялымен берілген о дүниедегі азабын бояуы қалың көркемдік тәсілдермен тартымды, қызғылықты беруі сөз болады.

Түйін сөздер: көркемдік тәсіл, мистика, реализм, тақырып және идея, авторлық ұстаным.

Б.А. Рахметова

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, ф.ғ.к., доцент

Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесіндегі реализм мен мистика

Әдебиет сыншысы Амангелді Кеңшілікұлы Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Кене» әңгімесін [1, 340-357] мистикалық шығармаға жатқыза отырып, мұны соңғы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы санайды: «Бұл мистикалық шығарманы соңғы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы деп айтсақ, та артық емес. «Кене» әңгімесінде жазушы Тынымбай Нұрмағанбетов реализм мен мистиканы араластырып жіберіп, әлем әдебиетінде өзіндік мектебін қалыптастырған жазушы Франц Кафканың өзімен іштей бәсекеге түсіпті» [2, 116].

Көрнекті қаламгер Жүсіпек Қорғасбек осы жазушының шығармашылығы жайлы пікірінде: «... Ал әлемдік әдебиеттің тұрғысынан қарағанда, назар аударатын екінші жазушы - Тынымбай Нұрмағанбетов. «Кене» деген бір ғана шығармасын алайық. Адамның күнделікті өмірінен тыс параллельді өмірді көрсетуін жаңалық деп бағалауға болады. Ең бастысы, жаңалықтың соңына түсіп кетпеген, шынайы көркемдік қуаты бар дүние. Адамның өмірден өткеннен кейінгі жан – дүниесінің жалған дүниедегі көрінісі. Өзі және өзіне деген айналасының көзқарасы. Өте керемет суреттелген» - деп тұжырымдайды [3, 2].

Бұл айтылғандардың қай – қайсысы да бүгінгі аға буын өкілі Т.Нұрмағанбетовтің ізденімпаздығынан, дарын қуатынан хабар беретін, талғампаздығына дәлел болатын дәйектер.

Ал «Кене» әңгімесінің өзі әлемдік әдебиетте ерекше аталатын Франц Кафканың «Құбылыс» (Превращение), Акутагава Рюноскэның, «Өрмек» (Паутинка) атты туындыларымен рухтас, үндес, солармен иық теңестіретін шығармалар санатына жатады.

«Кене» әңгімесінің кейіпкері Бимен өзі басшылық жасайтын мекемедегі кабинетінде түскі астан кейін мызғып алу үшін диванға қисаяды да, жүрегі қысылып жаны кеудесінен шығып кетеді... «Әлгінің кеудеден шығуы – ақ мұң екен... бұл қайтып тәнінің ауырғанын ... тіпті сол тәннің бар – жоқтығын сезген жоқ. Тіпті әлгіндегі сетінеген кеудесінің қайта бітіп, әлде жарылған күйі қалғанын да аңдай алмады.

Ол енді денесінен бөлек, биік тұрды. Дене төменде қимылсыз сұлық жатыр».

Кеудеден шыққан жан (Жан - Бимен) ендігі сәтте кабинеттің маңайында болып жатқан оқиғалардың куәсі болып, жоғарыдан қарап тұрады. Шамамен жұмыс уақтысы басталған кезде біреу келіп есік тартады, аяқ тықыры ұзап кетіп қайта келіп есікті сыпайы тықылдатады. Жан – Бимен мұны хатшысы (секретарша) деп жориды. Одан кейінгі уақытта есікті жұлқи тартып келген орынбасарын, есіктің құлпын бұзуға әрекет жасағандай болып сезілген абыр – дабыр дауыстар, терезенің ашық көзінен түсіп келе жатқан жүргізушісі Жантай, есік ашылған кейінгі ішке лап қойған көпшілік, мұның өліп кеткендігіне көзі жеткен орынбасары Әліптің қылықтары, отбасы мүшелерінің келуі... бәрі – бәрі Жан - Бименнің көз алдында өтіп жатады.

Жан – Бимен өз денесінен алыстап кетпей жерлеу рәсімінің де куәсі болады. Мекемеде жаны тәнінен бөлектенгеннен бастап оның тағы бір байқағаны ешкімнің шын қайғырып, шынайы көз жасын шығармағаны. «Шағын шоғыр жерлеуге шығарып салғанда да... Өлі денемен бірге жұрттың ықылас – пейілі қоса суығандай.

...Әлдекіммен ұрысатындай әйелі көкбеттеніп алған. Келіні мен баласында үн жоқ. Сұңқиып – сұңқиып әр жерде теріс қарап тұрғандары. Қызы да бұл жолы көзіне жас алмады...

Мекеме қызметкерлерінің жүздерінен әлдеқалай көңілділік байқалды ма – ау немене».

Жерлеу рәсімі аяқталған соң жиналған кісілер жөндеріне кетіп Жан – Бимен жалғыз қалды. Ол үшін қорқынышты, азапты шақтардың басы осы болады. Жалғызсырайды. Елегизиді. Қорқады. Көрші қабірге келіп дұға оқып, көз жасын төккен әйелге емексі әрі қызыға қарайды. Үй – ішінен не болмаса достары, жерлестерінен біреулер келіп қабіріне тізе бүгіп, дұға оқыса деп армандайды. Бірақ бұл арман – арман күйінде қалады. Мұның қабірін іздеп келер ешкім болмайды. Фәни дүниеде құдай сүйер қылығы жоқ, адам баласына жақсылық жасамаған, жақсылықты қоя тұрып жай жүрмей жаманат пен қиянат арқалаған жанды кім керек етсін. Ешкім керек қылмаған, іздемеген денесінен ақыры өзі де жерігендей болады.

Т.Нұрмағанбетов «Кене» әңгімесінде мистика мен реализмді қатар өріп, жаңа жол, жаңа өрнек тапқан. Мысалы, Актутагава Рюноскэнің «Өрмек» әңгімесіндегі қандықол қарақшының өлгеннен кейін мекені адам баласына белгісіз о дүниедегі басынан кешкен азабы баяндалса, «Кене» әңгімесінде Жан – Бименнің о дүниедегі жан азабы мен тән азабы осында, жер бетінде өте береді.

Кенеттен соққан бір алапат дауыл мұны көтеріп әкетіп, ит сілікпесін шығарып әлдебір уақытта қайтадан жерге лақтырып кетеді. Түскен жеріндегі үй – жай, қора – қопсы, көзіне таныс көрініп, бажайлап қараса бұл жалғыз ағасы Сүйменнің ауласы болып шығады. Қуанып кетіп есікке қарай ұмтылады. Өзіне біртүрлі жүрісі өнбейтіндей көрінеді. Қол созым жерде тұрған есікке бағана шықса да жетіп болмайды. Үйден шыққан ағасы Сүймен енді табалдырыққа іліне берген мұны көріп қалады да: « - Әй, мына кене қайдан жүр. Біреудің құлағына кіріп жүрер. Аулаққа апарып өлтіріп тастандар», - дейді. Абырой болғанда бұйрықты орындаушы ұзынтұра қара бала мұны саусағының ұшына қондырып алып қораның сыртына лақтырып жібереді, өлтірмейді. Бұған да шүкіршілік. Енді ойлап қараса жалған тірлікте осы жалғыз ағасы Сүйменмен де араласпаған екен... Тап осы жерде Бимен (Жан - Бимен) Тәңірінің өз жанын кенеге бергенін, өзінің де кенеге айналғанын біледі.



Енді Жан – Бименнің кене тіршілігі басталады. Ағасының қылығынан беті қайтқан Бимен – кене ендігіде адам адам атаулыдан аулақ, адам болмайтын жер, адам баспаған жол іздейді. Ол үшін қазір дүниедегі ең қорқынышты, ең үрейлі нәрсе – адамның ізі болды. Осылай сенделіп жүріп айдаладағы тақырда жатқан атан түйені көреді. Әлденені күйсеп, ештеңеден қаперсіз, айналасына маңғаздана қарап жатқан түйеге қызыға қарайды. Жақындай келе кене түйені таниды. Бұл бұрынға бастығы Атанбай екен. Бимен – кененің ойы, өткенді еске алуы арқылы Атанбайдың фәни дүниесіндегі өмірінен хабардар боламыз. Бимен Атанбаймен оқып жүрген кезінен таныс болған. Кейін қызметтерін жаңа бастап жүргенде де араласып – құраласып тұрған. Атанбай атына лайық – маңқиып, маңғаз жаратылған қазақ болған. Бимен қаншама қараулық, жамандық жасағанда ол бұған зәредей де жамандық жасамаған. Адамдық, азаматтық биігінде қалып, Бименнің ұсақтығына мән бермеген. Тіпті Бименнің өзін де елеп – ескермеген. Ақырында сол биіктігі мен алыптығын көре алмаған Бимен Атанбайдың түбіне жетіп, ажалына себепші болады. «Батыр аңғал – ер көдек» деген осы. Өмірде жылпос, жандайшаптардың тасы өрге домалап, адал, әділ тіпті алып жандардың солардың құрған қақпанына түсіп, опық жеп омақаса асып жатқандары жоқ немесе аз деп айта аламыз ба.

Кененің ендігі ойы атан түйенің жүніне жабысып алып елсіз жерге ұзап кету болады. Жүнге жетіп алған соң кенелік инстинкті оянып, енді түйенің жүннен ада аппақ жұқа шабына жабысуды ойлайды. Түйе орнынан тұрып, құладүзге бет алғанда бұл да жұқа шаптың шетіне жетіп үлгереді. Шаптың терісі жұқалау тұсына тұмсығын қадап, қанын сорып рақатқа батады. Тоғы басылып, шөлі қанады. Қоламса исі аңқыған осы мекенде мәңгілік қалуды ойлайды. Бір шәріге тақай бергенде шабы тызылдап ауырған түйе жерге аунап, шаң жұтқан кене өзінен – өзі домалап түсіп қалады.

Адамдардың көзіне түсіп қалудан сақтанып қалың көктің арасына беттеп, енді шетіне жете бергенде алдынан көк – сары қанатты әдемі көбелек ұшып шығады. Алғашында оған аса мән бере қоймаған Бимен – кене алдын орап ұшып кетпей қойған көбелекті сәлден соң барып таниды. Бұл бұрынғы хатшысы – Бөпетай екен. Қарауында екі- үш жыл істеген. Ана тіршілікте әсем қылықтарымен мұның есін шығарған Бөпетай - көбелек мұнда да бірде оңға, бірде солға бұрылып, енді бірде жоғары-төмен көлбеп сәнмен ұшады. Өткен шақта сұлу хатшысының жүргені, күлгені, алдына келіп тапсырма алып тұрғаны, мұның бойын баурап, еліктіріп, еліттіргені, әуелде «дегеніңе көнбеймін» деп осы ұшып жүргеніндей олай – бұлай қашқаны, ақырында Бименнің тұзағына түсіп балапандай шырылдап – шыркырағаны, бота көздері мөлтілдеп жылағаны... бәрі де Бимен – кененің көз алдынан тізбектеліп өтеді. Сол Бөпетай соңынан. Бименнің кесірінен бесінші қабаттан құлап өледі. Қаншама залал, қаншама қиянат... Мұны Кене – Бимен өзі де мойындайды, енді. «О, Бименнің уысында қанша қан, қанша күнә бар. Оның жанын кенеге бергенде құдай көрмей – білмей отыр дейсің бе?...»

Жазушы кейіпкер Бименнің өлмей тұрып қиянат, зәбір көрсеткен адамдарымен бұл жақта бетпе – бет кездестіріп тәубесіне келтіргендей болады. Тек кейіпкері Бимен – кенені ғана емес, оқырманды да.

«Әңгімеден Құдайлық жолдан адасып, сайтани сеніммен өмір сүрген пенде баласының жазушы қиялынан туған о дүниедегі азабын көреміз. Жазушы өз шығармасында өмірде талай қиянат жасаған Бименнің жанын кенеге беру арқылы көзі тірісінде істеген опасыздықтарын қайтадан есіне салу үшін тіршілікте қиянат жасаған адамдарымен жолықтырып, осы көріністерді реалистік өмірмен өте шебер ұштастыра біледі» [2, 117].

Тырбаңдап алға жылжып келе жатқан кене бір кезде өзінің саяжайының үстінен шығады. Қуанып кетіп ендігі жерде осы саяжайдың маңында күн кешуге бел байлайды. Осы қуаныштың жетегімен саяжайына беттеп келе жатқанда үйінің алдына өзінің соңғы үш жыл мінген ақ «Волга» мәшинесінің келіп тоқтағанын көріп кідіреді. Көліктен әуелі өзінің қызы, одан кейін орынбасары Әліп түседі. Қызы Әліптің мойнына асылып ары

қарай Әліп оны балаша көтеріп алып үйге беттегенін көріп тұрады. Ойша өз қызметінің Әліпке тигенін бағамдайды. Ал қызы ше... Ары қарай бұл жайында ойлағысы да келмейді.

Әңгімеде орынбасары Әліптің бүгінгі күні бұрынғы бастығы марқұм Бименнің «тірлігін» жалғастырып жатқаны көрінеді. Бимен көзі тірісінде күнәдан пәк ару қыз Бөпетайдың тағдырын ойынға айналдырып соңынан оның ажалына себепкер болса, енді өзінің қызы Бименнің орнын басқан Әліптің құшағында ойнайды... «Бұрынғылар «тіршілікте көрген бақытың мен қасіретің бірдей болады. Тәңіріңнің таразысы тең» деп жатушы еді. Шынымен - ақ» - дейді Бимен – кененің өзі де.

Саяжайын паналау туралы жоспары далада қалып кері бұрылған кене ойда – жоқта төбеден құлдилап кеп, жер бауырлап ұшқан бүркітті көріп зәресі ұшады. Бұрын - соңды бұл маңайдан бүркіт көрмеген. Биіктеп кетіп қайтадан төмен құйылып тура кененің үстімен ұшып өткенде бұл алып құстың сұстылығынан, от шашқан көздерімен әкесі екенін таниды.

Қалың шөптің арасымен кетіп бара жатып жақын маңнан көкектің үнін естиді. Көкектің үні соншалықты мұңлы да қасіретті еді. Тіпті ол кенеге егіліп жылап отырғандай сезіледі. Бұл көкек кененің анасы болып шығады.

Тірісінде адамды бетіне қаратпайтын қатал әрі әділ әкесі бүркіт туған баласының кенеге айналғанын көріп бұдан түңіліп, биікке самғап, көкке сіңіп кетсе, қыбырлаған кененің өз перзенті екенін таныған анасы көкек байғұс егіліп жылап қала береді. «Анасы марқұм өзін – өзі тоқтата алмай ұзақ жылайтын. Мұң – сырын пендеге алдырмайтын әкесі еді ғой, Сабаз... Сол әдетінен тағы да танған жоқ».

Автордың айтар ойы, әңгіменің идеясы шығарманың финалына қарай түйінделе береді. Сандалып келе жатқан кене бір уақытта қарсы алдынан өзіне қарай қаптап келе жатқан көп кенелерді көреді. Бұлар ой жақтан шыққан үлкен өрттен қашып келе жатыр екен. Кенелердің көптігін көріп бір сәт өзін жұбатқандай болады. «Ол жан –жағындағы бірін – бірі басып кетердей қаптап келе жатқан кенелерге тоқ бейілмен қарады. «Ойбай – ау. Біз әлі де көбейе түсеміз ғой. Әлгі Әліп, Гүлсары, Жантайлар кене болмағанда не болар дейсің. Өзінің әйелі де бар екен ғой. Тіпті жер – дүние кенелерге толып кетпесе деші... Қызы да ойына түскен. Бірақ кене оны бұл топқа қосқан жоқ. Оны тым болмағанда көбелек болып кетсе екен» деп тіледі».

Жазушы әңгіме финалында пендәуи дүниеде күна арқалап ақырында кенеге айналып жатқандардың көбеюінен өзі де секемденіп, оқырманды да содан сақтандырғандай болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрмағанбетов Т. Айқай. – Алматы: Өнер, 2001. – 485 б.
- 2 Кеңшілікұлы А. Қазақты сүю. – Алматы: Өнер, 2008. – 232 б.
- 3 Қорғасбек Ж. «Құпия қойма» - тарихта қалатын шығарма // <http://kitap.kz/suqbat/entry/2014-04-11-11-07-28.tmp1=component...>

РЕЗЮМЕ

В статье речь идёт об использовании реализма и мистики в раскрытии жизненных перемен и внутреннего мира героев рассказа известного писателя Тынымбая Нурмаганбетова «Клещ».

RESUME

In this article the author considers the use of realism and mysticism in discovering life changes and the internal world of the heroes of the story "Mite" by the famous writer Tynymbay Nurmaganbetov.



Аннотация

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық мәтіндердің негізгі бөлімін құрайтын қоғамдық-саяси лексика туралы айтылады. Тіл мен қоғам – егіз ұғымдар. Қазіргі таңда тіл білімі ғылымының маңызды міндеттерінің бірі – адамзат қауымының әлеуметтік өмірінің, оның түрлі тарихи кезеңдері қызметінің көрінісі деп атауға болатын тілдің атқаратын қызметін зерттеу. Қоғамдық-саяси құбылыстар мен ұғымдарды атайтын, мағыналық ұқсастығы арқылы топтастырылған сөздердің жиынтығы болып табылатын қоғамдық-саяси лексика қоғамдағы саяси көзқарастар мен оны басқару жүйесінің сипатына қарай өзгеріп отыруы мүмкін екендігін мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетеді. Автор өз мақаласында бүгінгі күні еліміздің ақпарат құралдарындағы саяси көзқарасты мақалалар мен хабарлардан алынған қоғам мен саясатқа қатысты сөздерді, топтап, талдап береді. Сонымен қатар автор мақалада қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық қызметі туралы айтып өтіп, қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық қасиеті ақпарат арқылы оны қабылдаушы санасында идеологиялық бағаның қалыптасуына ықпал ететіндігіне тоқталады.

Түйін сөздер: қоғамдық-саяси лексика, ақпарат тілі, бағалауыштық лексика, адресант, адресат.

Г.Ә. Машинбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ф.ғ.к., доцент

Қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық сипаты

Қоғамда болып жатқан саяси реформалар мен дамуларға, билік ауысымдарына, сондай-ақ кенет болған саяси толқулар мен ірілі-ұсақты қоғамдық өзгерістер мен оқиғаларды мемлекет әр салада қалтқысыз бақылап баға беріп отырса, сол бақылаулар нәтижесінде анықталған жағдаяттарға БАҚ өкілдері тарапынан мақалалар жазылып тұрады. Ақпараттық бағдарламалардың қоғамдық мәні өте зор. Ол халыққа қызмет етеді, яғни халық қажеттілігін өтейді. Елімізде, таяу шет ел, шет елдерде болып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени жаңалықтар легін күнделікті жеткізіп отыру – мерзімді басылымдар мен электронды ақпарат құралдарының міндеті болып табылады. Мұның ішінде телеарнада берілетін ақпараттық бағдарламалардың орны ерекше. Ол халыққа аудиалды, визуалды тұрғыда әсер етеді. Ақпарат жеткізудің негізгі құралы

теледидардың маңыздылығы жөнінде ғалымдардың өзіндік көзқарастары бар. Мысалы, орыс ғалымы В.В. Егоров: «Теледидар дегеніміз – бұл тек бейне мен дыбыс жеткізудің техникалық тәсілі ғана емес, ол сонымен қатар бағдарлама жасау барысындағы өзіндік талаптары мен оларды адамның түйсінуіне қатысты психологиялық әсер етуінің заңдылықтары бар ақпарат жеткізудің ерекше саласы», – десе [1, 190], А. Юровский: «Басқа ақпарат құралдары, басқа өнер түрлері немесе публицистикамен салыстырғанда теледидар басым жағдайда адамға қоғамның, халықтың рухани тұрмысымен тыныс алуына, басқа адамдармен етене араласып, олардың ойы, іс-әрекеті, мақсаты мен арманы туралы білуіне мол мүмкіндік береді. Міне, оның қоғамдық мәні де осында. Кез келген өнер салалары сияқты теледидар саласы да қоғамның қызығушылығынан, оның қоғамдық қызметінен тыс өмір сүре алмайды», – деп жазды [2, 56].

Адам өміріне енген жаңа ұғымдар халық ұғымында толық ізін қалдырып, айқын бейнеленіп бірден сіңісіп кете қоймайды. Осы жағдайларда да ұғымға қойылатын ат кездейсоқ болмайтыны белгілі. Көбінде тіпті бір ұғым бірнеше атпен де аталып жүреді. Терминдік лексиканы қалыптастыруда сол дәуір баспасөзінің орны ерекше. Өйткені қандай да болмасын жаналық алдымен баспасөз, радио, теледидар арқылы жарияланады. Мерзімді баспасөз сол қоғамдағы әлеуметтік саяси, ресми қаулы-қарарларды өз беттерімен жариялап тұратын ақпараттар ағыны. Осы мәселе тұрғысынан Б.Қ. Момынова: «Қазіргі кездегі өркендеп дамыған бұқаралық ақпарат құралдары оқылатын (визуалды) мерзімді басылымдар, тыңдалатын (аудиалды – радио), аудио-визуалды – теледидар, деректі кино болып үш түрге бөлінеді. Бұлардың коммуникативті құрылымдарындағы кейбір айырмашылықтар болмаса, атқаратын қызметтері ұқсас», – дейді [3, 15].

Ақпараттық мақала, сыни мақала, саяси-сараптамалық мақала, бас мақала, жеке авторлық мақала сынды мақалалар мерзімді басылым беттерінде жарық көрсе, радио мен теледидар арналарында да белгілі осы оқиғаларға байланысты бір мезетте мағыналас мақалалар жарық көретіні заңды. Мемлекеттің ақпарат құралдарының өзі ішінде мемлекеттік және жеке басылым, тәуелсіз басылым болғандықтан тіршіліктегі өзгерістерге берілетін бағаның да әрқалай екендігі орынды және бұл табиғи шынайы құбылыс. Осындай мазмұны мен салмағы әртүрлі мақалалар мен телебағдарламаларда, радиохабарларда ортақ қолданылатын сөздер қоғамдық-саяси лексикалар тобы болып табылады. Себебі қоғамдық-саяси лексика қоғам өміріндегі оқиғамен, ондағы басқару жүйесімен, сол жерде болып жатқан өзгерістерден жат емес, керісінше солардың өзінен туындаған сөздер болып табылады. Оған ғылыми әдебиеттерде қоғамдық-саяси лексика ұғымына берілген анықтамалар мен қоғамдық-саяси лексиканың ерекшеліктеріне байланысты айтылған ғылыми пікірлер куә.

Газет тілін жан-жақты зерттеген ғалым Б. Момынова тіл білімінде қоғамдық-саяси лексика туралы ғалым А. Ысқақовтың еңбегінде, А. Қалыбаеваның еңбектерінде қарастырылатынын айта келе, қоғамдық-саяси лексиканы толық зерттеген ғалым ретінде Р. Барлыбаевты атап көрсетеді, және қоғамдық-саяси лексиканың газет беттеріндегі ең көлемді топтарды құрайтындығы жөнінде: "газет атаулының басты қасиеті – ақпарат жеткізу мен үгіт насихат жұмыстарының негізінен қоғамдық-саяси лексикаға жататын сөздер тобы арқылы іске асатындықтан, ол газеттің төл лексикасы саналады" – дейді Б. Момынова [3, 92].

Біздіңше, ақпараттық құралдар тілінде көлемі жағынан барлық сөздерден басым көп қолданылатын қоғамдық-саяси лексика қоғамдағы басқару жүйесі, идеология, саяси оқиғалар, оларға мемлекет тарапынан беріліп отырған бағаға қатысты шұғыл түрде болмаса да өзгеріске түсіп отырады. Олардың баспасөз беттеріндегі жиі қолданылуы да, немесе уақыт өте келе бұрын белсенді қолданылған лексикалар тобынан кейін ығыстырылуы да, қоғамдағы ойдың тілде көрініс табуы да осы ойымыздың айқын дәлелі.

Бағалаушылық пен құндылықтар тұрғысынан зерттеу қазақ тіл білімінде көп таралмаған. Әлеуметтік бағалаушылық құбылысы сөз мағынасында болатын



компоненттердің бірі. Дегенмен бүгінгі таңда сөздің семантикалық құрылымындағы бағалаушылықтың орны толық анықталмай отыр деп Б. Момынова өз еңбектерінде көрсетеді. Баға – адам баласына тән логикалық категория. Тіршілік иелері арасындағы басқа жанды-жансыз заттар ондай қасиеттен алыс. Бағалаушылық тек әлеуметтік категория ғана емес, бағалаушылық адам санасымен бірге пайда болатын психикалық құбылыстардың қатарынан орын алады. Сол себепті бағалау дегеніміз = тіл + ойлау + шындық немесе ақиқат (реальды өмір) трихотомиясының нәтижесі болса, ал бағалаудың семантикалық категориясына бағалаушылық жатады. Сондықтан да баға – адам санасында үнемі тоқтаусыз жүріп жататын процесс және ол адамның ойлау қабілеті арқылы іске асатын интеллектуалды-психикалық акт болып табылатындығы туралы еңбектерде айтылып жүр.

Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіріп өтейік. 90-жылдары Кеңес үкіметі тараған соң, қоғам жаппай дінге бетбұрыс жасай бастады. Бұрынғы кеңестік идеологияның орнына халықты тәрбиелеу құралы дін болды. Елбасы елімізде тұратын ұлттар мен ұлыстардың дініне еркіндік берді. Осы уақыттарда: *Иманжүзді, сәждеге бас ұрған, ислами тұрғыдан, иманын сақтаған адам, діни сауатты, дін еркіндігі* т.б. сөздер мен сөз тіркестері белсенді қолданылатын лексикалар тобына жатты. Мұндағы діни көзқарасқа қатысты сөздер тек оң бағалау сипатында қолданылды. Ал қазіргі кезде дінге қатысты жазылған мәтіндерде теріс бағалау сипаты да байқалады. Оған қазіргі қоғамдағы дін саласында әлемде болып отырған келеңсіздік әсер еткен болуы керек. Қазір керісінше *діни экстремизм, ислам діні өкілдерінің атын жамылғандар, діни қауымдар т.б. жаһидтер, ваххабисттер, әсіредіншілер, дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар радикализм, экстремизм және терроризм* сынды кері бағалаушылық мәні бар сөздермен тіркесіп айтылып жүр. Бұл да табиғи құбылыс. Себебі аталған қоғамдағы кері әрекеттер, кері ой туғызды, ол діни көзқарасқа байланысты қоғамдық-саяси лексика теріс бағалаушылық сөздермен қолданылатын болды.

Мемлекет экономикасына байланысты сексенінші жылдардың аяғы, тоқсаныншы жылдардың бас кезінде *нарықтық экономика, бүгінгі нарық заманы, ақшаның құнсыздануы, пәй, купон, акция* т.б. сөздер қоғамдағы экономикалық өмірден сурет беріп тұратын сөздер ретінде көп қолданылса, қазіргі кезде біздіңше бұл сөздер белсенді қолданылатын сөздер қатарына емес, кейінгі ығыстырылып қалған сөздер қатарынан орын алып келеді. Әрине, бұл сөздер қазір мүлдем қолданылмай қалған жоқ, бірақ олардың қолданысы пассивтенді деп айтуға болады. Бүгінгі күні Егеменді ел болып отырған Қазақстан елінің ақпарат құралдары тіліндегі белсенді қолданылатын қоғамдық-саяси лексикалар тобы қайсылар деген сауалға жауап іздесек, мұндағы сөздердің белсенділігі бүгінгі мемлекет өмірінің саяси, экономикалық өзгерістеріне, ішкі сыртқы саясатына тәуелді деп айтуға болады. Әрине, қоғам бір орнында қатып қалған құбылыс болмағандықтан, ондағы ой да, көзқарас та түрлі көзқарастан туындағын саяси бағыт та, саясат та бір орнында тұрақтап қалмақ емес, олардың салмағы да, белсенділігі де, жиілігі де әртүрлі. Сөзіміз дәлелді болу үшін бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін қоғамдық-саяси лексикалар тобының түрлеріне саяси өмірімізбен байланыстыра отырып талдау жасап көрейік. Өзімізге белгілі кең байтақ жері бар қазақ елінде бүгінгі күні жүзден аса ұлттың өкілі тіршілік етіп келеді. Тілі басқа, мәдениеті әртүрлі ұлттарды бір бағытқа бағыттап сүттей ұйытып ұстау үшін кемел саясат қажет екені белгілі. Ол саясаттың басты ұстанымы ұлттар мен ұлыстар арасында өзара түсінушілікті қалыптастырып, саяси қайшылықтар мен ұлттаралық араздықты туғызбау. Бұл Елбасымыздың саясатының негізгі мазмұны. Осы тұрғыдан келгенде, ақпарат құралдарында бірлік пен достық тақырыбына қатысты қоғамдық-саяси лексикалар бүгінгі ел баспасөзінде алдыңғы қатардағы сөздер тобынан көрінеді деп айтуға болады. Ол Елбасымыздың баспасөз беттерінде берілген: «Саусақ ашса – қылдырық, жұмса – жұдырық» екенін көкейге берік түйе отырып, ұлы мақсаттарға бірге сапар шегейік,

қымбатты отандастар! Бірлігіміз – берік, тірлігіміз – серік болсын! Еліміз жарқырап, жайнай берсін! – деген мазмұнды сөздерінде көптеп кездеседі:

Бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті, этникалық теңдік, тұрақтылық пен келісім, Қазақстан халқының теңдігі, Қазақстан халқының әр басқа әрі тең балалары, достық шаңырағы, саяси тұрақтылық, ортақ Отан, мызғымас бірлік, тұрақты тыныштық, бірлік пен бірауыздылық, біртұтастық, ортақ Отанымыздың гүлденуі, көпэтносты халқымыз, этностардың мәдени қабаттарының ықпалдастығы, тату көрші, одақтас, ортақ патриоттық платформада топтастыру, бірлік, рухани келісім қағидаттары, мемлекеттің зайырлылығы, Қазақстан халқының әр басқа әрі тең балалары, көпұлтты мәдениетіміздің көркемдігі, ішкі тұтастық, зайырлы ел, толеранттылық, халқымыздың көпэтностылығы, бейбітшілік пен келісім, тұрақтылық пен келісім, этносаралық келісім (Мысалдар Елбасының Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясындағы баяндамасынан алынды).

Бұған қоса еліміз қазіргі кезде "Қазақстан-2030" стратегиясын жеделдете аяқтап, "Мәңгілік ел-2050" жобасын орындауға кірісіп кетті. Қазіргі кездегі баспасөз беттеріндегі белсенді қоғамдық-саяси лексикалар тобында аталған жоба мазмұнына қатысты сөздер қолданылады, әрине ол заңды, себебі бұл қазіргі кездегі мемлекетте жүзеге асуды қолдап отырған бірден-бір жоба. Осы жобаларға қатысты мәтіндерде қоғамдық-саяси лексика үнемі бағалауыштық сипатта беріледі. Мақсат аталған жобаның халық арасында оң бағалауыш арқылы оң көзқараста таныстырылуы деп білеміз. Мысалы: *Елбасы, Нұр Отан, Жас Отан, Нұр Отаншылар, "Нұр Отан" партиясының белсенділері, мәңгілік ел идеясы, Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектебі, Мәңгілік Ел, Нұрлы жол, «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы, Мәңгілік елдің қақпасы – деген қоғамдық-саяси лексикалармен бірге мызғымас мәңгілік ел, жасампаз ел, бірден-бір халықшыл партия, ұлт партиясы, белсенді партия бәсекеге қабілетті ел, қолжетімді баспана, қолжетімді баға, макроэкономикалық саясат* сынды бағалауыштық мәндегі сөздер мен сөз тіркестерінің астарында халықты осы партияны, осы саясатты жақтаушы болуға шақыру идеясы тұр. Бұл да қоғамдық-саяси лексиканың бағалауыштық сипатын білдіреді.

Аталған стратегиялардың әрбір бөлімінде айтылған мәселелер бойынша қолданылатын қоғамдық-саяси лексикалар тобын көрсетіп отыруға болады, соңғы жылдардағы ғылым, білім, экономиканы дамытуға қатысты жобаларға қатысты қоғамдық-саяси лексика қатары жанарып барады. Оларға: *"Жасыл экономика" бағдарламасы, "Балапан" бағдарламасы, "Қолжетімді баспана" бағдарламасы, "Дипломмен ауылға", "Айналаңды нұрландыр", Астана ЭКСПО-2017» көрме кешені, "2020 жылға дейін аймақты дамыту" бағдарламасы.* Аталған бастамаларға қатысты: *2017 Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. «Жасампаздық белесі – 2050»* – деген ұрандарда оларға берілген оң бағалау көрінеді.

Бұған қоса ел ішіндегі жағдай мен әлемдік өмір байланысына қатысты: ғылым мен білім саласын әртараптандыру, Орталық Азияны тұрақтандыру, аймақшылдық бірігу, жаһандық қауіпсіздік, үштұғырлы тіл саясаты, Қазақстан патриотизмі сынды стратегиялардың әр тарауында қолданылатын қоғам мен саясатқа қатысты сөздер жатады. Олар бүгінгі күні ақпараттық хабарлар мен мерзімді басылымдар санында белсенді түрде қолданылып келеді. Олар үнемі оң бағалауыштық мәнде: Елбасының сардарлы саясаты, елбасының көрегенділігі, кемелденген саясат, жарқын болашақ саясаты, біртұтас болып ұйысуға бағытталған саясат т.б. сипатта болып келеді.

Сондай-ақ қоғамдағы қысқа мерзімде қолданылатын бірақ бірнеше жылдарда қолданылуы белсенді түрде қайталанып отыратын қоғамдық-саяси лексикалар туралы да айта кетуге болады. Мұнда сайлауға қатысты лексикалар, әрине, тұрақты, бірақ көрсетіліп отырған лексикалар тобында бағалауыштық оң, теріс бағалау реңкі көрінбейді.



Ел ішіндегі саяси оқиғалар, айталық осы 2015 жылдың елеулі оқиғасы кезектен тыс Президент сайлауының өтуіне қатысты лексикалар тобы: Президент сайлауы, сайлау науқаны, үгіт насихат жұмыстары, үміткерлер, үметкерлікке тіркеу, сайлау комиссиясы өкілдері, кезектен тыс президент сайлауы, сайлау учаскесі, сайлауалды бағдарламасы, сайлауалды штабы.

Олар БАҚ-та төмендегіде мәтіндерде кездеседі:

1. *Жалпы кезектен тыс президент сайлауына дайындық қызу жүріп жатыр (31 арна, Информбюро, 02.04.2015).*

2. *Өйткені, елдегі 9 мың 700 сайлау учаскесінің басым бөлігі мектептер мен жоғары оқу орындары (31 арна, Информбюро, 02.04.2015).*

3. *26 сәуір – Президент сайлауы күні таң атпай ерте, сайлауға ең бірінші келген адамға Астаналық сайлау комиссиясы керемет сыйлық дайындап отыр екен (31 арна, Информбюро, 02.04.2015).*

4. *Кездесу барысында Әбілғазы Құсайынов жиын қатысушыларын экология саласына негізделген өз сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарымен таныстырды (Астана. 6 сәуір. Вақ.kz).*

5. *ҚР Президенттігіне үміткер Т. Сыздықов сайлауалды штабының жиынын өткізді (Астана. 6 сәуір. Вақ.kz).*

Сонымен, қорыта айтқанда, қоғамдық БАҚ тіліндегі негізгі лексикалар, олардың қатары қоғамдағы-саяси, экономикалық проблемалардың жаңаруына қатысты толығып, белсенді түрлері пассивтеніп отырады, ол құбылыстың жиі өзгеруі мен көп жылдар бойы тұрақты болуы қоғамдағы саяси көзқарастардың тұрақтылығына тікелей байланысты. Қоғамдық-саяси лексикалардың бағалаушытық сипаты қабылдаушыға оң, теріс бағалау беріп қоғамдағы белгілі бір құбылысқа қатысты оң, теріс көзқарастардың, қоғамдық идеяның қалыптасуына тікелей әсер ететін бірден-бір тілдік бірліктер деп атауға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Егоров В.В. Телевидение и зритель. – М.: Мысль, 1977. – 196 с.
- 2 Юровский Л.Я. Телевидение – поиски и решения. – М.: Искусство, 1983. – 118 с.
- 3 Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы, 1999. – 267 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье говорится об общественно-политической лексике, главной составляющей информационных текстов средств массовой информации. Язык и общество – это неделимые понятия. В настоящее время главной задачей языкознания является исследование языка как картины социальной жизни человечества на разных этапах ее истории. Общественно-политическая лексика, которая является совокупностью слов, сгруппированных по смысловому сходству, называет общественно-политические явления и понятия и может на примере доказать, что они могут изменяться в зависимости от политических взглядов в обществе и формы системы управления.

RESUME

In this article the author describes the main component of informative texts of Mass Media - the socio-political vocabulary. Language and society are the twin concepts. Nowadays the main object of Linguistics is the investigation of the language, which is the result of the social life of humanity and its different historical stages. Socio-political vocabulary is the group of words classified by resembling meanings and which signifies social-political phenomena and notions and can be changeable in accordance with political views in society and the forms of the system of government.

УДК 821.161.1-1.09

Аннотация

Статья посвящена исследованию стилистических функций антонимов в произведениях М. Лермонтова. На анализе стихотворных произведений М. Лермонтова автор подчеркивает, что выражение противоречий между героем и миром достигается поэтом за счет употребления антонимов, рассматривает различные тематические ряды.

Ключевые слова: антонимы, антитеза, противоположность, стилистические функции.

А.Т. Ауезова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, к.п.н., старший преподаватель

Многообразие стилистических функций антонимов в произведениях М. Лермонтова

Одним из ярких проявлений системных отношений в лексике русского языка является соотносительное противопоставление двух и более слов, противоположных по самому общему и наиболее существенному для их значения семантическому признаку. Такие слова называются антонимами (гр. *anty* - против + *опута* – имя [1, с. 69]).

Антонимы широко используются в художественной и публицистической литературе как изобразительное и выразительное средство. В одном случае они конструктивно организуют текст, в другом - контрастно оттеняют характеры героев, в третьем выступают в уточняющей функции.

Принцип контраста является одним из ведущих в творчестве М.Ю. Лермонтова, определяющим его индивидуальный стиль. Углубленное изучение личности поэта позволяет говорить о том, что эта черта стиля в конечном счете есть отражение особенностей творческого мышления поэта, склада его ума и характера: «Безверие и вера, скептицизм и мечтательность, тоска по идеалу и вызывающий цинизм, любовь и ненависть, трагизм отчаяния и мужество борьбы, суровость бойца и детская незащищенность, стремление к покою и жажда бурь, - вот лишь некоторые из характерных «душевных антиномий» личности Лермонтова, придающих ей особую исключительность и неповторимость», - писал Б.Т. Удодов [2, с. 78].

В.И.Коровин отмечает: «Реальные противоречия русской жизни были поэтически осмыслены Лермонтовым в духе философских исканий его времени. С этой точки зрения лирика Лермонтова принципиально



философична. Ни одно жизненное явление, отображаемое поэтом, не может быть понято вне центральных философских идей эпохи. Специфика лермонтовской лирики в антиномичности, в неразрешенности идейных и духовных конфликтов между небом и землей в душе самой личности, где действуют противоположные и абсолютно непримиримые силы: вера противоречит опыту, чувство - размышлению, идеал - реальности. Ареной неприкрытой и жестокой борьбы становится и мироздание в целом, и современное общество, и отдельная человеческая личность» [3, с. 10].

Центральным образом лермонтовской лирики юношеского периода становится образ лирического героя, открыто противостоящего враждебному окружению. У Лермонтова немного стихотворений, в которых даны точные приметы внешнего мира и конкретно обоснована суть социальных претензий к нему лирического героя. Противоположность внутреннего мира героя и внешнего вырисовывается скорее в сфере общественного и частного бытия. Поначалу противоречие между героем и миром носит моральный характер, но затем углубляется и расширяется, захватывая в свою орбиту все сферы мироощущения героя. Критика внешнего мира ведется либо открыто, путем непосредственного выражения чувств героя, либо скрыто, путем описания глубины и значительности его психологии. Выражение этой противоположности достигается поэтом за счет употребления антонимов.

В произведениях Лермонтова разнообразно представлена, прежде всего, антитеза - стилистическая фигура, в которой наиболее ярко проявляется содержательная сущность антонимов в результате их резкого противопоставления.

Лермонтов широко использует как простые (развернутые и неразвернутые), так и сложные антитезы. Неразвернутая антитеза представляет собою противопоставление одной, двух и более пар антонимов, например:

Ты вижу, беден; я богата (т.2, с.272);
Смерть и бессмертье, Жизнь и погибель
И деве и сердцу ничто. (т.1, с.304).

В развернутой антитезе содержание противоположных слов дополняется, разворачивается с помощью других слов, в том числе и антонимов, например:

Со всеми буду я смеяться,
А плакать не хочу ни с кем.(т.2, с.22).

Лермонтов использует антонимы чрезвычайно широко, встраивая их в различные тематические ряды. По нашим наблюдениям, «лидируют» антонимы, связанные с противопоставлением добра и зла, в рамках чего используются такие антонимические пары, как «счастье - несчастье», «радость - горе» и др.

Как сок, без радости и бед, Промчались тени лучших лет ...

Исповедь.

Но, милая, как год прошел разлуки,

Как я почти забыл и радости и муки,

Желаешь ты опять привлечь меня к себе?.. К гению.

Я пришла, святой отец,

Исповедать грех сердечный,

Горесть, роковой конец

Счастья жизни скоротечной!..

Покаяние.

... страшным полусветом,

Меж радостью и горестью серединой,

Мое теснилось сердце...Ночь.

Таким образом, антитеза счастья и несчастья, горя и радости составляет довольно многочисленную группу среди выявленных нами примеров и связана большей частью с

особенностями жизненного пути самого поэта. Данное противопоставление реализуется именами существительными.

«Большое значение в ранней лирике Лермонтова имела тема любви. Этой теме молодой Лермонтов посвятил более трети своих стихотворений», - пишет Д.Максимов [4, с. 112].

Поэтому нельзя не обойти и группу антонимов, которые входят в противопоставление любви и ненависти, любви и разлуки:

Их ненависть, как их любовь,
Бедою вечною грозит ...
Последний сын вольности.
Или не знал - или забыл,
Как ненавидел и любил...Исповедь.

В стихотворении «Договор» поэт в пределах только двух строчек использует несколько антитез:

Была без радости любовь,
Разлука будет без печали.Договор.

С темой любви тесно связано противопоставление блаженства и муки. Приведем примеры:

... я не мог
Понять, как можно чувствовать блаженство
Иль горькие страдания далеко
От той земли ...
Смерть.
Потом страданьем и тревогой
За дни блаженства заплатил ...

Как видно из приведенных примеров, мука (страдание, мученье) четко противопоставляется блаженству (неге), причем автор использует синонимическое богатство русского языка.

Традиционное противопоставление жизни и смерти, несомненно, имеет место в произведениях М.Ю.Лермонтова. У Лермонтова этот мотив, а вместе с ним противопоставление жизни и смерти достигает наивысшей кульминационной точки. Причем это противопоставление может быть реализовано в антонимических парах, где языковым материалом выступают имена существительные:

И так уж было решено,
Что жизнь и смерть - все за одно!!!
Корсар.

Следует отметить, что довольно часто Лермонтов предельно лаконичен:

Жизнь ненавистна, но и смерть тяжка.Джюлио.

Имена прилагательные выступают в следующих антонимических парах:

Я счастье, казалось, привлек,
Когда его навеки отнял рок,
Когда любил в огне мучений злых
Я женщин мертвых более живых.

Джюлио.

Живые с мертвыми сравнялись...Поле Бородина.

Противопоставление жизни и смерти служит для выражения бессмысленности поглощения мирозданием человеческой индивидуальности, смерть для поэта - роковая тайна, не вмещаема человеческим разумом, и поэтому он стремится к более глубокому ощущению тайны смерти.

Таким образом, специфика лермонтовской лирики заключается, прежде всего, в ее антиномичности, а истоки - в противоречиях современной поэту жизни, в которой



важнейшими являются неразрешенность идейных и духовных конфликтов между небом и землей в душе самой личности, где действуют противоположные и абсолютно непримиримые силы.

Стилистическое использование антонимов характеризует лишь один из уровней системы контраста в творчестве М.Ю.Лермонтова, которая столь сложна и разнообразна потому, что является воплощением одного из основных творческих принципов поэта - принципа контраста, обусловленного особенностями мировоззрения, мировосприятия, творческого мышления, художественного метода Лермонтова и отражающегося во всех элементах художественной структуры его произведений.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Матвеев Б.И. Изобразительные и выразительные возможности антонимов. // Русская словесность. - 2000. - № 6. – С. 69-72.
- 2 А.Н. Николюкин. Литературная энциклопедия терминов и понятий. - М.: ИПК «Интелвак», 2001. – 1600 с.
- 3 Коровин В.И. Творческий путь М.Ю. Лермонтова. - М.: Просвещение, 1972. – 288 с.
- 4 Максимов Д.Е. Поэзия Лермонтова. - М.: Наука, 1999. – 266 с.
- 5 Лермонтов М.Ю. Соч.: в 2-х. Т. Т.ИЙ.. - М.: Правда, 1990. – 704 с.

ТҮЙІН

Мақала М.Лермонтовтың шығармаларындағы антонимдердің стилистикалық функцияларын зерттеуге арналған. М.Лермонтовтың өлең-жыр шығармаларын талдауда автор бас кейіпкер мен дүние жүзілік қайшылықтың туындауын антонимдерді пайдалану арқылы және әртүрлі тақырыптарды қарастырады.

RESUME

The author of the article investigates the stylistic features of antonyms in the works of Mikhail Lermontov. On the analysis of poetic works of Lermontov, the author emphasizes that the expression of contradictions between the hero and the world of the poets achieved through the use of antonyms, considering various thematic series.

ӘОЖ 811.512.122'373.62

Аннотация

Ұсынылып отырған мақалада ҚР-дың Тіл комитетінің ұсынысымен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 2014 жылы жариялаған салалық сөздіктердің техника ғылымына қатысты томында берілген, ұлт тілінде жасалған жаңа терминдер мәселесі сөз болады. Сонымен қатар техникалық термин қатарындағы жалпы лексика, көнерген сөздер, аймақтық лексика қабаттарының үлесі қарастырылады.

Түйін сөздер: техникалық терминология, терминдену, жаңа сөздер, екінші атау, терминдер

Ә.Н. Насыритдинова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ф.ғ.к., аға оқытушы

Техника саласындағы жаңа терминдер

Қазақ тілінің терминология саласы, оның ішінде техникалық терминдер саласы соңғы кезде қарқынды дамуды басынан өткізіп отыр. Бұл әлемде орын алып отырған ғылыми-техникалық прогреске сай күн санап қатары артып отырған термин сөздерді ұлт тілінде қалыптастыруға деген мамандардың ниетінен болып отырған құбылыс. Осыған орай, техника ғылымы жаңа ұғымдармен, терминдермен толығуда.

Қазіргі таңда техникалық термин қатарында ғылыми ортаның көңілінен шығып отырған, қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарына негізделіп жасалған, яғни сәтті шыққан терминдер бірқатар. Дегенмен түрлі нұсқада қолданылып, ғалымдар арасында дау туғызып жүрген терминдер де жоқ емес. Бұл әр жылдарда жарық көрген техника саласының сөздіктерінен жиі байқалады. Қазақ тілінде арнайы органмен шығарылған 31-томдық сериялық сөздіктерді жетілдіру, қайта қарастыру қажеттілігі бұған дейін де аз айтылған жоқ. Сондықтан да А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты Тіл комитетінің тапсырысымен салалық терминдер сөздігі сериясын толықтырып, өңдеп, қайта жарыққа шығарып отыр. Аталған сөздіктердің техника саласына арналған серияларында терминдердің қалыптасқан нұсқаларымен қатар, халықаралық ұғымдарға жаңа атау берген жағдайлар да кездеседі. Ал осы жаңа атаулар неология саласында көрініс табады.

Ғалымдар арасында «неология» ұғымы туралы қайшы пікірлер қалыптасқан. Олардың барлығы да тілдік бірлікті қабылдауда жаңашылдықтың болуын негізгі тірек деп түсінеді, бірақ оның объективті болуын анықтауда түрлі тәсілдерге сүйенеді.



Бір ғалымдар жаңашылдықты «ұжымдық сипатта қабылдаумен анықтау керек» десе [1], енді біреулер «атау жаңа болуы үшін көпшілікпен мойындалуы керек» дейді [2], үшіншілері «әркім әртүрлі түсінетіндіктен, оның дұрыстығын анықтауда түрлі адамдардың тілдік сезімдеріне сүйену қажеттігін» [2] алға тартады.

Зерттеу еңбектерінде тілдік бірліктердің жаңашылдығына байланысты неологизмдер мынадай топтарға жіктеледі:

- 1) Мағынасы жағынан жалпыға да, жекеге де жаңа болып табылатын сөздер, олар тілде бар, бірақ жаңа болып жаңадан құрастырылған сөздер;
- 2) Мағынасы жағынан көпшілік үшін жаңа болып табылғанымен, жекелеген адамдар үшін бұрыннан таныс сөздер: жаргондар, арголар, бұл қатарға жеке авторлық қолданыстағы сөздер де жатқызылады;
- 3) Мағынасы көпшілікке бұрыннан таныс болғанымен, жеке дара адамдарға жаңа болып табылатын сөздер [3, 139].

Техника саласындағы терминдерді ұлт тілінде қалыптастыруда орын алып отырған басты жетістік ретінде бұл сала терминологиясындағы қазақ тілі үлесінің артуын айтар едік.

Қазіргі терминжасамда ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылары жасаған терминдер қайта қолданысқа енгізілді. Ол кезде орыс тілі арқылы енген сөздерді қазақ тілі заңдылығына сәйкес қабылдау мәселесі қолдау тапқан болатын. Сол ұстаным арқылы тілімізге бейімделіп алынған терминдер техника саласында да кездеседі. Мәселен, «режим», «тәбіл», «кәбіл», «зауыт», «мәшине» т.б. терминдер. Бұл терминдердің жазылуына қарсы келіп, бұрынғы тәртіп бойынша «режим», «табель», «кабель», «завод» деп жазып жүрген мамандар да бар.

Мәселен: *«Осыдан барып, адам мен операциялық жүйе арасындағы байланысты жеңілдету үшін әртүрлі жүйелік қоршаулар қарастырыла бастады. Бірақ олар негізінен мәтіндік режимде жұмыс істейтін еді»* [4, 64].

«В целях облегчения взаимодействия пользователя с операционной системой разрабатывались сервисные программы, также в основном работающие в текстовом режиме» [5, 59] сөйлемін қазақшалаған мамандар сөйлемдегі «режим» сөзін фонетикалық өзгеріске түсірмей, сол қалпында қабылдаған.

Бұндай қабылдауды біз техника саласының Терминологиялық комиссиямен бекітілген сөздіктерінен де кездестіреміз.

Жалпы техника саласының терминдерін шартты түрде былай бөлуге болады:

1. таңбалық терминдер;
2. тілдік терминдер:
 - 2.1 құрал-жабдық, бөлшектер т.б. атауы;
 - 2.2 өлшем бірліктер атауы;
 - 2.3 техникалық үдерістер атауы.

Бұлардың ішінде таңбалық терминдердің әлемнің барлық тілдерінде бірдей белгімен болатыны анық. Сондықтан да бұндай сызбалар, формулалар, шартты белгілер, ғылыми таңбалар аудармашы үшін еш қиындық туғызбайды да, тілден тілге қаз-қалпында көшіріле салады. Сондай-ақ, өлшем бірліктер атауы да көбіне-көп барлық тілде бірдей беріледі.

Тілдік терминге келгенде әңгіме басқа. Ол жерде құрал-жабдық, бөлшектер атауы да, техникалық үдерістер атауы да пайдаланушы тілге аударылады.

Техникалық терминдерді ұлт тілінде қалыптастыруда басты орынды терминдерге қазақ тілінен балама табу мәселесі алады. Ұлт тіліндегі терминжасамдағы басты қағидат қазақ тілінің сөздік қорын ұтымды түрде сарқа пайдалану болса, техникалық терминдерді жасауға тіліміздегі жалпы қолданыстағы лексикамен қатар көнерген сөздер, аймақтық және кәсіби лексика да қатысады.

Тіліміздегі бұндай лексикалық қабаттардың термин жасауға қосар үлесі туралы, олар арқылы терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру туралы тілші ғалымдар айтып жүр. Қазақ терминологиясындағы терминдер қатарынан осы аймақтық лексика, көнерген сөздер мен кәсіби сөздерді аз да болса кездестіруге болады. Әрине олардың терминологиядағы үлесі жалпы қолданыстағы сөздердің үлесінен әлдеқайда аз. Мәселен, аймақтық лексиканың терминологиядағы үлесінің аздығының себебін Ә.Қайдаров басқаларды былай қойғанда тіл мамандарының өз арасында диалектілік лексика мен әдеби тілдің, демек терминологиялық лексиканың арасындағы табиғи алмасуды шектеу, екеуінің арасына сына қағып, алыстату пиғылы байқалатындығынан іздеп, оған қарсылық ретінде «Әдеби тілдегі бар сөздің жергілікті баламасын, дублетін, дыбыстық-морфологиялық, мағыналық варианттарын орынсыз тықпалап, ретсіз қолданудың мәнісі бір басқа да, ең жанды процесс болып саналатын терминология саласында осы байлықтан сарапқа сала отырып, саналы түрде пайдалану екінші мәселе» дейді [6, 12]. Ал терминтанушы Ш.Құрманбайұлы былай түсіндіреді: «Оның ең басты себебі – көбінесе диалектизмдердің әдеби тілде баламасы болуынан деп түсінеміз. Терминдену кезінде таңдауға алдымен әдеби нұсқа ілігеді» деп, терминденген диалекті сөздердің көпшілігінің әдеби тілде қазақша баламалары болмайтындығын, олардың терминдену мүмкіндігіне ие болуының бір себебі сонымен де байланысты болатындығын айтады да, «Екіншіден, мұны аймақтық лексиканың терминологияны байытудың көзі ретінде танылып, оның термин шығармашылығында қажетке жаратылмай келгендігінен деп те түсіндіруге болады» дейді [7, 130].

Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде *«шұлдік»* сөзі Қостанай өңірінің лексикасы ретінде «диірмен тасының ортасына орнатылған ағаш не темір бөлшек» деген анықтамаға ие. Яғни диірменнің ортасында орналасып, оның айналысын реттеу қызметін атқаратын заттың атауы қызмет бірлігі арқылы жанама уәжділікпен техника саласының *«ось»* терминіне қазақша балама ретінде алынған. Ал *«ось»* сөзінің терминдік мағынасы «машина механизмі мен түрлі бөлшектерінің айналасында не сонымен бірге орналасып, айналысын қолдайтын ұзартылған цилиндр формалы бөлшек» екендігі белгілі. Екі бөлшектің қызмет бірлігі аталған сөздің термин ретінде мағыналық жағынан жаңартылып, қабылдануына негіз болған.

Аймақтық лексиканың терминденуінің ғылыми еңбектерде екі жолы анықталған: «Біріншісі - әдеби тіл арқылы терминдену. Яғни бұл белгілі бір аймақта қолданылатын сөздің әдеби тілге еніп, жалпы қолданысқа көшкеннен кейін барып терминологиялық өріске өтіп, терминдік мағынада жұмсалуы. Екіншісі – жергілікті сөздердің тікелей терминденуі. Мұндай жағдайда диалекті сөз жалпы қолданысқа көшпей-ақ бірден белгілі бір терминологиялық өріске өтіп, терминдер қатарынан орын алады» [7, 131].

Дәл осы мәселе тілдік қорымыздың бір бөлігі болып саналар кәсіби сөздерге де қатысы бар. Кәсіби сөздер, негізінен, табиғаты жағынан терминдерге ең жақын, яғни терминденуге бейім сөздер болып табылады. Зерттеу еңбектерінде «кәсіби сөздер – белгілі бір кәсіпке байланысты қалыптасқан терминдер» деген анықтама беріледі де. Оларды тек мағыналық жағынан сұрыптап, өзара жіктеп, жүйелеп қолдану керек. Қазақ тіліндегі техника саласының *елек, қашау, бұрғы, тоқпақ, доңғалақ, бәрбі, сүргі* сияқты көптеген терминдері кәсіби сөздердің терминденуінен жасалғандар қатарына жатқызылады. Кәсіби сөздердің техникалық терминологиядағы үлесі басқа ғылым салаларының, мәселен, биология, география, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы саласының терминологиясындағы үлесімен салыстырғанда едәуір аз. Оның себебі халқымыздың ежелден техника саласымен айналыспағандығымен, ал аталған салалар халықтың ертедегі шаруашылығына жақын болғандығымен байланысты.

«Түрен, қайырма, қалқан, жақтау бекітілген табан тұтқышқа қашау орнатылады» [8, 44].



«Долото устанавливается в державке башмака, на котором закреплены лемех, отвал, щиток, боковина» [9, 34].

Сонымен бірге көнерген сөздердің де техникалық терминологияда өз орны бар. Ә.Қайдаров «көнерген сөздер де тіл байлығының бір көзі» деп, оларды іске қосу – бір бұлақтың көзін ашумен бара-бар; «көне» деп шошынудың қажеті жоқ. Өйткені сөздің бәрі көне. Оны жаңа қылып ұстау өзімізге байланысты» деген пікір білдіреді [6, 14-15]. Мәселен, техника саласындағы «таған», «сүмбі», «іштек», «әдіп» сияқты терминдерді көнерген сөздердің терминденуінен пайда болған терминдер қатарына жатқызамыз. Бұл терминдік атауларға да аталған заттардың сыртқы ұқсастықтары мен қызмет бірлігі жанама уәж ретінде түрткі болған. «Сүмбі» сөзінің мылтықтың ұңғысын тазалайтын ұзын, жұмыр темір атауы мағынасы техника саласының «шипль» терминіне балама ретінде қабылданған. Киімнің етек-жеңіне салынған көмкерме мағынасындағы «әдіп» сөзінің де орналасу тәртібі техника саласындағы «металды дайындау үдерісінде дайындама бетінде кесіліп алынатын металл қабаты» мағынасындағы «принуск» терминінің аудармасына түрткі болған.

Жоғарыдағы мысалдардан техника саласының терминологиясын ұлт тілінде қалыптастырудың бір көзі көнерген сөздер мен аймақтық және кәсіби лексика екендігін аңғарамыз. Осы көздерді ұтымды қолдана білу аталған жұмысты одан әрі жетілдіре түсетіндігі белгілі. Сондықтан да қазақ тілінің лексикалық қабаттарының барлығынан да саралап, сұрыптап, терминдерге, оның ішінде техникалық терминдерге ұтымды балама табу – тілші ғалымдар мен сала мамандарының міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Габинская О.А. О понятии новизны лексической единицы в ономасиологическом исследовании // Закономерности словопроизводственного процесса в ономасиологическом аспекте. Курс, 1980. – С.16-24
- 2 Гак В.Г. О современной французской неологии // Новые слова и словари новых слов. – Л., 1978. – С6-9.
- 3 Карагулова Б.С. Терминология саласындағы неологизация (қайта жаңғыру) // «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2014. – С.138-140.
- 4 Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б., Дәулетқұлов А.Б. Жаңа информациялық технологиялар: информатикадан 30 сабақ. – Алматы: ЖТИ, 2005. – 400 б.
- 5 Балафанов Е.К., Бурибаев Б., Даулетқұлов А.Б. Новые информационные технологии: 30 уроков по информатике. – Алматы; ИНТ, 2005. – 400 с.
- 6 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 42 б.
- 7 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
- 8 Воронов Ю.И., Ковалев Л.Н., Устинов А.Н. Ауыл шаруашылығы машиналары / аударған Алиев Б. – Алматы, «НАЗ-9» ЖШС, 2005. – 544 б.
- 9 Воронов Ю.И., Ковалев Л.Н., Устинов А.Н. Сельскохозяйственные машины. – М.: Высшая школа, 1983. – 392 с.
- 10 Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. 4-том / жалпы ред.басқ. М.Б.Қасымбеков. – Алматы: «ҚазАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 400 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы терминов-неологизмов, представленных в томах технического направления отраслевых словарей, выпущенных в 2014 году Институтом

языкознания им.А.Байтурсынулы. Вместе с тем анализируется доля общей лексики, архаизмов, диалектологии казахского языка в составе технической терминологии.

RESUME

Problems of the terms-neologisms presented in the volumes of the technical direction in the technical dictionaries published in 2014 by the A. Baytursynuly Institute of linguistics are considered in the article. At the same time the share of the general lexicon, archaisms, dialectology of the Kazakh language as a part of technical terminology is analyzed.



Аннотация

Зерттеу жұмысының нысаны - түркі халықтары фольклорындағы аңыз жанры болып табылады. Түбі бір түркі елдері (қазақ, чуваш, башқұрт, татар) аңыздарының жанрлық сипатын, поэтикалық ерекшеліктерін, атқаратын қызметін талдау – мақаланың басты мақсатын айқындайды.

Түйін сөздер: фольклор, аңыз, жанр, мотив, түркі халықтары.

Г.С. Сағынадин

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
Ph.D докторанты

Түркі халықтары фольклорындағы аңыз жанры

Аңыз – ертегілік емес проза жанры. Оның түпкі мазмұны өмірдің танылған бір фактісі болып келеді. Әрине, ауыздан ауызға, біреуден біреуге айтылып жүргенде бұл фактінің кейбір детальдары, болмаса ол туралы жалпы хабар өзгеріске ұшырауы мүмкін, тіпті кейде жалған болып шығуы да ықтимал. Бірақ соның бәрінде де ол факті туралы хабар шын болып есептелінеді.

«Аңыз өмірде болған елеулі оқиғалар, ертеректе өмір сүрген көрнекті адамдар және белгілі бір жер-су, мекен жайлы баяндайды. Сондықтан ел арасында аңыздағы айтылатын оқиғалар мен іс-әрекеттер ақиқат нәрсе деп қабылданған. Жұрт үшін аңыз – ертегі емес, онда көркемделген қиялдың, көркем шарттылықтың белгісі аз. Әрине, объективті түрде қарайтын болсақ, аңызда да қиял (вымесел) бар, бірақ ол ертегідегідей, я болмаса эпостағыдай көркемделмеген [1, 170].

Қазақ фольклортануында аңыз тарихи және топонимикалық деп екіге бөлінеді. Күй аңызына келсек онда әр түрлі жанр тоғысқан: миф, аңыз, эпсана, хикаят, ертегі, жыр. Күй түрінде орындалатын аңызды айтар болсақ, олардың басым көпшілігі тарихи оқиғаларға байланысты болып келеді. Сондықтан күй аңызы белгілі дәрежеде тарихи аңызға жатады [2, 85].

Аңыз жанры қазақ халқымен қатар өзге түркі тілдес елдердің фольклорында да орын алады. Бұл мақаланың мақсаты – қазақ халқынан басқа түркі жұртының фольклорлық әлемінде аңыздың алатын орны мен жанрлық сипатын саралау, атқаратын қызметі мен ерекшелігін айқындау болып табылады.

Алдымен, чуваш халық прозасына тоқталатын болсақ, бұл елдің фольклорлық жанрларын даралау аспектілері Н.В.Никольский, Г.И.Комиссаров, И.О.Тукташ, М.Я.Сироткин, И.И.Одюков, Е.С.Сидорова, В.Я.Канюков, В.Г.Родионов, А.К.Салман, Н.И.Егоров және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Сонымен қатар чуваш халық шығармашылығына әр жылдары шетел ғалымдары да көңіл бөлді (А.Регули, Д.Месарош, А.Альквист, Х.Паасонен және т.б.).

Чуваш ертегілік емес прозасын іштей жанрлық түрге бөлуде басты белгі – шығарманың шындыққа қатысы, шығармаға негіз болған оқиға не құбылыс туралы ақпарат, оның функциясы, сондай-ақ кейіпкер типі.

Чуваш ертегілік емес прозасының жанрлық құрамын жіктеуде мифтің атқаратын қызметі ерекше. Миф өз алдына жанрлық түр болумен қатар, мифологиялық аңыз секілді жеке жанрлық форманың қалыптасуына негіз болған.

Мұндай мифологиялық аңыздардың үлгілерінің қатарында космогониялық мифтерді негіз еткен сюжеттер бар. Мәселен, чуваш танымында бүкіл әлем – Тура есімді құдайдың жаратқан ғажап ісі деген түсінік бар. Тура көк аспан символы, кейінірек жоғарғы құдай ретінде танылған. Ал мифологиялық аңыздарда Тура көк аспанды ат арбамен шарлап жүретін қарт ақсақал бейнесінде көрінеді.

Чуваш ертегілік емес прозасын зерттеуге салмақты үлес қосқан ғалым Г.Ильина чуваш мифологиялық аңыздарын тақырыптық принципке сүйеніп, мынадай 11 топқа жіктейді: космогониялық, астрологиялық, этиологиялық, ландшафтік, фитогониялық, зоогониялық, антропogониялық, культурогониялық, эсхатологиялық, теогониялық және демонологиялық [3, 13].

Сондай-ақ чуваш фольклорында мифологиялық аңыздармен қатар тарихи және топонимикалық аңыздар бар.

Тарихи аңыздардың орны ерекше. Чуваштар бұл аңыз түрін «аваллах халапесем» деп атайды. Олардың басты функциясы – тарихи жадыны сақтау. Кез келген аңыздың мазмұны тарихи шындықты құрайды. Аңыз сюжеттері өмірде болған жағдайдан көрініс береді. Өткен заман хақында белгілі бір таным қалыптастырып, белгілі бір ақпарат ұсынады. Аңыз өз тыңдаушысын иландырмаса, оның мәні болмайды. Сондықтан шынайылық принципі – оның бүкіл сюжеттік желісінің негізін құрап, іргетасын қалайтын бірден-бір көрсеткіш.

Құрылымдық жағынан чуваш аңыздары алуан түрлі. Олардың ішінде көлемі шағын болса да, мағлұматтық функциясы өте зор болатын мәтіндер бар («Хан хересем» - «Хан қызы», т.б.) [3, 18]. Чуваш тарихи аңыздарында оқиғаның даму бағыты ең қарапайым тәсілмен жүзеге асады. Бірнеше эпизодтан немесе мотивтен құралатын мәтіндер өте сирек.

Көркемдік аясы әр мәтінде түрлі дәрежеде көрініс тапқан. Ол информатордың көркемдік шеберлігіне, мәтіннің халық арасына таралу деңгейіне байланысты. Мұның барлығы аңыздардың өміршеңдігіне өлшем болмақ. Олар поэтикалық қиялдан да кенде емес. Түрлі көркемдеуіш құралдардың пайдаланылуы, соның ішінде ұнамды кейіпкерлерді гиперболизация, идеализация тұрғысынан көрсетіп, теңеу, эпитет, диалог, мақал және нақыл сөздердің қолданылуы аңыздардың есте сақталып, атадан балаға ауызша мұра боп жетуіне оң ықпал етпек.

Ғалым Г.Ильина: «В чувашских исторических преданиях отразилась вся история народа, разные периоды его сознания и мышления. Реально исторические предания имели как познавательное-информационное, так и воспитательное значение», - деген ой қорытады [3, 19].

Топонимикалық аңыздар – қандай да бір географиялық нысанның пайда болу тарихын баяндайтын шығармалар. «Тавралах халапесем» деген терминмен берілетін бұл жанрдың сюжетін құрайтын негізгі мотивтер мынадай: мекеннің құрылуына алғашқы бір тұрғынның негіз болуы; мекеннің құрылуына екі/үш ағайынды адамдардың негіз болуы. «Алғашқы тұрғын – тікелей ата-баба» мотиві ата-баба культінен хабар береді. Ата-баба культі мифологиялық универсалия ретінде халық мәдениетінің бүкіл саласында көрініс тапқан. Ата-бабаны ұлықтау – фольклордағы ежелгі әрі тұрақты мотив. Бұл алғашқы



қауымдық дәуірден бастау алып, бүгінгі күні де өз күшін жойған емес. Мекеннің негізін қалаған адам қайтыс болса, оның мазары сакральді саналатыны – осының айғағы.

Мекенге қоныстану мотивінен қонысқа/құрылысқа орын таңдау мотиві туындайды. Мұндай ғұрыптың қайнар көзі сонау ескі заманда жатыр. Чуваш фольклорында жануардың басшылығымен қоныс табу мотиві кең таралған. Ғұндар дәуірінде ежелгі чуваштар қасқырды жануар-тотем ретінде ұлықтаған. Түркі тайпалары үй жануарларының көптеген атаулары мен оларға қатысты әдет-ғұрып, наным-сенімді өздеріне ендіргеннен кейін чуваш топонимикалық аңыздарында қасқырмен бірге басқа да жануар-тотемдер бейнесі көріне бастады. Мәселен, вакар (өгіз) бейнесін айтуға болады. Кейінгі дәуір аңыздарында өгіз бұғы секілді халықты немесе тайпаны өзінің соңынан ертіп, құтты мекен таңдауға бас болады. Мұндай мотив түркі халқының көбінде кездеседі.

XX ғасырдың 60 ж. дейін башқұрт фольклорындағы ертегілік емес проза арнайы зерттеу нысанында болған жоқ. Әпсана, аңыз, хикаялардың үлгілері тарихи-этнографиялық жұмыстар құрамында «предание», «сказание», «рассказ», «поверье», «небылицы» (П.И.Рычков), «предание», «легенда», «хроника» (М.В.Лоссиевский), «мифологический рассказ» (А.Алимгулов) деген терминдермен кездесті.

Башқұрт ертегілік емес прозасының жанрлар жүйесінде аңыздар негізгі орынға ие. Өткен заманның оқиғалары мен өмір сүрген адамдары туралы эпикалық баяндама жасайтын аңыздар башқұрт тілінде «риүэйәттәр» деп аталады. Халық арасында оны «тарих», «хикәйәт» деп те атайды.

Оқиғаны шынайы мазмұны баяндаудың дәстүрлі әдістері арқылы іске асырылады. Мәселен, орындаушы аталған «тарихтың» «есте жоқ ескі заманда», «ескі уақытта», «ерте заманда» немесе белгілі бір уақытта («Шыңғысхан заманында» [4, 234], «Орыстардың Қазан хандығын билеген заманда» [4, 237], «Бес жүз жыл бұрын») [4, 240], нақты бір жерде («Сармасан жағалауында» [4, 250], «Салауат ауылында» [4, 257]) болғанын және есімдері елге белгілі, өмірде болған адамдармен (Ақай-батыр, Қарасақал, Құрсай-батыр, Боран-батыр, т.б.) байланысты етіп айтады. Сонымен қатар мекеннің жағдайы мен іс-әрекет уақыты да нақтыланады: «Ақеділдің оң жағалауында, Мойнақташ пен Азанташ арасында сандыққа ұқсас үлкен бір төбе бар...» («Һандыхташ» - «Сандықтас») [4, 65].

Аңыздардың біраз бөлігі мекендік сипатқа ие. Белгілі бір тайпаның, рудың шығу тегі туралы халық туындысы олардың мекен еткен жерінде кеңінен таралған ("Биресбаштар араһы", "Шайтандар араһы") [4, 284]. Салауат Юлаев сынды атақты тарихи қаһарман туралы аңыздар әр аймақта кездеседі. Бірақ батырдың туған жері – Башқұртстан Республикасындағы Салауат ауданында өте кең таралған.

Құрылымдық жағынан аңыз-риүэйәттәр әр түрлі. Көлемі жағынан шағын болса да, мағлұматтық қызметі орасан зор болатын аңыздар бар («Салауат ғайләһенең» – «Салауат жанұясының қаза болуы» [4, 274], «Салауат күпере» – «Салауат көпірі» [4,280]). Жалпы, аңыз-риүэйәттәр қатарында сюжеттік баяндау – фабулаттар басым боп келеді. Олар бір эпизодты болуы («Салауат менән Караһақал» [4, 271], «Абласкин-Яуымбай» [4, 330]) не бірнеше эпизодтан құралуы («Мырзағол» [4, 215], «Кәнифә юлы» [4, 229], «Салауат менән Балтас» [4, 220], т.б.) мүмкін. Көнекөз қариялар қандай да бір оқиғаны айту барысында өз ойынан кейбір детальдар қосуға бейім. Соның бір үлгісі – «Бөрийәндәр хан замандарында» аңызы [4, 164]. Бөрийәндәр мен қыпшақтар тайпасы туралы толық сипаттама, Шыңғысханның ғажайып тууы туралы фантастикалық мәліметтер, оның бұл тайпалар жеріне соғыспен келуі, моңғол ханының жергілікті тұрғындармен, басшылықпен қарым-қатынасы, башқұрттардың және басқа да түркі тілдес халықтардың исламды қабылдауы, топонимдік және этнонимдік түсіндірмелер – барлығы бір мәтінде үндестік тауып, оның жанрлық негізін сақтаған.

Аңыз қаһармандары ретінде белгілі тарихи оқиғаларға қатысқан адамдар (Салауат Юлаев, Кинзя Арсланов, Емельян Пугачев, Қарасақал, Ақай, т.б.), ерекше іс-әрекеттерімен танылған, тағдыр талқысына тап болған (зорлықпен күйеуге шыққан

кыздар, кемсітуге душар болған келіндер), келеңсіз істері мен теріс пиғылдарымен көзге түскен жандар да көрінеді. Кейіпкер бейнесінің ашылуы, оның қаһармандық, драмалық, сентиментальдік, сатиралық сынды көркемдік пафосының айқындалуы образдың мінез сипатымен, оның фольклорлық дәстүрге сай суреттелуімен, орындаушының жеке көзқарасымен, талантымен, шеберлігімен өлшенеді.

Башқұрт халық прозасындағы аралас типтердің қатарында «риуәйәт-легенда», яғни аңыз-эпсана деген жанрлық түр бар. «Шындық негізде пайда болған аңыздар уақыт өте келе реалдық қалыптарын жоғалтып, ойдан шығарылған мотивтермен толықты. Бұл аралас жанрлық формалардың қалыптасуына әкелді» [5, 14]. Мұндай шығармалардың тарихи-қаһармандық болмысы фантастикалық элементтермен өріліп отырды. Мысалы, Салауат Юлаевтың Қырмасақал «патшамен» күресі туралы аңыз-эпсананы келтіруге болады [4, 256].

Татар фольклортану ғылымында жанрлардың бөлінуіне қатысты қабылданған ортақ жүйеге және қарастырылған біршама материалдарға сүйенсек, ертегілік емес прозаны құрайтын жанрлар мыналар:

- Риваятьләр (аңыздар)
- Легендалар (эпсаналар)
- Мифологик хикәятләр (мифологиялық әңгімелер)

Татар фольклортану ғылымында аңыз бен эпсананы бір жанр аясында тоғыстырған ой-пікірлер де болды. Мәселен, өткен ғасырдың 20 ж. зерттеушілер Г.Рахим және М.А.Васильев: "Преданиями или легендами называют рассказы и сказания, бытующие в народе и повествующие о каком-либо событии или происшествии. В народной среде сказка считается литературной вещью, не имеющей основания, тогда как легенды принимаются за правду и рассказываются как быль" [6, 50].

Татар фольклортануында аңыз бен эпсана жанрын даралау мәселесіне ғалым Н.Ф.Ибрагимовтың мақаласы арналған. Онда автор легендаларға (эпсаналарға) «халықтың ежелгі наным-сеніміне (жердің жаралуы, адамдар мен жануарлардың пайда болуы, өзге бір әлем (потусторонний мир), ақыр заман, киелі күш, табиғат рух-иелері, жер асты, жер мен су тұрғындары) негізделген діни, магиялық және кереметтік (божественный) сипаттағы ертегілік емес проза туындысы, ал шындық оқиғалар мен фактілерге негізделген тарихи сипаттағы эпикалық туындылар, құрамындағы қиял мен фантастика элементтеріне қарамастан, аңыз жанрына жатады» [7, 219].

Татар ертегілік емес прозасының ең көп таралған жанры - риваятьләр (аңыздар). Риваятьләр (аңыздар) – өткен күннің реалды адамдары мен оқиғалары туралы әңгімелер. Эстетикалық функциясы айқын көрінетін дәстүрлі фольклор үлгілерінен – ертегіден, бәйіттен, өлеңдерден және басқалардан ерекшелігі – танымдық функция атқаратындығы болып табылады. Бұл факт олардың көркемдік құрылымына өз әсерін тигізді. Өйткені татар аңыздары көркемдік тұрғыда еркін әрі өте тұрақсыз композицияға ие. Оларда ертегілер мен бәйіттерге тән арнайы поэтикалық формалар, тіркестер жоқ. Құрылымдық жағынан алуан түрлі болып келеді. Риваятьләрдің көпшілігі қаһарманның өмірінен алынған бір эпизод немесе соған қатысты оқиға жөнінде баяндалатын қысқа әңгімені құрайды (Ақай көлі, Рахманқұл ата, Баязит орманы және т.б.). Кейбір сюжеттерде орындаушы қаһарман не елдімекен тарихы туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді келтіреді (Пугачев туралы марқұм әкенің әңгімесі, т.б. [8, 103]).

Аңыздар ұрпақтан ұрпаққа берілу арқылы өзінің алғашқы тұр-тұлғасын жоғалтып отырды. Оларға бірте-бірте көркемдік қиял араласа бастады. Бұл әсіресе, халық өмірінде шынайы түрде орын алған фактілерді жалпылау және типтендіру жолымен пайда болған «ортақ», «көшпелі» фольклорлық сюжеттер мен мотивтерден көрінді (Пугачев, Аит бабай, т.б.).

Көркемдік қиял аңыздарды ертегілермен жақын етеді. Алайда аңыздардағы қиял көбінесе реалды сипат алады.



Татар аңыздарының екінші ерекшелігі – мекендік нақтылығы: Бұлғар қ. (Бұлғар қаласы қалай пайда болған [8, 264]), Буляр қ. (Булярдың өртенуі [8, 254]), т.б. Оқиға уақытын көрсетуі: "Пугачев заманында" (Юлай қайыңы [8, 301]) және т.б.

Үшіншіден, аңыздарда қандай да бір фактілер туралы айтылып қана қоймайды, олардың себептері түсіндіріледі. Бұл, әсіресе, елдімекен және ауылдардың тарихын (авыл тарихлары) баяндауда кездеседі. Қысқаша айтатын болсақ, орындаушы аңызды баяндау барысында келесі сұрақтарға жауап беруі қажет: елдімекен қашан, қайдан және неліктен пайда болды және оның атауы нені білдіреді: «Иван Грозный Қазанды алған уақытта татарларды қуып жіберген. Дәл сол кезде осы ауылға қоныстанып, негізін қалаған» (Чувашиле [8, 223]); «Кукмордан көшіп келгендер – қысым көрген адамдар еді. Олар христианданудан қорқып, қашып келген» (Байрака [8, 220]); Алпамша ата осында көшіп келіп, қоныс жайған...Осыдан кейін бұл ауылды Алашайка деп атап кеткен» (Мазарбаши [8, 215]). «Сюниден адамдар келіп, су сұрады. Су қатты болатын. Содан шешім қабылдадық: бұл ауылдың аты Қатмыш болсын» (Қатмыш [8, 256]).

«Орындаушының айтқан аңызының шындығын растау үшін ақсақалдарға, олардың әкелері мен аталарына сілтеме жасалады. Дәл осындай сілтемелер аңыздардың жанрлық қасиетіне айналды» [9, 27].

Татар аңыздарының бір қатарында орындаушының ата-бабалары тұтас тізім бойынша айтылады. Орындаушы өзінен бастап аңызды алғаш жеткізген бабасына дейін толық атап береді: «Маған мұны атам Фахрутдин айтты. Оған оның әкесі Ғабдулла, оған оның әкесі Ғазим жеткізген. Ғазимнің әкесі – Илчегүл, Илчегүл әкесі тағы Ғабдулла. Ғабдулла бұл оқиғаны Ғазимнің атасына айтқан. Бақтияр Қанқаев туралы бұл әңгімелер Ғабдулланың атасынан тараған» («Бақтияр Қанқаев») [8, 185]. Көп жағдайда татар аңыздарында жазба деректер көзіне: ауыл тарихына, шежіреге, сыйға тартылған жерлердің жоспарларына, патша тарту еткен, алайда жоғалған мақтау қағаздарына сілтеме жасалады («Қотлымбет» [8, 200], т.б.). Атап көрсететін жайт: шежіре, жазба тарих, т.б. туралы татар аңыздары шындыққа анағұрлым жақын. Өйткені оларға көптеген археографиялық қазбалар дәлел бола алады. Бұдан аңыздар мен жазба дерек көзінің тығыз байланысын аңғарамыз.

Татар фольклортануында қалыптасқан аңыздардың тақырыптық түрлерін төмендегідей атауға болады: тарихи, топонимикалық, ән мен саздың пайда болуы жөніндегі аңыздар, халық мейрамдарының (жиындардың) пайда болу тарихы туралы аңыздар, тұрмыстық, татар ағартушылары (Ақмолла, Утыз Имяни және т.б.) туралы аңыздар [10, 14].

Таралу сипаты бойынша аңыздар жалпы және жергілікті болып бөлінеді. Мәселен, бұлғарлардың исламды қабылдауы, бұлғардың киелі тұлғалары туралы аңыздарды тек Татарстаннан ғана емес, сондай-ақ татарлар тығыз орналасқан Ресейдің көп аймақтарынан да кездестіруге болады. Мұны былайша түсіндіруге болады:

1. Бұлғар қалашығы сонау Қазан хандығы дәуірінен мұсылмандардың ғибадат ететін орны болып табылады. Бұл жерге татарлар әр аймақтан қажылыққа барған іспетті жиналатын.

2. Аңыздар Шарафутдин Муслимидің «Тәварихы Болгария» кітабы арқылы таралып отырды. Бұл төңкеріске дейінгі татар ортасында өте танымал болған еді.

Қорыта келе, фольклорлық прозаның басқа жанрларына қарағанда аңыздың танымдық қызметі айқынырақ екенін көреміз. Ол елдің өткен тарихынан, өмірінен мағлұмат береді, яғни аңыз жұрттың білімін көбейтеді. Аңыз – халықтың өзі айтып берген ауызекі тарихы десе де болады.

Аңыздың баяндалатын оқиға тек ұлттық сипатта болып, белгілі бір жерге ғана байланысты болып келеді. Тек жергілікті тарихтың ғана оқиғасы әңгімеленеді.

Ескеретін жайт – бір аймақта отырған екі халықтың аңызы бір-біріне ауысуы мүмкін, бірақ ол кең жайылмайды. Сонымен қатар көрші тұрмайтын әр жақтағы екі-үш елдің де

аңыздары ұқсас болуы ықтимал. Алайда, мұндағы ұқсастықты тарихи-типологиялық деп білу керек, өйткені тұрмыс-тіршілігі, жүрген ортасы, наным-сенімдері ұқсас елдерде бір типтес сюжеттер пайда бола беретіні белгілі. Сөйтіп, аймақтық жағдайға байланысты туған сюжет өзінің тарихи-стадиялық сипаты жағынан «халықаралық» болып көрінеді. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген түбі бір түркі халықтары да ортақ сюжеттерге ие. Бұл туысқан елдердің көне аңыздарынан жақсы көрінеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қасқабасов С. Фольклор туралы. – Алматы, 2009.
- 2 Сейдімбек А. Күй шежіре. – Алматы, 1997.
- 3 Ильина Г.Г. Несказочная проза в системе жанров чувашского фольклора. Автореферат. докт.дисс. – Ижевск, 2006.
- 4 Башкирское народное творчество: Предания и легенды. Т. II - Уфа, 1987.
- 5 Надршина Ф.А. Башкирская народная сказочная проза. Автореферат докт.дисс. – Уфа, 1998.
- 6 Әлифба тәртібе, имля кагыйдәләре, атамалар масьәләсе, халық әдәбиятын жыю турында инструкциялар жыентыгы. Жыючысы Г.Алпар. – Қазан, 1926.
- 7 Ибрагимов Н.Ф. Риваятьләр һәм легендаларның кайбер үзенчәлекләре. Татар теле һәм әдәбияты. Бишенче китап. – Қазан, 1976.
- 8 Татар халык ижаты. Риваятьләр һәм легендалар. – Қазан, 1987.
- 9 Соколова В.К. Русские исторические предания. – Москва, 1970.
- 10 Гилязутдинов С.М. Татарские исторические предания и легенды и их художественные особенности. Дисс.. в виде научного доклада на соискание ученой степени канд. филол. наук. – Казань, 2000.

РЕЗЮМЕ

Объектом исследовательской работы является жанр предания в фольклоре тюркских народов. Цель статьи - анализ жанровой характеристики, поэтических особенностей и функций преданий тюркских народов (казахи, чувашы, башкиры, татары).

RESUME

The object of the research is the genre of legend in the folklore of the Turkic peoples. The aim of the article determines the analysis of the genre characteristics, poetic peculiarities and functions of the legends of the Turkic peoples (the Kazakhs, the Chuvashs, the Bashkirs, the Tatars).

Аннотация

Мақалада Ұлы Абай туындыларындағы өмір-өлім философиясы әлемдік ойшылдармен қатар қарастырылған. Тұлға бойындағы жақсылық-жамандық қасиеттері және өмір философиясының әдебиеттегі көрініс табуы туралы сөз болады.

Түйін сөздер: өмір-өлім, философия, адамгершілік, имандылық, индивид, ақиқат жолы.

А.Е. Алимбаев

Еуразия гуманитарлық институты,
магистр

Г.А. Сейсембай

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институты,
аға оқытушы

Абай шығармаларындағы өмір-өлім философиясы

Жалпы бүкіл ғылым саласына тән орталық проблема адам болып табылады. Индивид - тұлға. Индивид – адам тумысының жеке өкілі. Индивид-өзінің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне қарай қайталанбайтын қасиеттері бар нақты адам.

Адам ерекше, бірегей, қайталанбас қасиеттеріне қатысты дара жаратылыс. Сондықтан «даралық» деген сөзге «жарқын», «қайталанбас» деген эпитеттер сәйкеседі.

Өмірдің мәні өмірдің өзінде. Адам өмірі өзінше құнды. Өмірді бағалап, сүйіп, оны өзгелер үшін де жақсарта түсуге ұмтылу керек. Ғұмырдың мәні туралы тек өз өміріңді емес, өзгелердің өмірін де құрметтеген кезде ғана айтуға болады. Адамның әлеуметтік мәнінен әрбір адамның өз қабілеттерін жан-жақты дамытып, өз мүмкіндіктерін жүзеге асырып, қоғамдық процеске, оның мәдениетіне жеке үлесін қосуы қажеттігі дәйектеледі.

Адам жеке тұлға ретінде өз істері арқылы көрінеді де, халықтың жанында тек «ақиқат жолында» ғұмыр кешіп, «ақиқат жолында» жасап, «ақиқат жолында» әрекет етуші ретінде ұзақ сақталып қалады. Әрине, әрбір адам өз өмірінің мән-мақсатын, құндылығын өзі айқындайды. Әрбір индивидтің әр кезеңдегі өмірдің мақсат-мәнін түсінуі бірдей болмайды, ол өзгеріп отыруға икемді келеді.

Сөйтіп Софоклдің «Дүниеде таңқаларлық нәрселер көп, ал олардың ең ғажабы – Адам» деген тұжырымдамасына қосылуға болады.

Жалпы, адам өмірінің мәні, өмір мен өлім проблемасы – ғылымдағы мәңгілік тақырыптардың бірі. Әсіресе, қазақ философиясында бұл тақырып терең зерделенген. Мысалы, өлімді өнердің күшімен кідірткен Қорқыт Ата

ұлағатының өзі әлемдік философиядағы мәңгілік проблеманың өзгеше шешімі болып табылады.

Иә, адам – жер бетінің қонағы. Қазақ халқы бұл ақиқатты «өзекті жанға бір өлім» деп қысқа да нұсқа тұжырымдаған.

Жалпы, Шығыс философиясында, оның ішінде қазақ философиясында да, адам баласының ертеңгі «бір өлім» туралы ойлануы оның имандылыққа, ізгілікке бет бұруының өлшемі ретінде қарастырылады. Өлім туралы ойланған адам сатқындық пен арамдық жасамайды, бұл пәнидегі ғұмырын мәнді өткізуге ұмтылады [4].

Зерделі Абайды көп толғанып, ойға қалдыратын нәрселер – табиғаттың құпия сырлары, олардың арасында адам санасынан тыс болып жататын құбылыстар, адам көзіне көрінбейтін байланыстар, адамның соларға тәуелділігі, кейде тіпті дәрменсіздігі, адам өмірінде уақыт ырқымен болатын өзгерістер, тағы сол сияқты мәселелер.

Соларды ой сарабынан, сана сүзгісінен өткізіп, өмірде өзі куә болған, бастан өткізген жәйттердің себеп-салдарын салмақтап, олардың өз түйсігіне тигізген әсерлерін қайта бір сезінгендей күй кешкен кездерінде ақын Адам, Өмір, Уақыт туралы терең тебіреніске түседі. Айналада болып жатқан немесе өтіп кеткен бір оқиғалардың әсерімен өмірдің көп жайлардағы баянсыздығын, адамдар тіршілігіндегі көп әрекеттердің мағынасыздығын, байлаусыздығын, ойлап торығады.

Абайдың ғұмыр жайлы жазған өлеңдері: «Сап-сап, көңілім, сап көңілім!», «Балалық өтті білдің бе?», «Жас қартаймақ, жоқ тұрмақ, туған өлмек», «Тоты құс түсті көбелек», «Сағаттың шықылдағы емес ермек», «Ой, дәурен өмір емес, бір көрген түс», «Көк тұман - алдындағы келер заман.», «Өлейін деп өлмейді, өлерлік жан», «Есінде бар ма жас күннің», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» т.б. туындыларын жатқызуға болады.

Абайдың ғұмыр диалектикасында "мен" және "менікі" деген философиялық ұғымдар кездеседі. Мұндағы "мен" - адам жаны, тәні, физикалық денесі, тән - табиғи нәрсе - тозады, өледі, жан - рухани нәрсе - тозбайды, өлмейді, мәңгілік дегенге саятын сияқты. Оның пікірінше, "мен" мен "менікінің" ажырасуы - олу емес, мұны адамның мән - мәнісінің, түн болмысының бір сападан екінші сапаға ауысуы, яғни тән мәйіт болып бұл дүниеде қалғанда жан рух болып басқа мәңгілік қонысқа, орынға көшуі деп түсіну қисынға келеді», - деп жазады абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметов [2].

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес.

"Мені" мен "менікінің" айрылғанын

Өлді де ат қойыпты өңкей білмес.

Ақыл мен жан «мен» өзім, тән-менікі,

"Мені" мен "менікінің" мағынасы - екі.

"Мен" өлмекке тағдыр жоқ әуел, бастан,

"Менікі" өлсе өлсін, оған бекі [1, 120].

Олай болса, бұл дүниеде, нәпсі тән құзырларын шамасыз күйттей бермей, адам ғұмырының негізгі мән-мәнісі - әділет, арлылық, махаббат, шапағат т.б. мәңгілік, рухани қазына жиып-теріп өтуді өсиет етеді ойшыл ұстаз. Адами қасиеттерді бойға сіңіре білу ата-ана берген тәрбиеге байланысты деп ойлаймыз.

Шырақтар, ынталарың, "менікінде",

Тән құмарын іздейсің күні-түнде

Әділеттік, арлылық, махаббат пен

Үш жолдасың қабірден әрі өткенде

Адам ғапыл дүниені деп менікі.

Менікі деп жүргенің бәрі онікі.

Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,

Сонда ойла, болады не сенікі? [1, 69]



Ескі философиялық еңбектерде табиғат өлсе де адам өлмейді деп, осы екеуін бір-біріне қарама-қарсы қою кездеседі. Мысалы, Сократ адамды табиғатқа қарсы қойып, әділдік, ізгілік секілді адамның жақсы қасиеттерін зерттеу қажет те, ал табиғатты зерттеу деген көңіл бөлуге тұрмайды деп санаған.

Ал діни кітаптарда адамның денесі, табиғаты мен оның жаны екі бөлек алынып, адам өлгенде тәні топыраққа айналады, күнәға бату, арамдану, жексұрындық тәнге, денеге байланысты, жоғалтатын сол тәні, денесі, ал жаны өлмейді деген түсінік орын алған. XI ғасырда өмір кешкен Византия жазушысы Филипп Пустынниктің «Зерцало» атты белгілі кітабында осындай пікір айтылған. Табиғат өзгереді, құриды, мәңгі өзгермейтін жаратушы бір алла ғана деген ұғым кейінірек Еуропада таралған. Сонымен қатар жақсы адамның өзі өлсе де, жаны өлмейді деген пікірді философтар да айтқан.

Абай туындыларындағы осыған орайлас пікір «адам өлсе де, кейінгіге айтқан сөзі, қалдырған өсиеті мен өнегесі өлмес» деген тұжырымға саяды.

Ғұмыр мен ажал тұтастығы, "біреуге жай, біреуге тез" келетін қаза басқа түскен шақтарда болған іске болаттай болып, "қайғы келсе - қарсы тұру" керектігі сияқты тоқтамбайламдар Абайдың сүйікті перзенті Абдрахман қайтыс болғандағы жоқтау, жақындарын жұбату өлеңдеріне де өзек болады.

Мәселен,
Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Ғариптікке көз жетті,
Алғаннан соң серікті.
Өмірін берген құдайым,
Ажалын да беріпті.

немесе:

Ұмытқаның жарамас
Жаратушы құдайды.
Халық билеген патшалар
Уақыты жетсе құлайды,
Дәл уақыты жеткенде,
Талайдың гүлі қурайды,
Расулді алған бұл өлім,
Кімнен жөнді сұрайды [1, 82], - дегендер сияқты.

«Абайдың өзінен бұрынғы белгілі ғалымдардың, ойшылдар мен философтардың пікірлерімен еңбектерімен таныс болғандығы өзінің өлеңдерінде, қарасөздерінде кейбір сөздерді жай күнделікті айтылатын мағынасында ғана емес, жүйелі ғылыми ұғым (категория) дәрежесіне көтере түсініп, солай қолдануынан анық көрінеді» [3], - дейді ғалым З.Ахметов.

Осы пікір Абай философиясының, ондағы қолданған әр сөздің мән-мағынасы терең, әріжүйелі түрде сараланған.

Өлім - өмірдің, тірліктің соңы. Ал өмір – ақын ұғымында, ақыл табу, еңбек ету, адал жүру, шын пейілмен сүйе білу. Тірлікте осы адами асыл істер өз деңгейінде көрініп жатса, ақын өлімді көп айтпас еді. Ақын жиі айтатын өлім кісіге қасиет сақтауды үйретеді, кейде мәжбүр етеді. Абайдағы өлім – көбіне қазақты мәжбүр етіп түзеудің құралы екендігін аңғарамыз.

Әдетте ақылсыз, ойсыз күйкі адам өлімнен қорқады. Абайдың өлімді қорқыту құралы етіп адами қасиеттері жетілмеген адамдарға қарсы қолдануында осындай мән бар. Ал адамгершілік мұратының шынайы көрінісіне айналған ұлы Әбіш туралы өлеңдерінде өлім алдындағы үрей, қорқыныш сейілгендей болады. Өлім алдындағы қайғы-қорқыныштан сиреп қалмай, адами асыл қасиетінді сақтап қалу – бірегей жандардың ісі. «Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ» деп ақынның өзі де айтады. Ал үміт күткен,

адамгершілік қасиеті мол, ақылды да парасатты ұлы Әбіштің қазасына қатысты туындаған өлеңдерінде ақын тарапынан ерекше ой түйіліп, өзгеше пікір айтылады.

Ақын тірлікте қылған әрекеті үшін ұрпақтар алдында ақталмақшы емес. «Қап, әттегене» - дейтіндей өкініші де жоқ. Жалғыз-ақ, келер заман иелерін әділетке жүгінтіп, басындағы мұңы мен зарын түсіндіріп кетпек. Өз заманында көрген қоқайының аз болмағанын айтып, болашақтың талқысынан ада қылуды өтінбек.

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,

Мен келмеске кетермін түк өндірмей.

Өлең шіркін - өсекші, жұртқа жаяр.

Сырымды тоқтатайын айта бермей [1, 56], - деген Абайдың кейінгі ұрпаққа айтып кеткен өнегелі сөзі мәңгілік мәнін жоймайды.

Абайдың пайымы бойынша, адам - пенде, оның бұл дүниеде ұзақ та қызық ғұмыр сүре бергісі келеді, алайда табиғат заңын ешкім аттап өте алмайды, жастық кетеді, өмір жәрменкесі көрген түстей өте шығады. Көңіл кұлазиды, қиындығы мен қызығы қосарланған өткен шақ - сағыныш, аңсар көгінде алыстағы сағымдай елес беріп есте қалады.

Есінде бар ма жас күннің.

Кімді көрсең - бірі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ

Көрінуші еді досқа ортақ.

Үміт жақын, көңіл ақ

Болар ма сондай қызық шақ?

Кұдай-ау, қайда сол жылдар.

Махаббат қызық мол жылдар?!

Ақырын, ақырын шегініп.

Алыстап кетті-ау құрғырлар [1, 37].

Абай мұрасынан анық байқалып, аталмыш тақырыптағы өлеңдерінде негізгі идеялық түйін болып тұрған мәселе – «өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ» деген пікір деуге болады. Өмірге келгеннен соң, кетер күннің де бар екендігін, адамның бұл дүниеге бес күндік қонақ екендігін естен шығармау, олай болатын болса өлшеулі ғұмырды адам деген атқа лайық өткізуді, өзің өлгенмен соңында өлмес істерің мен мәңгілік сөздерің қалатынын дана да дара Абай өз өмірімен-ақ дәлелдеп кетті.

Адам өліп, шіріп кету үшін емес, өндіру үшін туады. Адам құр бос жүру үшін емес, өзі қуана алатындай ұлы және даңқты істерге ұмтылу үшін, сондай-ақ жетілген қайырымдылығын пайдаланып, бақыт табу үшін туады. Жеңілгісі келмейтін адам жеңіске тез жетеді. Тағдыр тәлкегіне тек бағынуға дағдыланғандар ғана төзеді (Гуманист, философ математик, сәулетші Л.Альберти) [4].

Дүниеде өзгермейтін, бір қалыпта тұратын ешқандай құбылыс жоқ. Адамның тіршілігінде де қиын-қыстау, тіршіліктің шарты-сүйіну, күйіну, жеңілу, жеңу. Кейде өмір жазығын сары далада жүргендей сайрандасың, кейде шатқалдарынан сүрінбей өтуге тура келеді. Сөйтіп, кейде жазылып жадырасаң, кейде жабығып, қамығасың. Өмір күрессіз, тартыссыз, зырғып өтер жылтыр мұз тақта емес деген ой түйеді ақын.

Қазақтың «Қамшының сабындай қысқа ғұмыр» деген сөздің идеясын Абай өз туындыларында кеңінен қолданып, келешек ұрпаққа өшпес те, айқын із қалдырған ойшыл.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том – Алматы: «Ғылым баспасы», 1977. – 312 б.
- 2 Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.



- 3 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. «Ана тілі». – Алматы, 1995
- 4 <http://bigox.kz/filosofiyadagy-adam-problemasy/>

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается проблема философии жизни и смерти в произведениях Великого Абая наряду с мировыми мыслителями. А также затрагиваются положительные и отрицательные качества в облике человека, освещаются проблемы философии в литературе.

RESUME

The problem of philosophy of life and death in the Great Abay's works is considered in this article, along with the world thinkers. Positive and negative qualities of human images are also touched on. The problems of philosophy in literature are lighted up.

Б.Н. Нуржанова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл
білімі институты,
Ph.D докторанты

Жазушы шығармалары тілі сөздігіндегі әдеби норма мәселесі

Аннотация

Мақалада әдеби тілдің негізін құрайтын басты арналардың бірі – ұлы ақын-жазушы шығармаларының сол кезеңдегі әдеби тіл мен жалпыхалықтық тілдің қолданым ерекшеліктерінен хабар беретіндігі, олардың әдеби тілімізге қосар үлесі және әдеби норма мен нормативтілік мәселесі қарастырылады. Сонымен қатар қазақ әдеби тілін ұлттық әдеби тіл дәрежесіне көтеру үшін, оны жан-жақты дамыту үшін Абай шығармаларының қосқан үлесі жөнінде баяндалады. Автор жазушы шығармалары тілі сөздігінің басқа сөздіктерден ерекшеліктерін, әдеби тілді қалыптастыру, оны байыту, ең бастысы - оның байлығын оқырманның жақсы меңгеруі, түсінуі мақсатымен жасалатындығын отандық және басқа халықтардың зерттеушілерінің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, салыстырып талдайды.

Түйін сөздер: лексикография, жазушы тілі сөздігі, әдеби норма, әдеби тіл, жалпыхалықтық тіл, ұлттық әдеби тіл, норма, нормативтілік.

Әдеби тілдің негізін құрайтын басты арналардың бірі – ұлы ақын-жазушылардың шығармалары екендігі ақиқат. Ол шығармалар сол кездегі әдеби тіл мен жалпыхалықтық тілдің қолданым ерекшеліктерінен хабар береді, ұлттық тілдің сол кезеңдегі құрамы мен құрылымдық ерекшеліктерін айғақтайды, тілдің тарихи даму жолындағы заңдылықтарды анықтауға жағдай жасайды, ақындық өнердегі заңдылықтарды белгілеуге, дәстүрдегі сабақтастықты айқындауға мүмкіндік береді. Жазушы (ақын) тілі сөздігінде автордың шығармашылығы мен зертханасы тұтас күйінде, толық көрінеді. Автордың барлық шығармаларындағы (поэтикалық, прозалық, драмалық, т.б.) сөзқолданым үлгілері жүйелі түрде беріледі. Мұның өзі оның жеке шығармалары арасындағы ой, образ сабақтастығын айқындауға мүмкіндік берері сөзсіз. Мұндай еңбектер тіл тарихын зерттеушілер, жеке ақындардың шығармашылығын зерттеушілер, жалпы ұлт тілін оқытушылар үшін өте құнды болмақ. Бұл сөздіктің әсіресе ұлт тілінің әдеби түсіндірме сөздігін жасауда қажет болары анық. Себебі әдеби үлгілерден жалпылама қолданымға арналған түсіндірме сөздік үшін алынатын дәйектеме материал осындай ақын-жазушылардың шығармаларын тұтастай қарастыра-



тын анықтамалық еңбектер негізінде, салыстырыла, салғастырыла, екшеле отырып, сұрыпталып алынғаны жөн болады.

XX ғасырдың 50-60-жылдарында Абайдың әдеби мұрасын игеру, оның қазақ әдеби тілін дамыту жөніндегі қызметін айқындау мәселелерін жалпылай да, арнайы да зерттеу өрши түсті. Академик Р. Сыздықтың жазуы бойынша, проф. Қ.Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты монографиясынан [1, 150] басқа Абай шығармаларының тіліне арналған жеке көлемді еңбектер жоқ болғанмен, қазақ ғалымдары әр кезеңде, әр тұста Абайдың қазақ жазба әдеби тілі тарихындағы атқарған рөлі мен алған орны туралы сөз етіп келді. Бұл ғалымдардың кейбіреулері жеке мақалалар арнап [2, 29-44; 3, 15-21] сөз еткен болса, оларға қосымша, Абай шығармаларының текстологиясы туралы жазылған Қ.Мұхаметхановтың монографиялық еңбегі [4, 11], сондай-ақ, Р.Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968) және «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1971) атты монографиялары жарық көрді [5, 11; 6, 15]. Аталған монографиялардың алғашқысында Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілі тарихының материалы ретінде зерттелді. Ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылысына арналған екінші монографияда қазақ өлеңдерінің, оның ішінде Абай туындыларының синтаксистік амал-тәсілдері, ұйқасы, өлшемі, композициясы және олармен синтаксистік құрылымының өзара байланысы нақты талданды. Бұл екі еңбекте негізінен Абай шығармалары тілінің лексикасы мен грамматикасы жүйелі түрде зерттелді, дегенмен, Абайдың шеберлік тәсілдері, даралық ерекшеліктері, қысқасы, көркемдік дүниесі арнайы талдау дәрежелеріне көтеріле алмаса да мұнда ұлы ақын поэтикасы мәселелері кеңінен қозғалды.

Абай шығармаларының толық жинағы алғаш 1939 жылы жарық көрсе, М.Әуезовтің басшылығымен шыққан екінші академиялық басылымы 1957 жылы екі томдық болып жарияланған болатын. Сөздік осы соңғы басылым бойынша жасалып отыр.

Қазақ әдеби тілін ұлттық әдеби тіл дәрежесіне көтеру үшін, оны жан-жақты дамыту үшін Абай қандай үлес қосты, қандай қызмет атқарды? - деген сұрауға жауап беру қажет болды.

Профессор М.Малбақов өз еңбегінде осы норма мәселесіне кеңінен тоқталады. Ғалымның жазуы бойынша, қазіргі орыс әдеби тілінің сөздігі мәселесін зерттеген Ф.П.Сороколетов, біріншіден, қазіргі орыс әдеби тілі ұғымының хронологиялық шегі ретінде XX ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңді белгілеуді ұсынады. Екіншіден, «қазіргі әдеби тіл ұғымының» міндетті түрде кеңейтілуі қажеттілігін жазады. XIX ғасырда «орыс әдеби тілі» ұғымы мен «орыс көркем әдебиетінің тілі» ұғымдарының ара жігі ажыратылмай бірге қарастырылып келгендігін, ол ұғымдардың бір-біріне сәйкес болғандығын айта келіп, оның басты себебі ол кезеңдегі әдеби тілдің нормаларының қалыптасуында көркем әдебиеттің шешуші рөл атқарғандығы деген қорытынды жасайды. Ғалымның жазуы бойынша, «тілдік нормаларға аса зор әсер ететін факторлардың бірі - жазу, жазба тіл. Себебі жазудың ортақтығы - мәдениет ортақтығына әкеледі. Орта ғасырлардан бастап өлкемізде араб тіліндегі араб жазулы діни әдебиеттің, араб және парсы тілдеріндегі араб, араб негізді парсы жазулы қисса, дастандардың кең таралуы, ол шығармалардың ортаазиялық жазба түркі тіліндегі аудармаларының, қайтадан жырланған нұсқаларының болуы - бір кездері арабы-парсы-түркінің араласа, қоян-қолтық қолданылуының айғақтары іспеттес. Тілдік нормалардың бір түрі - жазба әдеби норма. Жоғарыда сөз болған жайттар сол кезеңдердегі өзіндік ерекшеліктері бар жазба әдеби норманың қалыптасуына жағдай жасады. «Құтадғу білік» тәрізді көптеген авторы бар әдеби, шежірелік шығармалар дүниеге келді. Арабы-парсы-түркіні бірдей меңгерген ғұламалар мен шежірешілердің, жыраулар мен жыршылардың, ақындар мен жазушылардың өз кездеріндегі жазба әдеби норманың канондарын ұстанғаны дау тудырмайды. «Ортағасырлық түркі лексикографиясындағы М.Қашғаридың сөздігінен бастау алатын көптеген арабша-түркіше, түркіше-арабша сөздіктер, солардың ішіндегі «қыпшақ сөздіктері» атанған «Тәржіман», Әбу Хайан сөздігі, «Ат-тухфа», «Бұлғат ал-

мұштақ» т.б. туындылардың өз кезеңіндегі жазба әдеби тілдің канондары негізінде, сөздік жасаудың дәстүрлері бойынша түзілгені белгілі. Ортағасырлық жазба түркі тілінің әдеби дәстүрі, «Ортағасырлық түркі тілінің элементтері», «кітаби тіл элементтері» ретінде шежірешілердің тарихи еңбектерінде, мерзімді баспасөз беттерінде, ресми іс-қағаздар тілінде, жыраулар мен жыршылардың, шайырлардың жыр-дастан, қиссаларында, «кітаби ақындар» тілінде, сөздіктердің бірқатарында (И.Лаптев, И.Букин, Қ.Кемеңгеров, т.б. сөздіктері) жалғасып келгендігі, демек, тілімізде қолданыста бар құбылыс болғандығы белгілі [7, 13]. Академик Л.В.Щерба әдеби тіл сөздігі ұғымын да нормативті сөздік, академиялық сөздік ұғымдарына жақын, астарлас мәнде қолданады. Еңбектің еш жерінде олардың арасын ашып, айырым белгілерін көрсетпейді. Ғалым түсіндірме сөздіктердің әдетте әдеби тілдің қалыптасуына, нормалануына қызмет ету мақсатымен («Француз академиясының сөздігі») немесе сол әдеби тілдің белгілі бір себептермен түсініксіз болып отырған элементтерін айқындау мақсатымен, демек бұл жолы да әдеби тілді қалыптастыру, оны байыту, ең бастысы - оның байлығын оқырманның жақсы меңгеруі мақсатымен жасалатындығын жазады. Ғалым академиялық типтегі сөздіктердің әлеуметтік негізін айқындауда кезігетін қиындықтар қатарына жазба әдеби тіл мәселесін қосып: «Әдеби тілге әдеби сөйлеу тілімен қатар әдеби жазба тіл де кіреді. Біз өткен ғасырларда жазылған шығармаларды да оқи береміз. Бірақ солардағы сөздердің көбісін түсінгенмен, оларды ауызекі сөйлеу тілінде айтпақ былай тұрсын, жазбаймыз да. Себебі қазіргі норма басқа» [7] - дейді. Осы орайда Ғылым академиясының А.С.Пушкин заманынан бергі кезеңді қамтитын «Қазіргі орыс әдеби тілінің сөздігін» шығаруды жоспарлап отырғанын сөз ете отырып, осы идеяны қостайды. Жастардың Пушкиннен бұрынғы авторларды білмейтіндігіне тоқталып, «Әдеби тіл сөздігіне қазіргі ұрпаққа түсініксіз сөздер кірмеу керек. Пушкин шығармаларында кездесетін сөздерді де сұрыптап, қазіргі нормаға қайшы келмейтінін ғана беру керек» - деген қорытынды жасайды. Ғалымның «Пушкиннен бергі әдебиет» дегенін қазіргі әдеби тіл ұғымында түсінер болсақ, «Пушкин шығармаларындағы түсініксіз сөздерді бермеу керек» дегеніне қарап ғалымның қазіргі әдеби тіл сөздігіне түсініксіз сөзді алуға, оған анықтама беруге қарсы екендігін байқаймыз.

Академик Л.В.Щербаның нормативті академиялық сөздік туралы жоғарыда айтқан пікіріне қарап алғашқы кезде «бұл жерде қазіргі кездегі жалпы көпшілікке арналған әдеби тілдің түсіндірме сөздігі туралы ғана әңгіме болып отыр екен» деп ойлауға болады. Алайда ғалым қазіргі тілдік сананы бейнелейтін академиялық сөздіктер қатарына басқа да сөздік түрлерін, атап айтқанда, жеке ғылым түрлері бойынша жасалатын салалық сөздіктерді (медициналық, әскери т.б.) жатқызады. Л.В. Щерба жеке аймақтық тіл ерекшелігін білдіретін сөздік түрлерін де нормативті немесе академиялық сөздік типіне енгізеді. Ғалым, жоғарыда сөз болғандай, салалық сөздіктер мен аймақтық тіл ерекшеліктерін білдіретін сөздік түрлерін академиялық, нормативті сөздіктер қатарына енгізу арқылы «әдеби тіл» ұғымының аясын кеңітеді. Ал анықтамалық сөздіктер қатарына, жоғарыда аталғандай, ұлт тілінің түрлі дәуірлердегі сөйленімін қамтитын, тарихи принципке құрылған түсіндірме сөздіктерін, жалпыға бірдей энциклопедиялық сөздіктерді, пәнаралық техникалық сөздіктерді, таза облыстық сөздер сөздігін (әдеби тілде қолданылмайтын), жазушы тілі сөздігін т.б. енгізеді. Ғылымның бір саласының сөздігі нормативті, академиялық сөздік болып саналады да, пәнаралық яғни салааралық сөздіктер мен жазушы тілі сөздігі - анықтамалық сөздік болады. Әдеби тілден айырмашылықтары айқын ажыратылып көрсетілмеген, яғни тезаурустық тәсілмен зерттелген говор тілінің сөздігі - академиялық, нормативті болады да облыстық сөздердің сөздігі - анықтамалық сөздік болады. Бұл жердегі мәселе, біздің пайымдауымызша, біріншіден, нормативтіліктің өлшемі - жалпы халықтық қолданыс (яғни, халықтың тілі - нормаланған тіл) деген көзқарастың болуына байланысты. Ғалым ешқашан да халық тілін әдеби тілге қарсы қоймайды. Екеуін шендестіріп қарамайды. Бұл тұрғыдан оның



көзқарасы көптеген кейінгі зерттеушілердің көзқарасынан, нормативтілікке тек әдеби тіл талабы тұрғысынан қараушылыққа негізделген, диалектілік сөздерді, терминологиялық лексиканы, ауызекі тілдегі қарапайым сөздер тәрізді сөз топтарын, сөз варианттарын, т.б. сөз топтарын әдеби емес деп бөлектеп қараушылықтан өзгешеленеді. Екіншіден, нақты сала тілінің сөздігі - академиялық, нормаланған сөздік болып, ал аралас салалық сөздіктердің - нормаланбаған сөздіктер қатарында аталуы, біздіңше, ғалымның нақты ғылым тілінің сөздігін нағыз ғылым тілінің көрсеткіші ретінде бағалауына байланысты болса керек.

Норма мен нормативтілік туралы жазылған арнаулы әдебиеттің ішіндегі ғылыми деңгейі өте жоғары еңбектердің бірі - Л.П.Ступин еңбегі [8, 14]. Ғалым норма мен нормативтілік құбылысының даму жолын ғылыми зердеден өткізеді. Норманы тілдік жүйе мен сөйленімнің (речь) ара жігіндегі, осы тіл өкілдерінің тілдік жүйенің өзіне қатынасын көрсететін прагматикалық фактор деп біледі. Л.П.Ступин тілдің тек қана әлеуметтік қатынас құралы еместігін, оның көбіне жеке адами, кісілік даралықты білдіру құралы болып табылатындығын, алайда, кеңестік тіл білімінде әлі күнге дейін норманың варианттылығына емес, оның тұрақтылығы мен міндеттілігіне ерекше көңіл аударылып келгендігін сөз етеді. Ғалым нормативтілікке байланысты теориялар мен қағидаларға талдау жасай отырып, «нормативтілік тілдің өз табиғатынан келіп шығады» деген қорытындыны жөн санайды. Осыған қатысты төрт пікірге: 1) аумақтың беделі теориясы; 2) әдеби бедел теориясы; 3) тілдік шарттылық теориясы; 4) жалпылама дағдылы қолданым теориясына тоқталады. Ғалымның жазуы бойынша, аумақтың беделі теориясы норманы тұрақтандыру, бекіту жолындағы негіз ретінде аймақтық диалектіні ұсынады. Үлгі ретінде, әдетте, ең беделді диалект алынады.

Әдеби бедел теориясы болса, белгілі классик ақын-жазушылардың шығармаларының тілін үлгілі нұсқа ретінде ұсынып, оларды нормативтіліктің негізі ретінде санайды. Л.П.Ступиннің пікірі бойынша, аталмыш дәстүрдің теориялық тұрғыдан байқалатын кемшілігі: біріншіден, ұлы тұлғалардың ұлы шығармалары тілдегі сөздердің мағынасын айқындауға, стилдік өңін ашуға, жазба тұлғасын белгілеуге зор үлес қосады. Бірақ сол сөздердің айтылымын белгілеп бере алмайды. Себебі ол мүмкін емес. Жер-жерде бір сөздің бірнеше фонетикалық варианты болуы мүмкін. Әр жерде өмір сүретін адамдардың сөздерді дыбыстап сөйлеу жағынан ерекшеліктері көп болады. Екіншіден, бұл теорияны жақтаушылар классиктердің туындыларының тілі миллион сан халықтың ауызекі сөйлеу тіліне шешуші әсер етеді деп ойлайды. Шындығында, тілдік норманы жазушылардың өздері жасамайды. Олар халықтың тілінде бар дайын норманы пайдаланады. Олардың тілге өң беруі, оны әрлендіре түсуі, байыта түсуі мүмкін. Бірақ тұтас бір халықтың тілін нормаға сала алмайды [8, 16]. Ғалым, сондай-ақ, классиктердің шығармаларының беделін пайдаланып, жазба тілді телегей теңіз халықтың ауызекі сөйлеу тілінен жоғары қоюшылықтың да қылаң беретінін, даналардың да халықтың перзенттері екендігін және олардың тілінде де белгілі бір дәрежеде өзгешеліктердің, жергілікті ерекшеліктердің болатынын еске салады. Осы жерде ұлы Абайдың тілі туралы А.Ысқақовтың жазғаны еске түседі. Ғалым, жоғарыда сөз болғандай: «Дүние жүзі тарихында ешбір елде бірде бір жазушы өз тұсынан жаңадан тіл жасап көрген емес және жасамақшы да емес. Керісінше, барлық елдердің ұлылы-кішілі жазушыларының қай-қайсысы болсын өз шығармаларын жазуға жасынан ойының өсуіне негіз болған, оның өзімен және ойымен бірге жасасқан ана тілін төсек еткен» деген еді.

Үшіншіден, ғалымның пікірі бойынша, тілдің үнемі жаңаруда, өзгерісте болатыны анық. Ал ұлылардың шығармалары ұлы суреткердің қаламынан шыққан туынды (полотно) тәрізді, тілдің бір кезеңдегі ғана жай-күйін сипаттайды. Ғалым әдеби бедел теориясының төртінші, басты кемшілігі ретінде оның тиянақсыздығын, ақын-жазушылардың кейбір еңбектеріндегі кейбір қиын сөздерді нормативті қолданыс қатарына қоспаушылықтың барлығын атайды. Ұлы шығармалардың нормативтіліктің

бекуіне негіз болатынын мойындай отырып, алайда, олардың тек қана өзіне дейін қалыптасқан тілдік норманы дұрыс көрсетіп отырғандығын, өз қолдарымен жаңадан норма жасап отырмағандығын қайталайды [8, 17].

Жалпылама дағдылы қолданым (узус) теориясы бойынша, тілдік ұжым мүшелерінің тілінде тұрақты түрде, үнемі қолданылатын тілдік құбылыстардың бәрі де нормативті болып саналады. Бұл теория бойынша, тілдік үлгі тілден тысқары болмайды. Ол тілдің ішінде, тілдік тәжірибеде болады. Адамдардың түрлі топтарының тілдік тәжірибесі әрқилы болатындықтан және ол өзгермелі әлеуметтік сөйленім жағдайына тәуелді болатындықтан, бұрынғы жалпыға бірдей жалғыз дұрыс норма концепциясының орнына норманың мүлде жаңа түсінігі ұсынылады. Л.П.Ступиннің айтуы бойынша, тілдік ұжым кең ұғымда да (осы тілде сөйлеушілердің барлығы), тар ұғымда да (әлеуметтік топтар, аумақтық топтар, жас ерекшелігіне байланысты топтар, білім дәрежесіне байланысты топтар, білім саласына байланысты топтар т.б.) ұғынылуы мүмкін. Демек бұл жағдайда нормалардың бірнеше жүйесі болады. Олардың бәрі осы тілдегі нормалардың архижүйесіне кіреді. Узус теориясы әрбір нақты сөзқолданыста осы архижүйеге кіретін нормативті варианттардан таңдау, таңдағанда белгілі бір нақты әлеуметтік сөйленім жағдайына үйлесетін, осы жағдайда шынымен тиімді болатын вариантты таңдау мүмкіндігін береді. Аталған төрт ұстанымның да тілімізде негізі бар екендігі, бәрінің де қажет екендігі, бәрінің де жақсы жақтарын тіліміздің тұтастығы мен жан-жақтылығын, байлығы мен күш-қуатын арттыру қызметіне пайдаланудың керектігі анық. Шамамен ХХ ғасырдың алғашқы жартысында жазудың, ғылым-білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының бұрынғыдан да шұғыл орталықтануы халықтық тілдің ғылыми тұрғыдан жүйелене түсуін, әдеби тілдің нормалануын тездете түскендігі әркімге аян.

Әдеби бедел ұстанымы қазақтың халықтық тіліне қашан да игі әсер етіп келді. Бұрынғыдан қалған сөз, аталар сөзі, көсемдер мен шешендердің, билердің, жыраулар мен ақын-жазушылардың сөз саптаулары, авторы белгісіз халықтық мақалдар мен мәтелдер, нақыл сөздер халық тіліндегі әдеби нұсқа үлгілеріне қызмет етіп келді. Абай тәрізді ұлы тұлғалардың әсері де өте зор болды.

Лексикографиядағы норма және нормативтілік туралы ғылыми пікірлерді талдағаннан кейін өткен дәуірдегі одақтық тіл білімінде шешуші рөл атқарған әдеби тіл нормасы ұғымына қатысты пікірлерді де қорытудың қажеттігі анық байқалып отыр. Орыс тілі үшін қазіргі әдеби тілдің хронологиялық шегі ретінде А.С.Пушкин заманынан бергі кезең саналды. Түсіндірме сөздіктерге сол кезеңнен бергі ақын-жазушылардың шығармаларынан дәйектеме материал алынды. Ол кезеңдегі түсіндірме сөздіктер жазба мұралардың, әсіресе ақын-жазушылар шығармаларының беделіне негізделіп жасалатын еді. Алайда түркі тілдері үшін қазіргі әдеби тілдің хронологиялық шегі қазан төңкерісінен әрі асып алысқа кете алмады. Мәселен, қазақ әдебиетінде ұлы Абайдың тұлғасы мен шығармалары төңірегінде қаншама айтыс-тартыстың болғаны белгілі. Ақыры Абай және Ыбырай шығармаларына, көтерілісшіл ақын атанған Махамбет шығармаларына, өткен дәуірдегі ақын-жазушылардан санаулы тұлғалардың ғана шығармаларына жол ашылды. Бұл жазылмаған заңдылық болды. Әдеби норманың үнемі өзгерісте болатынын, оның шегі, шеңбері үнемі кеңейіп отыратынын, жалпы әдеби норма, әдеби стиль ұғымдарының өзі де өзгеріп отыратындығы жан-жақты дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-т. – Алматы, 1960. – 144-155 бб.
- 2 Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Әдебиет майданы. – 1934. - №11-12. - 29-44 бб.



- 3 Кенесбаев С. Абай – основоположник казахского литературного языка // «Советский Казахстан». - 1955. - № 9.
- 4 Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы, 2010. – 164 б.
- 5 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 335 б.
- 6 Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы: Ғылым, 1970. – 175 б.
- 7 Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері. Филология ғылымдарының докторы диссертациясы. – Алматы: Ғылым, 2003. - 357 б.
- 8 Ступин Л.П. Проблема нормативности в истории английской и американской лексикографии. – Л., 1979. – 164 с.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о том, что произведения великих писателей и поэтов дают полную информацию об особенностях употребления литературного языка и использования общенародного языка, составляющего его основу. Также рассматривается проблема языковой нормативности.

RESUME

The author of the article examines the language of the works of great writers and poets who give complete information about the peculiarities of the literary language and the use of the folk language, which forms the basis of the literary language and what contribution they make to the literary language of that time. The author also touches on the problem of the standard language.

А.А. Ахметова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, магистр

С.К. Кенжемұратова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ф.ғ.к., доцент

А.Ш. Әлібекова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ф.ғ.к., доцент

Техника саласындағы терминдердің терминдену тәсілі

Аннотация

Мақалада техника саласындағы терминдердің терминдену тәсілдері сипатталады. Терминденудің ішкі терминденуі кезінде сырттан сөз алынбай, термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасалатыны тұжырымдалады. Мақалада арнаулы саладағы терминдердің терминденуі нәтижесінде омонимдер туындайтыны пайымдалады. Әр ғылым саласындағы терминологиялық сөздіктерден мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: термин, ішкі терминдену, сала аралық омонимдер, шет тілдерінен енген терминдер.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің қоғамдық қызметін, әлеуметтік сипатын оның терминологиялық жүйесі негізінде ғана анықтауға болады. Өйткені күнделікті өмірде болып жатқан жаңалықтар, өзгерістер, ең алдымен, терминдер арқылы көрінеді. Терминдер-ғылым саласына сәйкес біршама жүйеленген сөздер тобы. Әр ғылым саласының өз терминдері болады. Терминсіз ғылым салаларын меңгеру мүмкін емес. Терминдер толық мәнінде сапалы болу үшін ол жалпыға түсінікті, мағынасы мейлінше нақтылы, айқын болуы шарт және ғылыми терминология құрамындағы басқа ұғымдармен тығыз байланыста, қолдануға ыңғайлы болуы тиіс.

Кез келген ғылым саласында жаңа ұғым пайда болған сайын жаңа термин дүниеге келеді. Ол термин сол ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінен тиісті орын алып, терминологияның мүшесі ретінде орнығады. Терминдерге берілген көптеген анықтамалар бар. О.С.Ахманова: «Термин дегеніміз-арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық т.б.) сөздер мен сөз тіркестері» [1, 474] десе, А.В.Суперанская бастаған ғалымдардың пікірінше, «термин» - кәсіптік білімнің белгілі бір саласындағы ұғымдар жүйесіне енетін ұғымды сөзбен таңбалау [2, 14]. Ғылыми әдебиеттерде кездесетін пікірлердің бәрі де, сайып келгенде, негізінен бір ғана тұжырымға тоқтайды. Ең алдымен, термин дегеніміз – белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика. Оның басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік.



Терминдік жүйенің дамуы ғылыми танымның өрісін кеңейте түспек. Жалпы ғылыми терминдер ғылымның барлық саласында қолданылатын түсініктер. Бұл-жүйе, бағдарлама, категория, функция сияқты сөздер. Ғылымаралық терминдер-белгілі ғылым кешені үшін жалпы, базалық түсініктер атауы. Олар жалпы техникалық, жалпы филологиялық, жалпы биологиялық және т.б. Мысалы, «адаптация» термині биологияда, педагогикада, психологияда қолданылады. Ал «микропроцессор» сөзі есептеу техникасы ғылымымен байланысты. Соңғы кезде публицистикалық мәтіндерде бұрын бұл салада қолданылмаған сканер, мониторинг, принтер т.б. сөздері қолданылады. Ғылым мен техниканың жылдам дамуына байланысты кейбір терминдер ауызекі сөйлеу тіліне енуде. Ғылымның әлеуметтік мәні арнайы сала терминдерінің тұрмыстық жағдайларда қолдануымен сипатталады. Қазіргі уақытта төменгі сынып оқушысының өзі компьютер, ұялы байланыс, сканерлеу сөздерін ауызекі сөйлеу тілінде қолданады. Ал бұл сөздер жақында ғана шектеулі ғылыми мәтіндерде қолданылған терминдер болатын. Арнайы лексиканы кәсіби қызметінен тыс уақытта қолдану, оның ақпарат алмасуда рөлін арттырады және коммуникативтік бағытын күшейтеді. Қазіргі уақытта адамдар күнделікті тұрмыста экономика, информатика, құқықтану сияқты түрлі пәндердің негізгі ғылыми түсініктерін жиі қолданатын болды.

Сала аралық ғылымдарға байланысты терминдердің дұрыс қалыптасуы, күнделікті өмірде олардың көпшілікке түсінікті болып, жүйелі қолданылуы тілдің дамуына тікелей әсер етеді.

Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденгені тәрізді белгілі бір арнаулы саланың термині өзге ғылым саласына ауысып, басқа терминологиялық өрістен орын алуы мүмкін. В.Иванов, В.Даниленко сияқты ғалымдар терминденудің бұл аталған түрін «екінші терминдену» деп атаса, А.В.Суперанская бастаған авторлар өз еңбектерінде бұл терминді «транстерминологизация» деп қолданады. Латын тілінен алынған «транс» терминдік элементі «қандай да бір кеңістік арқылы ауыстыру» деген мағынаны білдіреді. Ал ғалым Ш.Құрманбайұлы «транстерминологизация» терминінің құрамындағы «транс» терминдік элементінің орнына тіліміздегі «ішкі» сөзін алып, терминденудің бұл түрін «ішкі терминдену» деп атаған [3, 159]. Ғалым ішкі терминдену кезінде сырттан сөз алынбай, термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасалатынын айтып өтеді. Бір термин екі салада ғана қолданылмай, үш-төрт немесе одан да көп арнаулы салада пайдаланылады.

Мысалы, терминологиялық сөздіктерге тоқталатын болсақ, *орам* сөзі энергетикада, тілі білімінде қолданылады. Бұл термин энергетика саласында *виток*, тілі білімінде *строение* деп аударылады. *Орам* энергетикада «*бір тұзақ түрінде орындалған өткізгіш немесе өткізгіштер жиынтығы*» болса [4, 17], тілі білімінде «*күрделі синтаксистік бірліктегі бөліктердің грамматикалық байланысы, бір-біріне қарама-қатынасы*» [5, 234]. Энергетика саласында *өріс* «*еркіндік дәрежесі шексіз көп физикалық жүйе, материяның негізгі түрін*» [6, 330], тіл білімінде «*мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің (негізінен лексикалық бірліктердің) жиынтығын*» [5, 242], компьютерлік техникада «*мәліметтер базасында-файл жазбасының дербес мағынасы бар қызметтік бөлігі, яғни кесте түріндегі базаның бір бағанасын*» айтады. Информатика саласында «*ауыстырып-қосқыш есепті шешу алгоритмдерінің баламалы тармақтарын таңдауға автоматты түрде немесе бағдарламашы тапсырмасы бойынша қосылған, кейде іске қосылмаған қалпында алынған схема элементі*» [7, 43], энергетика саласында «*электр тізбегін ауыстырып қосуға арналған түйіспелі коммутациялық аппарат; электр тізбегін ауыстырып қосуға арналған коммутациялық аппарат; бір немесе бірнеше электр тізбектеріндегі қосылыстарды өзгертуге арналған құрылғы*» [4, 134]. Физика саласындағы *жиілік* сөзі «*уақыт аралығында цикл сандарының орындалуы қандай да бір периодтың процесс кезінде уақыт аралығына толық циклдың санының қатынасын*» [6],

тіл білімінде «*белгілі бір сөздің тілде қолданылу, таралу жиілігінің көрсеткішін*» [5, 134] білдіреді. Аталып өткен екі салада *жиілік* сөзі *частота* деп аударылады. Сондай-ақ жиілік сөзі медицинада да қолданылады. Медициналық терминдер сөздігінде *жиілік* сөзі *частота* деп, *жиілік* сөзімен жасалған сөз тікестері *дем алу жиілігі-дыхание, тамыр соғу жиілігі-пульс, ауру жиілігі-заболеваний* деп аударылған [8, 781].

Ішкі терминдену кезінде тек ұлттық тілдің негізінде жасалған атаулар ғана емес, шет тілдерінен алмасқан терминдер де терминденеді. Себебі, ішкі терминдену кезінде олар терминологиядағы дайын атаулар болып саналады. Мәселен, *ассиметрия* тіл білімінде «*тіл бірлігінің құрылымы мен қызметіндегі жүйеліктен, бірыңғайлықтан ауытқуды*», техникада «*бөліктердің бір-біріне сай болмауы, симметриясыздығын*» білдіреді. *Абсорбция* сөзі техникада «*газ және сұйық күйдегі заттардың барлық массасы бойынша басқа затқа сорылуы*», егіншілік шаруашылығында «*топырақтың қажетті заттарды (газды, ерітінділерді, суды және қоректік заттарды) бойына сіңіруі*» деп пайдаланылады. Сондай-ақ *афазия* термині: 1) педогогакада, 2) тіл білімінде; *редукция* термині: 1) тіл білімінде, 2) философияда, 3) медицинада, 4) заң ғылымында; *транслитерация*: 1) тіл білімінде, 2) информатикада; *трансформация*: 1) генетикада, 2) тілі білімінде қолданылады. Мысал ретінде келтірілген барлық терминдер ішкі терминдену нәтижесінде бір арнаулы саладан келесі арнаулы салаға көшірілген. Және де ішкі терминдену кезінде терминнің қай тілдің сөзі екендігі ескерілмей, оның дефинициясы мен белгілейтін ұғымы негізгі рөл атқарады. Шет тілдерден енген терминдер ұлттық тілдегі сөздермен бірдей терминдік қасиеттерге ие болатындықтан, терминдену кезінде де олармен тең дәрежеде тұра алады. Мұндай терминдер терминологияда көптеп кездеседі.

Арнаулы саладағы терминдердің терминденуі нәтижесінде омонимдер туындайды. Жоғарыда А.В.Суперанская бастаған авторлар ұжымының жұмысында арнаулы саланың терминінің басқа терминологиялық өрістен орын алатын мүмкіндігін және оны ол терминді «транстерминологизация» деп қолданатын айттық. Ғалымдар пікірі: «Также, как и слово общелитературного языка, способно стать термином в результате процесса транстерминологизации, так и термин одной области знания, может быть подвергнут переосмыслению и войти в терминосистему другой науки. Такой процесс может быть назван транстерминологизацией. В результате транстерминологизации образуются межотраслевые омонимы ... » [2, 203]. Бұл пікірден көретініміз, «транстерминологизация» нәтижесінде саларалық омонимдер туындайды. Мұндай салааралық омонимдердің туындауына көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі тәрізді, ғылыми ұғымдардың өзара ұқсастықтары негіз болады. Терминологияда салааралық омонимдердің пайда болуына тек ішкі терминдену ғана себеп болмайды, жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінің нәтижесінде де көптеген салааралық омонимдер туындауы мүмкін. Жоғарыда талданған мысалдарды салааралық омоним деп қарастырамыз.

Қысым сөзі молекулалық (жылулық) құбылыстарында, механикада, гидромеханикада қолданылады. Молекулалық (жылулық) құбылыстарында: газ молекулаларының ыдыс қабырғасына ететін әсерімен анықталатын және тығыздыққа тура пропорционал шама; механикада: денеге әсер етуші күш интенсивтілігін сипаттайтын және әрқашан да сол дене бетіне перпендикуляр бағытталған скалярлық шама; гидромеханикада: қозғалыстағы сұйық (газ) қысымы қабырғасына түсетін статикалық қысым мен ағын жылдамдығына тәуелді динамикалық қысым жиынтығынан тұратын толық қысымға тең шаманы білдіреді. Біреулер оларды бір сөздің (терминнің) әртүрлі мағыналары деп ұғады. Екінші біреулер «әртүрлі ғылыми ұғымдарды білдіретін болғандықтан» жоғарыдағылар сияқтыларды омоним сөздер» деп таниды [9, 45].

Егер қысым сөзінің үш түрлі *мағынасы орам, жиілік, өріс, абсорбция, редукция, ассиметрия* сөздері сияқты әртүрлі ғылым саласында қолданылып, әртүрлі өрісте жұмсалынса, сөйтіп олар, мүлде басқа-басқа ұғымдарды білдіретін болса, онда оларды, сөз жоқ омоним сөздер деуге болар еді. Мәселен, *қысым* термині саясаттану, медицина,



химия, физика, мұнай салаларында қолданылады, ол әр салада өзіндік ерекше терминдік мағынаға ие. Медицина саласында *қан қысымы* деп адам бойындағы қан қысымының өзгеруін айтады. Сонымен бірге «*қысым*» – дененің бетіне сәйкес әсер ететін күштердің қарқындылығын (интенсивтілігін) сипаттайтын шама. Дипломатия саласында *қысым* “қорлық, күш көрсету” деген мағынада қолданылады. Осы терминмен жасалған сөз тіркестері: *мұнай қабатының қысымы; қан қысымы; қысым көрсету* т.б. «Физика терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде» келтірілген жоғарыдағы үш мағына әртүрлі ғылым саласында емес, бір-ақ ғылым саласында, атап айтсақ, бір ғана физика ғылымының әртүрлі салаларында түрліше мағынада жұмсалынып тұр. Және де ол мағыналардың арасында байланыс бар.

Терминдердің негізгі сипаты тұрақтылық, яғни тек бір ғана мағына білдіру екендігі белгілі. Бұл тұжырымды атақты ғалымдар А.А.Реформатский, Д.Э.Розенталь, Д.С.Лотте, М.А.Теленкова, С.Аманжолов т.б. қолдайды. А.А.Реформатский: «... омонимы во всех случаях-это досадное неразличение того, что должно различаться. Поэтому положительную роль омонимы играют только в каламбурах и анекдотах, где как раз нужна «игра слов», в прочих же случаях омонимы только помеха понимаю» [10, 94]. А.А.Реформатскийдің айтқанына карамастан, терминологиялық жүйеде салааралық омонимдер бар. Ғылым салаларында дыбысталуы бір, мағына жағынан басқа ұғымды білдіретін терминдердің болатынын ғалымдар В.Даниленко, А.Суперанская, С.В.Гринев өз еңбектерінде айтып өтеді. С.В.Гринев: «... если одна лексическая форма используется для называния нескольких специальных понятий, то вследствие четкой отграниченности и строгой определенности, свойственной научным и техническим понятиям, значения соответствующих терминов будут также четко отграничены и обособлены. Поэтому такие формы следует считать не значениями одного термина, а омонимичными терминами» [11, 100]. Жоғарыдағы пікірлерден шығатын қорытынды, термин мен жалпы қолданыстағы сөздердің омоним болуынан жалпы лексикаға да арнаулы лексикаға да нұқсан келеді деуге болмайды.

Ішкі терминденуде термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасалады. Терминдер арасындағы байланыс олардың бір саладан екінші бір салаға өтуіне алып келеді, яғни салааралық байланыс орнайды. Бұл құбылыс терминнің жаңа сипат алуына, қолданыс аясының кеңейіп, жаңа қолданысқа түсуіне, терминдік мәнге ие болуына алып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - Москва: Сов. Энциклопедия, 1966. - 607 с.
2. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология // Вопросы теории. - Москва: Наука, 1989. - 243 с.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. - Астана: Педагогика-Пресс ИД, 2009. - 224 б.
4. Электр техникасы мен энергетикасы терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. - Алматы: Санат, 1994. - 256 б.
5. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь. - 440 б.
6. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Физика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е.Арын. - Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2006. - 446 б.
7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника. - Алматы: Мектеп, 2002. - 456 б.

- 8 Медициналық терминдер сөздігі. - Алматы: Дайк - Пресс, 2009. - 800 б.
- 9 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. - Москва: Изд.Акад.Наук СССР, 1961. - 158 с.
- 10 Реформатский А.А. Введение в языковедение. - Москва: Аспект Пресс, 2002. - 536 с.
- 11 Гринев С.В. Введение в терминоведение. - Москва: Москва лицей, 1993. - 309 с.

РЕЗЮМЕ

В статье описываются способы терминообразования в технической сфере. Следует отметить, что в данной работе рассматривается терминообразование согласно внутренней системе языка в рамках определенной науки. Авторы подчеркивают, что в результате терминообразования в специальной сфере науки появляется такая лексическая группа слов, как омонимы. В связи с этим приведены примеры из терминологического словаря по различным отраслям науки.

RESUME

The methods of terminologization of the terms in the technical sphere are considered in the given article. The authors examine the fact that in the process of terminologization the terms are not taken from outside, they are taken from the definite sphere of science. In the result of terminologization of special terms the homonyms appear. The examples from terminological dictionaries of different scientific spheres are given in the article.

Г.К. Аюпова

Казакшый университет экономика, финансов и международноу торговли, к.ф.н., ст. преподаватель

Фразеологические единицы как разновидность лингвокультурем

Аннотация

В статье рассматриваются фразеологические единицы как лингвокультуремы, обладающие национально – культурной спецификой, выражающиеся в том, что в них сохраняются сведения об исторических событиях, связанных с культурой какого-либо народа. Анализ внутренней формы и сопоставление фразеологизмов на казахском, русском и английском языках позволил автору выявить, что в разных лингвокультурологических сообществах говорящие выражают в формирующемся фразеосочетании свои ценностные установки, образы, эмоциональную оценку события.

Ключевые слова: лингвокультурология, этнолингвистика, лингвокультурная единица, лингвокультурологические концепты, лингвокультурема, коннотация, культурные коннотации, фразеологические единицы, культурный смысл, категория оценочности, прототипная ситуация.

Одной из магистральных наук XXI века является лингвокультурология, возникшая в конце XX столетия. Несмотря на сходство ее предмета с рядом смежных дисциплин, лингвокультурология имеет ряд отличий, заключающихся в ином аспекте изучения связи языка и культуры. Если этнолингвистика акцентирует внимание реконструкции по данным языка культурных, народно-психологических и мифологических представлений и «переживаний» в их диахроническом движении [1], изучает язык сквозь призму человеческого сознания, менталитета и обрядового поведения, мифологических представлений и мифологического творчества [2], то лингвокультурология считает своей основной целью выявление «повседневной» культурно-языковой компетенции субъектов лингвокультурного сообщества. Основными задачами ее являются:

- 1) выявление способов проявления культурно-маркированных сигналов;
- 2) уточнение понятия культурной коннотации;
- 3) разработка типологии культурных коннотаций [1, 17].

Лингвокультурология, в отличие от этнолингвистики и лингвокультуроведения, «исследует проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [3, 12]. Предметом лингвокультурологии являются единицы языка, обладающие культурно-когнитивной

семантикой. В.А.Маслова к таким единицам относит те, в содержании которых обнаруживается часть, обусловленная особенностями национальной культуры, этнического сознания и которые «приобрели символическое, эталонное, образно-метафорическое значение в культуре» [3, 53].

Лингвокультурологические единицы характеризуются учеными как синтезированные единицы, совмещающие в себе свойства лингвистического и культурного знаков. В.В.Воробьев относит к лингвокультурной единице лингвокультурему, которая определяется им следующим образом: «лингвокультурема – это комплексная межуровневая единица, представляющая собой диалектическое единство лингвистического и экстралингвистического (понятийного или предметного) содержания. Эта единица более «глубокая» по своей сути, чем слово. К обычным составляющим (знак - значение), здесь прибавляется культурно – понятийный компонент как внеязыковое содержание лингвокультуремы» [4, 47-48].

А.Ш.Жумашева считает, что «лингвокультурема отличается от слова тем, что слово соотносится с денотатом, «отсылается к нему», а лингвокультурема раскрывает его содержание как понятие, как культурный феномен» [5, 51].

А.Т.Хроленко к лингвокультуремам относит слова, обладающие культурными смыслами, коннотативными значениями, проявлениями этнической ментальности в языке. Лингвокультурологические единицы – это те, в которые культурные смыслы реализуются в культурных кодах (словах, символах, мифологемах, идеологемах, стереотипах поведения, знаках), а феномен этнической ментальности проявляется в поведении, в совокупности образов и представлений в ценностных ориентациях этноса, выраженных в словах [5].

В работе В.А.Масловой дана классификация лингвокультурем, включающая в себя девять лингвокультурем. К ним относятся:

- 1) Безэквивалентные языковые единицы и лакуны;
- 2) Мифологизированные языковые единицы: архетипы и мифологемы, обряды и поверья, ритуалы и обычаи, закрепленные в языке;
- 3) Паремнологический фонд языка;
- 4) Фразеологический фонд языка;
- 5) Эталоны, стереотипы, символы;
- 6) Метафоры и образы языка (ассоциации, создаваемые внутренней формой слова);
- 7) Стилистический уклад разных языков;
- 8) Речевое поведение;
- 9) Область речевого этикета [3, 36-37].

В данную классификацию не вошли слова, выражающие культурную коннотацию и особенности этнического менталитета, хотя в некоторых лингвокультуремах совмещаются как культурные значения, так и проявляются оценочные и культурные смыслы, выражаются фоновые знания. Тем не менее лингвокультурема во многих случаях рассматривается как единицы языка, имеющие «национально – культурный компонент», понимаемый как часть значения, которая «отражает связь знака с предметом культуры (референтом) и которая в конечном итоге обусловлена национальной культурой» [6, 7-8].

Культурная информация выражается в лингвокультуреме по-разному (через культурные коннотации, оценочные смыслы, ценностные ориентации, единицы языка, отражающие ментальный образ народа). Поэтому список лингвокультурем можно расширить, включая в их состав лингвокультурологические концепты, выражающие культурный смысл и ментальные образы.

Фразеологические единицы языка могут быть охарактеризованы как абсолютные лингвокультуремы, обладающие всеми признаками, а именно:

1. национально-культурным компонентом. Фразеологические единицы как лингвокультуремы обладают национально – культурной спецификой, что



выражается в том, что в них сохраняются сведения об исторических событиях, связанных с культурой какого-либо народа. Е.Ф.Арсентьева выделяет три уровня, на которых может проявиться национально – культурная специфика фразеологизмов:

- 1) в совокупном фразеологическом значении (безэквивалентные или лакунарные фразеологические единицы);
- 2) в значении отдельных лексических компонентов-реалий (фразеологические единицы, имеющие в своем составе обозначение национально – культурных реалий);
- 3) в прямом значении свободного сочетания (т.е. в прототипах ФЕ) [7, 67].

Безэквивалентность фразеологических единиц проявляется в том, что они имеются в одном языке, а в другом не представлены, например, *a license to print* (незаконно полученное преимущество), *гол как сокол, не лыком шит, Тришкин кафтан, казанская сирота, витязь на распутье, горлатная шапка, шептать колокола, малиновый звон, бие сауым уақыт, ат шаптырым жер, егіз қозыдай, құрбан шалды, құнан шаптырым жер* и др.

Национальная специфика фразеологизмов проявляется также в том, что в составе могут быть в качестве компонентов реалии, понятия культуры только данного народа, ср.: *ab nach Kassel* (напоминание о городе Касселе, столице княжества Гессен, который был в XVII веке местом сбор рекрутов), *отқа май құю* (в казахском лингвокультурном сообществе, когда невеста входит в дом, свекровь льет масло на огонь, чтобы очаг дома горел ярко); *Covent Carden* (знаменитый лондонский продовольственный рынок, существующий с 1661 года), *Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы, Құлтөбенің басында күнде кеңес, ат-шапан айып, бауыздау құда, бел құда* и др.

Национальная маркированность фразеологизмов заложена в образном основании фразеологизма – внутренней форме. По мысли В.Г.Гака именно во внутренней форме фразеологизма и заложена культурная информация: «сначала в мире возникает некая прототипная ситуация, соответствующая «буквальному» значению фразеологизма. За ней закрепляется содержание, которое затем переосмысливается, т.е. формируется образ фразеологической единицы на основе первичных значений слов в прототипной ситуации. Именно эти первичные слои как бы составляют в образе свое значение. Так возникает внутренняя форма фразеологизма (ВФ), в которой и содержится основная информация, связанная с культурой» [8].

В процессе формирования культурного смысла фразеологизма и его семантики осуществляется восприятие говорящим окружающей семантики, выделение какого-либо предмета, причем выявление признаков предмета происходит не прямо, а опосредованно в прототипной ситуации. Эта ситуация характеризуется как ситуация, за которой закрепляется обозначение в виде сочетания слов, имеющих определенное содержание. Следующий этап – процесс формирования внутренней формы в данной ситуации. Внутренняя форма слова или словосочетания, по утверждению А.А.Потебни, - это образ, мотивировка слова или словосочетания. По его мысли, во многих словах имеются следы поэтического образа (окно – око, стол – стлать, медведь, едящий мед). Именно этот образ, родившийся при обозначении явления, становится в языке символом, заменяющим или представляющим все названные явления в целом. Единичный признак, пройдя через образное осмысление, становится представлением множественного. Отсюда вывод, что такое представление и становится внутренней формой слова [9].

Третий этап формирования фразеологической семантики – это переосмысление внутренней формы слова во множестве речевой деятельности говорящих, которые в процессе употребления фразеологического сочетания переосмысливают его, выражают свое эмоциональное отношение и свои ценностные ориентации по отношению к событию в прототипной ситуации, например, в разных лингвокультурологических сообществах говорящие выражают в формирующемся фразеосочетании свои ценностные установки,

образы, эмоциональную оценку события. Ментальные образы, представленные в семантике формирующегося фразеологизма, культураносны, так как имеют символическую значимость, выражая принадлежность к какой-либо культуре и отражая культурно-ментальное содержание, являющееся сквозным для картины мира какого-либо народа. Внутренняя форма фразеологического сочетания – фразеологический образ возникает на основе объектов, имеющих чувственную основу: вкусовую (*горче редки*), цветовую (*black man, black post*), звуковую (*кричать во всю ивановскую*), пространственную (*ат шаптырым жер*), временную (*бие сауым уақыт, ет пісетін уақыт*) и др. Постепенно эта чувственная основа, служащая основанием для фразеологического образа, абстрагируется, переосмысливается в процесс перевода их в нравственную категорию, когда фразеологизмы, наполняясь ценностно-смысловым содержанием, служат для характеристики человека, его поступков, эмоционально оценивают их и в этом случае фразеологизм подвергается вторичной семантизации и выступает как единица вторичной номинации, имеющая культурно-ментальную составляющую, связанную со специфической культурой какого-либо народа, например, такая культурно-ментальная составляющая фразеологизмов проявляется в выражении ими:

а) особенностей национального менталитета народа: *zur ordnung vuhen, ordnung ist das halbe leben, қонақ келсе – құт, атастырып қойды, ат бауырына алды, аузы берін, алинті маяқ деп білмеді, back the wrong horse (поставить на ту лошадь), my house my cute, time is money, делу время – потехе час* и др.;

б) ценностных установок и ориентации: *көк жалқау, көк есек, көзін ақ шөл басты, көк көз, тас бауыр, көк жарылқасын, луженая глотка, не в свои сани лезть, малиновый звон, журавль в небе, хозяйский глаз, путеводная звезда, класть поклоны, князь князем, come in handy (оказался полезным), dice with death (рисковать своей жизнью), do justice, to smb (отдавать должное кому-то), do ones duty (исполнять свой долг), game plan (план действий), get down to business (приступить к делу), good words and no deeds (одни слова, а дела нет), good-for nothing (никчемный человек), go the pace (прожигать жизнь), fat cat (жирный кот)* и др.

Анализ внутренней формы фразеологизмов, связанных с представлением о трусости, позволяет выявить те образы, которые легли в основу фразеологизма, например, *дрожать как осиновый лист* (во внутренней форме фокусируется не вещный образ листа, а представление о том, что происходит с листьями в ненастную погоду), во фразеологизме *to hide one's head in the sand* («спрятать голову в песок» отображает средневековое представление о поведении страуса). В английском языке фразеологизм *to show the white feather* (проявить трусость) имеет историческое основание: белое перо в хвосте бойцовского петуха считалось признаком плохой породы. Именно поэтому в Англии и Австралии получение белого пера означает обвинение в трусости. Эталоном страха для английской, казахской и русской ментальности является заяц, ср.: *(as) tamed as a hare: заячья душа, трусливый как заяц, показывающий пятки, қоян жүрек*. Тем не менее, хотя эталоны трусости совпадают, значение трусости передается в разных языках при помощи разных лексем, легших в основу фразеологизма; для русской культуры это пятки, ноги (показывать пятки, уносить ноги), для казахской – жүрек - сердце (қоян жүрек), для английской *foot, knee, tail, get (have) cold feet, cold feet, weak knees*.

Во фразеологизмах проявляется культурная коннотация, которая возникает как результат интерпретации образного основания фразеологизма им метафоры посредством отнесения его с культурно - национальными эталонами и стереотипами [10, 27]. Так, интерпретация фразеологических значений позволяет отметить наличие неадекватных культурных смыслов во фразеологизмах, имеющих адекватную оформленность (на основе сочетаний, имеющих прямое значение), возникают в разных культурах различные переосмысленные значения, не совпадающие друг с другом, например, обычные



сочетания со словами «кара», «черный» в разных культурах имеют различные коннотативные значения, что выявляется при интерпретации их культурных смыслов: во всех культурах черный цвет ассоциируется со злом с жестокостью, с трауром, смертью (*черный глаз*, *черный враг* (кровный), *черная душа* (злодей), *черный день* (траурный день), *black man* (сатана), *black sheep* (паршивая овца), *black post* (шантаж), *black armband* (черная нарукавная повязка), *black dress* (черное платье) и только в казахской культуре «кара» имеет не только негативное, но и позитивное значение: *қарайған жұрт*, (ел), *қара қазақ* (*весь казахский народ*), *қара күш* (сила), *қара жер* (родная земля), *кара шаңырақ* (почитаемый дом предков), *қара бұқара* (халык), *қара борбай* (труженник), *қара болды* (приглядывал за кем-либо), *қара жаңбыр* (нөсерім жаңбыр, проливной дождь), *қара жон* (полный человек, мускулистый, плотного телосложения), *қара азық* (продукты), *қара жүріс* (долгая скачка), *қара кесек ет* (нежирное мясо), *қара көбейтті* (увеличил поголовье скота), *қара мал* (крупный роготый скот), *қара көрсетті* (показался), *қара жол* (большая дорога), *қара қазан*, *сары баланың қамы* (забота о котле нуждающемся в пополнении и о ребенке), *қара қазан бай* (человек, наживший состояние). Вместе с тем, во фразеологизмах со словом «кара» имеются и негативные значения *қара қағаз* (похоронная бумага), *қара күн туды* (наступили тяжелые, черные дни), *қара бет* (бессовестный), *қара жүрек* (бессердечный), *қара жерге отыртты* (посадил в лужу), *қара бауыр* (жестокий), *қара аспан айналып түскір* (проклятье, пусть наступят для тебя трудные дни), *қара есекке теріс мінді* (не избавился от сплетен), *қара аспан жаудыртып* (нагонять страх), *қара жер төсек болды* (наступили для него черные дни), *басына қара жамылу* (пребывать в трауре) и др.

Коннотативное фразеологическое значение представляет во фразеологической семантике дополнительную информацию по отношению к денотативно – сигнификативному значению. Это переосмысленное в процессе фразеологизации значение. Это дополнительное значение содержит не только культурную информацию, но и оценочное отношение субъекта к предмету мысли. Коннотация – это способ выражения оценки. Именно в оценке выражается отношение субъекта (индивида и коллективного). В.Н. Телия считает, что «это отношение ценностное *par excellence* и оно предполагает ответы на вопросы: кто оценивает, что, как, по какой причине или мотиву, с каких позиций. Термины (переменные) и объект (фрагмент мира в его системных связях) соединены в этом отношении оценочным суждением, в котором выражается то или иное пристрастие субъекта к миру» [11].

Категория оценочности проявляется в коннотативных значениях фразеологизмов, в которых ярко проявляется негативная характеристика лица, явления, например, *бархатная революция*, *коричневая нечисть*, *lame duck* (хромая утка) в значении “незадачливый человек”, неудачник, *frog eater* (тот, кто ест лягушек), *water rats* (водяные крысы - гардемарины), *big pot*, *big cheese* (большие начальники). Приведенные примеры – это фразеологические коннотации, выступающие как характеристика людей по их какому-либо признаку. Это фразеологические лакуны-характеристики людей. Они возникают вследствие расхождения ономазиологического характера, связанных с особенностями мотиваций названий, хотя структура и материальное оформление фразеологизма совпадают во многих языках, неадекватными бывают те признаки, которые воплощают в коннотативном значении фразеологизма, принятую в том или ином лингвокультурном сообществе оценку соответствующего факта или предмета действительности, например, собака оценивается во многих культурах положительно, ср.: *dog a doublet* (храбрость), *съесть собаку* (иметь большой опыт), *вот где собака зарыта* (вот в чем секрет, загадка), *iшінде ит өліп жатыр* (умение скрывать), а в английском языке собака ассоциируется с глупостью *dog in the manger* (собака на сене). Признак глупости в английском и русском языках ассоциируется с гусем, рыбой, с пробкой, *глуп как гусь*, *as stupid as a goose, a fish*, но в русском сознании “гусь” ассоциируется с чванливым, обидчивым, ловким человеком:

надулся как гусь, хорош как гусь, экий гусь, гусь лапчатый, важный гусь, как с гуся вода и др.

Следующим признаком фразеологизма как лингвокультуремы является проявление культурного смысла в них, смыслы возникают и хранятся в человеческой голове, в сознании народов. Они познаются только в сравнении. «Чтобы стать явлением культуры они должны как-то себя проявить, материализовать, объективировать. Так вот смыслы реализуются в культурных кодах. Это могут быть слова, символы, мифологемы, идеологемы, стереотипы поведения, ритуалы, знаки» [5, 41-42].

Символические смыслы познаются в сравнении. Так, в русском, английском языках соль является символом богатства, особого почитания, например, соль земли – это основная творческая сила какого-либо народа, основой народной жизни, *salt of the earth*, ср.: Она прожила жизнь женщины из рабочего класса и матери, похожую на миллион других; имя, имя никто не слышал за пределами своего дома, но такие женщины, по правде, являются *солью земли*. Соль имеет значение остроты *аттическая соль*. Насыпать соль на подол платья, просыпать соль значит накликают горе в русской и английской традициях. К этим значениям в английском языке добавляется символическое обозначение при помощи фразеологизма сидеть выше соли социального статуса человека. У казахов и русских сочетания *хлеб-соль*, *дам-тұз* являются символом гостеприимства, ср.: *дам-тұз татты*, *дам-тұз татырды*, *хлеб да соль*, *отведать хлеба-соли*.

Лошадь, конь, ат, английское *horse* породили значительное количество фразеологизмов, символические значения которых не совпадают в разных культурах, ср.: символические смыслы в казахской и английской культурах: *ат шаптырым жер* (пространство), *ат тұзғы жетпеген жер* (далекое пространство), *ат байлар* (ребенок мужского пола), *dark horse*, *темная лошадка* (неизвестно кто) воспринимается позитивно. В данных культурах фразеологизмы, связанные со средством передвижения, охотой, скачками, имеют символическую значимость, а в русской культуре наиболее разработана хозяйственная деятельность с применением труда лошади, поэтому к ней чаще всего проявляется негативное отношение: *не в коня корм* (не идет на пользу), *не в коня овес*, *конь еще не валялся* (работа еще не начата).

Таким образом, анализ фразеологических лингвокультурем в сопоставительном аспекте позволил выявить культуруносность единиц вторичной номинации, проявляющуюся в наличии таких лингвокультурологических признаков, как:

- 1) способность обладать национально-культурным компонентом значения;
- 2) безэквивалентность фразеологизмов (выражение реалий);
- 3) фразеологический образ;
- 4) культурная коннотация, проявляющаяся в культурных смыслах фразеологизмов, неадекватных в различных культурах;
- 5) символическая значимость.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Телия В.Н. Первоочередные задачи и методологические проблемы исследования фразеологического состава языка в контексте культуры // Фразеология в контексте культуры. – М., 1999. – с. 13-24.
- 2 Толстой Н.И. Язык и народная культура: Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – М.: Индрик, 1995.
- 3 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001.
- 4 Воробьев В.В. Лингвокультурология: Теория и методы. – М.: РУДН, 1997.
- 5 Хроленко А.Т. Основы лингвокультурологии. – М.: Флинта: Наука, 2006. - 184 с.



- 6 Денисова М.А. О некоторых принципах лексикографического описания безэквивалентных фоновых слов // Проблемы учебной лексикографии и обучения лексике. - М.: Русский язык, 1978. - С. 107-111.
- 7 Арсентьева Е.Ф. Национально-культурная специфика фразеологических единиц // Международные Бодуэновские чтения. – Казань, 2006. - С.122-124.
- 8 Ган Г.В. Языковые преобразования. – М., 1999.
- 9 Потеня А.А. Теоретическая поэтика. – М.: Высшая школа, 1990.
- 10 Сабитова З.К. Лингвокультурология. – М. – Флинта: Наука, 2013. – 528 с.

ТҮЙІН

Мақалада фразеологиялық лингвомәдени бірліктің талдауы салыстырыла қарастырылып, лингвомәдени бірліктерінің қосымша номинациялары анықталған.

RESUME

In this article the author gives the phrasal lingua-cultural analysis in comparative aspects that allows to represent the cultural unit in two nominations.

ӘОЖ 811.512.161 (076.3)

Аннотация

Мақалада жазушы С. Жүнісовтің прозалық шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесі ұлттық болмыстың өзіндік ерекшелігімен айқындалатыны туралы айтылады. Тілдің көркемдік-әдеби тәсілдері автордың дүниеге деген көзқарасын суреттеп, ұлттық болмысқа тән ойлау үдерісінің негізгі ерекшеліктерінен хабар береді. Қаламгер тіліндегі сөз қолданыстары – образдар шындық болмыстың тілдік бейнесін жасауға негіз болатын тілдік бірліктер екені ғылыми түрде тұжырымдалады.

Түйін сөздер: концепт, когнитивтік лингвистика, әлемнің тілдік бейнесі, таным, дүниетаным.

А.Е. Абдрахманова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, ф.ғ.к., аға оқытушы

С. Жүнісов прозасындағы концептілік жүйе

Тілдегі адам факторының орнын белгілеуді, яғни тілдің табиғатын адам табиғатымен тығыз байланыста қарауды қажет ететін тілдің антропологиялық лингвистика саласы өз бастауын В. фон Гумбольдтің лингво-психологиялық концепцияларынан алған болатын. Оның пайымдауынша, адамның өзін-өзі тануы – адамды адам етіп тұрған күш-қуат көздерін анықтау деген сөз. Ал тіл – адамды «жасаушы» сондай бастаулардың бірі. Адам баласының шығармашылық мүмкіндіктерін барынша терең көрсететін де, адамды адам ретінде танытатын да – тіл [1, 55].

Тілді антропоцентристік бағытта зерттеу дегеніміз – тіл мен таным арақатынасының адамға қатысты мәселені шешумен түйінделуі. Өйткені кез келген тілдік құбылыстың табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтарының негізінде ғана зерттеп тану тілдің бай мазмұны мен ішкі мәнін жан-жақты ашып өз дәрежесінде таныта алмайды. Бұл бағыттың басты арқауы – тілді сол тілде сөйлеуші халықтың рухани дүниесінің қалыптасуымен тығыз байланыста қарау.

Адам санасында тұтас күйінде қайталанып өмір сүріп отыратын ғалам бейнесін жүзеге асыратын – тіл. Адам баласының тілі *адам – әлем* қатынасының нәтижесінде пайда болатын жалпы адамзатқа ортақ әлемдік бейне *тіл – ойлау* бірлігінің көрінісі болып саналады.

Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі, ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындық болмысты танып білуі ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Қандай тіл болмасын өзінің тілдік құрылымы мен тілдік үлгілері жағынан ерекшеленгенімен, шындық болмысты түсінуде



ортақ танымдық дүниелерден тұрады. Сонда таным мен түсінік тіл арқылы емес, ми, ойлау арқылы жүзеге асады. Яғни ғалам бейнесі дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік үлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы.

Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Себебі адам санасының танымдық қатпарларындағы архетиптер кез келген ұғымның қалыптасуына қатысып, таным үдерісіне әсер етеді. Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Себебі тілді зерттеудің танымдық парадигмасы «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Халық өз даналығын, таныған қазынасын тілінде көрсеткен [2, 161].

Тіл мен таным сабақтастығын қарастыратын когнитивтік лингвистика саласының негізгі зерттейтін нысаны – адам – тіл және шындық болмыс. Яғни адамның шындық болмысты тануы, ақиқатқа деген көзқарасы, қабылдауы тілде бейнеленеді. Тілдегі адам факторын тереңінен зерттеу нәтижелері санадағы ақиқат дүниенің бейнесін, оның ішінде дүниенің тілдік бейнесін анықтауға әкелді. Тілдік санада дүние бейнесін қалыптастыруда тіл екі түрлі қызмет атқарады: біріншіден, тіл қойнауында дүниенің тілдік бейнесі жасалады. Бұл – адам санасындағы әлемдік бейнелердің ең терең қабаты. Екіншіден, тілдің өзі басқа дүние бейнелерін танытуға, оның мазмұнын ашып көрсетуге, түсіндіруге қолданылады. Тіл арқылы индивидтің жинаған тәжірибелі білімі ұжымға тарайды.

Адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүниенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамда, әр ұлтта әр деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, концептілік әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс табады, өзінше бейнелеп суреттейді, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады.

Жазушы С. Жүнісовтің прозалық шығармаларында ғаламның тілдік бейнесі ұлттық болмыстың өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Тілдің көркемдік-әдеби тәсілдері автордың дүниеге деген қатынасын суреттеп, ұлтымызға тән ойлау үдерісінің негізгі ерекшеліктерінен хабар береді. Жазушы тіліндегі сөз қолданыстары – образдар ғаламның (шындық болмыс) тілдік бейнесін жасауға негіз болатын тілдік бірліктер.

«Ғаламның тілдік бейнесі, тілдік көрінісі» дегеніміз – тілдің лексикасында, фразеологиясында, грамматикасында таңбаланған, «құлыпталып» бекітілген, сақталған тіл иесінің күллі дүние, әлем, ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Сыртқы дүниедегі құбылыстар мен заттар, шындық болмыс адам танымында «мәндік өріс», «мағыналар жүйесі» ретіндегі ішкі образ түрінде орнығады. Олай болса, ғалам бейнесі, ғалам көрінісі дегеннің өзі образдар жүйесі» [3, 66].

Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер нысанның ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Бұл әрекеттердің нәтижесінде *концепт* қалыптасады. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілерімен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет. Концепт – бұл адам психикасында бейнеленген барлық дүние бейнесінің, ой тілінің, концептуалдық жүйенің, ментальды лексиконның мазмұндық бірлігі. Концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді.

Концепт санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. Концептілік жүйе иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады: 1) дүниенің қасиеті, белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема,

ойсурет формасына салынуу); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мән)» [4, 10].

Б. Ақбердиева, Ш. Елемесова, Н. Аитова, Қ. Қаирбаева, Ф. Қожахметова, Г. Имашева, Ж. Саткенова, З. Абдуллина, А. Байғұтова, Ж. Абдрахманованың, т.б. зерттеулерінде тіл арқылы сақталып, берілетін ұлттық, мәдени, дүниетанымдық қордың концептілік жүйесі жан-жақты қарастырылған. Соның нәтижесінде анықталған концептілер жиыны тұтас және құрылымдық орта ретінде концепт аясын (концептосфераны) құрайды. В.П. Нерознак пікірінше, «Концептосфера языка, его лексикон объединяют в себе не просто слова, а концепты культуры каждого народа, его мироведения» [5, 108].

Жоғарыда аталған зерттеулерде әрбір концептілерді бірыңғай топтастырғанда, осы концептілердің өзара байланысына тән, ерекше ұлттық дүниеге көзқарасы мен бағасы, бағалау көзі анықталады.

С. Жүнісов шығармаларының негізгі концептілік жүйесін «кеңістік», «уақыт», «заман», «дала», «жалғыздық», «достық», «қасірет», «тартыс» деп анықтауға болады. Бұлар автордың «танымдық бейнесін» сомдайтын жеке мағыналардың жиынтығы. Аталған концептілер жазушы тіліндегі ғалам бейнесін суреттеудегі константалар болып табылады. Себебі олар жазушы шығармаларының өн бойында көрініс тапқан. Бұл концептілер басқа да ақын-жазушылардың шығармашылық арқауын құрай алады. Солай десек те, әрбір суреткер төл шеберлігінің нәтижесінде өзінің танымын, өзіндік көркемдік әлемін көрсете алса керек. Мақала көлемінің көтермеуіне байланысты аталған концептілердің кейбіреуінің ғана талдауын ұсынбақпыз.

Кеңістік пен *уақыт* категориялары біртұтас құбылыс ретінде қабылданады, өйткені олар бір-бірін толықтырып, айқындап отыратын ұғымдар. Олар – мазмұны әр дәуірде өзгеріске ұшырап отыратын, адамзат дамуының барлық сатысына тән ортақ құндылықтар. Міне, осы белгілері олардың концептік сипатын аша түседі.

Сондай-ақ қазақ ұғымында *уақыт* өте жылдам ағып жатқан құбылыс ретінде қабылданады: «Уақыт зымырап өтіп жатыр». Қазақ халқы болашақты алдымызда, өткен артта қалады деп түсінеді. Бұл көшпенді өмір салтындағы *кеңістіктің* алар басты орнымен түсіндіріледі. Көшпенділер философиясында *кеңістік уақыт* бағытын айқындаған. Осыған орай ұлттық пәлсапалық, психологиялық стереотипті ұғымдардан ұлт болмысы қалыптасқаны байқалады. Қазақ халқының мінезіне тән байсалдылық – осы фактордың айғағы.

Ұлы Абай қазақ философиясына тән заманды адамға тәуелсіз, барлығын өзіне бағындырар ерен құбылыс: «Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек?» деп қарастырады. Ұлттық дүниетанымыздағы *заман* концептісін тереңірек ұғыну үшін зерттеуімізге нысана болып отырған көркем шығармалардан мысал келтірсек:

«...Қарасай тас-түйін киініп, ағаш бауырында тар тұсамыспен ұзай алмай жүрген атын ерттеп мінді де, Халелді іздеп шықты. Көңілінде еш қауіп жоқ, тоқ атты жай аяңдатып ойда келеді: «Апыр-ай, мына целина келмей жатып бүкіл жапан-түзді ғана асты-үстіне аударып тастамай, жалғыз үйдің де шаруашылығын шайқап, қонаңдатып аудара бастады-ау. Ертең бұл маңдағы жыртылмаған бос жерге совхоз малы жайылса, Қарасайдың көп жылқысы, сиыр, қойы көзге шыққан сүйелдей көрінеді-ау. Ертеңгі күні Халел жылқышы болса да, осынша көп малды тоғытып жіберу енді оңайға түспес... О, заман-ай, заман!» [6, 85].

Бұл үзіндіден *уақыт* пен *заманның* біртұтас ұғым ретінде қабылданатынын байқауға болады. *Заман* сөзінің лексика-семантикалық аясында белгілі бір ұрпаққа, оның іс-әрекетіне қатысты қолданылатын «дәурен» сөзі «заман» концептісінің субституциясы бола алады. Келтірілген үзіндіде «*О, заман-ай, заман!*» деген сөздер арқылы шығарма кейіпкері Қарасай өткен уақытқа өкініш білдіреді.



«...Қазіргі заман ақша заманы. Кімнің қалтасы қалың, сол беделді, сол өтімді. «Заманың тұлкі болса, тазы боп шал» дейді қазақ. Бұрынғылар білмей айтпаған. Ендеше ақшаның көзін табатын жігіт базардан безбес болар. Ағаң Жәлел тірі болғанда, қайда барам десең де ерікті өзіңе беретін едім. Басың ауған жаққа тарта берер ең. Жас болса келіп қалды, осы қара орман енді саған қалмағанда кімге қалады... Шаңыраққа ие болар шаққа жеттің» [6, 125]. «...Әйтеуір көп малды орнын тауып жұмсау қажет. Одан арғысы тағы бірдеме бола жатар. Енді малдан гөрі басқа шаруашылықтың көзін таппай болмайды. «Заманың тұлкі болса...» [6, 85].

Бұл үзіндіде «Заманың тұлкі болса, тазы боп шал» тіркестерін қолдану арқылы жазушы уақыттың/заманның құбылмалылығы адамның ішкі рухани дүниесінің өзгеруіне ықпал ететінін, сондықтан уақыт/заман ағымына сай болу керек деген идеяны алға тартады.

Көшпелі елдің барша тіршілік болмысы жер-ана, табиғатпен тамырлас, олар табиғат құбылыстарының сырын терең танып табиғатпен етене жақын болған сайын өмір сүру қолайлы екенін жақсы білген. Сондықтан да олар табиғат тылсымын мал жайылымына қажетті тәжірибе үшін ғана біліп қоймай, мұның өзін ұлттық рухани болмысын бейнелейтін атаулармен белгілеп отырған.

Кеңістік концептісінің ішкі мазмұнын түсініп тану үшін «дала», «атамекен», «ата қоныс», «жұрт» ұғымдарын қазақтың кең даласы – атамекені тіршіліктің символы – деп түсінуіміз керек.

Р. Сыздық «Сөз құдыреті» еңбегінде: «Дала сөзі – қазақ поэзиясында, тіпті прозасында да бұрын да, қазір де туған жердің, қасиетті Отанының символы», – деп көрсетеді [7, 190].

Ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – ұлттың рухани болмысының табиғатпен тікелей байланысы. Осы тұрғыда қазақ халқы үшін Отанды, туған жерді, кеңістік пен еркіндікті бейнелейтін сөзі – «дала». Себебі қазақтар үшін ерлік, қонақжайлық, сыйластық, ұйымшылдық, кеңдік, мәрттік, т.б. ұғымдар ұлттық концептінің мәдени категориясына жатады.

Дала – қазақ дүниетанымында көшпелі қазақ халқының алтын бесігі, қазақты тәрбиелеген кең байтақ жазық өңір, мезгіл, кеңістік, өзгеріс, қозғалыс. Сондықтан да болса керек қазақ халқының бойынан, қанынан даладай дарқандықты, алаңсыз өмірді, кең дүниені байқау қиын емес.

Тіл арқылы сақталған ұлттық танымның көрінісін, көркемдік танымның заңдылықтарын ұлттық болмысымен ерекшеленетін нақты тілдік деректерді С. Жүнісов шығармалары тілінің негіздерін зерттеуден табамыз.

Ойымызды қорыта келе, тіл тек ойды білдірудің құралы немесе оның тікелей құрылысы ғана емес, тіл – алдымен сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құраушы құрал деген тұжырым жасаймыз. Адам санасындағы ғалам бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептілердің көмегімен көрініс тауып, олар сөз арқылы таңбаланып беріледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гумбольдт В.фон. Язык и философия культуры. – Москва, Прогресс, 1985. - 451 с.
- 2 Ержанова Ұ. Тілдегі қазақтар дүниетанымы // Ұлт тағылымы. Ғылыми-педагогикалық басылым. - 2002. - №4. - 161-163-бб.
- 3 Маслова В.А. Лингвокультурология. Издат.центр «Академия». - М., 2007. – 208 с.
- 4 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 125 б.

- 5 Нерознак В.П. Национальное самосознание: концепт и структура // Этнические и национальное самосознание: тезисы конференции. – М., 1995.
- 6 Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй. Роман. – Алматы: Атамұра, 2005. – 304 б.
- 7 Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997.– 224 б.

РЕЗЮМЕ

Опираясь на научные концепции ученых-лингвистов, исследующих язык с антропологической точки зрения и на основе трудов казахстанского писателя С. Жунусова, автор в статье представляет когнитивный анализ языка и познания.

Общеизвестно, что «языковая картина мира» является одной из главных категорий когнитивной лингвистики. Автор статьи на конкретных примерах произведений писателя подтверждает точку зрения лингвистов о тесной взаимосвязи «языковой картины мира» и «языкового сознания».

На основе определений концепта, используя произведения С. Жунусова, автор статьи определяет концептосферу слов «пространство», «время», «эпоха», «степь». Данная концептосфера на языке писателя является константами картины мира.

RESUME

On the basis of scientific concepts of scientists – linguists investigating language from the anthropological point of view and on the basis of works of the Kazakhstani writer S. Zhunusov in the article the author presents the cognitive analysis of language and perception.

It is well-known that "the language picture of the world" is one of the main categories of cognitive linguistics. The author of the article on concrete examples of the writer's works confirms the point of view of linguists about close interrelation of "a language picture of the world" and "language consciousness".

The main task of cognitive science is systematization of knowledge of the person. The information structure defining knowledge and experience of the person is a concept.

On the basis of definitions of a concept using S. Zhunusov's works the author of the article defines the sphere of concepts of the words "space", "time", "era", "steppe".

The given sphere of concepts in the language of the writer reflects world picture constants.



Аннотация

Мақалада Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясының қазақ әдебиетінен алатын орны жан-жақты талданып беріледі. Романның ерекшелігі туралы әр түрлі пікір қорытылады. Адам мен заман, тарих пен тарихи тұлға туралы зерттеулерге ғылыми-танымдық пайымдаулар жасалады. Қаракерей Қабанбай, Абылай хан, Әбілқайыр хан бейнелерінің ашылуына нақты мысалдар келтіріле отырып, зерттеулер жүргізіледі.

Түйін сөздер: дилогия, реализм, тарих, тарихи дерек, диалог, монолог.

А. Дәлелбекқызы

Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университеті,
PhD докторанты

Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романының қазақ әдебиетіндегі орны

Қазақ әдебиетінің дамуына, соның ішінде тарихи роман жанрының қалыптасуына өз үлесін қосқан қаламгер – Қабдеш Жұмаділов. Ол – өзінің стилімен, образдар жүйесімен, тіл байлығымен қазақ әдебиетінде тиісті орнын алған суреткер. Жазушының шығармаларын әдебиет әлеміндегі ұлы жетістік, дара туындылар ретінде қарастыруымыз керек.

Қабдеш Жұмаділовтің тарихи тақырыпта жазылған «Дарабоз» атты екі кітаптан тұратын роман-дилогиясы қаламгердің суреткерлік мол мүмкіндігін, тіл кестесін, қаһармандарды көркем бейнелеу шеберлігін білдіретін ерекше туындысы. «Дарабоз» дилогиясы – қазақ халқының атақты батыры Қаракерей Қабанбайдың өмірі, ерлік істері, соғыс жорықтары туралы жазылған тарихи роман. Жазушы романда Қабанбай бейнесімен ғана шектеліп қоймай, Абылай ханның, Бұқар, Ақтамберді жыраулардың, Төле би, Қазыбек билердің, Бөгенбай, Наурызбай батырлардың образдарын жан-жақты ашуға бар күшін салған. Қазақ пен жоңғар, қазақ пен қытай, қазақ пен орыс патшалығы арасындағы тарихи оқиғалар роман арқауы болған. Роман-дилогияда жазушы: «Туған елің – тұмарлы тұлпарың болғанда, хан – ноқта, би – ауыздық, батыр – қамшы дейді екен. Сонда алысқа ататын қозы жауырын жүйрік жебең – ақынның жыры болғаны да. Шынында да, дулығалы батыры, дуалы ауыз биі бар халықтың жыраққа сілтер жырауы болмаса, орны үңірейіп бос қалады екен-ау! Басқаны былай қойғанда, қазір бір Бұқар ағанның өзі хан ордасының сәнін кіргізіп, айбарын асқақтатып отырған жоқ па?!» [1, 89] - деп хандар мен билердің, батырлар мен ақындардың қасиеттерін арттыра түседі.

Романның басты кейіпкері – Қаракерей Қабанбай батыр. Қабанбай батыр тарихымызда өзінің орнын ойып алып, әділ бағаға ие болған. Қабанбай көзінің тірісінде Ұлы қолбасшы атанып, есімі аңызға айналған батыр болған. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерекше көзге түсіп, есімі бүкіл елге жайылады. Қаракерей Қабанбай батыр батырлығымен қатар, ел ісіне араласқан көріпкел саясаткер, Абылай ханның сенімді батыры, жауынгер кеңесшісі болған.

Ташкентті, Қазақ елінің оңтүстігін, Алакөл өңірін, Іле төңірегін Жоңғарлардан азат ету күрестерінде Қабанбай батыр көзсіз ерліктер көрсетіп, Дарабоз қолбасшыға айналуын жазушы: «Кейін, ойрат қолын ойсырата жеңіп, Шаған шатқалынан айдап шыққанда, мана ақбозға мініп дара шапқан батырдың Қабанбай екенін біліп, Абылай қатты разы болғанды.

– Қайраусыз өтер қара қылышым-ай! Даңқа жеткізген дара бозым сен екенсің ғой! Егер биікке бекініп алған жау қамалына қалың қолды көтеріп сен шықпағанда, бүгінгі шайқастың немен бітері неғайбыл еді. Бүгіннен бастап Қабанбай атың хан ұранына айналып, жорықтағы есімің Дарабоз болсын! – деп құшағына алып, үстіне алтын зерлі тонын жапқан» [1, 119] дейді.

Романда негізгі қаһармандардың қатарында хандар мен билер, сұлтандар қатар жүретіні анық. Бірақ бұдан ел билеушілері бірыңғай дәріптелді деп айтуға болмас. Хандардың бойындағы қасиеттерді автор жан-жақты ашуға тырысқанын байқауға болады. Шығармада Абылай ханның, Әбілқайыр ханның тұлғалары ерекше айқындалып шыққан. Абылайдың көрегендігін, білімді саясаткер екендігін: «Мен білсем, күні бүгінге дейін жоңғардың құдыреті ауыз бірлігінде, әскер арасында орнатқан темір тәртібінде болып келеді. Жекпе-жек майданда, шағын шайқаста әрбір қазақ қалмақтан кем түспейді. Тіпті қайраты басым, аруағы үстем болуы да мүмкін. Ал түменнен түзем құрып, қаптама шабуылға келгенде қалмақтар қашан да ойымызды ойып түсіп отырады. Немесе қазақ жан-жаққа сауын айтып, жасақ жинап болғанша, қалмақ қапияда басып кіреді... Өздеріңіз білесіздер, қазақта тұрақты әскер жоқ. Біздің аламан әскер деп жүргеніміз – қолына амалсыз қару алған кешегі малшы, бақташы немесе қыз аңдыған бозбала. Ал Жоңғарлардың бүкіл халқы – әскер. Бала-шаға, мал-жанымен көшіп жүрген әскер десе болады» [1, 27] деген сөйлемдерден көрсек, Әбілқайырдың қулығын, қаталдығын, сатқындығын да қалдырмай, көптеген қайшылықтарды қаз-қалпында суреттегенін мына жолдардан көре аламыз: «Ең қиыны - іштен шыққан сатқындық. Болаттың орнына мені үш жүзге көтермедіндер деп өкпелеген Әбілқайырдың, өзі бас қолбасы бола тұра, соңынан ерген Кіші жүз жасағымен бірге Аңырақайдағы ұрыс даласын тастап кеткені қазаққа аса ауыр тиді. Мен Әбілқайыр ханды Ақ патшамен әмпей болып, өз елін сырттай саудалағаны үшін емес, ең зәру шақта ел ішіне іріткі салып, біртұтас қазақ қолын ыдыратқаны үшін кешірмеймін. Лағынет! Лағынет жаусын Әбілқайыр ханға!» [1, 30]. Қаламгер бұл жерде кейіпкерін бірыңғай жақсы, бірыңғай жаман қасиеттерін көрсетуге тырыспай, ол оқиға мен мінездің объективтік ағысын шынайы жеткізуді көздеген. Бұл жөнінде әдебиетші-ғалым Р.Бердібай: «Тарихи тақырыпты жан-жақты меңгеруге реализм әдісі кең мүмкіншілік береді. Озық дүниетаныммен қаруланған қаламгерлер өткендегінің қандай шытырман құбылыстарына да дұрыс талдау жасай алады, бүгінгі қауымның рухани қажетіне сәйкес идеяларды екшейді» [2, 113], - дейді.

Қазақ елі сыртқы және ішкі саясатында ауыр кезеңдерді басынан өткерген. Ел арасындағы алауыздық, өзге мемлекеттердің қысым көрсетуі қазақтардың дербес ел болып кетуіне көп кедергі келтірді. Ресей патшалығы мен Қытай Цинь әулетінің нығайуы қазақтардың өрісін кеңейтуіне мүмкіндік бермеді. Бұл мемлекеттердің қазаққа қатысты өз мақсаттары мен бағыттары болды.

Автор сөз болып отырған заманның әлеуметтік, экономикалық, саяси ақуалын, қозғалыстың себебі мен салдарын зерттей келіп, солардың диалектикалық көркем шындығын көрсетуді мақсат еткен. «Дарабоз» романын оқып шыққанда жазушы тарихи



оқиғалардың хронологиялық ізімен жүріп отырғанын байқаймыз. Сонымен қатар, көркем шығармаға ғана тән адамдардың күйініші мен сүйініші, арман тілектері, ықыласы мен мұраты, кейіпкерлер тағдыры көркем бейнеленген. Бұл туралы сыншы В.Г.Белинский «История представляет нам событие с его лицевой, сценической стороны, не приподнимая завесы с закулисных происшествий, в которых скрываются и возникновение представляемых ею событий и их совершение в сфере ежедневной, прозаической жизни. Роман отказывается от изложения исторических фактов и берет их только в связи с частным событием, составляющим его содержание, но через это он разоблачает перед нами внутреннюю сторону, изнанку, так сказать, исторических фактов, вводит нас в кабинет и спальню исторического лица, делает нас свидетелями его домашнего быта, его семейных тайн, показывает его нам не только парадном историческом мундире, но и в халате с калпаком. Колорит страны и века, их обычаи и нравы высказываются в каждой черте исторического романа, хотя и не составляют его цели. и поэтому исторический романець как бы точка, в которой история, как наука, сливается с искусством, есть дополнение истории, ее другая сторона» дейді.

Дилогияның негізгі идеясы – үш жүздің басын қосып, бір тудың астына біріктіру. Қабдеш Жұмаділов қазақ халқының егемендігі, дербес мемлекет құруы жолында басынан кешкен қилы тағдырын романның басынан аяғына дейін көрсетуге тырысқан. Тарихи деректерге сүйене отырып, қазақ жүздерінің басын біріктіру жолындағы күрестерін тартымды өрнектеген.

Романдағы оқиғалар үш жүздің басын біріктіру идеясының төңірегінде өрбиді. Хан кеңесінде көтерілген мәселе де ел бірлігін сақтау мәселесі еді. Бұл идеяны жүзеге асыру барысында көптеген қиындықтар кездеседі. Елдегі алауыздық, көре алмаушылық, өзара тартыстар ел бірлігіне нұқсан келтіріп, үш жүздердің бөлініп кетуіне алып келеді. Ауызбіршіліктің жойылуының айқын көрінісі – Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханды өлтіруі. Өз еркімен Ресей патшалығының боданы болған Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен Барақ сұлтан арасындағы жанжал сұлтанның ханды өлтіруімен тынады. Романда: «Әбілқайыр мен Барақ арасының барған сайын шиеленісіп, бітіспес өштікке айналып бара жатқанын осы жұрттың бәрі білетін. Алайда араздық түбі бұлайша өліммен тынар деп ешкім де ойлаған емес-ті. О заманда, бұ заман, бұл елде ағайынды өкпеге қиса да, өлімге қиған бар ма еді?! «Қазақ қазақ болғалы ата жаумен айқаста, қан майданда басын берген ержүрек хандар аз емес. Бірақ бұрын-соңды өз ханының басын өзі алған жайт болмаған. Мұндай қатыгездік - діні жат, тілі жат, тақ үшін туған әкесін де аямайтын кәпір қауымына ғана тән болып есептелетін. Ханнан қадір, елден береке кетті деген осы, әрине» [1, 158] деп суреттеледі.

Қабдеш Жұмаділов «Дарабоз» роман-дилогиясында тарихи оқиғалар мен тарихи тұлға психологиясын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін бірлікте көрсете алуымен ерекшеленеді. Қаламгер тарихи оқиғалардың маңызын көрсете отырып, оның адамдар психологиясына әсерін жеткізе білген. Қ.Жұмаділов шығармаларын зерттеуші, әдебиетші-ғалым Н.Жұмаділова: «Романның сюжеттік-композициялық бітімін құрап тұрған көркемдік компоненттер (пейзаж, монолог, диалог, портрет, деталь, ретроспективті баяндау т.б.) өз үндестігін тапқан. Кейіпкерлердің портретін, сырт пішінін жасау арқылы сол дәуірдегі адамдардың әлеуметтік, жағдайын көз алдымызға әкеледі. Қазақтың салт-дәстүрі, жаугершілік заманда көшпелі халықтың тамақ пісіру тәсілдері, ұлттық тағамның түрлері – бәрі де роман композициясынан орын ала отырып, суреттеліп отырған тарихи кезең барлық болмысымен көрінген. Сонымен бірге қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, толғаулар да романның көркемдік бетін айшықтап тұр» [3, 48].

«Дарабоз» дилогиясы жазушының көп жылдар бойы еңбектеніп, дүниеге әкелген туындысы. Туған жерге деген сүйіспеншілік, елге деген махаббат романның өне бойынан есіп тұрады. Атамекен, туған жерді жау қолынан азат ету идеясы романның түп қазығына айналған. Бұл романы туралы Қ.Жұмаділов: «Бұл романға мені жетектеген нәрсе – тарих

ғылымының қазақ үшін аса маңызды беттерін, өтірік, алақашулардан, шөп-шаламнан тазартып, шындықты қалпына келтіру болды» - дейді. Тарихи шындықты көркем жеткізе білген роман-дилогияның қазақ әдебиетіндегі орны ерекше.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. Т.8. – 504 б.
- 2 Бердібай Р. Тарихи роман. Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 336 б.
- 3 Жұмаділова Н.Т. Қ.Жұмаділов шығармаларының поэтикасы. Оқулық. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2008. – 202 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье всесторонне рассмотрено значение и место романа-дилогии К.Жумадилова «Дарабоз» в казахской литературе. Подытожены разные мнения об особенностях романа. В научной статье сделаны выводы исследования о человеке и эпохе, об истории и исторической личности. В статье проведены исследования путем приведения реальных примеров при раскрытии образов Каракерей Кабанбая, Абылай хана и Абулхайр хана.

RESUME

The author of this article analyzes the role of the novel-dilogy «Daraboz» written by Kabdesh Zhumadilov in the Kazakh literature in a comprehensive way. Different viewpoints about the specifics of the novel are summarized. Scientific and cognitive statements are made about the researches on man and epoch, history and a historical figure. Specific examples are given and the researches are done as well in order to reveal the images of Karakerei Kabanbay, Abylaykhan and Abylkhairkhan.



АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Абдильдина Б.С. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың тарих кафедрасының аға оқытушысы, магистр
- Абдильдина Х.С. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
- Абдрахманова А.Е. С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың гуманитарлық факультеті қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
- Абдулрахман Ал-Зайди Нсайф магистрант кафедрасы междунаrodnых отношений ЕНУ им. Гумилева
- Абжаппарова Б.Ж. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шығыстану кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
- Абуев К.К. профессор кафедрасы Отечественной истории и Ассамблеи народа Казахстана Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова., доктор исторических наук
- Айжанова Г.К. заведующая кафедрой социально-гуманитарных дисциплин Алматинской академии экономики и статистики, кандидат педагогических наук, профессор
- Ахметова А.А. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың қазақ және орыс тілдері кафедрасының магистрі
- Алимбаев А.Е. Еуразия гуманитарлық институты қазақ және орыс филологиясы кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
- Алипбекова Л.У. Еуразия гуманитарлық институты шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
- Альпеисова Г.Т. профессор кафедрасы музыкального образования Казахского национального университета искусств, кандидат искусствоведения
- Ақымбек Г.Ш. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының аға оқытушысы, психология магистрі
- Асылбекова М.П. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Ауезова А.Т. старший преподаватель кафедрасы русской филологии ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, кандидат педагогических наук
- Аюпова Г.К. старший преподаватель кафедрасы казахского и иностранного языков Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, кандидат филологических наук
- Әділжанова Ж.М. магистрант кафедрасы междунаrodnых отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
- Әлібекова А.Ш. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Базарбаева К.К. «Тұран-Астана» университеті психология кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Бердалиева Р.Ш. старший преподаватель кафедрасы мировых языков Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави, кандидат филологических наук
- Бокулева Б.С. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор
- Булатбаева К.Н. профессор кафедрасы иностранной филологии ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, доктор педагогических наук
- Габдулина Ұ.С. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс кафедрасының магистранты
- Дайырбекова Г.Б. старший преподаватель кафедрасы изобразительного искусства и дизайна университета «Сырдария»
- Джундубаева А.А. PhD докторант кафедрасы филологических специальностей Института филологии КазНПУ им. Абая
- Дәлелбекқызы А. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының PhD докторанты
- Елмурзаева Р.С. профессор кафедрасы междунаrodnых отношений ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, доктор политических наук
- Есдаулетова А.М. профессор кафедрасы междунаrodnых отношений ЕНУ им. Гумилева, доктор исторических наук
- Ешимов М.П. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының

Жаманаева Г.Н.	кандидаты старший преподаватель кафедры иностранной филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
Жанбулатова Р.С.	старший преподаватель кафедры международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
Жиембаев Б.С.	преподаватель кафедры тюркологии ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
Житкеев А.Р.	Ph.D докторант кафедры борьбы Казахской академии спорта и туризма, заслуженный мастер спорта
Ибрагимова Г.Е.	доцент кафедры международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кандидат исторических наук
Исахметова А.С.	«Тұран-Астана» университеті психология кафедрасының магистранты
Канафина М.А.	доцент кафедры русской филологии ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, кандидат филологических наук
Кенжемұратова С.К.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Кукенова Г.Ә.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
Кыдыралина Ж.У.	первый заместитель директора Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, доцент
Қабылов Ә.Д.	Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Қалиева Ә.І.	Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті педагогика және психология кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
Қобланов Ж.Т.	Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Қосжанова А.С.	«Тұран-Астана» университеті психология кафедрасының магистранты
Құсаинов А.Б.	Өскемен қаласының №3 кешкі мектебінің математика пәні оқытушысы
Лойбова Т.Р.	магистрант кафедры социально-педагогических дисциплин Кокшетауского университета им. А. Мырзахметова
Машинбаева Г.Ә.	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Муликова А.С.	Еуразия гуманитарлық институты педагогика кафедрасының аға оқытушысы, психология пәндері бойынша магистр
Мухамбеткалиева Г.М.	старший преподаватель кафедры философии КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат политических наук
Мухтарова И.А.	магистрант кафедры психологии Университета «Туран-Астана»
Мухтарова Ш.М.	профессор кафедры социальной работы и социальной педагогики КарГУ им. Е.А. Букетова, доктор педагогических наук
Мұратбекова А.М.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
Мұсабекова А.А.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Насиев Е.К.	магистр кафедры борьбы Казахской академии спорта и туризма, заслуженный тренер
Насыритдинова Ә.Н.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
Нуржанова Б.Н.	А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ph.D докторанты
Нәби Лиза	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
Нұртілеуова Р.С.	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы
Оспанова Б.А.	старший преподаватель кафедры международных отношений ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
Парманова З.А.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының магистранты
Рахимбекова Г.О.	старший преподаватель кафедры иностранных языков КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат педагогических наук



Рахметова Б.А.	Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Резуанова Ғ.Қ.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Рысбаева Г.Қ.	Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті шетел тілін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Саипов А.	профессор кафедры теории и методики профессионального обучения Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауезова, доктор педагогических наук
Садықов С.	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы
Сағынадин Г.С.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының Ph.D докторанты
Сейсембай Г.А.	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
Сметова А.А.	доцент кафедры вокального искусства и хорового дирижирования Казахского национального университета искусств, кандидат педагогических наук
Сугралимова Г.Б.	доцент кафедры востоковедения ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кандидат исторических наук
Тесленко А.Н.	профессор кафедры социально-педагогических дисциплин Кокшетауского университета им. А. Мырзахметова, доктор педагогических наук, доктор социологических наук
Тусенова Б.М.	магистрант кафедры психологии Университета «Туран-Астана»
Тяжина Е.Б.	старший преподаватель кафедры иностранных языков КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат филологических наук
Уталиева Ж.Т.	доцент кафедры социально-гуманитарных дисциплин Казахского национального университета искусств, кандидат психологических наук
Хамзина З.Б.	С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы
Хамзин М.	Қарағанды «Болашақ» университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы
Шаймерденова Ж.К.	старший преподаватель кафедры Отечественной истории и Ассамблеи народа Казахстана Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова., магистр истории
Шаймердинова Н.Г.	профессор кафедры тюркологии ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, доктор филологических наук
Шаханова Р.А.	заведующая кафедрой филологических специальностей Института филологии КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор
Шепетюк М.Н.	заведующий кафедрой борьбы Казахской академии спорта и туризма, кандидат педагогических наук, профессор
Шепетюк Н.М.	доцент кафедры физического воспитания и спорта КазНУ им. Аль-Фараби, кандидат педагогических наук
Шнайдер В.А.	«Тұран-Астана» университеті элеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Шукеева А.Т.	старший преподаватель кафедры Отечественной истории и Ассамблеи народа Казахстана Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова, магистр истории
Gulnar Berkenova	Candidate of Pedagogic Sciences, Associate Professor of the Department of Pedagogy and Psychology, A.Baitursynov Kostanay State University
Yuliya Shandetskaya	first year Master student of the Department of Pedagogy and Psychology, A.Baitursynov Kostanay State University